

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ: 373.2.016

Қолжазба құқығында

УСЕНОВА АККЕНЖЕ МУКАНОВНА

**Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік
табыстырымын дамыту**

6D010200-Бастауышта оқыту педағофикасы мен әдістемесі
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілері
п.ғ.д., профессор С.Ж. Пірәлиев
п.ғ.д., профессор М.А.Абсатова

Шет елдік кеңесші
PhD доктор, профессор Ю.Гелишли

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2016

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
КІРІСПЕ	6
1 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТАБЫСТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕФІЗДЕРІ	
1.1 «Әлеуметтік табыстылық» ұғымы: мәні, құрылымы және мазмұны	15
1.2 Әлеуметтік табыстылық - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби қалыптасуының маңызды құрамдас бөлігі	37
1.3 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытуудың әдіснамалық тұғырлары мен қағидалары	58
1.4 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытуудың құрылымдық - мазмұндық моделі 1 бөлім бойынша тұжырым	78
	94
2 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТАБЫСТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ МАҚСАТЫНДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛІ - ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫС МАЗМҰНЫ	
2.1 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытуудың әдістемелік жүйесі	96
2.2 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын зерттеу диагностикасы	110
2.3 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытуудың әдістемесін жүзеге асыру	132
2.4 Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелі - эксперименттік жұмыстың нәтижелері 2 бөлім бойынша тұжырым	143
	166
ҚОРЫТЫНДЫ	168
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	172
ҚОСЫМШАЛАР	184

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заны. 27.07.2007 ж., №319-III ҚРЗ. Астана. Ақорда.

Қазақстан Республикасының Конституциясы (Ата Заны). Астана. 30-тамыз, 1995.

Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заны, Астана. 18 ақпан, №407-IV, 2011.

ҚР МЖМБС 5.04.019–2008 «Жоғары білім. Бакалавриат. Негізгі ережелер». – Астана, 2008. - 18 б.

ҚР МЖМБС 5.04.019-2011 «Жоғары білім. Бакалавриат. Негізгі ережелер». - Астана, 2011. - 17 б.

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 Қаулысымен бекітілген.

Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Жалпы бастауыш білім. - Алматы, 2008.

ҚР МЖМБС 6.08.012-2009 «5B010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы ҚР МЖМБС. Астана, 2009.

ҚР МЖМБС 6.08.059-2010 «5B010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы ҚР МЖМБС. Астана, 2010.

ҚР МЖМБС 6.08.012-2009 «5B010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы ҚР МЖМБС. Астана, 2012

Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Жалпы бастауыш білім. - Алматы, 2008.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. - Астана, 2004.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы (2014.12.08. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.- Астана 2016.

1 наурыз, №205 Жарлық.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Табыс – тұлғаның қазіргі заманғы қоғамдық нормалар, құндылықтар, дәстүрлер жүйесін менгеру деңгейін көрсететін әлеуметтік сапасы; бақыт түрлерінің бірі, сәттіліктің формасы, адам қызметінің сипаттамасы, адамның әлеуметтік мәртебесі және оның өмірінің материалдық деңгейі, тұлғаның өзін-өзі дамытуының формасы, тұлғаның әлеуетті мүмкіндіктерін дамытуудың және жүзеге асырудың қозгаушы күші.

Табыстылық – жеке тұлғаның әлеуметтік өлшемі, адамның әлеуметтік мәртебесінің ерекше көрсеткіші; жауапкершілікті сезіну, мақсатқа жетуді сезіну немесе қоғам алдындағы жетістіктерге жету қажеттілігі.

Әлеуметтік табыстылық – адамның жоғары белсенділікі, өзінің әлеуметтік рөлін жете түсінуі, нақты қойылған мақсат қозғалыстың бағыттылығы, өзінің әрекетінің қоғамда қабылданған адамгершілік нормалар мен рухани құндылықтармен арақатынасы.

Кәсіби табыстылық – қазіргі заманғы қоғамның жаңа талаптары мен динамикалық өзгерістері жағдайын ескере отырып, өндіріс саласында, еңбек нарығында даралық әлеуетін толық ашуға мүмкіндік беретін тұлғасының кіріктірілген қасиеті.

Тұлғалық-кәсіби даму - жоғары кәсіби жетістіктерге және өзін-өзі дамыту, кәсіби іс-әрекетінде жүзеге асырылатын тұлғаның кәсібілігіне қарай бағдарланған үдеріс.

Әлеуметтік белсенділік – әлеуметтік ортамен қарқынды, саналы қарым-қатынасқа бағытталған, қоғамдық даму мәселелеріне сәйкес өзін және соңиумды өзгерту бойынша ішкі (психикалық) және сыртқы (практикалық) қызмет процесінде жүзеге асатын тұлғаның тұрақты қасиеті және әлеуметтік маңызы бар әрекеттердің жиынтығы.

Бәсекеге қабілеттілік – мақсатқа жету үшін қызығушылық танытып, небір жаңалықтарды іске асыра алатын, басқа адаммен салыстырғанда артықшылығы басым жеке тұлға.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР МЖМБС – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

ЖОО – жоғары оқу орны

ББСМӘТ – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығы

БОПӘ – бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

KIPICPE

Зерттеудің қекейкестілігі. Бұғынғі постиндустриялық дәуірде болашақ мамандардың қоғамның әлеуметтік орнығында инновациялық ресурстар мен технологиялар түрлерінің неғізінің тасымалдаушысы, әлеуметтік өзгерістер субъектісі ретіндегі рөлі өсуде. Сондай-ақ қазіргі кезеңдеңі білім беру қарқынданап дамитын экономиканың бір сегменті.

Осы тұрғыдан алғанда, мемлекеттің әлеуметтік-мәдени өмірінің түбебейлі өзгерістері жағдайында қоғамның әлеуметтік-экономикалық табыстылығын анықтайтын білім беру жүйесін дамыту деңгейі ерекше басымдыққа ие болса [1], ал ЮНЕСКО – ның конференциясында білім беру тұлғаның әлеуметтік жетілуі мен жеке дара өсуіне жеткізетін қабілеттері және мінез-құлқын өздігінен жетілдіру үрдісі, оның нәтижесі деп түсіндіріледі [2].

Сондықтан отандық білім беруді жаңғырту бағыты «қазіргі заманғы білімнің табыстылығы» ұғымының мазмұнына негізделеді. Ол неғізінің өлшемдері өзгермелі өмір жағдайында өзіндік стратегиясын жасай алатын, дені сау, қоғам иғілігіне өнімді еңбек етуғе және табысты әлеуметтенуғе қабілетті, шығармашылық белсенділікке дайын, бәсекеғе қабілетті маман-азамат тұлғасын қалыптастыру болып табылады.

Осы орайда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан жолы -2050: бір мақсат, бір мұдде, бір болашақ» атты жолдауында [3]: «ұлттық білім берудің барлық саласының сапасын жақсартуда үлкен жұмыстар күтіп тұр» - деңген міндетті жүктеуі, Қазақстан Республикасында білім берудің және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында [4]: «Жастардың табысты әлеуметтенуі мен азаматтық белсенділікі мәселелері Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңестің отырыстарында қаралады» - деп ерекше атап көрсетуі болашақ мамандардың әлеуметтік табыстылығын дамытудың қажеттілігін айқындай түседі.

Бұгінде мамандардың пікірінше, білім беру саласындағы іс-әрекет бағдарының бірі мемлекетті трансформациялық дағдарыстан шығаруға қабілетті «табыс үшін білім» парадигмасы болып табылады. Демек «табыс үшін білім» парадигмасының ерекше өзектілігі педагогикалық кадрларды дайындау контекстінде басымдылыққа ие, себебі табысты емес тұлға табысты тұлғаны тәрбиелей алмайтыны зандылық. Бұл ұстаным кәсіби дайындау үрдісінде әлеуметтік-педагогикалық білім ретінде маңызды.

Осыны ескере отырып, студенттерді болашақ маман ретінде даярлау үрдісі оларды іс-әрекетке өзін-өзі таныту құралы ретінде табыстылыққа жетуғе дайындауда тек кәсіби ғана емес, тұлғалық дайындығын қалыптастыруға бағдарлануы тиіс. Осындай іс-әрекеттік сипаттағы тұлғалық жаңа түзіліс ЖОО-да студенттің нақты негізгі, жүйелі, тұтас кіріктірілген кәсіби білімді, білік пен дағдыны менгеруіне, құзыреттілігі мен тұлғалық сапасын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады. Осыдан болашақ бастауыш

сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту мәселесінің өзектілігі арта түседі.

Табыстылық - жоғары оқу орны түлеғін кәсіби іс-әрекетке жүйелі дайындаудың кіріктірілген өлшемі ретінде тұлғалық және кәсіби маңызды әртүрлі бағыттағы іс-әрекет түрлерінде (оқу, оқу-кәсіби, ғылыми-зерттеушілік, еркітілік, оқудан тыс, әлеуметтік-мәдени) қойылған мақсатқа жетуғе қажетті қабілеттіліктер жүйесін айқындайды. Бұл міндеттерді шешу бастауыш білімнің үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы басқышы екенін ескере отырып, болашақ бастауыш мұғалімдерінің *әлеуметтік табыстылығын дамыту* талап етеді.

Сондықтан педагогика ғылымының басымды міндеті педагог әрекетінің табыстылығы мен тиімділігін анықтау, оны қамтамасыз ететін құралдар мен әдістерді таңдау, әдістемесін дайындау болып табылады. Әсіресе тұлғалық-тұрақты және кәсіби өзін іс жүзінде көрсете алатын мұғалімнің қалыптасу үрдісінің онтайлы тәсілдерін дайындау, оның тұлғасының табыстылығын дамыту заңдылықтарын айқындау мәселесі өзекті.

Табыстылық феномені – барлық құбылыстар секілді адамзат қоғамында пайда болған, оның даму кезеңдерінде ғалымдарды толғандырган маңызды мәселенің бірі. Тарихқа көз жіберсек, табыс, табыстылық және әлеуметтік табыстылық туралы идеялар сонау ежелгі грек философы Аристотель еңбектерінен бастау алғып, одан кейінгі орта ғасыр ойшылдары Әл-Фараби және т.б. ғұламалардың еңбектерінде жалғасын тапқанын көреміз.

Осы орайда ғылыми әдебиеттерге жүргізілген талдау зерттелініп отырған мәселенің көп жақтылығын, алғыс және жақын шетелдік, отандық педагог, психология, әлеметтану, философ ғалымдардың табыс, табыстылық мәселелерін әртүрлі аспектіде бірнеше бағыттарда қарастырылғанын көрсетеді:

- табыстылық тұлғаның мотивация деңгейіне, іс-әрекет мақсатының сипатына және жұмыс істеу ниетіне байланысты бейімділігі, табысқа жету факторлары, табысты іс-әрекетке қызығушылығы (Дж. Аткинсон [5], Д. МакКлелланд [6], К. Роджерс [7], Э. Фромм [8] және т.б.);

- адам іс-әрекетінің табыстылық факторы, өзін-өзі бағалауы, ұмтылу деңгейі (Э.Эриксон [9], К.Левин [10], В.С.Мерлин [11], Е.П.Ильин [12], А.А.Реан [13], т.б. А.Бандура [14], М.Л. Кубышкина [15] және т.б.);

- табыстылық адамның табысқа жетудің нәтижесінде немесе үміттенуінде пайда болатын күйі, іс-әрекеттің объективті нәтижесіне қатынасы (Б.Г.Ананьев [16], Н.А.Батурин [17], А.Н.Леонтьев [18], С.Л.Рубинштейн [19] және т.б.);

- тұлғалық өсудің, сәйкестіктің дамуы, өмірдің сыртқы өзгермелі жағдайларына бейімділік, тұлғаның іс-әрекет стилін, тұтас алғанда, өмірінің жеке стратегиясын қалыптастыру (К.А.Абульханова-Славская [18], Д.А.Леонтьев [19], А.Маслоу [22], В.А.Петровский [23] және т.б.);

- оқушылардың оқу әрекетіндегі табыстылық, табыстың баланың мектептегі дамуына әсері, оқу әрекеті табыстылығының шарты ретінде тірек

білімдерін қалыптастыру (Ш.А.Амонашвили [24], А.С.Белкин [25], О.А.Яшнова [26], Н.Е.Щуркова [27], М.Р.Битянова [28], У.Глассер [29], Д.Холт [30], Д.М.Гребнева [31] және т.б.);

- ЖОО-ны жүйесіндегі басқарушылық әрекеттің табыстылық факторы, оқу әрекетінің табыстылығын бағалау, студенттердің табысты оқуының психологиялық факторлары, студенттердің академиялық табыстылығы, әлеуметтік табыстылыққа жетуге психологиялық көмек көрсету, мұғалімнің педагогикалық іс-әрекеті табыстылығының оның педагогикалық және арнайы қабілеттеріне тәуелділігі мәселелері (Болдина М.А. [32], Н.А.Курдюкова [33], С.Д.Смирнов [34],; М.Р.Шабалина [35], Н.В.Калинина [36], Е.Н.Жучева [37] және т.б.);

- субъект іс-әрекетінің табыстылығы мен эмоциялық интеллект феноменінің байланысы, оқудагы жетістігі, студенттердің оқу жетістігіндегі эмоциялық интеллекттің жетекші рөлі, мұғалімнің іс-әрекетте шыгармашылық табысқа жетуінің кәсіби езін-өзі жетілдірумен тығыз байланыстылығы (И.Н.Андреева [38], Д.Гоулмен [39], В.Н.Дружинин [40], М.А.Мануйлов [41], С.С.Белова [42], Д.В.Ушаков [43], Е.А.Сергиенко [44]), Тұрғынбаева Б.А. [45], Джанбубекова М.З. [46] және, т.б.).

Сондай-ақ соңғы жылдары әлеуметтік табыстылық және оны дамытудың перспективасы тұлғаның табыстылығы, тұлғалық сапа, кәсіби іс-әрекеттегі табыстылық, оқу әрекетінің табыстылығы, педагогикалық үдеріс субъектілерінің ынтымақтастыры, табысты кәсіби-зерттеушілік іс-әрекет тұрғысынан да қарастыралды (В.И.Бакштановский [47], А.В.Мудрик [47], Е.Ю.Варламова [48], Ж.Н. Истюфеева [50], О.Ю.Клочкова [51], Н.А.Баранец [52]); т.б. (Р.Берне [53], У.Джеймс [54], т.б.) (А.Ю.Согомонов [55], Г.Л.Тульчинский [56], А.Қ.Рысбаева [57]); (Н.Н.Хан) [58]; (Ш. Таубаева) [59].

Сонымен бұл теориялық - қолданбалы мазмұндағы зерттеу жұмыстарындағы теориялық қағидалар, ғылыми қорытындылар мен тұжырымдардың әлеуметтік табыстылық мәселесін ашып көрсетуде маңызы зор.

Дегенмен ғалымдар еңбектеріне жасалған талдау болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту мәселесінің арнайы зерттеу нысаны болмағандығын көрсетеді.

Осы тұрғыдан алғанда қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени өзгерістер жағдайында болашақ маманның әлеуметтік табыстылығын дамытуда:

- қоғамның әлеуметтік табысты азаматтарды тәрбиелеуге деген сұранысы бұл мәселенің теориялық-әдіснамалық негіздерінің жеткілікті дәрежеде қарастырылмауы арасында;

- тұлғаның әрекет тұрларінде жетістіктерге жетуді қажетсінуі мен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің табысты іс-әрекет етуге даярлау әдістемесінің жеткіліксіздігі арасында қарама-қайшылықтар туындалап отыр.

Осы бөліп көрсетілген қарама-қайшылықтардың шешімін іздестіру, біздің мәселемізді айқындауға және зерттеу жұмысымыздың тақырыбын

«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту» деп тандауымызға неғіз болды.

Зерттеу мақсаты: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың теориялық негіздерін айқындау, әдістемелік жүйесін жасап, оны тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында синақтан еткізу.

Зерттеу нысаны: жоғары оқу орнындағы біртұтас педагогикалық үдеріс.

Зерттеу пәні: кәсіби білім алу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту.

Зерттеу болжами:

Егер: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері анықталып, түрткілік-еріктілік, процесуалды-іс-әрекеттік, рефлексивтік-багалаушылық компоненттерден тұратын әлеуметтік ұстаным, әлеуметтік белсенділік және тұлғалық табыстылық көрсеткіштері анықталған құрылымдық-мазмұндық моделі жоғары оқу орнында біртұтас педагогикалық үдеріске енгізілсе, онда студенттердің табысты еңбек етуғе даярлығының тиімділігі артады, өйткені маман даярлау үрдісі қоғам талаптарына сәйкестендіріледі.

Зерттеу мішдеттері:

1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың теориялық негіздерін анықтау.

2. «Әлеуметтік табыстылық» ұғымының мәнін, құрылымын және мазмұнын нақтылау.

3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау.

4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың әдістемесін даярлау, оны тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеру.

Зерттеудің жетекші идеясы: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың әдістемесінің даярлануы әлеуметтік қажетті мәртебеғе ие болуына жағдай жасайтын әлеуметтік байланыстар мен қарым-қатынастардың жүйесіне тұлғаның толықтай қосылуына, оның әлеуметтік белсенділігі мен әлеуметтенуінің нәтижесін көрсетуғе мүмкіндік береді.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері: тұлғалық іс-әрекеттік тұғыр (В.В.Сериков[152], В.А.Сластенин[153], И.С.Якиманская[154], Н.В.Кузмина[100]; аксиологиялық (құндылықты) тұғыр (М.С.Қаған[158], А.Лэнгле[204], З.И. Равкин[205],); акмеологиялық тұғыр (А.А.Бодалев [206], А.Н.Сухов, А.А.Деркач[207]); мәдениеттілік тұғыр (Е.В.Бондаревская[155], Б.С.Гершунский[156], И.Ф.Исаев[153] және т.б.); сонымен бірге «табыс» және «табыстылық» феноменін, әртүрлі жастық топтағы білім алушылардың әлеуметтік табыстылығын қалыптастыруды (А.Г.Асмолов[104], Н.А.Батурина[17], А.С.Белкин[25], Е.Ю.Варламова[49], А.Збуңки[80], Л.Н.Казимирская[102], т.б.) зерттеу нәтижесі.

Зерттеу көздері. Зерттеу мәселесі бойынша философтардың, психологиярдың, педагогардың және әлеуметтанушы мамандардың ғылыми еңбектері, ресми материалдар мен құжаттар (Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7-желтоқсандағы №118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. Астана. 10-маусым, 2011; Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007 ж., №319-III ҚРЗ. Астана. Ақорда; Қазақстан Республикасының Конституциясы (Ата Заңы). Астана. 30 тамыз, 1995; «Қазақстан - 2030» стратегиясы. 1997ж.; Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы, Астана. 18 ақпан, № 407-IV, 2011 т.б.), Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.- Астана 2016.1 наурыз, №205 Жарлық, оқу-әдістемелік әдебиеттер, мерзімдік баспа материалдары, бағдарламалар, педагогикалық іс-тәжірибелер; Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана 2016.-1 наурыз, №205 Жарлық.

Зерттеу кезеңдері.

1 кезең (2013-2014жж.) - теориялық-ізденушілік: зерттеу мәселесі анықталып, оның мақсаты мен міндеттері айқындалды, зерттеудің ғылыми аппараты дайындалды, зерттеудің теориялық неғізі жасалды. Зерттеу мәселесіне байланысты философиялық, әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттер қарастырылды; әдебиеттерге салыстыру сараптамасы жүргізілді, зерттеу мәселесіне сәйкес алдыңғы қатарлы тәжірибелер жинақталып, дидактикалық материалдар зерделенді, анықтауышы эксперимент кезеңі орындалды. Отандық, шет елдік ірғелі ғылыми зерттеулерге талдау жасау барысында қарастырылып отырған мәселенің ғылыми-теориялық неғіздері анықталды, ғылыми мақалалар дайындалып, басылым көрді. Зерттеу мәселесі бойынша материалдар жинақталып, жүргізілетін жұмыстардың мақсат-міндеттері, мазмұны анықталды.

2 кезең (2014-2015жж.) - эксперименттік: тәжірибелік-эксперименттің қалыптастыруышы кезеңі жүргізілді, эксперимент барысында зерттеудің ғылымилығы неғізделіп, жоғары оқу орны жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдірінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың мазмұндық-құрылымдық моделі жасалды, оның өлшемдері мен көрсеткіштері айқындалып, соған сәйкес деңгейлері анықталды. Болашақ бастауыш мұғалімдірінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың әдістемесі даярланды және тәжірибе жүзінде оның тиімділігі тексерілді, ұсыныстар берілді.

3 кезең (2015-2016 жж.) - эксперименттік жұмыс барысында алынған барлық мәліметтердің қорытындысы шығарылды. Зерттеу нәтижелері талқыланып, статистикалық-математикалық өндөу жұмыстары жүргізілді, диссертацияны талапқа сай рәсімдеу жүзеге асырылды.

Зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысында қойылған міндеттерді жүзеге асыруда теориялық (философиялық, социологиялық, психологиялық, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, қорытындылау, салыстыру, озық іс-тәжірибелерді жинақтау, нәтижені жобалау, моделдеу, индуктивті-дедуктивті талдау); әмпирікалық (сауалнама, интервью, әңгімелесу, педагогикалық бақылау, нормативті күжаттарды саралау, тест, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізу); статистикалық (зерттеу бойынша алынған нәтижелерді математикалық-статистикалық түрғыдан өңдеу) әдістер қолданылды.

Зерттеу базасы. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы университеті, №155, №6 жалпы білім беретін мектеп.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық мәнділігі:

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың теориялық негіздері анықталды;
- «Әлеуметтік табыстылық» ұғымының мәні, құрылымы мен мазмұны нақтыланды;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың әдістемесі даярланып, оны ендіру бойынша ұсыныстар берілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- «Тұлғаның әлеуметтік табыстылығын дамытудың негіздері» атты элективті курс бағдарламасы мен оқу қуралы дайындалды. Сонымен бірге «Сенің табыстылығың-сенің қолында» үйірмесінің ережесі; «Табыстылар» тренинг –сабактар жүйесі; «Табыстылыққа жол» педагогикалық идеялар фестивалінің бағдарламасы жасалды және тәжірибелік-эксперимент арқылы тексерілді.

Көрғауға ұсынылатын қағидалар:

1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің әлеуметтік табыстылығы тұлғаның кәсібілігінің өзегін құрайтын, мәртебелік жетістігінің белгілі деңгейін, өз өмірінің құнды стратегиясын моделдеу біліктілігін, еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілікке дайындығын және қоғам өмірінің сапасын көтеруге бағытталған тиімді кәсіби іс-әрекетін қамтиды. Демек, әлеуметтік табыстылық-әлеуметтік ұстаным, әлеуметтік белсенділік, тұлғалық табыстылық сияқты сапалар жиынтығы болып табылады.

2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі түрткілік-еріктілік, процессуалды-іс-әрекеттік, рефлексивтік-бағалаушылық компоненттерінің, әлеуметтік ұстаным, әлеуметтік белсенділік және тұлғалық табыстылық өлшемдері мен көрсеткіштерінің жиынтығын құрайды және жоғары, орта, төмен деңгейлеріне сәйкес жүзеге асырылады.

3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту жүйесі оның кәсіби іс-әрекетінің құрылымы, олардың мазмұндық сипаттамасы ашып көрсетіледі.

4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың әдістемесі (элективті курс бағдарламасы мен оқу құралы, үйірме жұмысы және педағикалық идеялар фестивалі бағдарламасы) және тәжірибелік-эксперимент нәтижелері.

Зерттеу нәтижелерінің мақұлдануы зерттеудің негізгі қағидалары ғылыми баяндама түрінде халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда көрініс тапты: II Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы «Актуальные вопросы психологии и педагогики в современных условиях» (Санкт-(Петербург, 2015); Халықаралық ғылыми практикалық конференция «Әлемдік және қазақстандық білім-ғылым кеңістігіндеғі этнопедагогика мен этнопсихология» (Алматы, 2016); Халықаралық ғылыми-практикалық конференция, «Дошкольное образование в казахстане и мировом пространстве: опыт, современное состояние и перспектива» (Алматы, 2014); Абай атындағы ҚазҰПУ, Педагогика ғылымдар сериясы «Хабаршы» №3. (47). (Алматы, 2015); Қазақ білім академиясының баяндамалары №3-4. (Астана, 2014); Social and Behavioral Sciences 7th World Conference on Educational Sciences (WCES- Athens,2015); Mediterranean Journal of Social Sciences MCSER Publishing ISSN 2039-2117, (Italy 2015); International Journal of Environmental & Science Education ISSN: 1306-3065, 11(12). 693-702. (Turkish, 2016); Халықаралық ғылыми-практикалық конференция «Бәсекеге қабілетті маманның ұлттық және әлемдік кәсіби келбетін қалыптастыру» (Түркістан, 2016); Педагогика және психология журналы №2 (27), (Алматы, 2016); Жас ғалымдарға арналған VIII халықаралық ғылыми конференция «Қазақстан халықаралық білім беру кеңістігінде» (Алматы, 2014); Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы, Педагогика ғылымдар сериясы «Хабаршы» №3 (51),(Алматы, 2016).

Жарияланымдар. Диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша барлығы 13 ғылыми жұмыс жарық көрғен. Оның 5-үі КР БжФМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 мақала Scopus базасына енген шет елдік басылымында, 1шет елдік ғылыми басылымында, 4 мақала халықаралық конференциялар материалдары жинақтарында, 2 мақала алыс-жакын шет елдік халықаралық конференциялар материалдары жарық көрді.

Диссертацияның зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі - талапқа сай әдіснамалық және теориялық қағидалармен, зерттеу пәнімен сәйкес әдіс-тәсілдерді қолданумен, эксперимент бағдарламасының мақсатқа сәйкестілігімен, бастапқы және соңғы көрсеткіш нәтижелерінің қорытындыларымен, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту жағдайында олардың тиімділігін тексерумен қамтамасыз етілді.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Кіріспеде зерттеу тақырыбының көкейкестілігі негізделеді, ғылыми аппараты: нысаны, пәні, мақсаты, міндеттері, жетекші идеясы, әдіснамалық-теориялық негіздері, зерттеу көздері, әдістері, негізгі кезендері, ғылыми жаңалығы мен теориялық және практикалық маңыздылығы, ғылыми болжамы, қорғауға ұсынылатын қағидалары ашып көрсетіледі.

«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері» атты бірінші бөлімде зерттеу жұмысының философиялық, психологиялық және педагогикалық әдебиеттерде болашақ маманның әлеуметтік табыстылығын дамыту мәселелері зерделенді. Зерттеу жұмысының теориялық негіздерін ашып көрсететін базалық ұғымдар, атап айтқанда, «табыс», «табыстылық», «тұлғалық табыстылық», «кәсіби табыстылық», «әлеуметтік табыстылық» талқыланып, өзіндік түжірим жасалды. Тұлғаның әлеуметтік табыстылығының мәні, мазмұны, құрылымы анықталып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың отандық және шетелдік тәжірибесі сараланды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың мәселесін зерттеудің әдіснамалық тұғырлары және қағидалары айқындалды. Зерттеу міндеттеріне сәйкес болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, компоненттері, көрсеткіштері және деңгейлері айқындалды.

«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту мақсатындағы тәжірибелі-эксперименттік жұмыс мазмұны» атты екінші бөлімде болашақ бастауыш мұғалімдерін дайындаудың қазіргі жағдайы мен стратегиялық бағыттарына, кәсіби дайындауға және олардың тұлғалық қалыптасуына қойылатын талаптарға ерекше назар аударылды. Жоғары оқу орны жағдайында болашақ бастауыш мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығының бастапқы диагностикасы анықталып, тәжірибелік-педагогикалық жұмыстың мазмұны ашып көрсетілді. Сонымен қатар мәселенің әдістемесі, тәжірибелік-эксперименттік зерттеу нәтижелері талқыланып, қорытындыланады. Зерттеу барысында «Тұлғаның әлеуметтік табыстылығын дамытудың негіздері» элективті курс бағдарламасы және «Тұлғаның әлеуметтік табыстылығын дамытудың негіздері» оқу құралы дайындалды.

Корытындыда теориялық және эксперименттік жұмыстың нәтижелеріне сүйене отырып, ғылыми ұсыныстар беріледі, сонымен бірғе өзіндік түжіримдар жасалады.

Қосымшада зерттеудің тәжірибелік-эксперимент жұмыстарында қолданылған әдістемелер: «Тұлғаның табысқа жетудегі түрткісін диагностикалау» әдістемесі (Т.Элерс);

- «Жұмыста (окуда) табысқа жетуінізге ықпал жасаған және табысқа жетуінізғе кедергі болған факторларды анықтау» сауалнамасы;

-«Тұлғаның мотивациялық құрылымының диагностикасы» (В.Э.Мильман);

- «Жеке тұлғаның креативтілігін диагностикалау тесті» (Е.Е.Туник);

- «Студенттердің ЖОО-дағы оқудан тыс әрекетке қатынасын анықтауға» арналған тест-сауалнама;

- «Кәсіби табыстылықтың мұғалімнің кәсіби-тұлғалық қасиеттеріне тәуелділігі» диагностикалық картасы (Т.В.Морозова).

1. БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТАБЫСТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ - ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 «Әлеуметтік табыстылық» ұғымы: мәні, құрылымы және мазмұны

Болашақ бастауыш сыйнып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздерін зерделеуде алдымен категориялық аппаратын нақтылауды жөн көрдік.

Осы орайда «әлеуметтік табыстылық» ұғымының мәні мен мазмұнын ашу мақсатында ғылыми философиялық, педагогикалық, психологиялық әдебиеттерге жан-жақты талдау жасалынды.

Әлеуметтік табыстылық күрделі құбылыс. Сондықтан мазмұны жағынан бірін-бірі толықтыратын «табыстылық» ұғымының негізін құрайтын «табыс» ұғымы алдымен қарастырылады.

Табыс идеясы қазіргі уақыттың ерекше белгісі. Заман талабы табыстын бизнес саласындағы мәніне ғана емес, өмірдің барлық саласындағы, атап айтқанда, шығармашылық, мансап, қажетті игілікке жетудегі сәттілік, әлеуметтік бедел, әлеуметтік әрекеттің жеке даралық және қоғамдық бағыттылығы, әлеуметтік белсенділік, әлеуметтік бағдар секілді маңызына назар аударудың қажеттілігін көрсетеді.

Тарихқа көз жіберсек, ежелгі мәдениеттің негізгі белгілерінің бірі ретінде сол кезеңдегі педагогикалық ойлар, тәрбие мен оқытудың дәстүрлі жолдары әлеуметтік табыстылықтың пайда болуының алғышарттары болып табылады.

Негізінен «табыс» категориясы ғылыми білімнің пайда болуынан бастау алады. Ғылыми әдебиеттердің талдауы көрсеткендей, «табыс» бір мағыналы емес, күрделі және әртүрлі түсіндірмесі бар ұғым.

Дәстүрлі тұрғыдан «табыс – кез келген үрдістің табысты аяқталуы» дегенді білдіреді.

С.И. Ожегов сөздігінде «табыс» ұғымына қазіргі заманғы жағдайға сәйкес мағынада біршама нақты анықтама берілген: 1. Қандайда бір жетістікке жетудегі сәттілік; 2. Қоғамның мойындауы; 3. Қоғамдық мәнділік; жұмыстағы, оқу-танымдық іс-әрекеттегі жақсы нәтижелер және т.б. [60, б.838.].

Орыс тілінің үлкен түсіндірме сөздігінде «табыс» сөзі табысты қамтитын, табыспен қатар жүретін деген мағынада қолданылады [61, 1400].

В.И. Дағындағы сөздігінде «табыс – қандайда бір іс-әрекеттегі бәсекелестік, сәттілік, сәтті қатынас, қажеттілігіне жету» деп тарихи лексикалық мәнде бейнеленеді [62, 514 б.].

Осы сөздіктерде берілген анықтамаларды салыстыратын болсақ, «қандайда бір жетістікке жетудегі сәттілік» деген түсінік барлығына да ортақ

мәнде қолданылады. Демек қызметін табыспен, сәттілікпен алып жүретін адам табысты болып табылады.

Философиялық және әлеуметтану ғылымдары зерттеулерінде «табыс - тұлғалық және іскерлік жоспарда өзінің өмірін ұйымдастырудың қолайлы әдісіне жету» - деп анықталады., ,

Сонымен бірге философиялық аспектіде, табыс: бақыттың ерекше түрі; сәттілік формасы; адам іс-әрекетінің сипаттамасы; адамның әлеуметтік мәртебесі мен өмірінің материалдық деңгейі; тұлғаның өзін-өзі таныту формасы деп те анықталады (Аристотель[63], М. Монтең [64], Платон [65] және т.б.).

Педагогикалық аспектіде, табыс - тұлғаның қазіргі заманғы қоғамдық нормалар, құндылықтар, дәстүрлер жүйесін менгеру деңгейін көрсететін әлеуметтік сапасы; нысанға алынған жетістіктердің жоғары нәтижесі болып табылады (Ш.А.Амонашвили[24], В.Ю.Питюков[66], В.А.Сухомлинский[67], В.Ф.Шаталов[68], С.Н.Лысенкова[69] және т.б.).

Әлеуметтік-психологиялық аспектіде, табыс - жеке тұлға іс-әрекетінің нәтижесі мен одан қоршаған адамдардың күтегіні арасындағы үйлесімді арақатынасы немесе қоршаған адамдар мен тұлғаның іс-әрекеттерінің нәтижелері арасындағы оңтайлы қатынас деп сипатталады [211].

Психологиялық аспектіде, табыс - бұл жеке тұлғаның көздеғен нәтижесінің ойдағыдан немесе тіпті күткенінен де асып түсетіндіктен куаныш, шаттық, қанағаттану сезімдерін бастан кешіруі. Осы күйдің неғізінде тұракты сезімдері, қызметтің жаңа әлдекайда күштірек себептері қалыптасуы мүмкін, соған байланысты тұлғаның өзін-өзі бағалау, өзін-өзі қадірлеу деңгейі де өзгереді. Демек табыс – іс-әрекеттегі жоғары нәтижеге жетуден алатын куаныш пен қанағаттану (С.Л.Рубинштейн[19], В.К.Вилюнас[71], Н.Л.Белопольская[72], Е.В.Коротаева[73], Е.А.Никитина[74] және т.б.).

Сонымен бұғынға таңға дейін «табыс» ұғымына *әртүрлі тұрғыдан анықтамалардың берілуі* бұл феноменді ұғынудың бірнеше тұжырымдамалық тәсілдері қалыптасқанын көрсетеді.

Сондықтан да табыс философиялық - психологиялық тәсілде «даралық экзистенциалдық сыртқы жағдай» [63, 10]; мәдени - антропологиялық тәсіл тұрғысынан «индивидтің мәртебелік жетістігі, мәдениет құндылығы» деп [64], ал әлеуметтік тұрғыдан «индивид-индивиду» координаттарында түсіндіріледі [65].

Зерттеуімізде экзистенциальды философияда табыс феноменін қарастыратын екі бағыт бөліп көрсетіледі: Бірінші бағытта табыс адамзат тіршілігінің мәнді құрылымын айқындастын және сыртқы жағдайларды жеңудің нәтижесі ретінде түсіндіріледі. Бұл тұрғыдан моралдық бағалау ретінде табысқа талпыну оны игеруғе байланысты мәртебеін сипаттайды. Табысқа жету жолында адам өзінің алдына мақсаттар қояды және оны қоғам жағынан әсердің жағымды немесе жағымсыздығына қарамастан жүзеге

асырады. Екінші бағытта табыстың субъектаралық және интерактивті табиғатына назар аударылып, әлеуметтік феномен ретінде қарастырылады.

Сондықтан философиялық зерттеулердегі ғалымдары еңбектеріне жасалған талдау табыс мәселесінің әртүрлі түрғыдан қарастырылып, төмендегідей анықтамалар берілгендейін көрсетеді (1-кесте)

Кесте 1- «Табыс» ұғымын философиялық түрғыдан талдау

№	Табыстың түрлері	«Табыс» ұғымының анықтамасы
1	Табыс - бақыт түрлерінің бірі ретінде	Аристотель: «Табыс - оны иеленген, мойындаған адамдарға байланысты болатын сыртқы әлде бір нәрсе». Бақыт деғеніміз – ол әр уақытта да «бізге бағынбайтын, біз билік ете алмайтын және өзіміз жасай алмайтын бір құбылыс» [65, 358б.]; «Бақыт – көп жоспарлы құбылыс: құшырлану, сәттілік, байлық, сый-құрмет. Бақыттың сый-құрмет түріндегі сыртқы көрінісі бақытты құрайды» [65, 359б.];
2	Табыс сәттіліктің формасы ретінде	- М. Монтень: «егер бақытқа жеткенімнің үштен бірі үшін мен өзіме борышты болсам, оның үштен екісі ұлы кездейсоқтыққа тиесілі» [64, 327б.]. Ю.В. Соғомонов, В.А. Чурилов Дағындағы сөзігіне сілтеме жасай отырып, былай дейді: сәттілік – бұл «өзі берілген нәрсе»; сәттілік – бұл жолыңың болғаны, ол адамның мақсатты істеріне байланыссыз нәтиже болып табылады. Сәттілік пен табыс қатар жүреді [62].
3	Табыс - адам қызметінің сипаттамасы ретінде	Аристотель: «табыс – бұл іс-әрекетіңнен көрінетін мақсат» [63]; В.И. Бакштановский: «табыс тек мақсатты ғана емес, сонымен қатар себепті және де іс-әрекет нәтижесі мен оған жету құралдарын қамтиды» [47]; Г.Л. Тульчинский: табыс – бұл нәтижені бағалау, өзінді-өзің дұрыс бағалау немесе тұлғаның жеке еңбектерін қоғамдық түрде он бағалау [56].
4	Табыс адамның әлеуметтік статусы және оның өмірінің материалдық деңгейі ретінде	- Платон табысты атақ-данққа ұмтылыс ретінде қарастырды: «Атақ – тұлғаның сінірғен қандай да бір еңбектерін мойындау формасы, адамның шынайы және жалған құндылықтарын бағалау» [65]; Ж. Кальвин өмірлік табысты материалдық байлықпен теңестірді: «Адам бай болған сайын ол Құдайға жақындей түседі»; И. Бигтам, У. Джемс, Дж. Дьюи, Ч. Пирс табысты адам өмірінде пайдаланатын практикалық мақсаттылық принципімен үқастырды [54].
5	Табыс - тұлғаның өзін-өзі дамытуының формасы ретінде	Г.Л. Тульчинский: Табыс «тұлғаның өзін-өзі дамытуы процесінде оның күш-жігерін нығайтудың механизмі ғана емес. Табыста тұлғаның өзінің ролі, оның өзін-өзі бағалауы, өзін-өзі тануға ұмтылуы, адамның өз мақсаттарын және оларға қол жеткізудері құралдарды және олар үшін жауапкершілікті таңдаудағы еркіндік құқығы маңызды болып табылады» [56, 138б.]; С.С. Гильдін айтуынша, тұлғаның өзін-өзі дамытуы табысқа жету құралы болып табылады. А. Маслоу: өзін-өзі дамыту – табысқа жету үшін жетекші қажеттілік және себеп болып табылады [22].

Табыс мәселесін прагматикалық философия ғылымы тұрғысынан қарастырған У.Джеймс, Дж.Дьюи, С.Хук, Ф.Шиллер, Дж.Бодуин, т.б. ғалымдар зерттеулері де маңызды. Себебі, прагматизм философиясында табыс әлеуметтік-утилитарлық категория болып табылады. «Прагматикалық» табыс алдымен акша, байлық, әл-ауқат, молшылық күбылыстарымен байланыстырылады. Прагматизм философиясында табыс дүниеге көзқарастың пайдакунемдік (утилитарлық) ғана емес, индивид санасы қызметтінің зандылықтарына және өзіндік көзқарасына бағыттылығымен түсіндіріледі.

У. Джеймстің пікірінше, индивидтің белсенділігі эмпирикалық «Меннің» - өзіндік сана-сезімінің нәтижесінде қарама-қарсы қойылған басқа адамға қатысты жағдайда «Мен» құрылымдық элементі экспансиясына, яғни алға үмтүлудымен дәлелденеді. Бұл жағдайда табысқа үмтүлуды «Мен және Біз территориясы» үшін бақылау прагматикалық сипатта болады. Сонымен бірге эмпирикалық «Мен» У.Джеймс бойынша өзіндік құрылымға ие, онда әлеуметтік «Мен» (материалдық және рухани Мен бірге) ерекше орын алады. «Адам өзін қоршаған адамдар арасында оны таныған сайын көpteғен «әлеуметтік Мен-ді» иеленеді. Сондықтан бұл адамдар қандай да бір топты құрайды, қанша топ болса, оған кімнің пікірі маңызды сонша топ пен сонша әлеуметтік Менге ие болады». Ола болса, табыс – бұл индивидтің өзі туралы көзқарастарының ерекше сапасы, референттілік [75].

Соңғы жылдары «табыс» және «табыстылық» ұғымдары көpteғен гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардың зерттеу объектісі болып табылады. Бұл XX ғасырдың екінші жартысындағы әлеуметтік басқару мен менеджмент технологиясының қарқынды дамуына қарай әлеуметтік және экономикалық тиімділікке жетудің және оны қамтамасыз етудің факторы ретінде табыстың маңызды рөлін айқындаумен байланысты.

Пәнаралық тұрғыдан жоғарыдағы философиялық – психологиялық, мәдени - антропологиялық тұрғылар біріктіліп түсіндіріледі және жаңа көзқарастар туындағы. Бұл «табыс» пен «табыстылық» түсініктерінің араласып кетуіне себепші болды.

Осылан байланысты бұл ұғымдарды эмпирикалық түсініктемеде мақсатты тұғыдан ажыратып алудың қажеттілігі туындағы: «табыстылық» - іс-әрекет үрдісінің сипаттамасы, ал «табыс» үрдістің мақсаты. Осы тұрғыдан бұл ұғымның мазмұны сыртқы әлемді бірізділікпен мақсатты бағытта менгеру (адаптация - бейімделу), ішкі әлемді мақсатты менгеру (өзін-өзі реттеу) және сыртқы және ішкі әлем арасын мақсатты бағытта тенденстіру (өзін-өзі басқару), сонымен қатар оның адамғершілік-әлеуметтік мәні мен маңызын элементтерін қамтиды.

Әлеуметтік табыстылық мазмұны адамның қоғамға қажеттілігімен, онда оның мүмкіндіктерінің қоғамның дамуының ерекшеліктеріне және оның сұранысына сәйкес келуімен анықталады. Бұғанде біз әлеуметтік қатынастардың, өзара әрекеттестіктің, әлеуметтік маңызды іс-әрекетте табысқа жетудің, өмірлік мәселелерді өз бетімен шешудің маңыздылығы артқан постиндустриалды қоғамда өмір сүреміз.

Әлеуметтік философия тұрғысынан О.И. Якутина «табыс» түсінігін теренірек нақтылайды. Ол біріншіден, табысты көздеу, оған жетуге ұмтылу, оның рөлінің өсуі тұлға өміріне тән екендігін белгілейді; екіншіден, бұл құбылыстың жеткілікті зерттелмегендігін және нақты әрекеттің сәті, оған белгілі бір іс-әрекет түрінде жету және өмірдің мәні мәселесінің элементі ретінде тар мағынада қолданылғанын көрсетеді; үшіншіден, табыстың келесі формаларын: нәтижесі (мойында); бағыттаушы, әлеуметтік («басқаға маңызды» жағынан тану); өзін-өзі анықтаушы (қыыншылықты жеңуге бағыттайтын) ұсынады [76, б.10-11].

Кейбір зерттеушілер (А. Адлер [77], Д. Карнеги [78]) табысты адамның дамуында, өзін-өзі танытуында қажеттіліктеріне жауап беретін өмірлік міндетті ісі және оған бағытталуы деп түсіндіреді.

«Табыс» және «табыстылық» категориясын Т.В. Конюхова мен Е.Т. Конюхова пәнаралық тәсіл контекстінде қарастырады. Бұл авторлардың бұл ұғымдарға жүргізген философиялық рефлексиясы оны түсіндірудің қалыптасқан бағыттарын көрсетеді: Бірінші – батыстық түсінік материалдық молшылықтың сыртқы белгілеріне және карьералық өсуге мән береді. Оған жету табыстылық ретінде белгіленеді. Екінші – шығыстық түсінікте ұстаным өмірде және іс-әрекет саласында табыстылыққа жетуді анықтайтын [79, б. 112].

1950 жылдың соңынан бастап батыстың әлеуметтік психологиясында табысқа ұмтылу адам қызметінің ең басты әлеуметтік-мәдени мотивтерінің бірі ретінде танылды. Осы бағыттың негізін қалаған Д. Мак-Клелланд табысқа жету үшін өз күш-жігерінің жоғары дәрежесін көрсетуге талпыныс ретінде мотивацияны анықтады [6].

1960-1970 жылдары табыс «білім арқылы зиялыштық жол» тұрғысынан қарастырылды, онда зиялыштардың тұрмыс салтында шағын ғана ауқаттылық пен іс жүзінде жинақ ақшаның болмауы оның орнын бедел және кәсібінің қоғамдық пайдалылығы арқылы толтырылды. 1990 жылға дейін жеке іс-әрекеттердің қоғамдық танылуының бағаланбауына байланысты «табыстылық» ұғымының ғылыми статусы болған жок.

2000 жылдан әлеуметтік табыстылық мәселесі еki түрлі бағытта зерттеліне бастады:

Бірінші бағытта, тұлғаның басқа адамдармен өзара қатынасын құру үшін әлеуметтік қажетті мәртебені менгеруіне мүмкіндік беретін әлеуметтік байланыстар мен қатынастар жүйесіне енуі тұрғысынан қарастырылады. Мұнда әлеуметтік табыстылықтың негізіне өзіне жағымды қатынас, өзін қабылдау, өзіндік құндылығын сезіну алынады (Е.Ю. Варламова, 2004) [49].

Екінші бағыт бойынша, оқушылардың әлеуметтік табыстылығын экономикалық білім арқылы қалыптастыру тұрғысынан зерттелінді. Мұнда әлеуметтік табыстылықтың негізіне әлеуметтік ортадағы өзінің орнына қанағаттануын және ықпалдасуының нәтижесін сипаттайтын тұлғаның психикалық күйі алынады (А. Збуңки, 2005) [80].

Бұл екі бағытта да болашақ маманның кәсіби іс-әрекетте белгілі нәтижеге жету үшін мамандыққа сәйкес келетін білім, білік және дағыдыны мен ғеруі тиіс екендігі маңызды рөл атқарады. Сондыктан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту тұлғаның жалпы және арнайы қабілеттеріне, мотивациясына, өмірлік ұстанымы мен қызығушылығына, темпераменті мен мінез-құлық ерекшеліктеріне байланысты.

Зерттеуімізде зерделенген тұжырымды ойлар бұл феноменнің қазіргі қоғам үшін өзінің салыстырмалы түрдегі жаңашылдығымен ерекшеленетінін көрсетеді. Сондыктан жоғарыдағы айтылғандар «табыс» категориясы мынадай ұғымдар (табыстылық, бедел, әлеуметтік мәртебе, кәсіби табыстылық, әлеуметтік ұстаным, тұлғалық табыстылық, әлеуметтік белсенділік) арқылы құрылымдалады деп тұжырымдауға және олардың өзара байланыстарын сызбанұсқа түрінде көрсетуға мүмкіндік береді (1-сурет).




Сурет 1- «Табыс» категориясының құрылымы

Суретте көрсетілгендей, бұл ұғымдар бірі-бірімен тығыз байланысты, бірін-бірі толықтырады. Соның ішінде, әлеуметтік ұстаным, әлеуметтік белсенділік, тұлғалық табыстылық маңызды рөл атқарады деп тұжырымдаймыз.

Белсенділік индивидтің нақты белгілі іс-әрекеті, қарама-қарсы пассивтілік жағдайы, қарама-қарсы реактивтілігі мен инициативтілігі үш бірдей емес құбылыстарды белгілейтін ұғым ретінде қолданылады. Демек, белсенділік - іс-әрекет, іс-әрекетке дайындық, инициативтілік болып табылады.

Психологияда белсенділікті іс-әрекетпен, ал іс-әрекет құрылымында қажеттілік, қызығушылық мотивпен байланыстырылады. Алдымен танымдық белсенділік, оны қалыптастыру тәсілдері мен түрлерін анықтау қажет. Танымдық іс-әрекет түрлері: жалпы және өзіндік болып бөлінеді. Танымдық

іс-әрекеттің жалпы түрі әр алуан салада әртүрлі білімдермен жұмыста қолданылады. Оған өзінің іс-әрекетін жоспарлау және оны орындау, бақылау біліктілігі мысал болады. Табыс әлеуметтік-педагогикалық құбылыс, ол кез келген адамның қоғамдағы беделін, өмірдеғі рөлі мен орнын, мақсаттары мен қажеттіліктері иерархиясын сипаттайтын түсініктерінің тәуелділігін ашуға мүмкіндік береді [197]. (2-сурет).



Сурет 2 - Табыстың тәуелділік сзығы

Суреттең тәуелділік сзығы бойынша табыстың жоғарғы шының кәсіби табыстылық болып табылады.

Психологтардың зерттеулері бойынша адамзаттың кез келген іс-әрекеттерінің табысты болуы оның мотивіне байланысты.

Мотив (француз «motif» және латын «motive» сөздерінен аударғанда – қозғаймын деғен мағынаны білдіреді) субъекттің өмір сүру жағдайы ықпалымен қалыптасатын және оның белсенділікке бағыттылығын анықтайтын әрекеттерінің туғызатын түрткі ретінде қарастырылады. Демек мотив субъекттің белсенділігін туғызатын сан алуан құбылыстар мен эмоциялық құйлерді білдіру үшін қолданылады [81].

Кез келген саладағы мотиві жоғары мамандар үнемі белсенді, инициативті, мақсатқа бағыттылығы тұрақты, табандылық, сабырлылық секілді сапалармен сипатталады. Жалпы мотив ішкі, яғни танымдық мотив (әртүрлі іс-әрекет түрлеріне қызығушылығының болуы) және сыртқы, яғни әлеуметтік мотив (қоғамның өзғермелі әлеуметтік-мәдени ортаның талаптары) болып бөлінеді.

Сыртқы әлеуметтік мотивтердің мынадай түрлері болады: 1) кен ауқымды әлеуметтік мотивтер; 2) тар ауқымды әлеуметтік мотивтер немесе ұстанымдық мотивтер; 3) әлеуметтік түрғыдан бірлесіп енбек ету мотивтері.

Сондықтан зерттеу барысында «табыс» феноменің мәнін ашу үшін маңызды мотивтер айқындалады: өзін-өзі мотивациялау, өзін-өзі бақылау, өзінің іс-әрекетін жоспарлау; өзін-өзі таныту, айналадағылармен қарым-қатынас жасай білу қабілеті, физикалық шыдамдылық, оқиғаны алдын ала болжаяу және ақылды шешім қабылдауға даярлық; шығармашылық белсенділік, жаңашылдыққа ұмтылу және сын түрғысынан ойлау, әлеуметтік бейімделу, т.б.

Бүгінгі таңға дейін күрделі құбылыс болып саналатын табыстың жекелеген жақтарын байланыстыратын құрылымы мен соған сәйкес келетін түрлері бар, сонымен қатар табыс түріне байланысты жіктемелері қалыптасқан.

Г.Л. Тульчинский табыс түрінің төмендегідей жіктемесін ұсынады: бірінші түрі – қоғамдық тану, мұнда адамның талпынуы, қоғамдық мәртебеге ие болуға ұмтылуы негізгі өзек болып табылады. Шын мәнінде, бұл жіктемеде табыс жеке бас жетістіктерін дұрыс қоғамдық бағалау ретінде қарастырылады. Екінші түрі – өмірлік бейімділік, оны ұғынуда нәтижелер емес, қызметтің өзі маңызды болып табылады. Ал табыстың үшінші түрі – қыындықтарды жену. Мұндай табыс тұлғаны тәрбиелеудегі күшті ынталандыру болып табылады, өйткені ол өзінді жену жолындағы мақсатқа айналады [56].

Н.А. Батурин табысты біріншіден, заңнамалық деңгейге немесе әлеуметтік стандартқа сай және одан жоғары қол жеткен нәтиженің интегралды бағалануы; екіншіден, іс-әрекет субъектісі мақсатының жеке деңгейіне қатысты өзіндік нәтиженің интегралды бағалануы; үшіншіден, жоғары немесе мәнді нәтижеге жетудің салдарынан адамда пайда болатын жүйке-психологиялық ерекше күйі ретінде қарастырады. Мұнда оның бірінші мәні - басқа адамның іс-әрекет нәтижесін бағалаумен, екіншісі - өзіндік іс-әрекеттің субъективті бағалануымен, үшіншісі – адамның жоғары нәтижеге жету кезіндегі көңіл-күйіне байланысты ашып көрсетіледі [17, 66.]

Дж. Аткинсонның жіктемесінде табыс себептеріне мүмкіншіліктер, күш-жігер, тасырманың курделілік деңгейі және жолы болғыштық жатқызылды [5]. Адамның табысқа жету себептерінің арасында өзінің маңыздылығында түсіну (Д. Карнеги) [78], толыққанды еместік сезімі, сенімсіздік және шарасыздық сезімдері (А. Адлер) [77], туғаннан үздіксіз өзін-өзі дамытуға, маңыздандыруға ұмтылу (А. Маслоу [22], К. Роджерс [7]) ерекше аталады. А.К. Маркова көңілді талаптар мен қабілеттердің тепе-тендігіне назар аудартады [108].

Р.Л. Мирнұлаева табысқа жетумен байланысты әсерленушілік түрлерін бөліп көрсетті. Оның ішінде мақтанышты «табыс күш-жігер мен қабілеттердің нәтижесі болған кезде пайда болатын» сезімге жатқызады. Бұл сезімді ол

таңдау жағдайына жауап ретінде реакция деп санайды. Ризашылық сезім ретінде «табысқа жеткені үшін басқаларға борышты болған кезде» пайда болады. Егер «басына тұскен сәтсіздік субъектінің талпыну деңгейіне сәйкес келмесе» ұят пайда болады. Қобалжұшылық «табысқа немесе ұшыраған сәтсіздікке қатысты айқын емес көзқарасты тұспалдайды» [82, 72 б.].

Сонымен бірғе «тұлғалық табыс» және «әлеуметтік табыс», оның ішінде «кәсіби табыс» ұғымдарын да ажырату керек. «Кәсіби табыс» болашақ сынып мұғалімдерінің өз іс-әрекетін іштей бағалауы ғана емес, оның айналдағылар тарапынан (әрінтең, басшы, т.б. контрагенттер) сырттай бағалануы.

Психологиялық-педагогикалық зерттеулерде әлеуметтік табыстылық акмеология контекстінде кәсіби іс-әрекет жетістігі ретінде қарастырылады (А.А.Деркач, А.К.Маркова).

Табысты нәтижеге қол жеткізу, әсіреле мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің сапасын жетілдіру мәселесінің ерте заманғы педагогикада көрініс тапқанын көрсетеді.

Н.А. Аминов қазіргі заманғы табысты мұғалім типінің төмендеғідей сипаттамасын ұсынады: «Бұл бала тұлғасын эмоциялық және әлеуметтік факторларға сүйене отырып дамытуға талпынатын мұғалім. Оған оқытудың еркіндік әдебі, жеке дара тәсілі, адал және достық мінезі тән. Табысты мұғалім креативті педагог (шығармашылыққа аса бейім), өмір сұру салты тұрғысынан мұндай мұғалімдер тіршіліктің сан алуан саласында жан-жақты, қызығушылығы мен құмарлығы кең» [112, с.88-98].

Жоғарыдағы ғалымдар енбектеріне жасалған талдау әлеуметтік табыстылықты бірлескен іс-әрекет нәтижесінің интегралдық сипаттамасы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Осыдан табыстылық алға қойған мақсаттарға қол жеткізуде жоғары нәтижені қамтамасыз ететін сипаттамаларды, сонымен бірғе кәсіби әлеуметтенудің нәтижелігіндегі индивидтің тұлғалық қасиеттеріне де байланысты екендігін атап көрсетуғе мүмкіндік береді. Оны кейбір ғалымдардың көзқарастары дәлелдей түседі. Мысалы, Адамға әрекеттің тәсілдерін менгеруі қандай да бір табыстылықты қамтамасыз ете отырып, дара табыстан тұрақты табысқа көшуғе мүмкіндік береді (А. Малың, А.М. Федосеева) [83].

Әлеуметтік табысты студенттің әрекеті нәтижелілікпен, өзін-өзі дамытумен; саналылықпен; әлеуметтік-мәдени құндылықтарға бағдарлануымен; жақсы көніл-күймен; тұлғалық қанағаттанушылықпен, тұрақты әлеуметтік өзара қарым-қатынастармен сипатталады (О.Ю. Клочкова, 2003) [51].

С.А. Артемьев, С.А. Бағренов көзқарастары бойынша кәсіби әлеуметтену төрт субъектінің, атап айтқанда, тұлға, еңбек ұжымы, қоғам, маман өзара әрекеттестігінде табысты болады. Осы субъектілердің әрқайсысы жағдаятқа байланысты әсер етеді [84].

Г.В. Туренқая әлеуметтік табыстылықты әлеуметтік ортадағы өзінің алатын орнына салыстырмалы тұрғыдан қанағаттануымен байланысты тұлғаның қасиеттерінің жиынтығы, сонымен бірғе адамның сол әлеуметтік ортаға ықпалдасуының нәтижесі ретінде қарастырады [85].

Педагогикада табыстылық уақытқа байланысты іс-әрекеттер нәтижесінің сапалы сипаттамасы ретінде қарастырылып, адамның табыстылығы іс-әрекеттің сан алуан түрінде, оның ішінде әлеуметтік іс-әрекетте ерекше көрініс табады.

Осыған байланысты болашақ мамандарға кәсіби білім беруде осы іс-әрекеттік бағытқа көп көңіл бөлініп, қазіргі кезде «*табысты іс-әрекет*», «*іс-әрекет табыстылығы*», «*табысты кәсіби іс-әрекет*» ұғымдары терен зерттелуде. Себебі, кез келген іс-әрекет нәтижесі табысты да, табыссыз да болуы мүмкін. Болашақ бастауыш мектеп мұғалімі ретінде студенттің табысты кәсіби іс-әрекетке даярлықтарын қалыптастыру және әлеуметтік табыстылығын дамыту бүгінғі өзекті мәселенің бірі.

Іс-әрекеттің өзара байланысы мәселесін және оның әр түрлі аспектілерін философияда (Б.Ф. Ломов [86], А.В. Петровский [23] және т.б.), психологияда (Б.Г. Ананьев [16], С.Л. Рубинштейн [19], А.Н. Леонтьев [18], және т.б.), педагогикада (Х.И. Лийметс [87], Г.И. Щукина [88] және т.б.) қарастырады.

Галымдардың пікірінше, адам әлеуметтік рөлді қаншалықты ифериіне, әлеуметтік іс-әрекетке қаншалықты қосылуына байланысты өмір бойына тұлға болып қалыптасып дамиды. Әртүрлі мәселені тиімді, дұрыс шеше алатын, енбек іс-әрекетіне және танымдық іс-әрекетке қабілетті, кәсіби білімді тұлға қашанда қоғам талаптарының сұраныстарына ие мамандар болмақ.

Әрбір тұлға тек өзінің белсененді іс-әрекеті арқылы ғана дами алады.

Философиялық энциклопедиялық сөздікте «*іс-әрекет*» қоршаған әлемге, мазмұны оның тұтастығын өзгерту және қайтадан құруды құрайтын белсененді қатынастың өзіндік адамзаттық формасы ретінде анықталады [89].

Демек, *іс-әрекет* – бір мақсатқа бағытталған, тұлғалық және қоғамдық маңызы бар нәтиже беретін белсененділік. Оның құрылымында мынандай компоненттері бар: мақсат, мотив, әрекет немесе іс-қимыл, құрал, нәтиже, бағалау. Егер осы компоненттердің біреуі орындалмай қалса, онда тұлғаның іс-әрекеті де толыққанды болмайды. Іс-әрекет компоненттері бір-бірімен тығыз байланыста болып біртұтас жүйені құрайды. Бұл жүйедегі компоненттер өзара бірі-біріне тәуелді, әрбір компонент өзіндік маңызды рөл атқарады.

А.Н. Леонтьевтің пікірінше, мақсат кез келген іс-әрекеттің жүйе құрастыруши компоненті болып табылады. Шынымен, мақсатсыз іс әрекет болуы екіталаі. Әр адамның алдына қойған жақын және алыс мақсаттары болады. Мотив деғен компоненттің ішіне адам үшін маңызды рухани, материалдық, әлеуметтік, табиғи-биологиялық қажеттіліктер кіреді [18].

Адамның *іс-әрекет* барысындағы өзіне қатынасы біртіндеп қалыптасады. Ол кәсіби іс-әрекеттінде айқын көрінеді. Маманың әрекеті мен оның табысты нәтижесіне қызығушылығы неғұрлым жоғары болса, соғұрлым жетістікке жетуі (немесе жетпеуі) жеке тұлғаға ықпал етеді. Оң нәтиже маманың өзіне деғен сенімін, мүмкіндіктері мен кәсібилігін арттырады.

Л.И.Анныферова табысты іс-әрекеттік тұрғыдан түсінуді неғізде ала

отырып, оның когнитивтік қураушыларын, атап айтқанда өзінің табыстылығын бағалау жөніндегі жоспар, әрекет және түсініктердің тұлғалық мәні мәселесін қарастырады [90].

Жалпы түсінікте «табыс» іс-әрекет, қарым-қатынас, дамудың мақсатына жетудің нәтижесі ретінде қарастырылады. Кез келген кәсіби іс-әрекет адамнан оның іс-әрекетінің табыстылығын қамтамасыз ететін қасиеттерді дамытуды талап етеді. Әлеуметтік құбылыс ретінде табыс пен табыстылықты түсіну қоғам өмірінің белгілі кезеңіндегі менталитеттің ерекшеліктеріне, қоғамдық сананың стереотиптеріне байланысты.

Табысты нәтижесі – ол іс-әрекет нәтижесіне қол жеткізу, оның жеке тұлғаның дамуына ықпалы өте зор. Адамның іс-әрекет барысының нәтижесінде өзінің күшіне сенімі артады. Іс-әрекетті жүзеге асыру адамның білім, білік, дағдысын белгілі өзгеріске ұшыратады. Бұл өзгерістерді сипатына қарай «мінез-құлық, жүріс-тұрыс» деуге болады. Бұлар жеке тұлғаның практикалық іс-әрекетіндегі тиімсіз себептердің алдын алуға және оның дамуына көмектеседі. Адамның практикалық іс-әрекетіндегі бірінші ықпал мінез-құлқын, жүріс-тұрысын, ал екінші - тұлғалық сапаларын өзгертеді. Әлеуметтік іс-әрекет – бұл кәсіби іс-әрекеттің ерекше түрі, объектінің әлеуметтік мәселесін шешуге бағытталады.

Н.А. Кибальченко «оқу әрекетінің табыстылығы нәтижемен, яғни үлгеріммен анықталады» - деп есептейді [91, С. 33 - 45].

Е.К. Клинов табыстылық кез келген әрекеттің маңызды сипаттарының бірі деп тұжырымдай отырып, іс-әрекет табыстылығының өлшемдеріне: еңбектің өнімділігі, өнімнің сапасы, жылдамдық, еңбек әрекетінің нәтижелігі, т.б. жатқызады (Клинов Е.К., 2004) [92, с. 60].

А.Е. Чирикова кәсінкерлер іс-әрекетінің табыстылық өлшемі ретінде экспертер мен кәсіби қауымдастың пікірін, яғни сырттан бағалауды ұсынады [93, С. 81- 92].

Г.В. Туренқая іс-әрекет табыстылығының өлшемі ретінде іскерлік белсенділіктің болуы немесе болмауын және табыстылықты тұлғаға тән сипаттардың ерекше бағыттылығы ретінде: жетістікке жету; құндылыққа, коммуникативті дағыларға; когнитивті қабілеттерге; эмоцияны бақылау біліктілігіне оның мотивациясы тұрғысынан қарастырады [85, с. 8].

Н.Д. Творогов бір жағынан, табыс – бұл әлеуметтік немесе қоғамдық бағалауға ие болған оқиға, екіншіден, адамның өзінің табысты қалай түсінетіні маңызды деп есептейді [94].

В.И. Моросанова, В.И. Степанскийдің пікірінше нәтиже белгіленген параметрлерге (объективті нәтиже), субъективті-қолайлы (субъективті нәтиже) сәйкес болуы тиіс [95].

Н.В. Лейфрид «табыс» ұғымы объективті жетістікті білдірсе, «табыстылық» ұғымының табысты сезінү сезімдерін көрсетеді. Объективті көрсеткіштер (материалдық жағдай, әлеуметтік мәртебе) болса, психикалық көзқарас тұрғысынан адамды табысты немесе табысты емес деп мойындау

үшін ол жеткіліксіз болады. Сондықтан табыстылықтың субъективті өлшемі ретінде жауапкершілік, қанағаттану, өзін-өзі таныту, өзін-өзі тиімдендіруді қарастыруды ұсынады (Н.В. Лейфрид, 2005) [96].

Н.А.Батурин білім берудің күрделі жүйесі, оның құрылымына енетін коғнитивті (сапаның әлеуметтік стандартқа, мақсатқа, эталонға қатынасы бойынша жеткен нәтижесін бағалау және өзін-өзі бағалау жүйесі), эффективті құраушылар (жеткен нәтижені көрсету және оны бағалау барысындағы пайдалатын эмоциялық үрдістер жүйесі), сәттілік және сәтсіздік жөнінде қарастырады [17].

О.Ю. Клочкова тұлғалық және әлеуметтік табыстылық ұғымдарын бөліп қарастыруды неғіздеғен. *Тұлғалық табыстылық* – бұл индивидтің өз тарапынан қол жеткізу нәтижесін мойындауы, өзінің өмірлік стратегиясын сырттан бағалауға қатыссыз жүзеге асыру үрдісінің табыстылығы туралы түсініғі. *Әлеуметтік табыстылық* тиімді түрде мақсатқа жетудің нәтижесінде келеді. Ол әлеуметтік деңгейде жүреді және нәтижесінің әлеуметтік объективті параметрлері бар: нәтижені индивидтің өзі, әлеуметтік қоршаған ортандың, әлеуметтік топтың және де, мүмкін, жалпы қоғамның бағалауы [51].

Кейбір ғалымдар «әлеуметтік табыстылық» категориясының мәнін ашуда жетістікке жетудегі жігерлілік, ұстаным, өзіндік бағалау, тұлғалық өзін ұқсастыру, өзіндік сана-сезім, тұлғалық өсу, құзыреттілік, өзін-өзі реттеу, қанағаттану және т.б. ұғымдармен байланыстырады.

Сонымен бірғе табыстылыққа субъектінің эмоциялық күйін, оның әсерленуін (қуану, т.б.), жеке дара құндылықтар жүйесін, шығармашылық белсенділігін жатқыза отырып, «табыстылық – тұлғаның типологиялық ерекшеліктерімен, өзін-өзі ұйымдастыруымен, ресурстық мүмкіндіктерімен, оларды жете ұғынуға және өзін-өзі танытуға ұмтылуымен қамтамасыз етілетін интегративті сипаттамасы» -деп тұжырымдайды [73, б. 113-114].

Осыған орай әлеуметтік табысты тұлға құрылымына талдау жасаған ғылыми еңбектер зерделенді. Соның ішінде, С.Ю. Ключниковтың ғылыми зерттеуінде тұлғаның құрылымы ерекше қызығушылық тудырды: діл, құндылықты-мағыналы сала, мотивациялық саланы (бағыттылық, өмірлік мақсаттар, жоспарлар, өмірлік жол; тұлғаның коғнитивті сипаттамалары, әлем көрінісі), Мен-сипаттамаларын (Мен-тұжырымдамасы, Мен-бейнесі, өз-өзіне қарым-қатынасы, өзін-өзі бағалау), локус-бақылауды, тұлғаның әлеуметтік-психологиялық құзыреттілігі, тұлғаның мәртебелік-рөлдік сипаттамалары, тұлғаның эмоциялық-психикалық жағдайларын, әлеуметтік сезімдері (С.Ю.Ключников, 2003) [97].

Сонымен әлеуметтік табыстылық ұғымының әлеуметтік белсенділік, әлеуметтік кемелдену, әлеуметтік көзқарас, әлеуметтік мақсат, әлеуметтік бағдар, әлеуметтік бейімделу, әлеуметтік ұстаным сияқты катарын талдай келе, оны интегративтік сипаттамалардың жиынтығы ретінде қарастыруға болады деп тұжырымдаймыз.

Сондықтан зерттеу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын қалыптастыру және дамыту мақсатында осы ұғымдар түсініктеріне де талдау жасап, салыстырмалы сипаттамасы ұсынылады (2-кесте).

Кесте 2 - Әлеуметтік табыстылық ұғымымен тығыз байланысты ұғымдар сипаттамасы

№ р/с	Ұғым	Автор	Ұғымның мазмұны	
			1	2
1	Әлеуметтік белсенділік	Л.Н.Жилина Н.Т. Фролова В.Х. Беленький Е.М. Харланова Е.М. Кандалина	- адамның белсенділігі оның қызметі болып табылады; - адамның қоршаған ортаға, басқа адамдарға қатынасы; - адамның әлеуметтік белсенділігі зерделікпен сипатталатын оның әлеуметтік қызметтерінен, істерінен байқалады; - адамның әлеуметтік белсенділігін оның әлеуметтік болмысынан, әлеуметтік қажеттіліктерінен, мұдделерінен шығатын, ол үшін іштей қажетті және еркін болып табылатын қызмет анықтайды; - қоғамдық өмірдің (еңбек, қоғамдық, саяси, т.б.) әр түрлі салаларында адамның қызметтік қатысуының ауқымында және тереңдігінде көрінетін адам қызметі формасының жиынтығы; - белсенді өмірлік көзқарастың қалыптасуы;	
2	Әлеуметтік кемелдену	К.К.Платонов С.Н.Иконникова В. Клюкин А.А. Гудзовская	- әлеуметтік ортамен қарқынды, саналы қарым-қатынаска бағытталған, қоғамдық даму мәселелеріне сәйкес өзін және социумды өзгерту бойынша ішкі (психикалық) және сыртқы (практикалық) қызмет процесінде жүзеге асатын тұлғаның тұрақты қасиеті және әлеуметтік маңызы бар әрекеттердің жиынтығы;	- «тұлғаның даму кезені»; - «индивидуалтіқ қоғамдық өмірғе ену процесі»; - «зияткерлік, кәсіби, идеялық-адамгершілік, саяси кемелдік, тұлғаның саяси қасиеттерінің міндепті минимумы ретінде»; - «өзін тіршілік әрекетінің, өз өмірінің, өз даралығының субъектісі ретінде ұғыну»; - «тұлғаның дамуындағы объективті қажетті кезен». - кемел адамның шекаралары кең; ол жылы, жайдары әлеуметтік қарым-қатынас жасауға қабілетті; - эмоциялық тұлактылықты және өзін-өзі қабылдауды көрсетеді;

Кестенің жалғасы

1	2	3	4
		Ф.Р. Филиппов Г. Олпорт Әлеуметтік энциклопедия- лық сөздік	<ul style="list-style-type: none"> - шынайы қабылдау, тәжірибе және талпыныс; - өзін-өзі тануға қабілеттілік және өзіл-оспақты түсіне білу. - адамның дербестік және көnlі толықтық қасиеттеріне ие болумен дәстүрлі түрде сипатталатын тұлғаның әлеуметтік және психологиялық шарттастырылған даму кезеңі.
3	Әлеуметтік көзқарас	И.С. Кон, Л.И. Божович; Б.Г. Ананьев, Г.Н. Мальковская	<ul style="list-style-type: none"> - тұлғаның көрінуін реттейтін, тәртібін анықтайдын жетекші сипаттамасы; - психикалық дамудың қозғаушы құштерін қамтитын тұлғаның өзекті жүйелік қалыптасуы; - адамның объективті шындықпен өзара әрекеттестігін анықтайдын оған деген қарым-қатынасы; - өмірге көзқарастар жүйесі, ондағы өз орны.
4	Әлеуметтік бағдар	М.А. Емельянова	<ul style="list-style-type: none"> - адамның қарым-қатынастары проблемасына, көмек, қорғаныс, қамқорлық көрсету түрфисынан тұлғаның тіршілік әрекетіне турақты қызығушылықтың болуын болжайды.
5	Әлеуметтік мақсат	М.А. Емельянова Д.Н. Узнадзе	<ul style="list-style-type: none"> - студенттің белгілі бір әлеуметтік жағдайларда өзінің сол жағдайдың элементтеріне әлеуметтік-құндылықты қатынасы етуге даярлығы; - адамның мақсатты талғамалы белсенділігінің негізі ретінде қызмет атқарады, жағдайға жылдам жауап қайтару мүмкіндігін, педагогикалық зейіннің және әлеуметтік-педагогикалық ойлаудың дамуын қамтамасыз етеді; - мақсаттардың пайда болу шарты – қажеттіліктердің, жағымды жағдайдың болуы, сол мезетте қажетті мақсатты саналы түрде тандау және актуалдандыру қабілеті.
6	Әлеуметтік бейімделу	Психологиялық сөздік	(лат.: adaptare - бейімдеу) әр түрлі әлеуметтік құралдардың көмегімен индивидтің немесе қоғамдық топтың өзгерген қоғамдық ортага белсенді түрде бейімделу процесі. Олардың өзара әрекеттестігі барысында оған қатысадын субъектілердің олар үшін жаңа қоғамдық ортага деген талаптары мен үміттері теңеледі.
7	Әлеуметтік шығармашы- лық	Е.М. Могалюк	<ul style="list-style-type: none"> - мәдени-әуестік салада әлеуметтік жобаларды және бастамаларды жүзеге асырумен байланысты адамдардың қоғамдық,

Кестенің жалғасы

1	2	3	4
			демократиялық, ерікті бастамаларға негізделген қызметі; - сапалы жана әлеуметтік қатынастар мен қоғамдық болмысты өзгертуғе және қалыптастыруға бағытталған қызметтің ең жоғарғы формасы, жасампаз процесс.
8	Әлеуметтік жауапкершілік	Д.А. Леонтьев	- адамның қызметін бақылауды жүзеге асыруда көрінетін қайратты жеке бас қасиеті; - әлеуметтік жауапкершілік қоғамның нормалары мен ережелерін сақтаған кезде қызмет барысында қалыптасады; - табыс немесе сәтсіздіктер үшін жауапкершілікті қабылдауға топтың даму деңгейі, оның ұйымшылдығы, құндылықты бағдарлардың жақындығы, эмоциялық сәйкестендіру елеулі түрде әсер етеді.
9	Әлеуметтік оптимизм	О.Я. Яшнова	- өз бойында жағымды эмоциялық күйді сактау қабілеті.
10	Әлеуметтілік	А.А. Грицанов Б.З. Вульфов Д.В. Иванов Т.А. Ромм	- франц. қоғами, көвшілдік, азаматтылық, өзара қарым-қатынастар және азаматтық тұрмыстың, өмірдің міндеттері; - адам болмысының және олардың тіршілік етуінің ұжымдық формаларының фрагмент-телен бірліктерінің ажырамас тұтастығы; - «адамның білімі — оның әлеуметтік ұдайы өндірісінің нәтижесі, оның әлеуметтілігінің туындысы және өзіндік туындысы» - «адамның қоғамдық табиғатының көрінісі, өз белсенділігінің қайнар көзі болу қабілеті, жеке шығармашылық қатынастың көрінісі. Әлеуметтілік объективті категория ретінде, тұлғаның әлеуметтілігін «жобалайды».
11	Әлеуметтену	Әлеуметтік энциклопедиялық сөздік	Бір мезгілділікті болжайды: индивидке белгілі әлеуметтік позицияларды ұстану және тиісті әлеуметтік статусты қабылдау үшін талаптануға мүмкіндік беретін тәртіптің әлеуметтік рольдері мен ұлғілерін менгеру; мәдениеттің формаларына, құндылықтарына, белгілеріне, нормаларына, дәстүрлеріне, тілдеріне, мәндеріне және т.б. ие болу; өзіндік әлеуметтік-мәдени тәжірибелі және жеке бас (әлеуметтік, этникалық және т.б.) ұқастықтарды қабылданап алу; «ересек» статусына жауапты шешім-дерді қабылдауға қабілетті дербес және тәуелсіз қайраткер статусына жету... Әлеуметтендіру үрдісінің табыстылығы акыр сонында әлеуметтік

Кестенің жалгасы

1	2	3	4
			өзгерістердің және әлеуметтік теңгерімнің, әлеуметтік тұтастықтың және әлеуметтік үйымдастыруышылықтың тенгерімін сактаумен сипатталады.

Олай болса, әлеуметтік табысты болашақ бастауыш сынып мұғалімдері әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағдарланған, үйымдастырылған әлеуметтік ұстанымы, әлеуметтік мақсаттары, құндылық бағдары бар, оптимизмге, жауапкершілікке толы, өз қабілеттерін әлеуметтік шығармашылық арқылы жүзеге асыруға қабілетті тұлға.

Әлеуметтік табыстылық тұлғаның әлеуметтенуінің нәтижесі екендігіне назар аударылды. Ол тұлғаның өзінің әлеуетін жүзеге асыруға ұмтылыратын іс-әрекет. Мұндай табыстылыққа жету үшін деңсаулық, сапалы білім, мінездүлік дағдыларын дамыту қажет.

Г.М. Коджаспированың педагогикалық сөздігінде әлеуметтендіру адамның тұлға ретіндегі әлеуметтік тәжірибелі иғеру және белсенді жаңғырту, практикалық және теориялық қызмет дағдыларын иемдену, шынайы өмірде кездесетін қарым-қатынастарды түрлендіру үрдісі ретінде анықталады. Әлеуметтендіру оқу-тәрбиелу мекемелерінде мақсатты үрдістердің ықпалымен және стихиялық факторлардың әсер етуі арқылы жүзеге асырылады [98,139 с.].

Адамның әлеуметтенуі - өмір бойы үздіксіз болып отыратын үдеріс. Адам өмірінің әр түрлі кезеңдерінде әлеуметтендірудің өзіндік маңызды ерекшеліктері болады. Әлеуметтендіру - адамның өмір бойы дамуы мен қалыптасуындағы әлеуметтік нормалар мен мәдени құндылықтарды менгеру үдерісінде қоршаған ортамен өзара іс-қимылы, сондай-ақ, өзі өмір сүретін қоғамда өзін-өзі дамытуы, өзін-өзі жетілдіруі және өзін іс жүзінде табысты көрсетуі. Әлеуметтендіру – бұл екі жақты үдеріс, бір жағынан, индивидтің әлеуметтік тәжірибелі менгеру жолымен әлеуметтік байланыстар жүйесіне, әлеуметтік ортаға енуі; екінши жағынан, индивидтің белсенді іс-әрекеті, әлеуметтік ортаға белсенді енуі есебінен әлеуметтік байланыстар жүйесін үдайы өндіру үдерісі.

Осыған байланысты болашақ бастауыш мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытуда әлеуметтік табыстылықтың құрылымына назар аударылды.

А.Р. Туғушева зерттеуінде «әлеуметтік табыстылық» категориясының төмендегідей құрылымдары бөліп көрсетіледі:


- адамға таңылған тұлғалық сипаттамаларды көрсететін категория (мақсаттылық - қызындыққа қарамастан мақсатқа жетуғе талаптану, сенімділік, коммуникабелділік, өзін дамытуға деғен ниет-ынталасы);

- әлеуметтік-кәсіби категория (сүйікті жұмысының болуы, карьера жасауға талпынысы);

- әлеуметтік бедел категориясы (мэртебе) категориясы (қоғамдағы орны, әсер ету қабілеті);

- жақын адамдарды қолдаудағы әлеуметтік табыстылық рөлінің маңызын сипаттайтын категория (отбасы, достары) [99].

«Әлеуметтік табыстылық» пәнаралық категория. Талданған ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып, «әлеуметтік табыстылық» ұғымының философиялық, психологиялық-педагогикалық, гедонисттік, аскеттік, интегративтік, субъективтік-объективтік категориялар түріне төмендегідей бөліп қарастыруды және әлеуметтік табыстылықтың сан алуан түрлі категория түріндегі мазмұнына сипаттама беріледі (3-сурет).



Сурет 3 – Ғылыми білім теориясындағы «әлеуметтік табыстылық» категориясының сан алуандылығы

Жоғарыда бөліп көрсетілген категориялар және оларға берілген мазмұндық сипаттамалардың ішінде зерттеуіміз үшін әлеуметтік табыстылықтың интегративтік категория ретіндегі құрылымы маңызды болып саналады.

Біздің пікірімізше, табысты кәсіби әлеуметтену қурделі және әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-мәдени үрдіс, нақты тарихи контексте индивидтің әлеуметтік-кәсіби жетілуін қалыптастыруды сипаттайды. Болашақ бастауышсынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығы әлеуметтену үрдісінде, оларды қоғамның әлеуметтік-мәдени құндылықтарына қатыстыруда, әлеуметтік тәжірибелінің сабактастырымен, оның сапалы жанаруымен және осы тәжірибелінің келесі ұрпаққа берілуінде дамиды.

Әлеуметтік табыстылықтың мәнді сипаттамасының ішінен келесі ерекшеліктерін бөліп көрсетуғе болады: адамның жоғары белсенділігі; өзінің әлеуметтік рөлін жете түсінуі; нақты қойылған мақсатқа бағыттылығы; мақсатқа жетудің маңызды жолдары мен құралдарын ұсынатын іс-әрекеттегі шеберлік; өзінің іс-әрекетін бағалаудың қанағаттанушылығымен байланысты жағымды эмоциялық күйде ұстауы; өзінің әрекетінің қоғамда қабылданған адамғершілік нормалар мен рухани құндылықтармен арақатынасында қолданылуы.

Біздің пікірімізше, болашақ бастауышсынып мұғалімінің әлеуметтік табыстылығы тұлғаның әлеуметтенудің өзегін құрайтын, әлеуметтік маңызды мәртебе жетістігінің белгілі деңгейін, өз өмірінің әлеуметтік-құнды стратегиясын моделдеу біліктіліғін, еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілікке дайындығын және қоғам өмірінің сапасын көтеруғе бағытталған тиімді кәсіби іс-әрекетін қамтиды. Демек әлеуметтік табыстылық әлеуметтік ұстаным, әлеуметтік белсенділік, тұлғалық табыстылық құрауыштарының жиынтығы болып табылады.

Сондықтан болашақ бастауышсынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытуда оның тұлғалық-кәсіби сапаларын дамыту негізгі бағдар болып саналады. Ол іс-әрекет табыстылығы мен қарым-қатынас, іс-әрекет табыстылығы мен көңіл-күй, іс-әрекет табыстылығы мен еңбектің түрі секілді әртүрлі контексте қарастыруға мүмкіндік береді (3 -кесте).

Кесте 3 - Отандық және Ресей ғалымдарының еңбектеріндегі «әлеуметтік табыстылық» ұғымының контент-талдауы

№	Авторлар	Анықтамасы	Дереккөзі
	Тұғушева Р.А.	Әлеуметтік табыстылық - бұл жеке тұлғаның тиімділігі, оның әлеуметтік кеңістікте әлеуметтік-психологиялық әрекеті мен тәртібі туралы бағалаушылық пайымдауларды қамтитын әлеуметтік психологиялық құбылыс. Ол жеке тұлғаның қоғамда өзін-өзі жетілуінің бағыттарын тандау барысында маңызды рөл атқарады, айналасындағы адамдармен өзара әрекеттесудің қалыптастырып қалған тәсілдерін сипаттайды.	Әлеуметтік психология бойынша анықтамалық сөздік, Алматы, 2005. - 234-235 бб.

Кестенің жалғасы

1	2	3	4
2	Збуцки А.	Әлеуметтік табыстылықты біз, бір жағынан, адамның әлеуметтік қоғамда өзінің жағдайына, әлеуметтік орнына, орындайтын қызметтеріне қанагаттануымен сипатталатын адамның белгілі бір психологиялық жағдайы, екінші жағынан, адамның интеграциялануының нәтижесі деп түсіндіреміз.	«Окушылардың әлеуметтік табыстылығының экономикалық білім берудің тәсілдерімен қалыптастыру», дисс. - М., 2005. - 112 б.
3	Берестнева О.Г., Лебедев А.Н., Муратова Е.А.,	Әлеуметтік табыстылық мәселесі – отандық психология-педағогикалық ғылымның дефицитарлық саласы. Адамның қоғамдағы табыстылығы оның әлеуметтік табиғатымен, оның мәнді бастауының айқындалуымен тығыз байланысты болады.	Томск: ТПУ баспасы, 2005. - 114-124 бб.
4	Толегенов А. Т.	Жеке тұлғаның әлеуметтік табыстылығы – белгілі қызметті табысты жүзеге асырудың субъективтік шарттары болып табылатын жеке тұлғаның жеке ерекшеліктері. Бұл ерекшеліктер білім, білік, дағдыларға негізделіп, қызметтің әдіс-тәсілдерін менгерудің шапшандылығы, терендігі мен беріктігінде көрініс табады.	Педағогикалық сөздік. - Алматы, 2009. - 58 бб.
5	Омаров Т. А.	Әлеуметтік табыстылықты қалыптастырудың неғізгі бағыттары (білім беру үрдісінде білім алушылардың субъективтік-құндылықты бағытталуын қамтамасыз ету; әлеуметтік маңызы бар қызметте білім алушылардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ету); білім беру мекемесінің, мұғалімдердің, ата-аналардың және баланың өзара ықпал етуін қамтамасыз ету) сипатталған. Окушылардың жетістікке жету жағдайын жасаудың неғізгі тетіктері: баланың жеке біреғейлік сәті, үрейден арылту, жасырын көмек көрсету немесе жасырын интуиция қарастырылған.	«Ашық мектеп» журналы. - Алматы, 2009. – 4-6 шығарылым, 109 б. «Социальная успешность школьников как результат профилактики их викторности» мақала.
6	Рябова Ю.Э, Слепников И.М, Ядов В.А.	Әлеуметтік табыстылық – белгілі бір елде және мәдениетте лайықты адаммен танылатын әлеуметтік жетістіктердің белгілі бір деңғейі.	«Әлеуметтік табыстылық әлеуметтендірудің нәтижесі ретінде». - М., 2010. - 45 б,

Кестенің жалғасы

1	2	3	4
7	Наурызбай Ж.Ж. Тұғанбекова А.А.	Әлеуметтік табыстылық- оқушылардың қандайда бір қызмет түріне сензитивтілігі (сезімталдығы), яғни «адам өміріндегі түрлі оқиғаларға үлкен сезімталдығында» көрініс табатын адамның міnez танытатын ерекшелігі.	«Оқушылардың әлеуметтік табыстылығы педағикалық феномен ретінде» мақала «ҚарМУ хабаршысы», Педагогика категориясы, Қарағанды, 2010. – 12 б.
8	Ахметова К. А.	Әлеуметтік табыстылық ұғымының мәнді сипатамалары ашылып, жеке тұлғалық және әлеуметтік-мәдени тұғырлар неғізінде әлеуметтік табыстылықты қалыптастырудың бөліктері қарастырылып, сонымен қатар студенттік педағикалық жасақтардың қызметінің ерекшеліктері, жұмысының түрлері мен әдістері ажыратылып көрсетіледі.	«Педагогика және психология» журналы. - Алматы, 2011. - 232 -235 б., «Студенттік педагогикалық жасақтардың қызметінде жасардың әлеуметтік табыстылығын қалыптастыру (Теориялық-әдіснамалық аспект)» атты мақала
9	Деева Е.В.	Әлеуметтік табыстылық жастардың енбек нарығында бәсекелі әрекетке және тиімді кәсіби қызметке дайындығының көрсеткіші.	«Әлеуметтік табыстылық жастардың кәсіби түрғыда қалыптасуының факторы ретінде» мақала «Әлеуметтік-экономикалық құбылыстар мен үрдістер» мақала, № 6 (052) шығ., Алматы-2013. - 205 б.
10	Сабитова Т. Н	Қоғамдағы адамның әлеуметтік табыстылығы оның әлеуметтік табигатымен, оның мәнді бастауының айқындалуымен байланысты. Жеке тұлғаның қалыпты психикалық дамуы жеке тұлғаның қоғаммен өзара әрекеттесуі айқындалатын өмірлік үрдістің екі өзара байланысты жақтың динамикалық тере-тендігі кезіндеған болуы мүмкін: әлеуметке «қосылуы» және одан «дербестену», яғни қоғаммен бірге болу, бірлестікте өмір сүру ниеті бар, бірақ ерекшеленуғе, әрекеттерімен көрінуғе, әйгілі болуға ұмтылыс.	«Халықтық білім» журналы. - Алматы, 2013. 109 – 113 б. «Қазіргі заманғы қоғамда жеке тұлғаның әлеуметтік табыстылығы».

Кестенің жалғасы

1	2	3	4
11	Малышева И.А.	Қоғамдағы әлеуметтік табыстылық оның әлеуметтік табиғатымен, оның мәнді бастауының айқындалуымен байланысты. Жеке тұлғаның қалыпты психикалық дамуы жеке тұлғаның қоғаммен өзара әрекеттесуі айқындалатын өмірлік үрдістің екі өзара байланысты жақтың динамикалық тепе-тендігі кезіндеған болуы мүмкін.	Әлеуметтік табыстылық даму факторы ретінде» ғылыми мақала, 2014. – 5 б.
12	Дағбаева С.Б	Әлеуметтік табыстылық жеке тұлғаның әлеуметтік қарым-қатынастар, әлеуметтік мәртебе мен рөлдер жүйесіне ену нәтижесінде менгеріп алу ретінде анықталады	«Психологиялық ғылым және білім» Журналы №3, Том 6, 2014.
13	Шайкеменов М.С, Ешпанова Д.Д.	Әлеуметтік табыстылық – бұл қауымдастықтың өмір сапасын арттырумен байланысты жеке тұлғаны манызды мақсаттарға кол жеткізу барысында жеке тұлғаның әлеуметпен (сыйымды ортамен) өзара әрекеттесудің өз нәтижелеріне субъективті баға беруі.	«Қазақстандық ортаның этноәлеуметтік күрүлымы» мақала «Хабарлар» журналы, Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы, №5 шығ. – Алматы, 2015. - 90 б.
14	Стукаленко Н.М., Молдабекова С.К.	Әлеуметтік табыстылық адамның шығармашылықта, еркіті актілерде, қарым-қатынаста, әрекетінде көрініс табатын материалдық және рухани мәдениеттің құндылықтарын иферу негізінде әлемде қоғамдық маңызы бар өзгертулерді енғізу қабілеттілігі	«Этнопедагогикалық білім беру жалпы мәдени және кәсіби дамуының факторы ретінде» мақала «Білім беру хабаршысы» журналы, №1(32). - Алматы, 2016. - 346.
15	Энциклопедия	Әлеуметтік табыстылық – белгілі бір елде және мәдениетте лайықты адаммен танылатын әлеуметтік жетістіктердің белгілі бір деңгейі.	«Психоғос» практикалық психологиялық энциклопедия. 2015. - 118 б.
16	Белкин А.С.	Әлеуметтік табыстылықтың негізінде адамның өзіне деғен жағымды қарым-қатынасты, өзін-өзі құрметтеу, өзінді кабылдау, өзінің құндылығын сезінуді айқындастын «Мен – тұжырымдамасы» болуы мүмкін. Ол үш фактормен: өзге адамдарға нық сену, қызметтің атаулы түріне қабілеттілігіне сену, өзінің маңыздылығын сезіну факторларымен айқындалады.	Жас ерекшелік педагогикасы негіздері. - М.: ИЦ «Академия», 2000. - 192б.

Сонымен, жоғарыдағы контент-талдау көрсеткендей, әлеуметтік табыстылық ұғымы зерттеулерде жан-жақты қаастырылғанын байқадық. Оның кейбіреулеріне тоқталатын болсақ, С.Б Дағбаева «әлеуметтік табыстылық жеке тұлғаның әлеуметтік қарым-қатынастар, әлеуметтік мэртебе мен рөлдер жүйесіне ену нәтижесінде менгерін алу ретінде анықталады» деп тұжырымдаса, Стукаленко Н.М., Молдабекова С.К. «әлеуметтік табыстылық адамның шығармашылықта, ерікті актілерде, қарым-қатынаста, әрекетінде көрініс табатын материалдық және рухани мәдениеттің құндылықтарын иғеру негізінде әлемде қоғамдық маңызы бар өзгертулерді енгізу қабілеттілігі» - деп сипаттайды. Шайкеменов М.С, Ешпанова Д.Д. «әлеуметтік іс-әрекет адамның әлеуметтік ортамен қатынасын, оның қажеттіліктерді өтеу мақсатында қоғамдық қатынаста белсенді болуын сипаттайды» - деғен пікірін ерекше атуға болады.

Тұлғаның әлеуметтік іс-әрекеттерінің жиынтығы оның мінез-құлқын қалыптастырады. Кез келген тұлғаның табысты әлеуметтенуінің (әлеуметтік статус, кәсіби өзін-өзі таныту) факторы ретінде әлеуметтік белсенділік субъектінің инициативасымен әлеуметтік құндылықтарды жүзеге асыруға бағытталады.

Зерттеу барысында іс-әрекеттің табыстылығы мәселесінің төмендегідей бағыттарда зерттелгені анықталады:

- мұғалім еңбегінің ерекшеліктері (Н.В.Кузьмина [100], және т.б.);
- индивидтің оқу-танымдық іс-әрекетін белсендендіру және субъективті рөлі (Г.И.Щукина [88]);
- іс-әрекеттің нәтижелігін жүзеге асыруға бағытталған әдістерді ынталандыру (С.Л.Рубинштейн [19], С.Н.Лысенкова [69], және т.б.);
- педагогтардың шығармашылық іздептерінің нәтижесі, педагогика ғылыминың категориясы (Ш.А.Амонашвили [24], Н.Д.Хмель [101], А.Қ.Рысбаева [57], т.б.);
- оқу қызметінде оқушылардың табыстылығын қалыптастыру (Л.Н.Казимирская [102], А.Р.Туғушева [99], Е.Ю.Варламова [49], А.В.Пономарева [103]);
- бәсекеге қабілетті, іскер, табысты адамға сәйкес келетін тұлғалық сапа, адамның әлеуметтік-психологиялық табыстылық туралы өзекті түсініктерін қалыптастыру А.Г.Асмолов [104] және т.б.

Жоғарыдағы ғалымдар еңбектеріне жасалған талдау табыстылықтың әртүрлі аспектіде түсіндірілетіндігін көрсетеді:

- әлеуметтік табыстылық – бұл тұлғаның жетістігінің басқа адаммен қатынасының дамуында көрсететін, базалық, интегративті сипаттамасы;
- әлеуметтік табыстылық - жеке адамның әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі нәтижесінде қоғам үшін обьективті маңыздылығы бар, қалыптастанған қызығушылықтар мен қабілеттеріне сәйкес келетін, оны әлеуметтік ықыласқа бөлеп, жеке тұлға ретінде қанағаттандыратын әлеуметтік мэртебе мен рөлдерге ие болу;

- мақсатқа жетудің, әрекеттің жағымды нәтижесі;
 - тұлғаның қоршаған ортадан, адамдардан күтетін нәтижесі мен олардың іс-әрекеттерінің нәтижелері арасындағы оңтайлы қатынас;
 - қажеттіліктермен, мотивтермен және басқа да қозғаушылармен бірігіп, өзара әрекеттесін, адамның барлық белсенделіктерінің негізгі көзін, онын белсенделігінің барлық формаларын құрайтын жағымды когнитивтік және эмоциялық құйлердің жиынтығы;
 - әлеуметтік табыстылық жағымды «Мен-тұжырымдамасына» негізделген, жеке тұлғаның әлеуметтік толыққанды субъект ретінде әлеуметтік байланыстар мен қатынастар жүйесіне қатыстылығын көрсететін, тиімді әлеуметтену мен әлеуметтік маңызы бар мәртебеге қол жеткізуге жағдай жасайтын жеке тұлғаның тұрақты жай-күйі және т.б.;
- Біздің пікірімізше, әлеуметтік табыстылық әлеуметтік ұстаным, әлеуметтік белсенделік, тұлғалық табыстылық қурауыштарының жиынтығы.
- Қорыта келгенде, *табыстылық* мәселесі үш тұрғыдан:
- индивидтің өзіндік әрекеті мен күші нәтижесінің көрсеткіші ретінде;
 - тұлғаның әлеуметтік байланыстар мен қатынастардағы өзіндік орнының көрсеткіші ретінде;
 - болашақ маманның әлеуметтік іс-әрекеті контексінде кәсіби табыстылығы ретінде зерттелінген. Бұл әлеуметтік табыстылықты болашақ бастауышсынып мұғалімдерінің кәсіби қалыптасуының маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастыру қажет деп тұжырымдауымызға мүмкіндік береді.

1.2 Әлеуметтік табыстылық болашақ бастауыш сыйнып мұғалімдерінің кәсіби қалыптасуының маңызды құрамдас бөлігі ретінде

XXI ғасырдағы білім беру қоғамның интеллектуалдық, мәдени, рухани жағдайын қалыптастырытын адам іс-әрекетінің маңызды саласының бірі және білім беру жүйесі білім беруді дамытудың әлемдік тенденциясымен қатар ұлттық ерекшеліктермен де анықталады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында «әлеуметтік, саяси-мәдени жағдайларға кеңінен талдау жасап, болашақ кәсіби мамандарын даярлау үдерісінде сапалы кәсінтік білім беру көкейкесті мәселелердің бірі» - деген пікіріне сүйенсек, қарастырылып отырған мәселенің өзектілігі арта түседі [105].

Жоғары кәсінтік білімнің деңгейі мен сапасы мемлекеттік мемлекеттік тұрақты дамуының алғышарты, әлемдік енбек нарығында қазақстандық мамандардың бәсекеге қабілеттілігінің кепілі болып табылады. Жоғары білім жеке тұлғаның белсендей әлеуметтік бағдарын, өзі тандаған қоғамдық өмірде алдын-ала белгіленбеген және ғылыми негізде атқаратын табысты зияткерлік іс-әрекетін, сонымен қатар тандаған іс-әрекет аумағында шығармашылық даму әлеуетін және осы бағыт бойынша жаңа нысандарды өздігінен игеруін қамтамасыз ететін білім беру үдерісі болып табылады.

Болашақ бастауышсынып мұғалімдерін дайындау үрдісінің мазмұнында олардың бәсекеге қабілеттілігін дамытуына, қоғамды иғі өзгерістермен дамытуға үлес қоса алатын жас ұрпакты тәрбиелеуіне қажетті тұлғалық, кәсіби сапаларды, соның ішінде әлеуметтік табыстылықты дамыту қажеттігіне көз жеткіздік.

Жүргізілген теориялық талдау «әлеуметтік табыстылық» түсінігінің неғізінде құраушысы болып табылатын «табыс», «табыстылық» ұғымдарына жоғары берілген анықтамаларды сарапуға мүмкіндік туғызды. Табысты біз, тұлға ұмтылған нәтиже не үмітінің деңгейімен сәйкес келгендейдіктен, не олардан асып түскендіктен қанағаттану және қуаныш сезімдерін туғызатын мақсатты және тиімді ұйымдастырылған іс-әрекет нәтижесінде тұлғаның жақсы жетістігі ретінде қарастырамыз.

Олай болса, табыс деғеніміз не? Табысты адам деп кімді айтамыз? Табысты адамның белгілері қандай? Атақ, даңқ, ақша, қоғамда алатын орны ма немесе ішкі бақыт және үйлесімділік сезімі ме? деғен сұрактардың туындауы зандаудың.

Осыған байланысты педагогикалық ғылыми зерттеулерде табыстылық тұлғаны жетістікке бағыттайтын белгілі бір түрткі, оның құндылықтары, коммуникативтік дағдылары, когнитивтік қабілеттері, сезімін бақылай біletін ерекше бағдары ретінде қарастырылады. Табыстылықтың тұлғалық, өмірлік, кәсіби, әлеуметтік түрлері болады [106].

Біздің пікірімізше, әлеуметтік табыстылықты зерттеудің «категориялық» түрғысы перспективалық концептуальды тәсіл болып табылады, себебі ол кәсіби іс-әрекеттегі маманның табыстылығының құрылымдық компоненттерінің сапалық айырмашылығын көрсетеді. Табыс пен табыстылық феноменің құрылымдық талдау іс-әрекет тиімділігінің маманның тұлғалық ерекшеліктерімен байланыстылығын, кәсіби іс-әрекетте тұлғаның өзін іс жүзінде көрсете алуын бағалауға мүмкіндік береді.

А.С. Белкин педагогикада табыс мәселесін оның рөлі, мәні, құрылымы түрғысынан жан-жақты тереңірек зерттеді. Ол алғаш рет табыстың теориялық негізін табыс жағдаятымен біріктіре зерттеп, табыс – абстрактылы емес категория, оған жыныс, жас кезеңі, әлеуметтік тиістілік тән. Табыс қыска мерзімді, жиі, ұзак, мезеттік, тұрақты, адамның барлық өмірімен немесе қызметімен байланысты болуы мүмкін. Бұл жағдайдың неғізінде тұрақты қанағаттанушылық сезімдері қалыптасуы мүмкін, қызметтің жана, әлдеқайда құштірек мотивтері қалыптасады, өзін сыйлау, өзін-өзі бағалау деңгейі өзгереді [25, с.43].

А.Қ. Рысбаевың зерттеуінде педагогика ғылымында «іс-әрекеттің табыстылығы» ертеден қалыптасқан категория екендігі және оның білім беру, оқыту, тәрбие, әлеуметтендіру, т.б. негізгі категориялармен тығыз байланыстылығы ашып көрсетіледі. Ғалым педагог «іс-әрекеттің табыстылығы табысты оқыту мен тәрбиенің маңызды ішкі өлшемі, табыстылық XXI ғасырдағы педагогика ғылымының басты категориясы болып табылады» - деп тұжырымдайды [57, 45 б.].

Сонымен бірғе А.Қ. Рысбаева педагогика ғылымы категорияларының пайда болуының тарихи бірізділігін кезеңдерге бөлін қарастырады және категория тізбегін төмендегідей сипаттайды: XVII-XXIғ.ғ. оқыту (Я.А.Коменский), XVIIғ. білім беру (Д.Локк, И.Г.Песталонни), XVIIIғ. тәрбие (Р.Оуэн), XIXғ. педагогикалық үдеріс (П.Каптерев), XXғ. әлеуметтену (С.Т.Шаңкий, П.П.Блонский), XXIғ. іс-әрекет табыстылығы (Н.Д.Хмель, А.Қ.Рысбаева). Және «іс-әрекеттің табыстылығы» ұғымының пайда болу тарихының тәрбие мен білім беруді жақсартуға бағытталған әртүрлі теориялар мен тұжырымдамаларға тікелей байланыстылығына ерекше мән береді [57, 79 б.].

Сондықтан «*табыс*» ұғымын әлеуметтік маңыздылық және адамның іс-әрекеттерін мойындау және нәтижеге немесе белгілі бір мақсатқа жетуғе бағытталған өмірдің мәнін көрсететін тұлғаның тағдыры контексінде талдау қажет. Жалпы кез келген тұлғаның табыстылық күйі педагогикалық іс-әрекеттегі табыс жетістігі нәтижесінде пайда болған, беделіне қарай бағаланған жағдай ретінде сипатталады.

«*Мұгалімнің кәсіби табыстылығы*» категориясы Ресейде XX ғасырдың аяғында жаңашыл-педагогтар Ш.А.Амонашвили [24], В.А.Караковский [208], т.б. ғылыми жұмыстарында мұғалім мен оқушының өзара әрекеттестігінің жағымды нәтижесі ретінде қарастырылды.

Зерттеу жұмысымыз үшін бұл тұжырымдар маңызды, себебі болашак бастауыш сынып мұғалімдері ретінде студенттің әлеуметтік табыстылығын дамыту кәсіби іс-әрекетпен тікелей байланысты.

О.Н. Родина кәсіби іс-әрекет табыстылығының сыртқы (әрінвестері мен басқа да адамдардың кәсіби шеберлігіне берғен он бағасы, кәсіби шеберлігін бағыттаушы) және ішкі (өз іс-әрекетінің табыстылығын өзіндік бағалау) өлшемдерін бөлін көрсете отырып, ішкі бағалаудың кәсіби іс-әрекеттің нәтижелілік, жұмысқа белсенділік (инициативасы) және әрінвестерімен дұрыс қарым-қатынасы, ғылымның дамуына үлес қосуы, субъектінің іс-әрекеттегі сұраныстарын қанағаттандыру, еңбегі үшін марапаттау сапаларына байланыстылығын ерекше атап көрсетеді [107, 60 б.].

А.Бандура [14], т.б. ғалымдар табыстылықты табысқа жетудің нәтижесінде немесе үміттенуінде пайда болатын күй ретінде қарастырды. Бірқатар ғалымдар өз зерттеулерінде (Н.В.Кузьмина [100], А.К. Маркова [108], Л.М. Митина [109]. т.б.) педагогикалық іс-әрекет табыстылығы педагогикалық қабілетті дамытуды анықтайдынына назар аударды.

А.К. Маркова «педагикалық іс-әрекет табыстылығын зерттей отырып, педагог үшін жағымды өзін-өзі бағалауды қалыптастыру маңызды болып саналады, одан мұғалімде өзін жағымды қабылдау пайда болады, өзіне деғен сенімділігі артады, өзінің мамандығына және жұмысының тиімділігіне қанағаттанады» - деп есептейді [108].

Л.М. Митина мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің табыстылығын оның «Ментұжырымдамасы» мен өзіндік сана-сезімінің даму деңгейімен

байланыстырады. Ол мұғалімнің табысты тұлғасын дамытуды біліктілік деңгейін көтеру және педагогикалық бағыттылық құрылымын жетілдіру үрдісі ретінде қарастырады, құзыреттілік, эмоциялық икемділік арқылы өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру қажеттілігін мұғалімнің саналы түсінуі керек деп санайды. Тұлғаның табыстылығын дамытудың негізгі факторы тұлғаның ішкі ортасы, оның белсенділігі мен өзін-өзі танытуы деп тұжырымдайды [109].

Е.В. Ерофеева мұғалімнің кәсіби табыстылығын «жағымды педагогикалық нәтижеге алып келетін кәсіби іс-әрекетті орындау» ретінде зерттей отырып, «табыста бір жағынан, субъективті талап, жағымды эмоция және адамның мүмкіндіктері (субъективті құрылымы), екінші жағынан, оның жетістіктері (объективті құрылымы), сонымен қатар нақты жетістікке жетудегі іс-әрекеттер жүйесі (аралық, объективті-субъективті құрылымы) көрініс табуы тиіс» - деп санайды [110, 576.].

С.А. Дружилов тұлғалық және кәсіби өмірлік табыс деп бөліп көрсете отырып, субъектілік пен отбасылық жайлышықты сезінумен байланысты тұлғалық жетілу деңгейін, екіншіден, шығармашылық өзіндік ерекшеліктің нәтижесі және оның іс-әрекетінің өнімін, үшіншіден, тұлғалық пен кәсіби табысты онтайлы үйлестірудің қажеттілігін дәлелдейді. Оның көзқарасынша, кәсіби табыстылыққа жету кәсіби құзыреттіліктің қажетті деңгейін қамтамасыз етумен байланысты [111].

Н.А. Аминов қазірғы заманғы табысты мұғалім типінің төмендеғідей сипаттамасын ұсынады: «Бұл бала тұлғасын эмоциялық және әлеуметтік факторларға сүйене отырып дамытуға талпынатын мұғалім. Оған оқытудың еркіндік әдебі, жеке дара тәсілі, адаптация достық мінезі тән». Табысты мұғалім креативті педагог (шығармашылыққа аса бейім), өмір сүру салты тұрғысынан мұндай мұғалімдер тіршіліктің сан алуан саласында жан-жақты, қызығушылығы мен құмарлығы кең [112, с.88-98].

А.Н. Тесленко әлеуметтік табыстылықты дамытудың негізгі өлшемдерін бөліп көрсетеді: әлеуметтік макұлданған жетістік, әлеуметтік белсенділік және табысты жағдаяттағы іс-әрекетті реттеу ерекшелігі. Педагогикалық мағынада табыстылық жағдаятты – бұл нақты өлшем (әлеуметтік маңызды нәтижеге жету, белсенділік (шығармашылық, ерік-жігер, қатынас) бойынша бағаланатын, педагогпен дайындалған стратегия мен тактика [118].

Ғалымдар зерттеулерінде әлеуметтік табыстылық адамның қоғамдық ортадағы орнына қатысты қанағаттанушылығымен және оның объективті сипатымен байланысты адамның белгілі бір күйі ретінде қарастырылады.

Ресейлік педагогтар табысты жеке тұлғаның күш-жігерінің нәтижесі деп түсіндіреді. Мысалы, Ф.Ю. Ксензова «тұлғаның жеке табысын дербес сапа стандарты ретінде қарастырып, табысқа жетуғе деғен мотивация адамның өз еңбегі нәтижесінің жоғары бағасын алуға, әрекет етуғе, өзін нығайтуға талабын тудырады» - деп тұжырымдайды [119, с.39].

В.Ю.Питюковтың көзқарасынша, «табыс» ұғымы «белгілі бір жетістіктерге жетудің жақсы нәтижесі» - деп түсіндіріледі. Ол табыс мұлдем күтпеген жағдай болуы мүмкін, сондыктан жолының болуы, біреудің бақытты жүлдізы деген ойлардың айтылуы кездейсоқтық емес деп санайды [120, 130б.].

Н.Е. Щуркова табысты оқу еңбегі барысындағы жеке жетістіктерді субъективті бағалау ретінде қарастырып, алайда «табыс туралы сөз қозғаганда біз, мысалы, емтиханда түскен ең оңай билет сияқты сәттілік немесе бақытты жағдайдан гөрі белгіленген мақсатқа жетудегі жақсы нәтижелілікті ескереміз»- деп түсіндіреді [27].

Ресейлік психолог И.Л. Финько табысқа әсер ететін факторлардың ішінде «жастардың өздерінің табысқа жету қабілеттіліктеріне сенуі бірінші орында тұрады, бірақ өзгелердің көмегі, мәселенің күрделілігі, сәттілік және жолының болу да сондай маңызды» - деп есептейді [121].

С.В. Славнов болашақ маманың кәсіби іс-әрекет табыстылығы мәселесін екі өзара байланысты контексте қарастырады: кәсіби жарамдылық өлшемі және кәсіби өсу болашағы. Кәсібилік субъектінің кәсіби іс-әрекетінің операциялық және мотивациялық саласы тұрғысынан қарастыруды ұсынады. Операциялық жағы тұлғалық кәсіби маңызды қасиеттерді енгізеді және мотивациялық саланың кәсіби өсу үшін маңызды мәнін анықтайды. Оның пікірінше, мотивациялық саланың даму дәрежесі кәсіби өсу перспективасын айқындайды [122].

Негізінде «орындалған қуаныш», «кутпеген қуаныш», «таным қуанышы», «жалпы қуаныш» түрі бойынша жағымды әсерленушіліктер болатын көптеген жағдайларда тұлғаның қуаныш сезімін бастан кешіруі табысқа жетелейтін қозғаушы күш ретінде көрінеді.

А.С. Белкиннің пікірінше, қуаныштың болуы және қуанышты күту адамды алға қарай итермелейді, шығармашылық тұлғаны дамыту үшін күшті ынталандыру болып табылады. Табыстан қуаныш сезімін бастан кешіру тұрақты қажеттілікке, тұлғаның әр түрлі жетістіктерге ұмтылысына айналуы мүмкін [25].

О.И. Якутина «табыс» феноменінің көпмәнділігін және көпфакторлығын төмендегідей тұжырымдайды: а) табыс ұғымын абстрактылы түсіну және оның нақты мәнін толықтыру; б) табыстың жеке дара - тұлғалық әспозициядағы көпмаңыздылығы мен әлеуметтік мәнін ерекше қырынан ашу; в) қоғамдық тұрмыстың сан алуан саласындағы, адам әрекеті түрлеріндегі ерекшеліктерін білу; г) табыс факторларының көп мағыналығына қарай жағымды мақсаттарды көрсететін құралдары мен әдістерін тандау; д) табыстың көпфакторлы ерекшеліктерін әлеуметтену мен бейімделу секілді маңызды әлеуметтік үрдістермен сипаттау; е) табыстың көпқырлығын табыс формуласы мен түрлері арқылы айқындау; ж) табыстың көпмәнді қырын әлеуметтік символдармен мақұлдау және тану; з) табыстың көпмағыналығын оған тән плюралистікпен (салыстырмалық, жарыстыру, бәсекелестік) сипаттау [76, с.11].

Біздің ойымызша анықтамалардың барлығы бірін-бірі толықтырады, берілген түсініктерде бұл ұғымдардың мәні мен мазмұны әртүрлі қырынан ашылған, табыс сапа жағынан ерекшеленеді.

Тұлғаның өмірдеғі анағұрлым күрделі мәселелерді шешуғе даярлығы әлеуметтік табыстылық үшін қажетті өзіңе деғен сенімділіктен байқалады. Адам маңызды бір салада көбірек жетістікке жеткен сайын, өз күшіне көбірек сенімді бола береді, өзін сыйлай түседі. Табысты тұлға алдына келешекке жетелейтін мақсаттар қояды, оларға дер кезінде, көп күш жұмсамай-ақ, өмірімен және жағдайлармен үйлесімде білгірлікпен жете біледі.

Сондықтан ол болашақ маман ретінде студенттің өз әрекетін және оның нәтижелерін, қабілеттілігін, мінез-құлық мотивтерін, идеялдарын, сезімдерін, жалпы өзін-өзі бағалауы мен өмірдеғі өз орнын түсінуін анықтайды.

Ғалымдар «әлеуметтік табыстылық» ұғымы «оку бағдарламасындағы мақсаттар мен әлеуметтік мақсат іс-әрекетінің нәтижелерінің сәйкес келу өлшемі» ретінде анықталады. Онда «егер оқушы оқытудың барлық компоненттерін, атап айтқанда, білім, білік, дағдыны қанағаттанарлық деңгейде менгерсе ғана оқытудың табыстылығы қанағаттанарлық түрде бағаланады» - деп атап көрсетілген (Ж.Наурызбай) [123, 149 б.].

Қарастырылып отырылған мәселені арнайы зерттеғен ғалымдар тұлғалық және кәсіби табыстылық деп бөлуді ұсынып, осы түрлерін айқындауға мүмкіндік беретін тәмендеғі белгілерге назар аударады.

Тұлғалық табыстылық белгілеріне: сана-сезім, «Мен»-тұжырымдама; әрекеттену және әлеуеттік мүмкіндіктер деңгейі; эмоциялық тұрақтылық, белсендейтілік; өзін-өзі жетілдіру жатқызылса, ал *кәсіби табыстылық белгілеріне* кәсіби-педагогикалық қабілеттілік, кәсіби-педагогикалық құзыреттілік, шеберлік, профессионализм/кәсінқойлық; мұғалім мен оқушының өзара әрекеттестігінің жағымды нәтижесі, шығармашалық әрекетте өзін-өзі таныту, кәсіби жұмылдырушылық, мұғалімнің педагогикалық міндеттерді табысты шешуі арқылы оқушыны ұжымда өзін-өзі танытуына әсер етуді жинақтайды (Клочкова О.Ю) [51].

Жоғарыдағы теориялық әдебиеттерді талдау нәтижесі қазірғі заманғы мұғалімнің *кәсіби табыстылығын* педагогикалық еңбектің нәтижелігіне құндылық неғізінде талпының тудыратын, педагогикалық іс-әрекеттегі тұлғалық жетістіктермен өмір сүруін сипаттайтын субъектілі-тұлғалық жағдайы деп, *тұлғалық табыстылықты* өзіне деғен жағымды қатынасты қалыптастырған, өзін-өзі өзгерте алатын, оған қуана алатын табысты тұлғаның күйі деп түсінуге, ал әлеуметтік табыстылықты тұлғалық және кәсіби табыстылық құрайды деп тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Заманауи қоғамға әлеуметтік есейғен, шығармашылық жағынан белсендей, бойында жоғары ғуманитарлық мәдениеті бар, қоғамның тіршілік әрекетінің барлық өрістерінде әлеуметтік-маңызды табыстарға және өзін-өзі дұрыс көрсетуғе бағдарланған, қоршаған ортаға бейімделіп қана қоймай, оны шығармашылықпен түрлендіре алатын жастар қажет[114].

Алайда соңғы он жылда қогамдагы саяси және экономикалық тұрақсыздық жастардың әлеуметтік бейімделу мен әлеуметтік қалыптасу, сондай-ақ олардың бойында әлеуметтік маңызы бар қасиеттердің пайда болу үрдістерін қындарады. Басты мақсаты жастардың жеке тұлгасын дамыту болып табылатын білім беруді ізгілендіруді көшілік мақұлдаса да, бастапқы, гуманистік мақсаттар, білім беру қагидалары мен оларды білім ордасында жүзеге асыру тетіктері бүтінгі күні педагогикалық теория мен тәжірибелін өзекті мәселесі болып отыр.

Белгілі болғандай әлеуметтік табыстылық болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтенуіне жағдай жасайтын жеке тұлганың әлеуметтік маңызы бар ерекшеліктерінің бірі болып табылады.

Біздің ойымызша, бүтінгі таңда өсіп келе жатқан үрпақты оқыту мен тәрбиелеудің қалыптасқан жүйесінде әлеуметтік табыстылық, өмірге бейімделу, жеке тұлғалық және кәсіби өзін-өзі анықтау қабілеті үшін қолайлыш жағдай жеткіліксіз.

Осыған орай заманауи білім беру мекемелерінің алдында тұрган басты міндет – білім алушылардың әлеуметтік табыстылығын қамтамасыз етіп, сол үшін қолайлыш әрі толыққанды жағдай жасау.

Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерге сүйенсек, табыстылық қуйі сенімділік, өзін-өзі қадірлеу, ар-намыс сияқты адамның өте маңызды қасиеттерінің қалыптасуына мүмкіндік береді. Екінші жагынан, өз кемшілігін сезіну, өзіндік сенімділіктің болмауы жастардың бойында қатігездік тудырады (Ю.П. Гиппенрейтер) [124].

Т. Шибутани әлеуметтік табыстылықтың негізі өзіндік «Мен» сезімінің құндылығын сақтау, ол «негізгі өмірлік қажеттіліктердің бірі» дейді [125].

Е.В. Коротаева «табыс эмоциялық көңіл-құй болса, онда табыстылық баланың негізгі оқу-танымдық іс-әрекетінің сапалы көрсеткішінің сипаттамасы болып табылады» - деген анықтама береді [73, б.20].

Гылыми әдебиеттерді талдау кезінде әлеуметтік табыстылықты жеке адамның әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі нәтижесінде қогам үшін объективті маңыздылығы бар, жеке тұлганың бойында қалыптасқан қызығушылықтар мен қабілеттеріне сәйкес келетін, оны әлеуметтік ықыласқа бөлеп, жеке тұлға ретінде қанагаттандыратын әлеуметтік мәртебе мен рөлдерге ие болуы деп түсінуге болады.

В.Е. Гурман «мұғалім тұлгасы мен іс-әрекетіне қойылатын талаптар нақты іс-әрекетте көрінетін білімді менгеру тәсілдері мен қагидалары, педагогикалық теорияның негізі мен құрылымы туралы терең гылыми білімді қалыптастырумен, алынган білімді практикада қолдануымен тығыз байланысты, сонымен бірге теориялық көздерде көрініс табатын және педагог тәжірибесінде бақыланатын нақты педагогикалық іс-әрекет индивидтің табысқа жетуін эмпирикалық тәжірибе негізінде айқындауды» - деп есептейді [126].

О.С. Фазман [127], И.С. Кон [128] және т.б. пікірінше, табысты адамдар – бұл ең кем түрде қүш жігер мен эмоция жұмсал, ең жоғары нәтижелерге жете білетін адамдар. Олардың үлгерімі өз жоспарларын дер кезінде жүзеге асыра білу қабілетімен, жағдайды сезіне білумен, алға қойылған мақсатқа сай құралдарды қолдана білумен байланысты.

Жалпы, отандық ғалымдардың көзқарасы бойынша табыстың себептері болуы мүмкін: бұрын бастан кешірген жетістіктер (А.С. Белкин) [129]; өзін туралы елестер (А.В. Мудрик) [130]; ұмтылыс деңгейі (Л.В. Бороздина) [131]; тәртінтің және бағалаудың мотивациясы (Е.В. Маркова) [132].

Ғалымдар әлеуметтік табыстың құрылымын ашып көрсетуде *табыс идеалы ретінде құндылықты*, біріншіден, өзіне-өзі жеткілікті құндылық (әлеуметтік табыс); екіншіден, құрал құндылық (қойылған басқа мақсатқа жету үшін қолайлыштардың аланы) деп қарастырады.

Жеке табыстың қоғамдық нормативтік идеалы ұлттық әлеуметтік институттар және олардың әр түрлі каналдары (білім беру жүйесі, БАҚ, бұқаралық мәдениет) арқылы қалыптасады да топтық санаға енеді. Көбінесе адамның жеке дара мақсаты қоғамдық мақсатпен сәйкес келуі тиіс.

Ғалымдар әлеуметтік табыстың құрылымын сипаттауда топ идеалы мен жеке дара идеал ретінде табыс моделін ұсынады, онда жеке дара ерекшеліктерге мүмкіндіктер, талғам, мәртебе, бейімділікті жатқызады, бұлардың идеалды «Мен» категориясымен ұштасуы тиіс деп есептейді. Табыстың жеке дара траекториясы ретінде табыстың координаты жүйесінде сипатталатын және бағаланатын әлеуметтік кеңістіктерінде индивидтің нақты жолын көрсетеді. Мұнда қол жеткізген мәртебелік ұстаным «табыс-сәтсіздік» шкаласы бойынша бағаланады.

Іс-әрекет – адамның айналасына белсенді қатынас жасау формасы, ал оның мазмұны – айналасына мақсатты өзгеріс енгізу. Іс-әрекет адамның талаптары мен қабілеттерін дамытады және оны жүзеге асырады; қажеттерін қанағаттандырып, қалыптастырады және оны арттырады, ойлау қабілетін дамытады және т.б. Адамның іс-әрекет әлеуеті әлеуметтік тәрбие барысында жүзеге асады, ол үшін оның өзі іс-әрекет субъектісіне айналуы тиіс. Іс-әрекет барысында кез келген тұлға *нәтижелі табысқа* қол жеткізеді. Осы қажеттерді қанағаттандыру мүмкіндігі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби білімді менгеру барысында және олардың әлеуметтік тәжірибесін ұйымдастыруды да бірқатар шарттарды орындау арқылы жүзеге асады.

Сондықтан ең алдымен адам іс-әрекетке кіріспес бұрын, өзіне ненің қажеттігін жағымды тұрғыдан анықтап алғаны абзал. Адамның жеке тұлға болып дамуында іс-әрекет маңызды орын алады. Ол тұлғаның сапалары мен қасиеттерін дамытуға, жеке басына тән ерекшеліктерін өзгертуге ықпал етеді.

Жалпы алғанда іс-әрекеттің әлеуметтік-педагогикалық мүмкіндіктерін анықтау үшін, оның не екенін, мәнін және жеке тұлғаға тікелей немесе жанама ықпалын қарастыру керек. Мұнда адамның өзіне және қоршаған ортаға қарым-қатынасы маңызды. *Қарым-қатынас* - бұл байланыс іштей

қабылдауға және өзбетінше әрекет ету қажеттілігімен сипатталады. Ол барлық іс-әрекетпен қатар жүреді. Бұл адамның іс-әрекетіндегі өзіне деғен сезімдік әрекет объектісіне, орындастын әрекеті мен оның нәтижесіне қатынасын білдіреді.

Табыстылық тұлғаның қасиеті ретінде индивидтің өзінің жетістіктерін өзіндік бағалау мен оның талаптану деңгейіне сәйкес тұрақты динамикалық жүйесін белгілейді. Табыстылықтың әсерінен индивид тұлғалық дамиды, оның әлеуметтік байланыстар мен әлеуметтік-психологиялық қарым-қатынастар жүйесі кеңейеді, болашақ маман ретінде студенттің кәсіби іс-әрекетте тұлғалық идентификациялануы жүзеге асырылады.

Бұгінде әлеуметтік табыстылықтың жоғарыда бөліп көрсетілген деңгейлік мәселелерінің ішінде әсіресе, әлеуметтік табыстылықты іс-әрекет түріндегі құндылық ретінде қарастыруға деғен ғылыми қызығушылық өсті. Бұл қоғамның сауатты және құзыретті болашақ мамандарға сұранысымен түсіндіріледі. Әлеуметтік табыстылық адамның санасында маңызды іс-әрекетке жетумен, қоғамның тараҧынан қолдау және мойындау табуымен, қоғамда белгілі орынға, абырой мен беделге ие болумен байланысты.

Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын қоғамда, референтті топта тұлғаның әлеуметтік параметрі ретінде анықтау қажет.

Зерттеушілердің пікірінше, оку-тәнімдық әрекет табыстылығы, ең алдымен, студенттердің педагогикалық жағдаятты шешуіне, ез пікірін білдіруіне, ойын нақты жүйелі жеткізе білуіне, ақпараттық және коммуникативті құзыреттіліктеріне байланысты.

Жоғары оку орнындағы болашақ маман ретінде білім алу кезеңінде көптеген сұрақтарды шешуғе студенттің әлеуметтік тәжірибесінің жеткілік-сіздің қыындық туғызады. Бұл үшін барлық студент психологиялық жағынан өсуі қажет, белсенділік тәніттып, өзіндік жұмысқа саналы түрде дайын болуы керек.

Адамның психикалық өмірінің жан-жақты дамуы белгілі әрекетпен айналысусына тікелей байланысты. Адам өмір сұру барысында өз психикасын түрлі жолмен жарыққа шығарады.

Сондықтан мұнда әрбір жеке тұлғаның өзінің іс-әрекет саласын кеңейтуғе құлшынысын көрсететін белсенділігі; ынтасы, қызығушылықтары мен қажеттіліктері (сұранысы), сенім жүйесін сипаттайтын бағыттылығы сияқты өзіндік сипаттамалары маңызды рөл атқарады. Әрекет – түрлі қажеттерді өтеуғе байланысты белгілі мақсатқа жетуғе бағытталған үдеріс.

Әл-Фарабидің «әрекетіміз дұрыс болуы үшін біздің соған баратын жолымыз қандай болуы керек екенін анықтап алуға тиіспіз» – деғен көз-қарасы бүгінгі таңда да құндылығын жойған жок [133].

Демек, адамның іс-әрекеті – күрделі үдеріс, оның құрамына жеке амалдар, қозғалыстар, әрекеттер жүйесі кіреді. Адам іс-әрекетінің қоғамдық – әлеуметтік мәні зор. Іс-әрекеттің саналылығы, мақсаттылығы, жоспарлылығы,

жүйелілігі оның ең басты белгісі болса, алда тұрган міндетті шешу, ойлаган істен бір нәтиже шыгару, оның екінші бір басты белгісі болып табылады. Олай болса, адамның сана-сезімі ескен сайын, оның әрекеті де жаңа мазмұнга ие болып отырады.

Сонымен, ортақ мақсат үшін бірлескен және белгілі бір қогамдық міндетті атқаратын әрекеттер жиынтығы, іс-әрекет деп аталады. Іс-әрекет – әлеуметтік категория. Студенттің іс-әрекеті өзіндік мақсаты және міндеттерімен, сыртқы және ішкі жагдайлардың мазмұнмен, құрылымының күрделілігімен, психикалық үдерістердің өту ерекшеліктерімен, мотивацияның пайда болумен, ұжымдық, тұлғалық жагдайларымен және басқару, ұйымдастыру әрекеттерімен, танымдық белсенділігімен өзгешеленеді.

Жогары мектеп психологиясының басты міндеті – қогамга қажетті жогары білімді мамандар даярлау, қогам қажеттілігін қанагаттандыру.

Студент іс-әрекетінің психологиялық мазмұны мен құрылымының өзіндік айрықша ерекшелігі бар және ол әлеуметтік маңызға ие. Соңдықтан студент іс-әрекетінің ерекшеліктері қатарына мыналар жатқызылады:

- мақсаттың және нәтиженің өзгешелігі (өзіндік еңбекке даярлау, білім, дагды, іскерлікті менгеру, жеке тұлғалық қасиеттердің дамуы);
- оқу нысанындағы ерекше өзгешеліктер (гылыми білім, болашақ еңбек туралы, т.б мәліметтер);
- студенттік іс-әрекеттердің арнайы ұйымдастырылған жағдайда жүзеге асырылу (жоспарлар, оқу мерзімі);
- маңызды іс-әрекет құралдарының (әдебиеттер, зертханалық қурал-дар, болашақ кәсіби еңбектерінің табиги үлгілері) болуы;
- студент іс-әрекетіндегі артық күштер, ягни, қындықтардың пайда болуы (емтихан, сынақ тапсыру, бақылау жұмысын орындау, диплом-дық жобаларды қоргау).

Студенттік кезеңде әлеуметтендірудің барлық механизмдері қолданылады, олардың ішінен негізгілері ретінде студенттің әлеуметтік рөлді игеруі және «кәсіби маман» әлеуметтік рөлін менгеруге дайындығы, сонымен бірге әлеуметтену үрдісінде орын алып келе жатқан еліктеу механиздерін ерекше атап өтуге болады.

Психолог А.Н. Леонтьевтің пікіріне сүйенсек: «Адам қай іс-әрекет ортасында жұмыс істесе, сол жерде «адам», ягни студенттің жеке психологиялық-педагогикалық сипаттамасы оның жүрген ортасының, тобының ықпалына байланысты болады [21].

Студенттік кезеңнің әлеуметтік-психологиялық және жас ерекшелік құрылымының ерекшелігі ретіндегі мәселелері Б.Г. Ананьев мектебінде көп қарастырылды.

Б.Г. Ананьев және т.б. психологтардың зерттеулері студенттік шақта адамның негізгі қызметтері (сенсорлық-пренептивтік), мимикалық (есте қалдыру), психомоторлық (қимыл-әрекеттер), әсіресе, сөйлеу-ойлау үрдістері айтарлықтай белсенді түрде дамитынын көрсетеді. Мысалы, бұл кезеңде

оперативтік, ес, зейіннің аударылуы, психикалық үдерістердің қалыптасып, дамуының шапшаңдығы артады [16, с. 126].

Ал бұғаңгі таңдағы тәжірибе ХХІ ғасырдың саясаткерін, басшысын, кәсінкердің және қарапайым адамдың бақылай отырып, олардың әрқайсынына кәсіби компетентті психологтың көмегі қажет екенін көрсетеді. Сондықтан заманауи білім беру жүйесінде қоғамның сұранысынан туындаған арнайы психолог мамандары кәсіби түрғыдан дайындалуда.

Ғалымдар Н.В. Кузьмина [100], А.А. Реан [13] т.б. ғалымдар студенттік кезеңнің психологиялық ерекшеліктері мәселесін айқындаپ көрсетеді. Студенттік қауым – ерекше әлеуметтік мәдениетпен, жоғары білім беру институтымен біріктірілген адамдардың қоғамы.

Әлеуметтік-психологиялық аспектіде студенттер өзге топтармен салыстырғанда неғұрлым жоғары білімділік деңгейімен, мәдениетті белсенді пайдалану және мотивациясының жоғарғы деңгейімен сипат-талады.

Сонымен қатар студенттер – әлеуметтік белсенділіктің жоғарғы деңгейімен және жеткілікті түрде интеллектуалдық және әлеуметтік зерделіліктің үйлесімділігімен сипатталатын әлеуметтік топ. Бұл студенттік ерекшеліктің негізінде әрбір студентке деген оқытушының педагогикалық қатынасы болуы керек.

Жеке дара іс-әрекеттік түрғыдан студент өзінің іс-әрекетін өз бетімен ұйымдастыруши, педагогикалық өзара әрекеттің субъектісі ретінде қарастырылады. Оған нақты кәсіби-бағдарланған тапсырмаларды шешу үшін танымдық және коммуникативтік белсенділікке деген бағыттылық тән.

Жалпы студенттің мәнді көрсеткіші – оқу іс-әрекетінің түрлері мен сан алуан формаларын орындаі алу біліктілігі, жауапкершілігі мол психологиялық-педагогикалық міндет студентті өзінің әрекетін жоспар-лап, ұйымдастыра алушы білдіретін оқу іс-әрекет субъектісі ретінде қалыптастыру болып табылады.

Сондықтан әрбір студентке әлеуметтік зерделі тұлғаға қатынас ретінде қараша адамның әлемге деген көзқарасы емес, дүниедегі өзінің орны-на деген пікірдің де қалыптасуына алыш әкеледі. Студенттің әлемді тануын қалыптастыру оның рефлексиясының дамуын, өзін іс-әрекет субъектісі, әлеуметтік пайдалы тұлға ретінде сезінуін білдіреді.

Студенттерді дайындауда К.А. Абульханова [20], т.б. ғалымдардың еңбектеріндегі психологиялық-акмеологиялық амал мәселенің негізі болып саналады.

Б.Г. Ананьев студенттік шақты «жеке қатынаста адамгершілік-эстетикалық сезімдердің және өзіне азаматтық, қоғамдық-саяси, кәсіби еңбекті біріктіретін ересек адамның функцияларының қалыптасып, тұрақталуының айрықша белсенді мәнге ие кезең» – деп қарастырады [16, с. 147].

Тұлғааралық қарым-қатынас студенттердің өз қарым-қатынасы шенберінде жүзеге асады. Қарым-қатынас шенбері – бір-бірімен жеке байланысты әрқашан қолдап отыратын тұлғалар жиынтығы. Сонымен студенттердің қарым-қатынас мазмұны төмендегілерді қамтиды:

- идеялық-адамғершілік мәселені (өмір мағынасы, әлемдік мәселелер, өмірлік жоспарлар, адамдардың қарым-қатынасы);

- студент өмірінің оқиғалық жағын (топтың, басқа ұжымдардың, отбасының, таныстардың, өзі мен құрбыларының өмірі, іс-әрекеттері, естеліктері, жағын кезеңге арналған жоспарлары);

- студент өмірінің эмоционалдық жағын (бір нәрсеге немесе біреуғе көзқарасы, әсері, көңіл-күйі, сезімдері, қиналысы, реакциялары);

- студент тұрмысының көрсеткіштік жағын (өмір сұру мазмұны, өмір сұру стилі мен салты, студенттердің көрсеткіштік-эстетикалық ортасы, т.б.).

Жастар әлеуметтік және мәдени кеңістікте өмір сүретіндіктен, қоғам-ның және оның институттарының дағдарысы жастардың субмәдениетінің мазмұнына және бағытына әсер етеді. Сондықтан жастардың әлеуметтік-бейімдеушілік және кәсіби бағдарламаларын дайындауда көзқарастар туындаиды.

Әлеуметтік белсенділік – белгілі бір қоғамдық қатынастар жүйесінде адамдардың қарқынды іс-әрекеттерінің өлшемі; тұлғаның әлеуметтік-іс-әрекеттік мәнін көрсететін күрделі, интегралды сапасының жынытыры.

Әлеуметтену үдерісін түзетуді күшетуге білім беру, мәдениет ұжымы, бұқаралық ақпарат құралдары да ықпал етеді. Соның ішінде жоғары оқу орнында болашақ маман ретінде студенттің әлеуметтік табыстылығын дамытуда оқудан тыс іс-әрекеттер жүзеге асырылатын тәрбие кеңістігі маңызды рөл атқарады.

Тәрбие кеңістігі көпденғейлі білім беруде бірнеше деңгейлерге (компоненттер) бөлінеді:

- іс-әрекеттік компонент (тұлғаның тікелей өзін-өзі жүзеге асыруы, өзін-өзі танытуы);

- коммуникативтік компонент (тікелей қарым-қатынас кеңістігі);

- компаративті компонент (әлеуметтік шеңбер ретінде қатысатын кеңістік);

- ақпараттық компонент (ақпараттық кеңістік);

- эмоциялық компонент (студенттердің көңіл-күйі, іс-әрекетке қабілеттілігі, қатынасқа түсуге дайындығы);

- әлеуметтік-заттық компонент (адамның өзінің мінез-құлқы мен іс-әрекеттің құрайтын маңызды заттық ортасы);

- экологиялық компонент (студентке қызмет көрсету жүйесі, оған тұрмыстық, көлік және басқа да қызметтер) (Сокольников Ю.Л.) [134].

Талдау нәтижесінде студенттік топтың мәнді белгілері тәмендеғідей жіктеледі:

- құндылықты – мәндік (қызығушылық, әлемге көзқарастар, басқа адамға құндылық қатынастың жалпыға ортақтыры, т.б.);

- пәндік – іс-әрекеттік (бірлескен жасампаздық іс-әрекет, маңызды мәселелерді шешудегі шығармашылық, топтық өмір сұру рефлексиясы, т.б.);

- коммуникативтік (үнемі ақпарат алмасу, топ мүшесінің басқа адаммен әрекеттестігі, т.б.);

- тұлғааралық қарым-қатынастық (өзара қолдау мен өзара көмек, өзара түсіністік, сезімталдық және әсерленуі, т.б.).

Осы тұрғыдан алғанда, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табысты іс-әрекет ерекшелігіне мынаны жатқызуға болады:

- өзіндік мақсаты мен нәтижесінің болуы (кәсіби даярлығы, кәсіптік білім, білік және дағдыны иферуі, жеке тұлғалық қасиеттерінің дамуы);

- оқу нысанының ерекше сипаты (ғылыми білім, болашақ қызметі туралы ақпарат және т.б.);

- іс-әрекетінің жоспарлы жағдайда өтуі (бекітілген мемлекеттік стандарт, бағдарлама, оқыту мерзімі);

- оқу құралдарының болуы (кітаптар, лабораториялық құрал-жабдықтар, болашақ кәсіптік еңбектері модельдер, техникалық құралдары және т.б.);

- жоғары интеллектуалды жүктемені орындауды (аралық (сынақ) және қорытынды бақылауды (емтихан) (тест, ауызша, жазбаша). дипломдық жұмыс қорғауды, т.б.) және т.б.

Оқу-тәнімдық іс-әрекеті құрделі құбылыс ретінде студенттердің неғізінің іс-әрекеті болып табылады. Себебі, оқу-тәнімдық іс-әрекеті оның міндеттері шешіліп, мақсаткерлік, мотивтері мен мотивациясы қалыптасатын, тәнімдық үдеріс ақпаратты қабылдаудан бастап, құрделі шығармашылық қалыптасуымен аяқталатын түрлі сезімдік көріністермен сипатталады.

Барлық жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие қызметі неғізінен студенттің болашақ мамандығына сай кәсіби даярлығын арттыру мақсатын көздейді. Осы арқылы студенттің одан әрі жеке тұлға ретінде қалыптасып және басқа да қырларынан дамытуға мүмкіндік туады.

Болашақ маманды дайындаудың тенденцияларына сәйкес қоғамның қазірғы және болашақтағы қажеттіліктеріне тұрақты бейімделген курстар мен оқу бағдарламаларын пайдалану неғізінде жоғары деңгейдегі білім мен дағдыларды бірлескен кәсіптік дайындығы бар сәйкес құзыреттілікке ие болу мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, қоғамның барлық саласындағы қажеттіліктерді қанағаттандыруға қабілетті жауапты азаматтарды және жоғары білікті тұлектерді дайындауды қаматамасыз ету.

Сонымен білім сапасын арттыру Қазақстан үшін ғана емес, барлық әлемдік қауымдастық үшін көкейкесті мәселелердің бірі болып табылатыны заңдылық. Бұл мәселені шешу білім мазмұнының, білім беру үрдісінің тәсілдері мен технологиясының модернизациясымен, соған сай білім берудің мақсаты мен нәтижесін саналы түсінумен тығыз байланысты.

Қазірғы заманғы Қазақстанда мемлекеттік білім беру саясатының басымды міндеті – бастауыш жалпы білімнің мемлекеттік стандартының түүйінді идеяларын жүзеге асырумен байланысты бастауыш білім беру жүйесін модернизациялау.

Сондықтан бастауыш білім жүйесі модернизациясы жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби дайындаудың негізгі бағыты болашақ педағоғқа заманауи бастауыш мектептегі кәсіби міндеттерді шешу

тәжірибесін менгерту болып табылады, олар: іс-әрекет әдістерін іске асыру; бастауыш сынып оқушыларының оқу әрекетін қалыптастыру және оларға педагогикалық қолдау көрсету; оқу және оқудан тыс іс-әрекет құралдарымен рухани-адамгершілік даму кеңістігін ұйымдастыру; кәсіби іс-әрекетте өзін-өзі анықтау, өзін-өзі айқындау және өзін-өзі таныту.

Әлемдік тәжірибелі талдау нәтижесі ақпараттың қоғамда білімді беру ғана емес, оны өз бетімен менгеруді, жаңа танымдық және практикалық міндеттерді шешу үшін менгерген білімді пайдалануды үйрету қажеттілігін көрсетеді. Бұл студенттің кәсіби-әлеуметтік құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін зерттеушілік, шығармашылық, танымдық, жобалау әрекеттерін ұйымдастыру және іс-әрекет тәсілдерін менгеруге жағдай туғызууды талап етеді.

Адамзаттың қазіргі кезеңде дамуы дүние жүзінде өзара тәуелділік пен өзара әсердің өсуімен сипатталады. Экономика мен мәдениетті, қоғамның ақпараттануын қамтыған ғаламдану үдерісі білім беруге де әсерін тигізуде.

Білім беру реформасы – Қазақстанның нақты бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін маңызды құралдарының бірі. Бұл әлемдік білім кеңістігіне интеграциялануға бағыттылық Қазақстан Республикасы жалпы орта білім жүйесінің модернизациясын талап етеді. Оған нормативті-құқықтық құжаттарда басылымдылық беріледі: ГК РК 08-2001 Қазақстан Республикасы жоғары кәсіби білім мамандықтары және дайындық бағыттары классификаторы [135], ГОСО 3.001-2000 Қазақстан Республикасы жалпыға міндетті білім беру стандарты. Кәсіби жоғары білім беру. Негізгі ережелер [136], ҚР МЖМБС 3.07.029-2001 Қазақстан Республикасы жалпыға міндетті білім беру стандарты. Кәсіби жоғары білім беру. Негізгі ережелер [137], ҚР МЖМБС 3.08.002-2004 Қазақстан Республикасы жалпыға міндетті білім беру стандарты. Кәсіби жоғары білім беру. Негізгі ережелер. Бакалавриат. «050202 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы. – Енгіз. 2004 – 09-01. - Астана: ҚР Білім және ғылым министрлігі, 2004.-30 б. [138], ҚР МЖМБС 3. 08. 252-2006 Қазақстан Республикасы жалпыға міндетті білім беру стандарты. Кәсіби жоғары білім беру. Негізгі ережелер. Бакалавриат. «050202 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» [139], Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында ««5B010200 - Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» бойынша бакалавриат. 2010 [140], Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы [141], Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Жолдауы [142] және т.б.

Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жоғары білімнің мақсаты елдің индустріалды-инновациялық даму міндеттерін, еңбек нарығын қанағаттандыратын және білім беру саласындағы әлемдік тәжірибеге сай жоғары білімнің сапалы жоғары деңгейіне жету, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу және олардың азаматтық белсенделілігін, әлеуметтік жауапкершілігін

және әлеуетін ашу тетіктерін қалыптастыру жөнніндегі шаралар кешенін іске асыру деп анықталған [143].

Кәсіби даярлық кәсіби мамандарга білім беруді ұйымдастыру, ол жалпы техникалық, жалпы кәсібілік және кәсіби ңиклден түрады. Кәсіби даярлықтың сипаты мемлекеттік стандартқа негізделеді. Білім беру мазмұны мен сапасына деген мөлшерлік талаптарды белгілейтін мемлекеттік білім стандарт инновацияны да қамтиды. Мемлекеттік стандарт әзірлеу барысында өмір талаптарына сәйкес білім өлшемдері мен сипатын жаңарту мүмкіндіктері ескеріледі. Өз бетінше білім алу және оны практикада қолдану қажеттілігі мен дағдысын қалыптастыруға, танымның гылыми тәсілдеріне мақсатты және жүйелі түрде баулуға баса назар аударылады.

Сондықтан маңызды нормативті құжаттардың бірі - *Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыга міндетті білім беру стандарты* болып саналады. ҚР МЖМБС 5.04.019-2011 негізінде әзірленген «5B010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша білім мазмұнына және бакалаврларды дайындау деңгейіне қойылатын талаптарды белгілейді.

Осы орайда зерттеуімізде стандарттагы «5B010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша бакалаврдың біліктілік сипаттамасы, қызметіне қойылатын кейбір төмендегі талаптарға назар аударылды:

- әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық гылымдар саласынан;
- ҚР-ғы және әлемдегі гылым мен техниканың қазіргі кезеңдегі жағдайынан *хабардар болуы керек*;
- ҚР-ғы және шетелдегі жаңа педагогикалық технологиялар туралы;
- қашықтықтан оқыту принциplerі туралы;
- қогам мүшелерінің білім деңгейіне жаһанданудың әсері туралы;
- адам мен қогам ішіндегі өзара қатынасын;
- Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі құқықтық-нормативті базасының мазмұнын (зандар, тұжырымдар, халықаралық келісімдер, стандарттар, ережелер және т.б.);
- бастауыш мектеп педагогикасы мен этнопедагогикасының ұғымдары мен әдіснамалық негіздерін;
- 6 жасар балалардың тұлғалық дамуы және қалыптасу зандалықтарын;
- кіші мектеп жасындағы балалардың анатомиялық-физиологиялық зандылықтарын;
- оқытатын пәндердің теориялық негіздерін, мақсаты мен міндеттерін;
- бастауыш мектептің қазіргі кезеңдегі дамуын;
- бастауыш сыныптардагы оку пәндерінің оқыту әдістемесінің теориялық негіздерін *білуі керек*.

Сонымен бірге «5B010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша кәсіби қызмет түрлеріне:

- диагностикалық – оқушы тұлғасын зерттеу;

- ұйымдастырушылық-технологиялық (педагогикалық технологиялар) аса басымдылық беріледі.

Қазақстан Республикасы білім берудің жалпыга міндетті жаңа стандартында білім берудің дәстүрлі нәтижелері білім мен біліктілікпен қатар, жаңа нәтиже ретінде түйінді құзыреттіліктерді анықтайды. Нәтижеге қойылатын талаптардың өзгеруі білім беру үдерісінің өзгерісін алдын-ала анықтайды. Бір жағынан, бұл білім беру аксиологиясын өзгертеді: білім белгілі бір міндетті шешу үшін білім ресурс болғанда құндылық болып табылады. Сондықтан міндет таным саласына емес, нақты іс-әрекет саласына қатысты. Екінші жағынан, бұл ерекшелік пәндік әдістеме туралы емес, жалпы технологияның пәндік мазмұнына қатынасында кез келген мазмұндағы жұмыста қолдануга болатын жалпылық туралы айтылады.

Сонымен бірге зерттеуімізде «5B010200 - Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» бойынша бакалаврдың түйінді құзіреттеріне қойылатын талаптарына токталдық:

Арнайы құзіреттілік – пәндік, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік және әлеуметтік-гуманитарлық қабілеттілікті игеру;

Коммуникациялық құзіреттілік – басқа адамдармен қажетті байланыс орнатуға және қолдану, түсінікті болуы, өзін-өзі еркін ұстау және т.б.

Ақпараттық құзіреттілік – ақпараттық технологияларды менгеру қабілеттілігі, ақпараттың барлық түрлерімен жұмыс істеу, қажетті ақпаратты өз бетінше іздеп, талдап және сұрыптап ұйымдастыру, түрлендіру, сақтау, жеткізу;

Зайырлылық құзіреттілік - өз міндетін атқаруга кешенді түрде қарау, барлық ойшыл істерді жогары деңгейде менгеруге, жеке тұлға ретінде өз пікірін және өзіндік даму әдістерін менгеру;

Әлеуметтік құзіреттілік - әлеуметтік өзара әрекеттесуде қалыптасып өмір сүру қабілеттілігі: өзгеру және бейімделу; тиімді және жауапты пікір таласта басқалармен бітімгершілікке жету; өзінің кәсіби еңбегінің нәтижесіне әлеуметтік жауапкершілік алып жүру.

Дербес құзіреттілік – жеке тұлғаның өз дамуын ойластыру және бағалауы, кәсіби қызметіне қогамдық өміріне талап және шектеуі; меншікті дарының көрсету, тіршілік жоспарын құру және дамыту, физикалық, рухани және интелектуалды өзіндік реттеу және өзін сүйемелдеу, өз жұмысының нәтижесін жақсартуға дайындығы және қабілеттілігі, өзінің жеке тұлғалық ерекшелігін және кәсіби-психологиялық мүмкіншілігін пайдалана отырып еңбегінің нәтижесін көтеру, өзі туралы, адекватты бага, ерекшелігі, талғамы, мақсаты туралы көрсетуі.

Кәсіптік-баздарлық құзыреттілік – кәсіби багдарлау жұмысына қабілеттілігі, кәсіби оқуына байланысты білім беру мазмұнын ірікте алу, білім беру процесsein жобалау және ұйымдастыру; инновациялық әдістерді модификациялау, кәсіби багдарлау алдындағы және кәсіби сыныптарға бейімдеу; кәсіби сыныптағы оқушыларды зерттеу жұмыстарын

ұйымдастыруды; ең озық қазіргі заманғы әдістемелер негізінде кәсіби сыйыптағы оқышыларды өзіндік және өзіндік білім алу жұмыстарын ұйымдастыруға бейімделу [140].

Құзыреттілік теориясы А.В.Хоторской [144], В.В.Сериков [145], И.А.Зимняя [146], Н.И.Усанов [147] т.б. енбектерде негізделген. Құзыреттілік алынған білім, біліктілік пен дағдыларды, тәсілдерін нақты іс-әрекет жағдайында жұмылдыру қабілетін көрсетеді.

Қазіргі заман жағдайында әлеуметтік құзыреттілік адамның өмірлік жолын анықтайды: социумға ену, жұмысқа орналасу мүмкіндігі, мансаптық табыстылық, т.б.

Зерттеу барысында қараастырылып отырылған мәселеге байланысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының

6.1.3 Жалпы орта білім беру деңгейінде білім алушының табысты әлеуметтенуінің жеке нағызжелелері келесідей жетістіктермен:

- кәсінтік-оқу және басқа да әлеуметтік маңызы бар қызмет түрлерінің мәнін (әлеуметтік ынтымақтастықты) өз бетінше өмір сүріп, енбек етуге дайындық құралы ретіндегісіне білуімен;

- қоршаған ортаға, өз-өзіне, табиғатқа, қоғамға деген біртұтас дүниетанымдық көзқарастарының болуымен және соған сәйкес әрекет жасай алуымен;

- өзінің даралығын және өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі анықтауға және өзін-өзі іске асыруға даярлығын сезінуімен;

- мектепте және одан тыс жерлерде әлеуметтік байланыс, қарым-қатынас тәжірибесін пайдалана білуімен;

- өзін-өзі бағалауға, өзін-өзі реттеуге, өзін-өзі бақылауға сәйкес ұстанымдарын меңгеруімен;

- рухани-адамгершілік, азаматтық-отаншылдық, белсенді өмір салтын құру ұстанымдары мен сенімдеріне сәйкес іс-әрекеттің барлық түрлеріне қатынасуымен;

- жастар мәдениетіне тән нормаларға бағынатын бейресми, түрлі жастағы ұжымдар мен топтарда қарым-қатынас жасауға қажеттілігінің және даярлығының болуымен;

- таңдаған болашақ кәсіби қызметін саналы түрде жүзеге асыруымен және өмірлік жоспарларын анықтауымен;

- өзін әлемнің азаматы ретінде сезіне білуімен, көпмәдениетті тұлғаның сапаларын иеленуімен,

- қоршаған ортаны қорғау бойынша қызметтерге, қоғамдық акцияларға, компанияларға, еріктілер қозғалысына жүйелі түрде қатыса білуімен;

- салауатты өмір салтына қажеттігі мен даярлығының болуымен;

- өзін қоғамның лайықты өкілі және болашақ отбасы иесі ретінде сезінуімен анықталатын да зерделедік [134].

Бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау мәселелері К. Абдуллаев, С.И.Волкова, В.Ф.Ефимов, Г.М.Коджаспирова, О.В.Тарасова Ш.А.Амонашвили, В.В. Давыдов, Л.В. Занков, С.Н. Лысенкова, Н.Ф. Талызина, В.Ф. Шаталов, (Ресей) ғалымдарының енбектеріндегі зерттелді.

Бастауыш білім берудің әдіснамалық, технологиялық, дидактикалық және әдістемелік аспектілерін Қ.Аймагамбетова, С.Р.Рахметова, Ш.Х.Құрманалина, Ә.С. Әмірова, С.Н. Жиенбаева, Жұмабаева Ә.Е. және т.б. ғалымдар (Қазақстандық) бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау, бастауыш білім беру мен бастауыш сынып мұғалімін даярлаудың тарихы мен дамуын (Р.К. Бекмағамбетова, Қ.Т. Ыбыраимжанов және т.б.), бастауыштағы білім интеграциясы, бастауыш сынып оқушыларының оку әрекеттері, дүниеге көзқарасы, тәрбиелеу мәселесі тұрғысынан (Ә.М. Мұханбетжанова, Р.К.Төлеубекова, А.Х. Аренова және т.б.) зерттеғен енбектер бастауышта оқытуды жетілдіруге, мұғалімдерді даярлаудың сапасын арттыруға қосылған мол улес болып саналады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімі қазіргі өзгермелі әлеуметтік жағдайға тез бейімделіп, шығармашылықпен ойлай біletін, педагогикалық үрдісті жүйелі түрде алдын-ала болжай алатын, оқушылармен ынтымактаса отырып, кәсіби психологиялық-педагогикалық-әлеуметтік қызметті жеке шығармашылық-табыстырылыш тұрғыда үйымдастыра алатын болуы керек.

Біз болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде студентті білім беру үрдісі субъектілерінің өзараәрекеттесуі арқылы, білім берудің нәтижесіне кол жеткізуға тән жағдай жасаудың формалары мен әдістерінің бірлігі ретінде қарастырылыш.

Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау үрдісінде студенттік топ ретінде ұжымына, оның өзіндік белгілеріне баса назар аудару қажет дей отырып, ғылымдардың көзқарастарына тоқталамыз. Атап айтсақ:

1. *Жалпы әлеуметтік маңызы бар ортақ мақсаттың болуы. Мақсат қандай да болмасын топта болады. Мысалы, көлікке отырған жолаушыда, балалардың тұрғын жайындағы жолдастары ортасында және т.б. болады.*

2. *Әрекет етуде өзара бірлескен іс-қимылдың болуы. Білім алушылар ортақ мақсатқа жетуде бірлесе іс-қимыл жасайды. Ол үшін оның әрбір мүшесі бірлескен өзара әрекетке белсенді қатысуы міндетті.*

3. *Өзара қарым-қатынаста жауапкершіліктің болуы. Яғни, өзара әрекеттесу барысында, оның әрбір мүшесінен жоғары әлеуметтік жауапкершілігі талап етіледі. Соған сәйкес, ұжымның әрбір мүшесінің өзара ерекше қарым-қатынасы белгіленеді: көңіл-күйдең әсерленушілікте, моральдық межеде, өзара пікір алмасуда, белгілі бір мәселеге қатысты бірыңғай ортақ көзқарастың пайда болуында.*

4. *Ортақ сайланған басқару үйымының болуы. Ұжымда демократиялық қатынас орнайды. Соған сәйкес белгілі бір басқару үйымы құрылады. Ол тікелей және ашық сайлау негізінде қалыптасады [148, 33 б.]*

Сонымен бірғе психолоғ Л.С.Выготскийдің «Дербес жұмыс істеғеннен ғөрі бала ынтымақтастықта күштірек әрі ақылдырақ болып, ол өзі шеше

алатын интелектуалды қындықтар деңгейі жөнінен бінкке көтеріледі...», - деген пікірі де басшылыққа алынды [149].

Қогамдағы өзгерістер адамзат өмірінің барлық саласына, тұлғанын әлеуметтік табыстылығын дамытуға әсер етеді. Әлеуметтік табыстылықты қалыптастыру үрдісі әсіресе болашақ өмірдің негізі қалана бастайтын кіші мектеп жасындағы оқушылар үшін маңызды. Еліміздің болашағының дамуында әрбір оқушы және оның даму траекториясын анықтау бастауыш сынып мұғалімдеріне байланысты. Мұғалім бұл жаста әлеуметтік және тұлғалық өзгерістерге қарамастан әлеуметтендірудің рефрендтік агенті болып табылады.

Демек маңызды әлеуметтік және кәсіби рөлді атқара отырып, оған жаңа әлеуметтік кеңістіктің, заманауи отбасының құндылық және экономикалық мәселелерінің, бастауыш мектеп оқушысының тұлғалық дамуындағы өзгерістердің әсерін ескеру қажет. Баланың әлеуметтік табыстылығын қалыптастыруга осы жастың ерекшеліктері әсер етеді: субъектілік тәжірибелің аздығы, білім, білік, білуге құмарлық, ерекше эмоциялылық, мұғалімге деген сенім, т.б. Бастауыш сынып оқушысының дамуына қарай жігерлілік, қиял, т.б. қасиеттері дамиды. Оқу әрекетінің күрделенуі әлеуметтік белсенділік, дербестік, ынта, талап, әлеуметтік табысқа талпыну қасиеттерінің қалыптасуына мүмкіндік береді.

Осыған байланысты әлеуметтік тәжірибе үнемі тасымалданады, білім беру саласының қызметтері ұйымдастырылады, инновациялық мектеп түрлері, авторлық педагогикалық жүйелер пайда болуда, білім беру үрдістерін педагогикалық жобалау маңызды болып табылада, мұғалім кадрларына сұраныс деңгейі өсуде.

Жоғары оқу орнында бастауыш сынып мұғалімдерін дайындауды жете ұғыну және ұйымдастыруга, сонымен қатар құзыретті маманның қалыптасуына тұлғалық бағдарлық парадигма мен мемлекеттік стандартардың ендірілуі ерекше әсер етті.

«Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы профессиограммасының күрделілігі мен өзіндік ерекшелігі бастауыш сынып мұғалімінің пән мұғалімі, сынып жетекшісі, кеңесші, әдіскер-зерттеуші қызметтерін біріктіреді.

Мұғалімдердің осы өзара байланысты рөлдерді бастауыш мектептің білім беру кеңістігінде тиімді іске асыруы педагогикалық іс-әрекеттің негізін құрайтын кәсіби біліктіліктерге, әлеуметтік құзыреттілікке байланысты.

Бірақ болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби білім беру теориясы мен практикасы студенттердің өзінің кәсіби құзыреттіліктерін тұтас қалыптасан деңгейде жүйелі қабылдауды қамтамасыз ете алмайды. Мұның салдары жоо-ның бітіруші түлектерінің нақты педагогикалық іс-әрекетегі жагдаятты және кәсіби міндеттерді шыгармашылықпен шешу біліктіліктерінің жетіспеуі болып табылады.

Осыған байланысты бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту үрдісін теориялық-әдістемелік аспектілерін зерттеудің қажеттілігі туындалады.

Бұғінгі таңда бастауыш сынып мұғалімі бір мезгілде білімді тасымалдаушы, балалар әрекетін ұйымдастыруши, тәрбиеші, оқушымен және оның ата-анасымен қарым-қатынасқа және қоғамдық іс-әрекетке белсенді қатысуши, педагогикалық үрдісті зерттеуші, кеңесші, ағартушы болып табылады (4- кесте).


Кесте 4 - Бастауыш сынып мұғалімдерінің іс-әрекетінің ерекшеліктері

№	Блоктар	Түрлер	Түрдің тармақтары
1	Бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылармен әрекеттестігі	Аналитикалық-диагностикалық	Гностикалық, диагностикалық, диффернциялдық, болжаулық
		Жобалау-құрылымдық	Мақсатты, мотивациялық
2	Бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылармен тәрбиелік әрекеттестігі	Құрылымдық-жобалау	Форма түзүші - иерархияландыру Құрылымдау - жүйетүзүші
3	Бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылар ата-аналарымен және қоғаммен ағартушылық әрекеттестігі	Ұйымдастыруышылық-коммуникативтік	Ұйымдастыруышылық, басқарушылық, материалды табысты қабылдау, материалды саналы түсіну біліктілігі, білімді бекіту және қолдану біліктілігі, коммуникативті-акпараттық-иллюстративті
4	Бастауыш сынып мұғалімдерінің әріптестермен және мектеп әкімшілігімен кәсіби-әдістемелік әрекеттестігі	Маңызды -түзушілік	психотерапевтік-рекреациялық-ынталандыру
		Бағалаушылық-рефлексиялық	өлшеу және бағалау, констатациялық- корреляциялық

Кестеде көрсетілгендей, бұғінгі таңда бастауыш сынып мұғалімі бір мезгілде білімді тасымалдаушы, балалар әрекетін ұйымдастыруши, тәрбиеші, оқушымен және оның ата-анасымен қарым-қатынасқа және қоғамдық іс-әрекетке белсенді қатысуши, педагогикалық үрдісті зерттеуші, кеңесші, ағартушы болып табылады.



Сурет 4 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің атқаратын қызметтері



Сурет 5 – Бастауыш сынып мұғалімінің әрекеттестігінің түрлері

Қазіргі заман жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерінің жаңа әлеуметтік-тәрбиелік қызметтері пайда болды, олар: тұлғаның әлеуметтік дамуына қолдау көрсету, балалардың әлеуметтенуіне жағымды жағдай жасау; осыған сәйкес педагог тұлғаның әлеуметтік қасиеттерін, әлеуметтік табыстылығын қалыптастыру технологиясын менгеруі, оны жобалауы қажет.

Демек қазіргі заманғы мұғалімнің кәсіби табыстылығын педагогикалық еңбектің нәтижелігіне құндылық негізінде талпының тудыратын, педагогикалық іс-әрекеттегі тұлғалық жетістіктермен өмір сүруін сипаттайтын субъектілі-тұлғалық жағдайы деп, тұлғалық табыстылықты өзіне деғен

жағымды қатынасты қалыптастырған, өзін-өзі өзгерте алатын, оған қуана алатын табысты тұлғаның күйі деп түсінуғе, ал әлеуметтік табыстылықты тұлғалық және кәсіби табыстылық құрайды деп тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Корыта келгенде, Қазақстан Республикасындағы жоғары білім жүйесін модернизациялау қоғамның шығармашылық еңбекке қабілетті, кәсіби өзін-өзі дамытатын, білім беру технологияларын менгеру және ендіруде мобиЛЬДІ, білімді, еркін және сынни тұрғыдан ойлайтын, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік білім жүйесін менгерген, балалардың типологиялық топтарымен жұмыс істей алатын, іздену-зерттеу жұмыстарына дайын, білім беру үрдісі мен өзінің кәсіби-тұлғалық қалыптасуын жобалауға қабілетті, еуропалық деңгейдеңі құзыретті педагогика сұранысына бағдарланған. Мемлекеттің жоғары білім саласындағы стратегиялық мақсаты экономиканың инновациялық дамуына сәйкес келетін, қоғам мен тұлғаның қазірғі заманғы талаптарына сай қол жетімді сапалы жоғары білім беру болып табылады. Осы мақсаттан тәмендегі міндеттер туындаиды: негізгі білім берудін инновациялық сипатын қамтамасыз ету; білім беру институтын әлеуметтік даму құралы ретінде модернизациялау; заманауи үздіксіз білім беру жүйесін қалыптастыру және жетілдіру; білім беру сапасын бағалау механизмін қалыптастыру, халықаралық салыстырмалық зерттеулерге қатысу.

Сонымен зерттеуімізде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту мәселесінің өзектілігі: болашақ мамандарды біріншіден, әлеуметтік өмірдің жаңа талаптарына (әлеуметтік және кәсіби мобилділік, азаматтық сәйкестік, жалпымәдени және арнайы құзыреттілік, тұлғалық белсенділік және әлеуметтік табыстылық) бағыттауға; екіншіден, білім беру стратегиясының дербес табысты іс-әрекетке, кәсіби мансапты (мансан) құруға бағдарлануына; үшіншіден, жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайда білім беру мекемелерінің тәрбиелік жұмыстарын жетілдіруға, болашақ маман ретінде студентті әлеуметтік-мәдени іс-шараларға тартуына байланысты. айқындала түседі. Ол болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың әдіснамалық тұғырлары мен қағидалары

1.3 Болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың әдіснамалық тұғырлары мен қағидалары

Зерттелінетін мәселені шешу үшін қоғамның әлеуметтік-мәдени құндылықтарына бағдарлау, студент жастарды әлеуметтендіру саласындағы жетекші тенденциялар көрініс табатын әдіснамалық тұғырлар немесе тәсілдер қажет.

Әдіснамалық білім – бұл ғылым тарихы, дүниеғе көзкарас, ғылымның нақты аймақтағы теориялық-танымдық, әлеуметтік-мәдени неғіздері туралы,

негізгі логикалық формасы және зандары, ғылыми ойлауды негіздеушілер туралы білім. Әдіснамалық білімге жалпы ғылыми білімнің әдіснамасы (дүниетанымдық алғышарттық білім; танымның жалпы ғылыми әдістері; жалпы ғылыми тұғырлар) және арнаулы білім (дидактиканың) әдіснамасы: таным әдістерін менгеру мүмкіндіктерін нақтылау мақсатындағы оқу курсына талдау; оқытудың әрекеттік аспектілерін айқындау; ғылыми – педагогикалық ойлау белгілері жатады (Ш.Т. Таубаева) [59].

Педагогиканың әдіснамалық тұғырлары мен қағидалары мәселені шешудің стратегиясын, оның маңызын, болжамын жүзеге асыруды анықтайды.

Болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту мәселесін зерттеудің әдіснамалық тұғырлары мен қағидаларын ашып көрсету үшін «әдіснама», «әдіснама деңгейлері», «әдіснаманың функциялары», т.б. ұғымдардың мәні мен мазмұнына назар аударылды.

Әдіснама (грек сөзінен алғанда *methodos* – жол, тәсіл + *logos* – түсінік) – негізді ғылыми тұрғыдан анықтау, түсініктердің маңыздарын айқындау. Ғылым әдіснамасы дегеніміз ғылыми зерттеулердің жалпы және жеке әдістерін зерттейтін ғылым бөлшегі және объективті ақиқат пен түрлі ғылыми міндеттерді әртүрлі тұрғыдан қарастыру қағидасы [150].

Кең тұрғыдан алғанда, әдіснама дегеніміз – бұл зерттеулердің жалпы даму бағытын, олардың мақсаттарын, шекараларын, қағидаларын анықтайтын ғылыми таным әдісі туралы ілім.

Педагогикада әдіснама – бұл теориялық және практикалық қызметті құрудың қағидалар жүйесінің түрлерін, оларды ұйымдастыру тәсілдерін анықтайды, педагогикалық ақиқатты танып өзгертудің негіздері туралы ілім.

Педагогика әдіснамасы қофамдық дамудың тенденцияларын зерттеуден және ғылымның жалпылама әдіснамасынан бастау алады. Бұл педагогикалық теорияның бастапқы негіздері, педагогикалық құбылыстар мен зерттеу әдістерін қарастыру қағидалары туралы білім жүйесі және сол білімдерді тәрбие, білім беру практикасына енгізу жолдары.

Әдіснама деңгейлеріне келетін болсақ: философиялық әдіснама деңгейі – жалпы ғылымның ұғымдық құрылымы мен таным қағидасын қарастырады; жалпы ғылымдық қағидалар мен зерттеу формалар деңгейі - (мысалы, кибернетикалық, жүйелік тұғырлар және т.б.) – ғылымның түрлі салаларында қолданылады; нақтылы ғылыми әдіснамалық деңгей, яғни, арнайы ғылыми пәндерде қолданылатын зерттеудің қағидалары мен әдістерінің жиынтығы; зерттеудің техникасы мен әдістемелік деңгей, яғни, әмприкалық көрсеткіштерді шындыққа сәйкес түрде жинап және оларды алғашқы өндеуді қамтамасыз ететін жиынтығы.

Ғылымда әдіснама – нақтылы қызметтерді яғни, мөлшерлеу, алдын ала түсінік беру, мақсатты анықтау, үйлестіру, бағдарлау және т.б. Олардың бәрі де ғылыми қызметке негіздеме береді. Әдіснаманың гносеологиялық функциясы – бұл ғылымның бастапқы негіздерін педагогикалық теорияға және одан ары қарай – практикаға айналдыру.

Әдіснамалық қагидалар педагогикалық парадигмаларда, тұғырларда немесе тәсілдерде, тұжырымдамаларда, жүйелерде, технологияларда нақтыланады. Әдіснама жанама түрде педагогикалық тұжырымдамалар мен теориялар арқылы мұғалімнің кәсіптік ұстанымына әсер етеді. Ол кәсіптік сана мен мәдениеттің даму деңгейіне байланысты белгіленеді.

Демек әдіснама теориялық және практикалық әрекетті жасау мен ұйымдастырудың негізі мен тәсілдерінің жүйесі және сол жүйе жөніндегі ілім. Педагогиканың әдіснамасы жеке тұлғаны оқыту, тәрбиелеу мен дамытудың заңдылықтарын пайдалану және оны танып білудің жолдарын анықтау болып табылады.

Сондықтан бұл мәселені қарастыруда алдымен гылыми білім саласындағы кәсіби іс-әрекеттің табысы мен табыстылығын зерттеу тұғырларын (*тәсілдерін*) зерделеу қажет.

Әлеуметтік табыстылық феноменін зерттеу және түсіну тұғырларының көптүрлілігіне байланысты оларды жіктеудің қажеттілігі туындейды.

Тұғыр (тәсіл, подход) педагогикалық іс-әрекет тәсілдерін және өзара байланысты идеялар мен ұғымдардың сапалық жиынтығын пайдалануга мүмкіндік тудыратын әдіснамалық багдар деп мазмұндалады.

Түсіндірме сөздікте «*тұғыр*» тәсілдер мен амалдардың жиынтығы ретінде (бірденеге әсер ету, т.б.) анықталады. Бұгінде танымдық практикалық іс-әрекеттің ерекше формасы, педагогикалық құбылысты көзқарастар тұргысынан анықтау, зерттелінетін үрдістің стратегиясы, базалық құндылық багдар, педагогтың ұстанымын айқындайтын идея, зерттелінетін объектін құрылымдау әдісі, т.б. тұргыдан кеңінен түсіндіріледі [151].

Ш. Таубаеваның пікірінше, *тұғыр* – қойылған зерттеу міндеттемелерін шешудің негізгі жолы, ол осы шешімдердің бағыты мен стратегиясын ашады. Галым педагогикадагы әдіснамалық тұғырларды жіктеп, оларга жеке сипаттама берген. Көптеген галымдар тұғырды білім беру үдерісінін тиімділігін арттыратын кешенді педагогикалық құрал деп түсіндіреді [59].

Демек тұғыр педагогикалық іс-әрекет тәсілдерін және өзара байланысты идеялар мен ұғымдардың сапалық жиынтығын пайдалануга мүмкіндік тудыратын әдіснамалық багдар болып табылады.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді зерделей келе, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту мәселеін зерттеудің әдіснамалық тұғырлары төмендегідей іріктеледі және мазмұндық сипаттама беріледі:

- тұлғалық багдарлық тұғыр (В.В. Сериков [152], В.А. Сластенин [153], И.С. Якиманская [154] және т.б.);
- іс-әрекеттік тұғыр (Н.В. Кузьмина [100], Л.С. Рубинштейн [21] және т.б.);
- мәдениеттілік, әлеуметтік-мәдениет тұғыры (Е.В. Бондаревская [155], Б.С. Гершунский [156], Г.И. Гайсина [157], М.С. Каган [158] және т.б.);
- акмеологиялық тұғыр (А.А.Бодалев А.К. Маркова [159]; А.А. Деркач, М.Ә. Құдайқұлов, Б.А.Тұргынбаева [47] және т.б.);

- әлеуметтік-мәдени орта тұғыры (Ю.С.Манулов [160], Э.Р. Майорова [161], Л.И.Новикова [162], В.А.Караковский [208], А.В.Мудрик [130],

Тұлғалық бағдарлық *тұғырын* әдіснамалық түрғыда негіздеғен И.С.Якиманская оқу әрекетінде оқушының субъектілі тәжірибесіне сүйену керек деп есептейді. Оның тұжырымдамасында тұлғалық бағдарлық педагогиканың білім берудегі мақсаты – баланың жеке тұлғалық қасиеттерін мақсатты түрде анықтап, дамыту үшін қажетті жағдайларды (әлеуметтік, педагогикалық) тудыру, ол қасиеттерді «мәдениеттендіру», әлеуметтік мәнді іс - әрекеттерге айналдыру [154].

Әдіснамалық негіз ретінде *тұлғалық бағдарлық тұғыр iс-әрекетпен* бірлікте қарастырылады, ол педагогикалық үдерісте болашақ маманың тұлғалық аспектісін, оның жеке, жас ерекшеліктерін ескеруғе; тұлғаның табиғи, интеллектуальды, шығармашылық әлеуетіне сүйену және оның ашылуы мен іс жүзінде жүзеге асырылуына жағдай жасауға; студент жастардың тұлғалық тұтастығының компоненті ретінде адамғершілік санаы мен мінез-құлқын, интеллектінің бірлігін ескеруғе; интеллектуалдық әлеуетті дамыту тұлғаны iс-әрекеттің алуан түріне, алдымен танымдық iс-әрекетке қатыстыру үдерісінде жүзеге асыруға бағдарлайды.

Әлеуметтік мәнді жан ретінде адам табысты болуға ұмтылуы керек, оның табыстылығы өзіндік бағалаумен қатар оның жетістігінің әлеуметтік iс-әрекеттің жеке саласын немесе адамзаттық қарым-қатастығанда емес, олардың кешенін қамтиды.

Тұлғаның әлеуметтік iс-әрекетінің көп түрлерінің ішінде кәсіби iс-әрекет ерекше орын алады. Себебі, адам iс-әрекет субъектісі ретінде өмірінің басым бөлігін өзінің тұлға болып қалыптасуының негізгі бағыты кәсіби еңбек түріне арнайтыны мәлім.

iс-әрекет құрылымы, оның сан алуан түрлілігі мен адамзаттың әртүрлі саласына әсері мәселелерін белгілі ғалымдар А.Н.Леонтьев [20], С.Л.Рубинштейн [21], К.А.Абульханова-Славская [22], Е.К.Климов [88] және т.б. зерттеғен.

Тұтас алғанда тұлғалық-iс-әрекеттік тұғыр үйлесімді, адамғершілігі мол, әлеуметтік белсенді және әлеуметтік табысты, мәдениет пен дәстүрді меншеру нәтижесінде өзін-өзі дамытатын, әлеуметтенетін тұлғаны дамыту үшін жағдай жасауды көрсетеді.

Кәсіби-педагогикалық iс-әрекетті зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері адамның iс-әрекеттері саласындағы ғалымдардың еңбектері болып табылады.

iс-әрекеттің өзара байланысы мәселесі және оның әр түрлі аспектілері философияда (Б.Ф.Ломов [86], А.В.Петровский [25] және т.б.), психологияда (Б.Г.Ананьев [18], С.Л. Рубинштейн [21], және т.б.), педагогикада (Х.И.Лийметс [87], Г.И.Щукина [88] және т.б.) қарастырылады. Олар тұлға адамның әлеуметтік рөлді қаншалықты игеруіне, әлеуметтік iс-әрекетке қаншалықты қосылуына байланысты өмір бойына қалыптасып дамиды деп есептейді.

Іс-әрекеттің әлеуметтік саласы мамандарына қойылатын талаптардың жоғарылауына байланысты көптеген мамандықтарда тұлғаға өзіндік «қажетті» сипаттамалары және оның құрылымдық компоненттері тән. Соның бірі кез келген кәсіби іс-әрекеттің табыстылығын (табыс) қамтамасыз ету болып табылады. Бірақ болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтенуінің жоғары деңгейде қалыптасуы белсенділіксіз мүмкін емес, сондықтан әлеуметтік-мәдениет тұрғысынан қарастыру маңызды.

К.А.Абульханова-Славская іс-әрекеттің шынайы өмірді қайта құрудағы, заттық әлемді құру мен өзгертудегі рөлін атап көрсетеді. Алайда әрбір субъект үшін қоғамдағы іс-әрекетке баулу маңызды болып саналады. Тұлға үшін іс-әрекет және оның табыстылығы өзін-өзі таныту мүмкіндігімен тікелей байланысты.

Білім беру саласындағы *іс-әрекеттік тұрғыдан* қарау теориясы сана мен іс-әрекеттің бірлігі деген психологиялық теорияға негізделеді. Бұл теория бойынша әрбір білім алушы оқу-танымдық іс-әрекетке саналы, белсенді қатысуы арқылы өзін-өзі іске асыруы, табысқа жетуі, кәсіби өзін-өзі анықтаудың тиіс.

Кез келген мәселені тиімді, дұрыс шеше алатын, еңбек іс-әрекетіне және танымдық іс-әрекетке қабілетті, кәсіби білімді тұлға қашанда қоғам талаптарының сұраныстарына ие мамандар болмак. Әрбір тұлға тек өзінің белсенді іс-әрекеті арқылы ғана дами алады.

А.Н.Леонтьевтің пікірінше, мақсат кез келген іс-әрекеттің жүйе құрастыруши компоненті болып табылады. Шынымен, мақсатсыз іс әрекет болуы екіталай. Әр адамның алдына қойған жақын және алыс мақсаттары болады. Мотив деген компоненттің ішіне адам үшін маңызды рухани, материалдық, әлеуметтік, табиғи-биологиялық қажеттіліктер кіреді [18].

Демек, *іс-әрекет* – бір мақсатқа бағытталған, тұлғалық және қоғамдық маңызы бар нәтиже беретін әлеуметтік белсенділік. Оның құрылымында мынандай компоненттері бар: мақсат, мотив, әрекет немесе іс-қимыл, құрал, нәтиже, бағалау. Егер осы компоненттердің біреуі орындалмай қалса, онда тұлғаның толыққанды іс-әрекеті де бола алмайды. Іс-әрекет компоненттері бір-бірімен тығыз байланыста болып біртұтас жүйені құрайды. Бұл жүйедегі компоненттер өзара бірі-біріне тәуелді, олардың кез келген компонентін алып тастасақ толыққанды атқарылған іс-әрекет болуы мүмкін емес. Әрбір компонент өзіндік маңызды рөл атқарады.

С.Н.Жиенбаева бастауыш сынып оқушыларының еңбек іс-әрекеті тәжірибесін қалыптастырудың ғылыми негіздерін қарастыра отырып, 1-еңбек іс-әрекеті тәжірибесі» ұғымының мәнін ашып көрсетеді. Ғалымның пікірінше, еңбек іс-әрекеті субъектің баланың еңбекке құндылық қатынасы, белсенділігі, бастамашылдығы, таңдау еркіндігі, дербестігі, даралығы, шығармашылығы, еңбектегі тәжірибелігі негізінде өзін және өзгөні өзгетуге қабілеттілік сапалары тән. [163].

Әлеуметтік табыстылық тұлғаның әлеуметтенуінің нәтижесі деғен көзқарастарға сүйене отырып, іс-әрекет, соның ішінде еңбек іс-әрекетінің алатын орнына назар аударылды.

Әлеуметтендіру мәселесін зерттеғен О.Нұсқабаевтың ойынша, іс-әрекет өскелен үрпақты әлеуметтендірудің неғізгі саласы болып табылады. Өйткені кез-келген адам ең алдымен еңбек үстінде өзінің өмір сүру ортасында, өзін де өзгертерді деп көрсетеді [164, 133-б]. Бұдан еңбек іс-әрекеті тұлғаны әлеуметтендірудің неғізгі шарты және қоғамның аса маңызды қызметі деп түсінуға болады. Әлеуметтену – тұлғаның қажетті өмір тәжірибесін жинақтап, қоғамдағы тәртіп нормалары мен ережелерін иғеруі. Сондықтан еңбек іс-әрекетінің әлеуметтік неғізі бастауыш сынып оқушыларының еңбек іс-әрекетінің тәжірибесін қалыптастыру мазмұнын, ұйымдастыру формасын, еңбекке қатынасын, әлеуметтік тәжірибе деңгейін анықтауға септің тиғізеді

Мәдениеттілік тұғыр зерттелінін отырған мәселе контексінде тұлғаның мәдениет әлеміне табысты кіріғуін қамтамасыз ететін мәдени құндылықтарды менғеруға және тасымалдауға жағдай жасауға бағытталған теориялық - әдіснамалық заңдылықтар мен ұйымдастырушылық -педағоғикалық іс-шаралар жиынтығын ұсынады. Мәдениет адамның табиғатпен және әлеуметтік ортамен әрекеттесу нәтижесі ретінде қатысады. Бұл әрекеттестіктің нәтижесі рухани және материалдық байлықтарды құру болып табылады. Педағоғикалық іс-әрекетте тұлғаның мәдени құндылықтары, сонымен бірге қарым-қатынас мәдениеті қалыптасады.

Әлеуметтік-мәдениет тұғырын Г.И. Гайсина [157], М.С. Каған [158], т.б. дайындаған. Әлеуметтік-мәдениет тұғыры әлеумет пен мәдениеттің өзара байланысы мен өзара әрекеттестігін, тұлғаның әлеуметтік-мәдени дамуын, тұлғаның мәдени құндылықтарды менғеруін көрсетеді, ол тұлғаның табысты әлеуметтенуіне мүмкіндік береді. Әлеуметтік-мәдениет тұғыры тұлғаның құндылық ұстанымын қалыптастыру үрдісіне әлеуметтік-мәдени кеңістіктің әсер ету факторын бөліп көрсетуғе, мәдениеттің білімділік, тәрбиелік құндылығын қарастыруға мүмкіндік береді.

Аксиологиялық *тұғыр* болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік-мәдени құндылықтарға бағдарынан байқалады, адамды рухани және әлеуметтік құндылықтарды жасауға қабілетті ең жоғарғы құндылық деп мойындау және оның тұлғалық және қоғамдық қажеттіліктерін қанағаттандыру; әлеуметтік-мәдени құндылықтардың тұлғаның білімі мен дамуының өзегін құрайтынын мойындау. Олардың іс-әрекет, қарым-қатынас үдерісінде ол үшін өмірлік қажетке, тұлғалық мәнге ие құндылықтарды өзектендіреді.

Аксиология тұғырының теориялық неғізі Б.С.Гершунский [156], А.Г.Асмолов [104], Ш.А.Амонашвили [24], И.А.Колесникова [165] зерттеулерінде қаланған. Галымдар педагогика ғылымында қазіргі заманғы білім берудің жана парадигмасы тәжірибеде аксиология тұғыры бойынша адамның ішкі әлеміне бағдарланып, оның құндылығына, тұрткісіне, еркіне, әсерленуіне көніл бөлуді қажет етеді деп есептейді Жалпы құндылықтардың

пайда болуы, бір жағынан, адамның қажеттіліктерін қанағаттандыруға қабілетті іс-әрекетіне, заттар мен құбылыстарға, оның сапаларына, екінші жағынан, құндылық адамның, қоғамның зат немесе құбылысты бағалауына байланысты пайымдауы болып табылады. Сондықтан әрбір адамға дара иерархиялық тұлғалық құндылықтар тән, ол қоғамның рухани мәдениеті мен тұлғаның рухани дүниесі арасын байланыстыратын буын рөлін атқарады. Құндылықтар индивидтің өмірлік тәжірибесін шоғырландыратын тұлғаның ішкі құрылымының маңызды элементі ретінде қарастырылады. Құндылық-мәнді бағдарлар әлеуметтік табыстылықты және жеке тәжірибелі реттеп отыратын қатынастар жүйесін айқындайды.

Г.К.Нұргалиева, Артықбаева Е.В. [166], А.А.Бейсенбаева [167], Төлеубекова Р.К., Аманова А.К. [168], А.А.Колюжный [169], Жиенбаева Н.Б. [170], және т.б зерттеулерінде окушылардың адамдармен қарым-қатынасы, іс-әрекетіндегі адамгершілік сана-сезімі, дағдысы, өзіндік «Мен» бейнесі ұлттық және жалпы адамзаттық құндылық қасиеттерімен ықпалдасып, субъекті ретінде танылуға, құндылық бағдарының қалыптасуына ықпал етеді деген. Зерттеуші Г.К.Нұргалиева жеке адамның құндылық бағдар жүйесінің психологиялық-педагогикалық негізін анықтап, білім алушылардың әлеуметтік-мәдени ортада іс-әрекеті тәжірибесін менгеретінін көрсеткен. Автордың ұсынған құндылық жүйесі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытуда зерттеуімізге әдіснамалық негіз болады.

Акмеологиялық тұғыр Бранский В.П., Пожарский С.Д. [171], Б.А.Тұрғынбаева[45] және т.б.) бастауыш сынып мұғалімдерінің интеллектуалдық, эмоциялық, ерік-жігерлік, коммуникативті мәдениеттерін дамытуға және моделдеуге әрі ішкі әлеуетін дамытуға, жоғары жетістікке жетуге бағытталған. Бұл тұғыр педагогикалық үдерісте болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқыту мен дамыту шынына шығуға, өзін іс жүзінде көрсетуге үмтүлу, жетістікке сұраныс сияқты факторларды ескере отырып, үйимдастыруды құрылымдайды.

Әдіснамалық тұғыр ретінде психологиялық-педагогикалық қолдау болашақ маман ретінде студенттің жеке мүмкіндіктерін және әлеуетін айқындау, интеллектуалдық қабілеттерін дамыту, өзін-өзі дамыту және өзін іс жүзінде көрсетуге көмектесу үшін педагог пен білім алушылар іс-әрекетінде білімділік ортаны құру саласында көрінеді

С.Д. Пожарский акмеология ғылымының жіктемесін (классикалық, базалық, қолданбалы) ұсына отырып, оны жеке іс-әрекеттің кез келген түрлерінің шынына жету заңдарын зерттейді деп тұжырымдайды [171]

Б.А.Тұрғынбаева акмеологиялық тұғырға сүйену арқылы сапасы жағынан жаңа ғылыми нәтижелерге қол жеткізуғе болады деп есептейді. Сонымен бірге акмеологияның мән-мағынасын тұлғаның үдемелі дамуымен байланысты тұрақты байланыстарды бейнелейді деп түсіндіреді. Акмеология жеке тұлғаны дамытудың гуманистік бағытына бағдарлайды [45].

Педагогикалық акмеология адамды тұлға, іс-әрекет субъектісі, индивид ретінде зерттеп, жалпы ақыл-ой әлеуеті қалыптастасқан көпқырлы біртұтас адам ретінде оның жеке ерекшеліктерін аныктайды. Сонымен бірге адамның қол жеткізген нәтижелерін зерттеу негізінде оның әлеуетінің зандаудықтарын қарастырады. Сондықтан болашақ педагогтарды көсінтік даяраудың жаңа моделін жасауга жол ашатындықтан, болашақ бастауыш мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытуда маңызды болып табылады.

Құзыреттілік тұғырға сәйкес білім беру жүйесіндегі негізгі нәтижелері түйінді құзыреттіліктер болып табылады. Мұнда жогары деңгейдегі қарым-қатынасты игере алуға, талдау жасауга, түсінік қалыптастыруға ерекше мән беріледі. Бұл тұғыр өмірдің әртүрлі саласында стандарттан тыс тапсырмаларды шешуге қабілеттілікті және қогамда табысты түрде әлеуметтенуге бейімделудің жолдарын игеруге мүмкіндік береді. Білім беру саласының негізгі басымдылықтары ретінде нәтижеге бағытталған білім тұжырымдамасы даярланып, оның негізгі көрсеткіші ретінде құзыреттілік тұғырына көшу бағыты айқындалды.

Педагогика гылымында құзыреттілік тұғыр негізінде тұлға игеруге тиісті таным, тәжірибе, әрекет тәсілдерінен басқа құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталады. Құзыреттілік тұғыр – білім беру үдерісін ұйымдастыру, ол субъектінің іс-әрекеті арқылы (оку, таным, ойын және. т.б) өзін-өзі жүзеге асыру құқығына, құзыреттілікті менгеруге және пайдалануга негізделген. Ж.К.Түймебаевтың бас редакторлығымен құрастырылған Энциклопедиялық сөздікте «құзыреттілік тұғыр – мұғалімдердің кәсіби-педагогикалық әрекетінің нәтижелігі және жогары деңгейде кепілдік болуы арнаулы, жалпы және негізгі құзыретті белгілеу негізінде мұғалімдерді дайындау үдерісінің мақсатын белгілеу, мазмұнын тандау, ұйымдастырушылық және технологиялық тұргыдан қамтамасыз ету» дегендеген [173]. Сонда құзыреттілік тұғыры бастауыш сынып оқушыларының еңбек іс-әрекетіндегі өзін-өзі іске асыра білу құқығын, нәтижелілігін қамтамасыз ететін еңбек нормасын, анықтауга мүмкіндік береді.

«Құзыреттілік» және «құзырет» ұйымдарын, тұлғаның феномен ретінде құзыреттілікке ие болуының мәнін және табигатын түсінуде А.М.Аронов [174], Дж.Равен [175], Бирюкова, Г. А., Тубельский [176], Г.Б. Голуб [177] және т.б. пайымдауларының мәнін зор. Соның ішінде А.М.Аронов құзыреттілікті тұлғаның белгілі бір әрекетке даярлығы деп қарастыруды ұсынады, құзыреттіліктің іс-әрекеттік негізі қазіргі білімдік және болашактагы практикалық әрекетті байланыстырады [174].

Галымның ойын жалгастыруши Г.Б. Голуб құзыреттілік тұғырда оқушының белгілі бір өнімі бар іс-әрекеті жатыр, «іс-әрекет – ойлау әрекетінің бөлігі», ал құзыреттілік «бұл – іс-әрекеттің жіктелген, субъектіленген түрі» деп ерекше атап өткен [177]. Бұл құзыреттілікті іс-әрекеттік категория деп түсінуге мүмкіндік береді. Автордың пікірінше, ол субъектіленген, ягни жеке іс-әрекет тәжірибесінен өткен, субъектілі

тәжірибеге айналған. Сонымен, құзыреттілік – оқу мен өмір жағдаяттарын шешу кезінде білім алушылардың білімді, біліктілігін, дағдыны және әрекеттің барлық тәсілдерін менгеруі, білім берудің нәтижесі.

Нарибаев К.Н., К.Ж.Ағанина құзыретті болашақ маман дайындауға қатысты «өзінің ішкі және сыртқы ресурсын іс-әрекетінде табысқа жетуде іске асыра алуы» деғен [178].

Көптеген әдебиеттерде құзырет – нақты пәнге қатысты белгілі бір іс-әрекеттің жиынтығын менгеруі, білім беру нәтижесі деп көрсетілғен.

М.Ж.Жадринаның пікірінше, «білім жүйесінің соңғы нәтижесі – окушының жеке пәндер бойынша алған білім, білік, дағдылары ғана емес емес, оларды пайдалану арқылы қалыптастып, дамытылатын өмірлік дағдылар, құзыреттіліктер» [179].

И.А.Зимняяның көрсетуінше, жеке тұлғаның білім алу нәтижесінде тұракталған, білім мен тәжірибеге неғізделғен әрекет жасауға дайындығы және осыған орай қалыптасан жалпы қабілеттері оның құзыреттілігі болып табылады [180]. Авторлардың анықтамаларынан, білім беруді жаңарту неғіздерінің бірі ретінде құзыреттілік тұғырыды күтілетін нәтижелер тұжырымдамасын құрудың негізгі ережесі ретінде қарайды. Құзыреттілік тұғыры білім алушының іс-әрекетінің нәтижеғе бағытталуын және неғізі құзыреттіліктерді белгілеуға жағдай жасайды. Неғізі құзыреттіліктер – өмірдеғі мәселелер мен жағдайларды шешуде іс-әрекеттің сапалы, табысты өтуін қамтамасыз ететін жеке тәжірибеге енген білім, білік, дағды, қабілеттің жинағы немесе әмбебап жүйесі.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік құзыреттілігінің қалыптасуы әлеуметтендіру, әлеуметтік тәжірибе, әлеуметтік белсенділік ұғымдарымен тығыз байланысты.

Пәндік білім алу құзыретін қалыптастырудың түрлі аспектісін F.К.Селевко [181], А.В.Хугорскийдің [182] еңбектерінде білім беру мекемелерінің түлектері, мамандардың құзыреті туралы қарастырылады.

Сондықтан осы тұрғыда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту үрдісі құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Orta тұғыры ұжымдағы әрекеттер жиынтығын көрсетеді. Ғылыми тұрғыдан орта тұғыры тұлғаның дамуы мен қалыптасуын орта арқылы тікелей басқару теориясы мен технологиясын сипаттайты. *Orta тұғыры* құрал ретінде тәрбие нәтижесін жобалау мен өндіру, диагностика құралына айналдыратын ортаны басқаруда субъектінің әрекеттер жүйесін көрсетеді.

«*Orta*» ұғымын қазірғі заман тұрғысынан анықтау табиғи және әлеуметтік факторлардың жиынтығын камтиды (Э.Р. Майорова) [161], әлеуметтік орта, яғни білім беру арнайы ұйымдастырылған орта ретінде адамды әлеуметтендіру ортасына жатады (Л.И.Новикова [162], В.А.Караковский [106], Е.В.Бондаревская [155], А.В.Мудрик [48] және т.б.).

Адамды тәрбиелеудегі ортаның маңызын К.Д.Ушинский, А.Ф.Лазурский, т.б. теренірек зерттеғен. Әлемдік педагогикада ортамен тәрбиелеу идеясы

теориялық негізделген және ғылыми мектептері қалыптасқан: интеграцияланған неміс мектептері (Э.Нигермайер, Ю.Циммер); француздың «паралель мектептері» (Л.Порше, П.Ферра); американдық мектептер (Р.Х.Уолтер, С.Уотсон, т.б.); «экожүйе» мектептері (Дж.Гудленд) [183].

Орта феноменінің әлеуметтендіру, әлеуметтік бейімделу мәселесімен байланыста қарастырған зерттеулер баршылық (А.В.Мудрик, В.А.Сластенин [130]).

Орта тұғырының ғылыми негізі Ю.С.Мануйлов еңбегінде қарастырылған, Ол жоғары оқу орнында болашақ мамандарды дайындауда білім беру көңістігінің сипаттамалық анықтамасын тұжырымдайды. Оны тұлғаның ішкі көңістігімен салыстырады, себебі, білім берудің мәні бітіруші түлектің өзіндік бейнесін құру жолдарын қарастырады [160].

Жоғары оқу орнындағы ортаның белгілерін анықтау маңызды. Әрбір ортаны компоненттері бір-бірімен байланысты тұтастық ретінде қарастыруға болады.

Қазіргі қоғамда әлеуметтік-мәдени орта өте күрделі, іс-әрекетті, өзін-өзі ұйымдастыруши, өзін-өзі реттеуші, өзін-өзі дамытуши жүйе болып танылады. Осы ретте *жүйе* (грек сөзі –тұтас жеке бөліктерден құрылған тұтас деген ұғымды білдіреді), жүйе сонымен қатар жаңа сапаларды үнемі игеріп, жаңа құрылымдармен, бөліктермен тұтас, ажырамай әртүрлі тәсілдермен іс-әрекеттерді топтастыруши.

Әлеуметтік орта – адамдар тартылған қоғамдық қарым-қатынастармен тұрақты байланыста болатын олардың қалыптасуы, тіршілік етуі, дамуы және іс-әрекеттерінің қоғамдық (материалдық және рухани) жағдайларын қамтитын адамның қоршаған әлеуметтік әлемі (социум). Сонымен қатар әлеуметтік орта – қоғамдағы мәдени ортаға тұлғаның белсенді түрде қатысатын нақты әлеуметтік көңістігі.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын әлеуметтік-мәдени ортада әлеуметтік көңістікпен, ЖОО-мен, тәрбиелік мекемелермен, қоғамдық бірлестіктермен өзара әрекеттестік қамтамасыз етеді.

Заманауи мәдениет, ғылыми-техникалық жетістік адамның әлеуметтік көңістігін көнектеді. Әлеуметтік қатынастардың алуан түрлілігі тарихи тәжірибе (дәстүр, материалдық құндылықтар, өнер, мораль, ғылым); жалпыадамзаттық мәдениет жетістіктері; жаңа қатынастар құруды болжау. Бұлардың барлығы адам дамуының әлеуметтік жағдаяттары (жеке нұсқада) деп саналады. Әлеуметтік көңістікте адам өзінің «Менін» көрсетеді және бекітеді, әлеуметтік мәніне ие болады.

Әлеуметтік институттар ұйымдастырушылық, тәрбиелік, кәсіптік қызметтер атқарады. Осы қызметтерді жүзеге асыру адамға тәрбиелік ықпал етуге мүмкіндік туғызады. Бірлескен іс-әрекет пен қатынас негізінде жаңа іскерлік қалыптасады. Орта бірлескен іс-әрекет ресурсы және пәні болып табылады. Білім беру көңістігі өскелен ұрпақтың тәрбие идеясымен байланыстырылады.

Білім беру және тәрбие ортасы ақпараттық орта, жүйе ретінде қарым-қатынас тәжірибесінде құндылық түсініктерінде, өмірдің мәнінде т.б. тасымалдайды және жүзеге асырылады. Индивид (бала, жеткіншек, ересек адам) ақпараттық кеңістікке енін, өзінің өмірлік жоспарын құрады, ақиқаттың сан алуан жақтарына (позитивті немесе негативті) белгілі бір қарым-қатынас жасайды.

Жеке тұлға ақпараттық кеңістікте (ұйымдастыран, тәрбие жүйесінен тыс, т.б.) болғанда барлық уақытта дұрыс бағдарланбайды, қоғамның құндылықтар жүйесінде шатасады. Тұлғалық, білім беру, тәрбиелік кеңістіктер біртұтастыққа біріктіріліп, мұнда тәрбиелік кеңістік жетекші орынға ие болуы мүмкін.

Тәрбие кеңістігін модельдеуде орта тұғыры маңызды. Ю.С.Мануйловтың пікірінше, орта – бұл субъект болатын материалдық және идеалдық құбылыстар, сыртқы және ішкі, тұрақты және өзгермелі жағдайлар мен нақты жағдаяттар [160].

Ақпараттық орта тұжырымдамасын Ю.А. Шрейдер алғаш рет ұсынды, ол ақпараттық органды тек ақпарат өткізгіш ретінде ғана емес, сондай-ақ оның қатысуышыларына әсер ететін белсенді бастама ретінде қарастырды [184].

Сондықтан зерттеу жұмысымыздың әдіснамалық негізін нақтылауда, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту мәселесін шешуде тұлғалық бағдарлық, іс-әрекеттік, әлеуметтік-мәдени орта, акмеологиялық, аксиологиялық, құзыреттілік тұғырларды басшылыққа алдық (5 - кесте).

Кесте 5 – Болашақ педагогтардың лидерлік сапаларын дамыту тұғырлары

№	Тұғырлар	Сипаттамасы	Авторлар
1	2	3	4
1	Тұлғалық бағдарлық тұғыр	Тұлғаның даралық, шығармашылық ерекшеліктерін ашу және есепке алу	А.Адлер Ш.Т. Таубаева
2	Әлеуметтік-мәдениет тұғыры	Әлеуметтік-мәдениет тұғыры әлеумет пен мәдениеттің өзара байланысы мен өзара әрекеттестігін, тұлғаның әлеуметтік-мәдени дамуын, тұлғаның мәдени құндылықтарды менгеруін көрсетеді, ол тұлғаның табысты әлеуметтенуіне мүмкіндік береді	В.С.Степин Г.И. Гайсина М.С. Каған
3	Орта, әлеуметтік-мәдени орта тұғыры	Қазіргі қоғамда әлеуметтік-мәдени орта өте күрделі, іс-әрекетті, өзін-өзі ұйымдастыруши, өзін-өзі реттеуші, өзін-өзі дамытуши жүйе болып танылады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын әлеуметтік - мәдени ортада әлеуметтік кеңістікпен, ЖОО-мен, тәрбиелік мекемелермен, қоғамдық бірлестіктермен өзара әрекеттестік қамтамасыз етеді	Ю.С.Мануйлов Э.Р. Майорова В.А.Караковский Е.В.Бондаревская А.В.Мудрик Ю.А. Шрейдер Р.Кунакова

Кестенің жалғасы

1	2	3	4
4	Акмеологиялық тұғыр	Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің интеллектуалдық, эмоциялық, ерікжігерлік, коммуникативті мәдениеттерін дамытуға және моделдеуғе әрі ішкі әлеуетін дамытуға, жоғары жетістікке жетуғе бағытталған	С.Д.Пожарский Н.А.Рыбников А.А.Деркач Б.А.Тұрғынбаева
5	Iс-әрекет тұғыры	<i>Iс-әрекет</i> мақсатқа бағытталған, тұлғалық және қоғамдық маңызы бар нәтиже беретін әлеуметтік белсенділік. Білім беру саласындағы <i>Iс-әрекеттік тұргыдан</i> карау теориясы сана мен <i>Iс-әрекеттің</i> бірлігі деғен психологиялық теорияға негізделеді. Бұл теория бойынша әрбір білім алушы оқу-танымдық <i>Iс-әрекетке</i> саналы, белсенді қатысуы арқылы өзін-өзі <i>Iске асыруы</i> , табысқа жетуі, кәсіби өзін-өзі анықтауы тиіс	И.Фихте Г.Гегель А.Н.Леонтьев С.Л.Рубинштейн С.А.Смирнов, К.А.Абульханова-Славская С.Н.Жиенбаева О.Нұсқабаев
6	Аксиологиялық тұғыр	Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік-мәдени құндылықтарға бағдарынан байқалады, адамды рухани және әлеуметтік құндылықтарды жасауға қабілетті ең жоғарғы құндылық деп мойындау	Б.С.Гершунский А.Г.Асмолов Ш.А.Амонашвили И.А.Колесникова Г.К.Нұргалиева А.А.Бейсенбаева
7	Құзыреттілік тұғыр	Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің өмірдің әртүрлі саласында стандарттан тыс тапсырмаларды шешуғе қабілеттілікті және қоғамда табысты түрде әлеуметтенуғе бейімделудің жолдарын иғеруғе мүмкіндік береді	А.М.Аронов Дж.Равен, Г.К.Селевко А.В.Хоторский И.А.Зимняя М.Ж.Жадрина К.Ж.Ағанина

Кестеде көрсетілген тұғырлар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытуда маңызды рөл атқарады.

Әлеуметтік табыстылықты тұлғаның ішкі қасиеті ретінде қарастыратын тұғыр зерттеу жұмысымыз үшін ең маңыздысы болып табылады. Мұнда тұлғаның өзі және де оны қоршаған адамдар қол жеткізғен нәтижелерге қанағаттанушылық тұргыдан жағымды эмоцияларды тудыруына байланысты.

Сонымен қатар табыстылықты әртүрлі психологиялық - педагогикалық тұжырымдамалар негізінде түсіндіруғе болады: ББД (білім, білік, дағды) тұжырымдамасы аясында – академиялық оқу табыстылығы ретінде, оны білім алушының үлгерімінен, оның білімінің сандық және сапалық жағынан өсуінен көруге болады; дамыта оқыту тұжырымдамасы аясында (Ш.А. Амонашвили, И.П. Волков, В.В. Давыдов, Л.В. Занков, В.А. В.А. Кан-калиқ, А.А. Мелик-Пашаев, Н.А. Менчинская, Б.М. Неменский, А.Н. Тубельский) – оқушының жеке табысы мен окудағы дара жетістіктері ретінде; мәдени-әлеуметтік және

әлеуметтік-бағдарланған білім беру тұжырымдамасы аясында (В.П.Беспалько, Е.В. Бондаревская, В.Г. Бочарова, И.Е. Видт, Н.Б. Крылова, И.А. Маврина, В.А. Петровский, Г.К. Селевко, Ю.В. Сенько, М.И. Шилова) табыстылықты екі жағынан: тұлғалық жағынан, адамның қуаныш және жеке ризашылық сезімі ретінде, ұжымдық жағынан – қоршаған ортасының, құрбы-құрдастары мен ересектердің жеке тұлғаның жетістіктеріне оң баға беруі ретінде талдауға болады.

Зерттеуімізде табыстылықты тұлғалық көзқарас түрғысынан қарастырамыз, өйткені білім алушылардың жеке тұлғалық белсенділігі табысқа жетудің басты қағидасы болып саналады. Субъектінің білім беру ортасының мүмкіндіктерін пайдалану белсенділігі оның қажеттіліктерін қанағаттандыруға сәйкес болған жағдайда өзектенеді.

Қағида философияда негіз, алғашқы ереже, басшылыққа алынатын нұсқау ретінде қарастырылады. Педагогика ғылымында қағида мәселесін Я.А.Коменский, Г.Песталоцци, К.Д.Ушинский, П.Ф.Каптеров, И.Я.Лернер, Ю.К.Бабанский, Г.И.Щукина, т.б. зерттеген.

В.С. Невелева ұсынған *антропологиялық қазиданы* қарастырсақ, адамзаттың тарихи жолы өзінің өмірлік жолының тәжірибесінде кездескен маңызды мәселелерді шешуге қабілетті индивидтің жеке дара жауапкершілігінің өрісі ретінде қарастырылады [185].

Жалпы алғанда *табыстылық қазидасы* болашақ маман ретінде студенттің өзі өмір сүріп отырған қоғамның кез келген саласында өзінің қажетті болу біліктілігін көрсетеді. Ол тұлғаның қажеттілік пен бәсекеге қабілеттілікті («Мен керекпін», «Мен жасай білемін», «Мен жасаймын») сезінуін, ұжыммен әрекеттестік бағытын, жауапкершілік, орындаушылық, ұйымдастырушылық, ұжымда әрекет ету біліктілігін сипаттайды.

Сондықтан зерттеу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытуда басшылыққа алынатын тәмендегі қағидалар бөліп көрсетіледі (6-сурет).



Сурет 6 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту қағидалары

Суретте көрсетілген қағидалардың әлеуметтік табыстылықты дамытудағы өзіндік ерекшеліктерін аштын мазмұндық сипаттамасын ұсынуды жөн көрдік:

Ic - erkek soub'jetinde jeket tulganyq belsendilik qagidası – тұлғаны белсенді субъект (орындаушы, бастамашы (инициатор), үйлестіруші) ретінде карастыру индивидтің өзекті міндеттерді шешу үшін мотивациясын түсінуге мүмкіндік береді және ақиқатты қайтадан өндіруге қарым-қатынасын айқындаиды, берілген шығармашылық жұмыстардан тыс ізденістерді қамтамасыз етеді.

Рефлексиялық басқару және өзін-өзі басқару қагидасы – білім беру үдерісіндегі әрбір субъектінің өз өрекетін үйымдастыруы және өзгелермен қарым-қатынасын қалыптастыруы, білім алушылар мен педагогтардың жекелеген әрі бірлескен ic-эрекеттерінің нәтижесіне өзіндік талдау жасауы.

Izgilek qagidası – әрбір жеке тұлғаның құндылығын мойындау, оқыту мен дамыту диагностикасын ғана емес, білім беру үдерісінің субъектілеріне психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік, материалдық қаржылай көмек беруді және қолдау көрсетуді қамтамасыз ету.

Oz erkekten yymdastryru qagidası – білім беру үдерісін (мақсаттылықтан бастап бірлескен өрекетке дейін талдау) үйымдастыруға барлық субъектілердің өзінің қажеттілігі мен даралық қасиеттерін менгере отырып, тікелей қатысуы. Дербестік тұлғаның ic-эрекеттегі (үйрену мен оқыту) мотивациялық-қажеттілік саласын айқындаиды. Мотивациялық аспекті

өзінің ішкі әлеуетін іске асыруға қабілеті мен ынтасын, құндылық аспект әлеуметтік маңыздылығын жетілдіруді, когнитивті аспект шыгармашылығын көрсетеді.

Сана мен әрекеттің бірлігі қазидасы – адам санасы белгілі бір істі жүзеге асыру барысында ішкі жоспарына сай қалыптасады; сана тұлғанын интеллектуальдық әрекетінің өнімділігін реттейді; сана қогамда бағаланатын және тұлғалық-құнды мінез-құлықты игерудегі мүмкіндікті көрсетеді.

Жеке тұлғаның әлеуетін дамыту қазидасы, мұнда потенциал (лат. potential – күш, қор, бастау, мүмкіндік) – жагымды әсер қалдыратын жағдаятта белгілі бір істі жүзеге асыру арқылы аса байқала бермейтін қабілетті (көбінесе көрінбеген, жасырын) айқындау. Адам және оның әлеуеттік мүмкіндіктерінің болашақтағы дамуының объективті заңдылықтарын көрсетеді. Бұдан «өзекті» және «әлеуетті» қабілет түсінігі пайда болады. Бұл қагида әрбір адамның өзіндік дамуы мен келешекте кәсіби шыгармашылыққа, әлеуметтік табыстылыққа қол жеткізуіндегі жеке әлеуетін ашу мен дамытуға септігін тигізеді.

Білім беру ортасында адам ресурстарын басқарудың гылыми қазидасы – елімізде не шетелде психогенетика, психология мен педагогика, психофизиология мен психологиялық қабілеттер, интеллект, шыгармашылық бойынша орындалған іргелі зерттеулерге негізделеді.

Біз қарастырып отырган мәселе тұрғысынан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту үшін әлеуметтік-коммуникативтілік бағыт қазидасы да маңызды рөл атқарады. Ол қагида студенттің менгерген білімінің қазіргі заманғы гылым жетістігін көрсететін және оқу мекемесінен тыс практикалық нәтиже, жоба өнімін беру қажеттілігін сипаттайды. Мұнда студент әлеуметтік жүйелі негізделген құбылыстың мәнін, нақты фактіні, құбылысты, үрдісті, қарым-қатынастың әртүрлі деңгейіндегі (студент-оқытушы, студент-ата-ана, студент-білім алушы) тұлғааралық коммуникацияның ерекшеліктерін, жаңа жобаларды ұйымдастырудың болашагын түсінуі тиіс.

Демек қазида - дегеніміз зерттеу мақсатынан туындастырылған жалпы басшылыққа алынатын гылыми ереже.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табысты тұлғасын дамытатын білім беру ортасы сапасының интегративтік өлшемі ортаның білім беру үрдісінің барлық субъектілерін қамтамасыз ету қабілеттілігі тиімді тұлғалық және кәсіби өзін-өзі дамыту, ягни орта субъектіге не ұсынады немен қамтамасыз етеді және сондай мүмкіндіктерінің жүйесі болып табылады.

«Кәсіби табыстылық» ұғымы гылыми әдебиеттерде жеткілікті ашылмаган және кәсіби психология үшін салыстырмалы тұрғыдағы жаңа ұғым болып табылады.

Сондықтан осы күрделі феноменді түсіну үшін «кәсіби табыстылық» ұғымының қазіргі заманғы психологияның категориялар жүйесіндегі орнын анықтау маңызды болып саналады.

Философиялық, педагогикалық, психологиялық және әлеуметтану, т.б әдебиеттерді зерттеу кәсіби табыстылық мәселесінің жеткілікті деңгейде ашып көрсетілмеген және зерттелмегендігі жөнінде тұжырымдауға мүмкіндік береді. Оның әртүрлі аспектілері психологиялық зерттеулер аясында қарастырылады. Дегенмен де «кәсіби табыстылық» ұғымына бірегей анықтама берілмегені байқалады.

Кәсіби табыстылық мәселесіне арналған зерттеулерде кейбір тұжырымдамалық аспектілері және оларды шешудің тәсілдері белгіленген:

- пәндей және әлеуметтік саладағы, соның ішінде, кәсіби іс-әрекеттің міндеттерін шешудің табыстылығына едәуір әсер ететін фактор ретінде рефлексивті механизмнің жеке дара құрылымын қалыптастыру;

- кәсіби іс-әрекеттің табыстылық факторы ретінде психикалық тұрақтылық;

- маманның кәсіби іс-әрекетінің табыстылық деңгейінің тұлғаның жеке дара психологиялық ерекшеліктеріне (мотивациялық, ерік-жігерлік, басқарушылық, ұйымдастырушылық, коммуникативтік, когнитивтік және реттеушілік сипаттамасы) тәуелділігі; тұлғаның мәнді ерекшеліктерінің кәсіби табыстылыққа әсері;

- кәсіби іс-әрекеттің табыстылық шарты ретінде кәсіби қарым-қатынас;

- жоо-да маманды кәсіби дайындаудың табыстылығын болжау; білім алушылардың бейімделушілік, мінез-құлық ерекшеліктері мен мотивациялық сипаттарын, қабілеттерін кешенді талдау негізінде іс-әрекетте әлеуметтік технологияларды пайдалану;

- маманның кәсіби табыстылығын оның дайындық, тұлғалық қасиеттерін талдауды ескере отырып, болжау мүмкіндігі, әлеуметтік объектінің нақты және болуға тиісті жағдайын (болашақ маманның қызметі) салыстыру алгоритмін қолдану негізіндегі тұлғалық бағыттылығы.

Кәсіби іс-әрекетке қойылатын талаптар мен адамның тұлғалық қасиеттері арасындағы сәйкестікке жету сан алуан түрлі: атап айтқанда, кәсіби іріктеу, мамандықты таңдау, кәсіби маңызды қасиеттерді қалыптастыру, еңбек құралдары мен шартарын өзгерту, жеке дара іс-әрекет стилін қалыптастыру, т.б.

Кәсіби табыстылықты құраушылар когнитивтік, құндылық-мотивациялық, мінез-құлықтық-іс-әрекеттік, субъективтік-психологиялық, реттеушілік және нәтижелік компоненттер, олардың ішінде, мінез-құлықтық-іс-әрекеттік және кәсіби-бағыттылық, ақпараттық болып табылады. Себебі, кәсіби іс-әрекет түріндегі маманың кәсіби табыстылығын интегралды бағалаумен белгілі бір мөлшерде арақатынас орнатады. Зерттеушілер маманның іс-әрекеттегі кәсіби табыстылығы менгерілген және жетілдірілген тұлғалық қасиеттерінің кешені ретінде алдымен тұлғаның кәсіби сана-сезімі дамуының нәтижелі блогының интегралды сипаттамасы деп қарастырады [186].

Тұлға әлеуетінің белгілі формасы ретінде ол маманның өмірінің, еңбегінің сапасын жүзеге асырады, кадрлар корының сапасын анықтайды.

Н.В. Самоукинаның пікірінше, адамның маман ретінде дамуы барлық кезеңде объективті және субъективті, әрі кәсіби талаптардың объективті жүйесі мен адамның субъективті ерекшеліктерінің өзара сәйкестілігі факторлары тұрғысынан әрекет етеді. Ол объективті факторларға мамандық тұрғысынан еңбекке қойылатын талаптарды, нормалар мен шектеулерді, белгілі қасиеттер мен ерекшеліктерді (кәсіби білім, білік, дағды, кәсіби маңызды қасиеттер), ал субъективті факторларға сол қызметкердегі нышандарды, қабілеттерді, жеке дара психологиялық ерекшеліктерді, оның мотивациясын, әрекеттену денгейін, сонымен қатар өзін-өзі бағалауды жатқызады [187].

Е.Л. Холодцеваның пікірінше, кәсіби іс-әрекеттегі жоғары нәтижеге жету бейімделудің салдары болып табылады. Сондықтан бейімделудің ресми өлшеміне іс-әрекеттің барлық элементтері, табыстылық, мамандыққа қойылатын талаптар мен нормалар, іс-әрекет тиімділігі мен спасының сәйкестілігі жатқызылады [188].

Н.В. Кузьмина тұлғаның кәсібілігін арнайы білім, қабілеттер мен дағдыларды менгеру үшін қажетті психологиялық ерекшеліктері ретінде анықтай отырып, оның кәсіби еңбекте қоғамдық - қолайлы тиімділікке жету үшін: интеллектуальдық (ойлау), адамгершілік (мінез-құлық, тәртіп), эмоциялық (сезім), ерік-жігерлік (өзін-өзі танытуға қабілеттілік), ұйымдастырушулық (іс-әрекет механизмі) қасиеттері болуы керек деп есептейді [106].

Л.А. Ясюкова іс-әрекетті менгеру және оны жүзеге асырудың табыстылығы үшін тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттерінің ғана емес, олардың өзара байланыс сипаттының айқындық денгейі ерекше мәнге ие деп санайды. Оның пікірінше, тұлғалық қасиеттердің тығыз әрі жағымды байланысы күштейеді, кейде кәсіби шеберліктің жоғары денгейіне жету мүмкін емес, ол тұлғалық деградацияға алып келуі мүмкін [189].

В.П. Симонов кәсіби іс-әрекеттің тиімді көрсеткішін: қойылған мақсат пен міндеттерге барлық әрекеттердің сәйкестілігі; іс-әрекетте сол міндеттерді шешуге жету үшін кететін күш, құрал, уақыттың оңтайлығы; іс-әрекет тәсілдері мен амалдарының табиғи бірлігі мен ұтымдылығы, өзара байланыстылығы; кәсіби іс-әрекет бағыттылығының сипатына барлық әрекеттердің сәйкестігі факторлары ретінде бөліп көрсетеді [190].

Кез келген кәсіби іс-әрекет «адам-адам» саласында оның сапалық параметрлер деңгейінің әртүрлілігімен сипатталады, тиімді орындалады, көптеген факторлармен анықталады, бірақ бастапқыда әлеуметтік қызметкердің тұлғалық және кәсіби қасиеттеріне байланысты, ол кәсіби іс-әрекет мазмұнын, сипатын анықтайды.

Маманның кәсіби іс-әрекетінің табыстылығы теориялық және эмпирикалық зерттеулерде ашып көрсетілгенмен, әлеуметтік сала мамандарының кәсіби табыстылығын бағалау өлшемдері әлі де болса толық анықталмаған.

Біздің көзқарасымызша, бұл жоспардағы теориялық-эксперименттік зерттеулер «табыс және табыстылық» феноменінің құрылымдық компоненттерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл психологиялық категория мен мағына

контексінде, сонымен бірге оған жетуге мүмкіндік беретін механизмдер, кәсіби іс-әрекеттегі бұл үрдістерді басқару, табыстың композициялық құрылымы мен оған жетудің механизмдерін ашатын ұғымдарға назар аударуды қажет етеді.

Э.В. Галажинскийдің пікірінше, зерттелініп отырылған феноменнің пәнаралық табиғаты және қазіргі заманғы әлеуметтік саланы түсіну бұл құбылысты ашық бейімді әлеуметтік жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді, себебі кез келген ашық өзін-өзі ұйымдастыратын жүйеге өзі-өзі дамыту тән екендігі белгілі. Өз кезегінде «тұлғаның өзін-өзі танытуы алдымен белсенділік көзін талдауға, адамның өзінің тұтастығын сактай отырып, өзін қалыптастыруға бағытталған іс-әрекетінің мазмұнын анықтайды...» [191, С.47].

В.Н. Павленконың көзқарасынша, табыс құрылымының композициялық негізі ретінде маманның мінез-құлықтық сипаттамасын қарастыруға болады, ол тұлғаның процессуальды ұйымдастырушылық-тұлғалық сипаттамасын (бағыттылық, мотивация, мақсаттылық, рефлексивтік, әлеуметтік саламен әрекеттестік, т.б.) көрсетеді [192].

О.А. Яшнованың пікірінше, табыс адамның әлеуметтік тәжірибелі менгеру үрдісін жете ұғынуы. Табыстылық тұлғаның әлеуметтік параметрінің бірі, ол адамның әлеуметтік мәртебесінің индикаторы [26].

Сонымен кәсіби іс-әрекеттің табыстылық факторына жалпы әлеуметтік, тұлғалық (кәсіби өзіндік сана-сезім), биографиялық (әлеуметтік мәртебе, мәдени-білімділік, жастық және т.б.) сипаттамалар жатқызылады.

Адамның жеке дара қасиеттерінің жиынтығын сипаттау үшін мамандық талаптарына сай келетін ұғымдарды қолдану қажет: «кәсіби жарамдылық» (Н.Д.Левитов, К.М.Гуревич, О.Г.Носкова, Б.В.Кулагин, Н.С.Пряжников, Е.М.Иванова, В.Д.Шадриков); «кәсіби маңызды қасиеттер» жүйесі (Т.В.Кудявиев, А.В.Сухарев, В.В.Сериков, Т.Ю.Базаров); «еңбекке (кәсіби іс-әрекетке), басқарушылық мамандыққа» психологиялық дайындық (С.С.Ильин).

Көптеген авторлар тұлғалық ауыспалы көрсеткіштердің ішінде жеке дара психологиялық ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін, соның ішінде, когнитивті қабілеттерін ерекше атап өтеді. Тұлғаның белгілі типтеріне мамандықтың типтері сәйкес келуі мүмкін деп есептейді. Мамандыққа қойылатын талаптарға жеке дара қасиеттер кешенінің сәйкестігін анықтайдын мамандар дайындаған профессиограммалар барышылық. Мысалы, тәуелсіздік, батылдық, тұрақтылық зерттеуші үшін маңызды сапалар болса, тәртіптілікке және сенімділікке бейімділік маңызды қасиет болып саналады. Екінші жағынан, көптеген зерттеушілер көрсеткендей, әрбір мамандықтың ішінде, маман белгілі қызметтерді орындауға, ұйымдастыруши немесе орындаушы; бастаушы немесе ізбасар; ресми немесе ресми емес көшбасшы; «кенес беруші» немесе «тұтынушы» рөлдерді тандауы мүмкін. Таңдал алған мамандықтың тұлғалық қасиеттермен үйлесімсіздігі өзінің кәсіби іс-әрекетіне қанағаттанбаушылыққа алып келетіні белгілі [190].

Сондықтан ерекше жағдайда жауапкершілікпен жүзеге асырылатын маманың еңбекінің тиімділігі мен сенімділігін бағалау субъективті сипатқа ие. Мұндай бағалауға тұлғалық ұнату (симпатия) мен ұнатпау (антисимпатия), атақ және абырой, т.б. әсер етеді. Бұл барлық іс-әрекет саласына тән.

Бұгінде әртүрлі мамандықтың көсіби іс-әрекетінің табыстылығын жеткілікті жоғары нақтылықпен болжауға мүмкіндік беретін әдістер көп. Жалпы және бейінді білім беру деңгейін бағалаудан басқа практикалық жұмыс дағдысы мен тәжірибесінің болуы немесе болмауы тұлғаның еңбекке қабілеттілігін, яғни көсіби маңызды қасиеттерін – оның әлеуетін және көсіби оқуға, кез келген салада немесе нақты қызметте табысты іс-әрекетті жүзеге асыратын қабілеттің анықтайтын жеке дара ерекшеліктерін зерттеуді қажет етеді. Олар генетикалық, медициналық-биологиялық, әлеуметтік және психологиялық факторлардың неғізінде қалыптасады, іс-әрекет жағдайының өсуіне қарай арнайы еңбекке қабілеттілігі мен жауапкершілік дәрежесіне қойылатын талаптардың өсуі барлық мамандықтар үшін жалпы тенденция болып табылады.

Жалпы алғанда, педагогикалық үрдісте табыс ұғымынан ғөрі, «табыс ахуалы» ұғымына, яғни жеке тұлғаның болсын, толық ұжымның болсын іс-әрекетінің нәтижелеріне қол жеткізу қажеттілігін қанағаттандыру мүмкіндігін тудыратын жағдайлардың мақсатты үйлесіміне көбірек көніл бөлінеді (А.С. Белкин) [25].

Әлеуметтік табыстылықты, Е.Ю. Варламова пікіріне сүйене отырып, жеке адамның әлеуметтік қатынастар жүйесіне енүі нәтижесінде қоғам үшін объективті маңызы бар, жеке тұлғаның қалыптасқан мұдделеріне, қабілеттеріне сәйкес келетін, оның әлеуметтік құрметке, әлеуметтік мәртебеге ие болуы деп түсіндіреміз.

Тұтас қоғам сияқты білім беру мекемелерінің әлеуметі де біртекті емес. Оның әртектілігінің неғізі белгісі экономикалық және әлеуметтік бейімділік белгісі болып табылады. Алайда аталмыш белгі білім алушылардың «bastapқы» мүмкіндіктерін, яғни олардың тәрбие алып жатқан отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайын сипаттайты, отбасы мүшелері мен оқушылардың өз білімінің құндылығын өмірлік және әлеуметтік табыстылыққа жету құралы деп түсінуіне ықпал етеді.

Дегенмен білім алушылардың барлығының «bastapқы жағдайлары» әртүрлі, оларды өмірлік бастау табыстылығының белгіленген жағдайы (жанұя тарапынан қолдау және бақылау) немесе мектеп тарапынан жобаланған өмірлік бастау табыстылығына мүмкіндік беретін (кей жағдайда тікелей қамтамасыз ететін) жағдайлар сипаттайты.

Әрбір білім алушының әлеуметтік табыстылығын дамыту үшін құндылықтар жүйесін кезең-кезеңмен игеру және әлеуметтік маңызы бар рөлге ие болу арқылы олардың білім беру үрдісі субъектілерінің бойында қалыптасу тетіктері туралы нақты түсінікті болуы қажет.

Бұдан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту барысында іс - әрекет нәтижесіне жету үшін оларды әрекет

ұғымын педагогикалық категория ретінде түсінуін қамтамасыз ету қажет деп тұжырымдаймыз.

Әлеуметтік ғылымда табыс ішкі бірлікпен және қарама-қайшылықпен сиптталағатын құрделі, көпжакты феномен ретінде түсіндіріледі. Бір жағынан, табыс – бұл индивидтің өзінің әрекеті мен жігері нәтижесінің сипаттамасы және индикаторы, екінші жағынан, басқа адамдар арасындағы орнын көрсететін көрсеткіш, оның өзіндік ерекшелігі әлеуметтік байланыстары мен қарым-қатынастарымен сипатталады.

Табыс құрделі ұғым, жеке дара бағлау мен құндылықтар жүйесімен байланысты адамдарда әртүрлі ассоциация тудырады. Қазіргі заман адамы белгілі мәртебеге, орынға, лауазымға, жоғары нәтижеге жетуге ұмтылуымен ерекшеленеді. Табыс туралы кез келген түсініктер тұлғаның ұстанымына, сана-сезіміне, талабына әсер ететін құндылықтар жүйесін анықтайды. Табыстылық ұғымын индивидтің санасында әлемнің бейнесін қалыптастырудың басқа ұғымдармен қатар әлеуметтік табиғатқа ие құрылым ретінде бағалауға болады.

«Табыс стандарты» туралы айтқанда қазіргі заманғы адамға қоғамның, бұқаралық ақпарат құралдарының, жарнаманың таңылуы, табыстың белгілі бір символмен көрсетілуі тиіс. Мәселен, бұқаралық ақпарат құралдарынан табыс пен табыстылыққа насихаттаудың жарнамаларын көруге болады: «Табысты бол!», т.б.

«Табыстылық» ұғымы тұлғалық қасиет ретінде тұлғаның өзін-өзі бағалауы мен оның талаптану деңгейіне сәйкес индивидтің өзінің жетістігін тұрақты динамикалық жүйесін көрсетеді. Табыстылықтың әсерінен индивид толыққанды дамиды, өзінің әлеуметтік-психологиялық қатынастар жүйесін жетілдіреді, өзінің кәсіби іс-әрекетіне сәйкестілігі қалыптасады.

Сондықтан «кәсіби іс-әрекеттің табыстылығы» ұғымы білім, білік және дағдының негізінде еңбектің нәтижелігіне және өнімділігіне, тиімділігіне жету үшін адамға қажетті психологиялық және психофизиологиялық ерекшеліктердің жиынтығын анықтайды.

Қорыта келгенде, аталған тарауда әдіснамалық тұғырларды бөліп шығару бұл саладағы өзекті мәселелерді иеархиялық ретімен белгілеуге, осы зерттеу мәселесін шешудің стратегиялық мен тактикасын айқындауға, тәжірибелік жұмыстың нәтижелерін болжамдайды. Болашақ бастауыш мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың әдіснамалық негіздерін төмендегідей тұжырымдаймыз:

- бұл тұғырлар нақты ғылыми-әдіснамалық ұстаным ретінде танылады;
- әлеуметтік-экономикалық жағдайлар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың бағыттарын белгілеуге мүмкіндік береді;

жалпыадамзаттық құндылықтары басымдықтары тәрбиенің мәндік негізін құрайтындығын көрсетеді;

- болашақ бастауыш мұғалімдерінің кәсіби тұлғалық дамуына ықпал ететін жағдайларды анықтауға, азамат, маман ретінде әлеуметтік жетілудің

барынша жоғары деңгейлеріне қол жеткізу кезеңдерін жобалауға бағытталады;

- әлеуметтік табыстылықтың жалпы адамзаттық құндылықтарына негізделуіне бағдарланады;

- білім, білік және дағды арқылы мәселелерді өз бетінше шешетін, өзін-өзі реттей алатын тұлғалық қасиеттерді пайдалана алу мүмкіндігі жоғары әлеуметтік құзыретті тұлғаны қалыптастырады.

Сонымен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын қазіргі заманғы қоғамның жаңа талаптары мен динамикалық өзгерістері жағдайын ескере отырып, жоғары оқу орны жағдайында оқу және оқудан тыс әрекеттерде студенттің жеке дара әлеуетін толық ашуға мүмкіндік беретін маман тұлғасының интегралды қасиеті ретінде қарастырылады. Ол үшін жоғарыда мазмұндық сипатталған ізгілік, іс-әрекет субъектісі ретінде жеке тұлғаның белсенділік, рефлексиялық басқару және өзін-өзі басқару, денсаулық сақтау, өз әрекетін ұйымдастыру, сана мен әрекеттің бірлігі, жеке тұлғаның әлеуетін дамыту, әлеуметтік-коммуникативтілік бағыт, білім беру ортасында адам ресурстарын басқарудың ғылыми қағидаларын болашақ бастауыш сынып мұғалімдері әлеуметтік табыстылығын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасауда басшылыққа алу қажет.

1.4 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың құрылымдық-мазмұндық нобайы

Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-саяси, технологиялық және мәдени құбылыстардың динамикалық дамуымен байланысты үрдіс тұлғаның қажеттілігін толық қанағаттандыру мүмкіндігіне ие.

Республикамыздағы әлеуметтік табыстылыққа бағытталған жастардың әлеуметтік-мәдени даму үрдісі мынадай мазмұнды сипаттарды қамтиды: студенттердің әлеуметтік-мәдени құндылықтарды менгеру арқылы ұжымда өзара әрекеттесуі; тұлғаның әлеуметтік-маңызды мәртебені иеленуге бейімделуі; жастардың әлеуметтік жетістігінің дамуын қамтамасыз ететін танымдық және шығармашылық қажеттіліктерді дамыту; студент жастардың тұлғалық және әлеуметтік қасиеттерін дамытумен байланысты оларды әлеуметтік-мәдени қарым-қатынастар жүйесіне тарту.

Сондықтан әлеуметтік табыстылық тұлғаның басқа адамдарға және өзіне деген қатынасының негізі болып табылатын әлеуметтік қажетті мәртебеге ие болуға жағдай жасайтын әлеуметтік байланыстар мен қарым-қатынастардың жүйесіне тұлғаның толықтай қосылуына мүмкіндік беретін ерекшеліктер деп түсіндіріледі.

Зерттеудің өзектілігі студенттердің әлеуметтік табыстылық түсініктерін теориялық және практикалық түрғыдан жете ұғынудың, «әлеуметтік белсенділік», «әлеуметтік жетілу», «әлеуметтік көзқарас» ұғымдарымен,

сонымен бірғе қазіргі заманғы студенттердің тілдік мәдениетінде кеңінен таралған «табысты тұлға», «өмірлік табыс», «әрекеттің табыстылығы» және т.б. ұғымдарымен байланысын айқындаудың қажеттілігімен неғізделеді.

Сонымен, *табысты адам* үшін оның табыстылығын сыртқы бағалау («Ол өзінің мақсатына жетті, ол табысты») ғана емес, ішкі бағалау («Мен жеттім, мен табыстымын») да маңызды. Тұлға әлеуметтену үрдісінде адамдардың күнделікті өміріндегі тәжірибеге және өзі тиісті әлеуметтік қауымның басымдылығына неғізделген түсініктер мен көзқарастардың жиынтығын менгереді. Басқаша айтқанда, индивид тұлға ретінде қалыптасатын қоғамдағы сананы тасымалдаушы болып табылады.

Осыдан тұлғаның әлеуметтік табыстылығының параметрінің бірі оның өзін-өзі бағалауының әлеуметтік қоршаған орта тарапынан жағымды бағалауымен сәйкес келуі. Бұл нақты қоғамдағы қалыптасқан әлеуметтік табыстылық өлшемі мен әлеуметтік нормалар туралы жеткілікті білімнің болуы. Индивид әлеуметтік табыстылық туралы қалыптасқан түсініктерінің неғізінде оған жету үшін өзінің мүмкіндіктерін бағалайды.

Зерттеуімізде әлеуметтік табыстылықтың мазмұнын ашып көрсетуде *объективті* (улғерім, тұлғаралық қатынастағы жоғары мэртебе, әлеуметтік макұлданған имидж, ата-ана, педагог, әріптер тарапынан қабылдау); *субъективті* (белсенді өмірлік ұстаным, өзінің күшіне деғен сенімділік, әлеуметтік мэртебеге қанағаттану, мәнді құндылықтарды іске асыру, әлеуметтік тиімді тәсілдермен өмірлік кедергілерді женуге дайындық) көрсеткіштері мен өлшемдері неғізге алынады.

Сонымен қатар, болашақ маман ретінде студенттің әлеуметтік табыстылығын сипаттауда оның субъектілігін мойындау және гендерлік-жастық аспектіде әлеуметтік табыстылықтың бағыттарын және зандылықтарын саналы түсінуді ескеру қажет.

Адамзат баласының алдындағы негізгі міндеттің бірі – қол жеткен қоғамдық, рухани және материалдық құндылықтарды, өндірістік тәжірибелі иғерген тұлғаны тәрбиелеу. Осы міндетті жүзеге асыру негізінен білім беру жүйесіне жүктелетіні белгілі.

Демек табыс, алдымен әлеуметтік институт ретінде білім беруде қалыптасады. Білім беру үрдісі студенттердің оқудан тыс уақыттағы әлеуметтік-шығармашылық әрекетін және күнделікті жоо-ны ішлік өмір практикасын енғізеді. Егер тәрбиенің мақсаты ретінде әлеуметтік табыстылықты (құзыреттіліктерді) қалыптастыруды қарастыратын болсақ, оған оқу пәндерін оқуда ғана емес, өзінің студенттік өмірді ұйымдастыруы арқылы жетуғе болады.

Бұл А.Г. Асмоловтың тұлғалық мақсатты қалыптастыру үрдісін зерттей отырып, «Ешқандай түсініктеме, нұсқау арқылы тұлғаны өзгертуге болмайды. Тәрбие адамның әлеммен, адамдармен байланыс сипатын өзгерту үрдісі болуы тиіс ...» - деғен тұжырымдарымен дәлелденеді [104, с. 83-90].

Сондықтан жоо-ны іс-әрекетінің маңызды қағидасы студенттің

әлеуметтік және кәсіби табыстылығын дамыту мақсатымен оқу және оқудан тыс әрекетті жинақтайтын бірегей әлеуметтік-мәдени ортаны құрылымдау болып табылады.

Сонымен ғылыми психологиялық әдебиеттерді талдау нәтижесінде табыс, табыстылық іс-әрекеттің төмендегі түрлерінде қарастырылатыны анықталды: оқу әрекеті; еңбек (кәсіби) іс-әрекет; маңызды қарым-қатынас (жақын адамдармен – отбасы мүшесі, достар, т.б.); қоғам – әлеуметтік қоршау (әлеуметтік орта).

Әлеуметтік орта – адамдар тартылған қоғамдық қарым-қатынастармен тұрақты байланыста болатын олардың қалыптасуы, тіршілік етуі, дамуы және іс-әрекеттерінің қоғамдық (материалдық және рухани) жағдайларын қамтитын адамның қоршаған әлеуметтік әлемі (соңиум).

Бұгінгі таңда заманауи мәдениет, ғылыми-техникалық жетістік адамның әлеуметтік кеңістігін кеңейтеді өмірдің толыққанды қатысуышы бола алады. Әлеуметтік қатынастардың алуан түрлілігі тарихи тәжірибе (дәстүр, материалдық құндылықтар, өнер, мораль, ғылым); жалпыадамзаттық мәдениет жетістіктері; жаңа қатынастар құруды болжау. Бұлардың барлығы адам дамуының әлеуметтік жағдаяттары (жеке нұсқада) деп саналады. Әлеуметтік кеңістікте адам өзінің «Менін» көрсетеді және бекітеді, әлеуметтік мәніне ие болады.

Осы іс-әрекет түрлерінің әрқайсысының шенберінде объективті табыстылық, әрекет тиімділігінің сыртқы және ішкі өлшемдері ашып көрсетіледі. Мұндай сипаттамалар іс-әрекет саласы мен шарттарына байланысты. Көбінесе субъектінің іс-әрекет нәтижесі, іс-әрекеттің табыстылығының өлшемі ретінде қарастырылады. Ал психологиялық сипаттамалар іс-әрекеттің табыстылығының сыртқы және ішкі өлшемі ретінде қатысуы мүмкін. Табыстылықты бағалауды субъектінің өзі (өзін-өзі бағалау немесе өзіндік бағалау), қоршаған адамдар (әріптестер, т.б.) жүзеге асырады. Психологиялық сипаттамалар іс-әрекет табыстылығының аса маңызды өлшемі болып табылады.

Демек әлеуметтік табыстылық әлеуметтік өзара әрекеттесудің алғышарты және салдары бола отырып, адамның өзін қоғамда әлеуметтік толық жарамды субъекті ретінде сезінуін, өзі үшін өз бетінше мақсат қою және оған қол жеткізу қабілетін, саналы өзіндік адамгершілік сезімінің дамығандығын, қоғамдағы өз жағдайына деген сенімділігін айқындаиды.

Әлеуметтік табыстылық «тұлғаның өз өмірінің табысына, таңдаған өмірлік бағдарларының дұрыстығына деген сенімін қалыптастыратын сезімдері, қауіпсіздік кепілдігі және өз мүмкіндіктерін іске асыруындағы субъектілік әсерленуі» ретінде анықталады және ол индивидтің қорғалуымен тығыз байланысты.

Осылайша, қазіргі жастар табысқа жетуге бағдарланған деп жорамалдауға болады, тек студенттердің әлеуметтік табыстылығын дамыту үшін қолайлы жағдайларды туғызу қажет.

Осыған орай әлеуметтік табыстылықты тұлғаның субъект ретінде әлеуметтік маңызды мәртебеге жетуіне және тиімді әлеуметтенуіне жағдай жасайтын әлеуметтік байланыстар мен қарым-қатынастар жүйесіндегі «Ментүжырымдамасына» негізделген тұрақты күйі ретінде де сипаттауға болады.

Сонымен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығының негізгі көрсеткіштеріне: өзін-өзі әділ бағалауы, жоғары талаптану деңгейі, өзіне деген сенімділігі, өзін-өзі құрметтеудің жоғары деңгейі; өз қызметіне қанағаттанушылығы, өзіне өзіндік құндылық ретінде қарауы, өзіндік маңыздылық сезімі және т.б. тұлғалық және әлеуметтік сипаттағы қасиет-сапалар жатқызылады.

Кейбір ғалымдар студент жастардың әлеуметтік табыстылығына бағытталған әлеуметтік-мәдени даму үрдісін ұсынады: болашақ маман ретінде іс-әрекетте әлеуметгендіру; ұжымдағы серіктестік әрекеттестігін қалыптастыру, әлеуметтік-мәдени құндылықтарды менгеруге қатыстыру; әлеуметтік-маңызды статусты менгеруге бағдарлау; әлеуметтік табыстылықты дамытуды қамтамасыз ететін танымдық және шығармашылық қажеттіліктерді дамыту, әлеуметтік-мәдени қатынастар жүйесіне қатыстыру.

Қоғамдық сананың қазіргі заман жағдайларының шектеулі тұрақсыздығы орын алып тұрған кезінде студенттер кәсіби және тұлғалық өзін-өзі тану үрдісінде жаңа ересек өмір нормаларын түсінуге және менгеруге талпынады. Бұл үрдісте студент жастардың тиімді әлеуметтенуіне себепкер болатын тұлғаның әлеуметтік маңызды ерекшеліктерінің бірі әлеуметтік табыстылық болып табылады.

Табыстылық жағдайы адам үшін маңызды болып табылатын өзіне деген сенімділік, өзін-өзі қадірлеу, адамгершілік сияқты қасиеттердің де қалыптасуына мүмкіндік береді.

Бұгінде адамның әлеуметтік табыстылығы еңбектегі табыс, қарым-қатынас шеберлігі, алға нақты мақсат қою, өз жағдайына және қоғамға әсер ету, коршаған орта шынайылығының әртүрлі психологиялық технологияларына ие болу, т.б. байланыстыратын бағдарламалар шеңберінде қазіргі қоғамның әртүрлі жүйелерінде қабылданған тәсілдермен шектесіп жатыр.

Табыстылықты барлық адамдар және тұлғаның өзі қоғамдық нормаларға, құндылықтарға, дәстүрлерге, мәдениетке, әлеуметтік статусқа және т.б. негіздей отырып бағалайтындықтан, Е.Ю. Варламова [49], С.Ю. Ключников [97] табыстылықты әлеуметтік қасиет ретінде жан-жақты талдаған.

Жоғары оқу орындарының алдындағы маңызды міндеттердің бірі – студенттерді өз бетімен ойлана білуге, өзінің білім дәрежесін айқындауға және кәсіби әрекетін көре білу қасиеттерін арттыруға тәрбиелеу болып табылады. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін студенттердің әлеуметтік табыстылығын қалыптастыру және дамыту қажеттілігі туындаиды.

Біз өз зерттеуімізде тұлғаны барлық психикалық мүмкіндіктерінің, қасиеттерінің реттеушісі ретінде қарастырамыз. Сонымен бірге тұлға үғымына өзін-өзі реттеу, өзінің қабілетіне қарай қажеттілігін

қанагаттандыратын, тұлғалық деңгейде басқару құзіретті, креативті, интегративті сапаларды енгізуге болады.

Студент қогам өмірінде маңызды болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде кәсіптік қызметке дайындалып жүргендіктен, оқу-танымдық іс-әрекетінде қалыптасқан бейнесі болуы керек.

Сондықтан студенттердің іс-әрекеті кәсіби бағытта болып, өмірлік жолын анықтаудагы ұмтылышы ретінде көрінеді.

Әлеуметтану гылымында «жастар» ұғымы кеңінен қолданылады: жастар – әлеуметтену сатысынан өткен, әлеуметтік тәжірибелі менгерген, есейген жаста білімдік, кәсіби, мәдени және басқа да әлеуметтік қызметтерді менгерген адамдар. Нақты тарихи даму жағдайында жас өлшемдері 16-30 жас аралығында өзгеріп отырылады (В.Т. Лисовкий) [192].

И.С. Кон [100] одан да тереңірек анықтама береді: Жастар – әлеуметтік-демографиялық топ, жас ерекшелік сипаттарының жиынтығы негізінде бөліп көрсетілетін, әлеуметтік жағдайының ерекшеліктері сол әлеуметтік-психологиялық қасиеттермен негізделген топ. Өмір ңиклі кезеңінің белгілі бір фазасы ретінде жастық шенбері биологиялық әмбебап, бірақ әлеуметтік статусы мен әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктеріне байланысты әлеуметтік-тарихи табигаты бар және қогамның мәдениеті мен әлеуметтену заңдылықтарына тәуелді болады.

Әлеуметтену, ягни адамның қогамның өміріне енуі, есеюі, өмір сұрудін алуан тәсілдерін менгеруі, рухани және тәжірибелі қажеттіліктерді дамытуы, «өмір тұжырымдамасын» қалыптастыруы, өмірлік өзін-өзі анықтауын жүзеге асыруы. Адамның әлеуметтенуі өмір бойы үздіксіз болып отыратын үдеріс, оның адам өмірінің әртүрлі кезеңдерінде өзіндік маңызды ерек-шеліктері болады. Әлеуметтендіру мәдени құндылықтар мен әлеуметтік нормаларды үйрену және жетілдіру үдерісі немесе қоршаган әлеуметтік ортаның адамның дамуына ықпалы. Сонымен бірге адамның өзі өмір сүріп отырган қогамына өзін бейімдеуі мен бейімделуі.

Әлеуметтік бейімделу – индивидтің, топтың жаңа әлеуметтік ортага, өзгерген немесе өзгеретін қогамдық өмір жағдайына белсенді бейімделу нәтижесі. Бейімделу (әлеуметтік адаптация) субъект пен әлеуметтік ортаның өзара белсенді қарым-қатынасының нәтижесі.

Сондықтан әлеуметтендіру үдерісі де арнайы мақсат көзделіп ұйымдастырылатын педагогикалық үдеріспен тығыз байланысты жүзеге асырылады. Әлеуметтендіру үдерісі өз ерекшелігі бар бірнеше сатыдан, атап айтқанда, балалық, жасөспірім немесе жастық, есейген, қартайған шақтан тұрады. Оны өмірлік ңиклдер деп те атайды. Жалпы алғанда, бұл кезеңдердің адамның физиологиялық жас ерекшеліктерінен көп айырмасы жоқ. Тек балалық шақ пен жасөспірім немесе жастық шақта әлеуметтену үдерісі қарқынды жүреді.

В. Ядов «тұлға - адамның әлеуметтік қасиетінің тұтастығы, қогамдық дамудың өнімі және индивидті белсенді іс-әрекет пен қатынас арқылы әлеуметтік қатынастар жүйесіне енгізу» - деп анықтама береді [193].

Бұл кез келген қоғамда адамның әлеуметтенуінің әр кезеңінің өз ерекшеліктері болатынын, ол кезеңдердің адамның физиологиялық жас ерекшеліктері жағынан көп айырмашылығы болмайтынын көрсетеді.

Демек әлеуметтену үрдісі пассивті бейімделуден бөлек, жеке адамның әлеуметтік жағдайларға көнуінің, оның белгілі бір стандартты айырмашылықтарға ие болуының емес, сыртқы (әлеуметтік) және ішкі (биогенетикалық және рухани) факторлар ықпалымен және жеке адамның өзіндік белсенділігі қызметінің нәтижесі.

Әлеуметтік белсенділік белгілі бір тарихи кезеңде әлеуметтік топтың, қауымның қоғам алдына қойылған міндетті саналы түрде шешуге бағытталған іс-әрекеттерінің жиынтығы. Ол қоғам өмірінің әртүрлі аясында (саяси-қоғамдық істерде, еңбек, мәдениет және тұрмыс саласында) көрініс береді. Әрбір жеке адам үшін оны қоршаған басқа адамдар әлеуметтік орта болып есептеледі. Міне, бұлардың бәрі қосылып, жеке тұлғаға ықпал жасайтын әлеуметтік-мәдени орта болып табылады. Бұл пайымдаудан адамның ортамен қарым-қатынасы белсенді іс-әрекетті сипатта болатынын, сонымен қатар әлеуметтік орта үнемі адамның дамуына үйлесімді бола бермей, қарама-қайшылықта да өмір сүретіндігін анғаруға болады.

Адамның тұлғалық қалыптасуының әлеуметтік жағдайларға тәуелділігі ертеден-ақ дәлелденген. Белгілі психолог ғалым Л.С.Выготский «адам - әлеуметтік органдың негізгі бір құрамды бөлігі. Өз тарарапынан орта мүлде өзгермейтін, ешнәрсе әсер етпейтін дүние емес, ол үнемі адамдық ойлы қарым-қатынаста болатындығын айта келін, орта, сайып келгенде, адам үшін әлеуметтік орта болып есептеледі де, адамға әлеуметтік тәжірибесімен табиғи ықпал жасайды» - деп тұжырымдаған. Сонымен бірге Л.С.Выготский әлеуметтік органды шартты түрде адамдар қарым-қатынасының жиынтығы деп есептеп, оның ерекше өзгермелі жаңа мазмұны, түрлері тәрбиенің өте икемді, қажетті құралы бола алатындығын дәлелдейді [149].

Жалпы алғанда, зерттеушілердің пікірінше, (А.Т. Шайкенова [194], т.б.) Қазақстан жастары «әлеуметтену» үдерісінің үш кезеңін бастап кешіруде: азаматтық - құқықтық, материалдық - экономикалық және өнегелік - дүниетанымдық. Осының ішінде өтпелі кезеңдегі дағдарыс және оның ұзак уақытқа созылуы тұлғаның рухани дағдарысқа түсіп, қоғамнан тыскары қалу қаупін тудыруда.

Сонымен, зерттеу жұмысымызда жоғарыда аталған ғалымдар еңбектеріне сүйене отырып, әлеуметтік іс-әрекет адамның әлеуметтік ортамен қатынасын, оның қажеттіліктерді өтеу мақсатында қоғамдық қатынаста белсенді болуын сипаттайтындығын ескере келе әлеуметтік табыстылық мәселесіне байланысты.

Сонымен көпеген ғылыми еңбектерді талдау барысында болашак бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын үрдісін моделдеу үшін маңызды болып саналатын «модель» ұғымының бірнеше мағынасы мен мәнін ашуды жөн көрдік.

Соңғы жылдары теория мен практикада «нобайы, модель, «моделдеу» ұғымдары кеңінен қолданылады. Жалпы түсінік бойынша модель (улгі, нобай) білімнің кез-келген саласы үшін базалық ұғым болып табылады. Себебі, нақты құбылысты нақты ұғыммен сипаттау оның формалды моделінен басталады. Моделді құру жүзеге асырудан іс-әрекетке дайындықты көрсететін аралық кезеңді суреттейді.

Болашақ маман ретінде студенттердің іс-әрекеттегі әлеуметтік белсенділігін арттыру кезеңінде Аристотель [63] заманынан бастама алатын модельдеу әдісіне ерекше көніл бөлінді. Себебі, ол зерттелетін нысанның сипаттамасын бейнелейтін бірқатар ұқсастықтарды, құбылыс пен үдерісті модельдеу үшін қажет.

«Модель» (латын сөзі *mobil*, *mobilis* шыққан) мөлшер, бейне, тәсілді білдіреді. Бұл ұғымды XVII ғасырда Г.Лейбниц енгізді, ол модельді қоршаған әлем туралы білімнің қолайлы формасы ретінде қарастырады.

Алғашқы модельдеу құрылыстық өнерде дамыды. Кез келген өлшем негізінде жасалған әртүрлі заттар басқалары үшін үлгі болып, модель дап аталады. Ол құбылыстарды зерттеу үшін пайдаланылды.

«Модель» ұғымы бір ғылыми пән шенберінің өзінде алуан түрлі мазмұнға ие. Педагогикалық зерттеудің әдістерін талдауға арналған бірнеше ғылыми зерттеу жұмыстарда модельдеу ғылыми-танымдық әдіс ретінде қарастырылған.

В.А. Штофф модельді «шындық өмірді терен түсіну мақсатында оны сыртқа шығару құралы ретінде» қабылдайды. Сонымен бірге модельді танымдық бақылау мен эксперименттен теорияға көшуде теориялық жалпылаудың әр түрлі формаларына қарай қозғалыс барысындағы «саты ретінде» қарастырады [195, б.128].

В.В.Краевский модельді «зерттеу пәнінің белгілі бір жақтарын, байланысы мен функцияларын құрастыратын элементтер жүйесі», - деп анықтайды. Әрбір процесті модельдеуде В.В.Краевский оның қозғалыс құрылымын қарастыруды ұсынады. Жүйені де оның белгілі-бір жағдайда іске асуын жан-жақты сипаттаудың жиынтығы деп түсіндірсе, үрдістің динамикалық жаратылышын жеке адамның қалыптасуындағы мәселелерді шешудің өзіндік функциялары мен ерекшеліктерін бір жағдайдан екінші жағдайға, бір белестен екінші белеске, яғни екінші бөлікке өтуі ретінде қарастырады [196, б. 138].

А.Ф.Зотов педагогикалық модель мынадай белгілерге сай болуы керек деп көрсетеді: зерттеу барысында объектілер мен салалар арасындағы тәуелділікті ажыратумен шектелетін байланыстылық пен біртұтастық; жинақтылық пен біркелкілік; бақылампаздық, яғни зерттеу объектілерінде көрсетілетін теориялық модельдердің шешуші жағдайларын шын эффектілермен байланыстырудың қажеттігі; аумақтылық – модельде байқалатын барлық параметрлерді жеткілікті түрде косу [197. 293 б.].

А.Н.Дахин модельді «болашақта зерттелетін нысанның (құбылыстың) элементтері арасындағы құрылымдарды, ерекшеліктерді, қарым-қатынастар

мен байланыстарды сызба, конструкциялар, белгілік формалар немесе формуласалар арқылы неғұрлым қарапайым, терендетілген түрде көрсететін жасанды құрастырылған үлгі», – деп сипаттайды [198, 22 б.].

Біз үшін педагогикалық зерттеулердегі М.Е.Дуранов теориясында негізделген педагогикалық үрдістің шартын, қызметін айқындайтын элементтер жүйесін көрсететін модель де маңызды болып табылады [199].

В.В.Краевский модельді «зерттеу пәннің белгілі бір жақтарын, байланысы мен функцияларын құрастыратын элементтер жүйесі», -деп анықтайды [196, 138 б.].

Г.И.Саранцева модельге мынадай анықтама береді: «материалдың бір бөлігін ойша немесе практикалық түрде қысқартып, көрнекі түрде беру», «нақты немесе болжанған ерекшеліктер мен құрылымдар көрініс табатын зерттелетін нысанның нақты бейнесі» [200, 16 б.].

Е.Б.Качалина педагогикалық ұстаным құрылымында төрт компонентті бөлін көрсетеді: мотивациялық (кәсіби мотивтер, құндылықтар, кәсіпті эмоционалды қабылдау); мазмұндық (жалпы теориялық, әдістемелік және жеке-педагогикалық білімдер); іс-әрекеттік (кәсіби мәнді біліктіліктер); рефлексивті (өзінің кәсіби іс-әрекетінің рефлексиясы және кәсіби маңызды біліктер мен қасиеттерін өзіндік бағалау) [201].


А.В.Гуторова педагогтың кәсіби ұстанымы құрылымындағы үш блокты бөліп көрсетеді: мотивациялық-құндылық, әлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық және тұлғалық өсу, кәсіптік, танымдық, шыгармашылық жетістіктер мотивтеріне түрады; интелектуальды-мазмұндық, педагогтың педагогикалық үрдіс пен әдіснамалық рефлексияны тұтас қабылдауын қамтамасыз ететін әдіснамалық және гылыми-педагогикалық білімдер көлемі, тұлғаның ойлау стилін сипаттайды; ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік компонент кәсіби педагогикалық ұстанымның практикалық әрекеттік сипатын көрсетеді. Педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыру тәсілінде бұл компоненттің даму көрсеткіші ретінде идентификация, кәсіби стильдің өзіндік ерекшелігі, педагогтың субъектілігі байқалады [202].

Жоғарыдагы айтылғандарды зерделей келе, модель (үлгі) объективтін немесе құбылыстың белгілі бір жеңілдетілген кестелер көрінісі болып табылса, ал үлгі жасау процесі ерекше таным тәсілі, ягни жүйе зерттеу объективтінде үлгісінде көрініс табады.

Біз қарастырып отырган мәселе бойынша философиялық, психологиялық және педагогикалық әдебиеттер мен практикалық-тәжірибелі талдау болашак бастауыш сынып мұгалімдерінің әлеуметтік ұстанымын, өз әлеуеттерін іске асыруға мүмкіндік беретін қарым-қатынастар жүйесі, жеке дара немесе тұлғалық табыстылығы, әлеуметтік белсенділік компоненттері арқылы әлеуметтік табыстылығының маңызды сипаттамасын ашуга негіз болды.

Зерттеу жұмысы багытындағы басқа да гылыми зерттеулерді талдалап қорытындылау болашак бастауыш сынып мұгалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасауга мүмкіндік берді (7-сурет).

Сурет 7 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың мазмұндық-құрылымдық моделі



Суретте көрсетілгендей, бұл компоненттер студенттің жоо-ның тұтас педагогикалық үдерісіндегі әлеуметтік табыстылығының әлеуметтік-мәдени қызметтерде дамытылып, өз мүмкіндіктерін сәтті іске асыруна тұлғалық қанағаттанушылығы мен әлеуметтік мәртебеге иеленуін қамтамасыз ететін әлеуметтік ұстанымы, жеке табыстылығы, әлеуметтік белсенділігіне байланысты екендігін көрсетеді. Ол тұлғаның әлеуметтік байланыстар мен қатынастар жүйесіне толық енуіне, әлеуметтік қажетті мәртебені менгеруге, басқа адаммен табысты әрекеттесу негізінде қоғамда өзін әлеуметтік толыққанды субъект ретінде саналы түсініне мүмкіндік береді.

Сонымен моделдің әрбір элемент сипатына келетін болсак, олардың әрқайсының болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытуда маңызы ерекше.

Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың күрылымдық-мазмұндық моделінің компоненттерін, өлшемдері мен көрсеткіштерін және олардың мәнін анықтап алуды жөн көрдік.

Осы орайда алдымен педагогикалық әдебиеттердегі өлшемдерді жіктеудің әртүрлі тәсілдеріне назар аударылады. Соның ішінде бірінші тәсіл мақсатқа жетудің деңгейін бағалаумен анықталады. Мұнда өлшемдер жалпы (мақсатты құрудағы талаптарды көрсетеді және соңғы нәтижелерді диагностикалау үшін қолданылады) және жеке деп (үдерістің нақты міндеттерін көрсетеді және аралық нәтижелерді талдауға қолданылады) бөлінеді. Екінші тәсіл – бағыттылығымен, қолдану әдістері және орнымен анықталады. Бұл тәсілде нәтижелердің сыртқы формасына қарай көрінуімен байланысты өлшемдер (когнитивтілік); әрекеттің түрін анықтау өлшемдері (іс-әрекеттік және т.б.) және нәтижелердің жасырын түрде көрінуімен байланысты өлшемдер (мотивациялық-қажеттілік; тұлғалық сапалары; эмоционалдық-құндылық және т.б.) айқындалып белгіленеді.

Өлимелдер мен *көрсеткіштер* көптеген (процестердің) әдістердің, диагностикалық әдістердің, диагностикалық бағдарламалардың мазмұнын анықтайды. *Өлимелдер* - қандайда бір бағаны өлшеу, белгілерінің айырмашылығы болса, *көрсеткіш* - жекелеген сапалық және сандық критерийлердің сипаты бола алады. Мәселен: білім - критерий болса, оның көрсеткіші - жоғары, фрагментті немесе терең жүйелі білім.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде «өлшем» терминінің біртұтас анықтamasы кездеспейді. Шетелдік сөздікте *өлимелдер* сөзі (латын тілінен аударғанда – «критериум» – салыстыру) жеткен нәтижелер салыстырылатын эталондық көрсеткіш, яғни бір нәрсенің жіктемесі немесе анықтamasы, абстракцияның негізіне сүйеніп жүргізілетін баға, бағаның өлшемі ретінде түсіндіріледі. Біздің пікірімізше, өлшемдер құбылыстың сапалық жағын өлшеуші болып табылады. Осыған орай «өлшеу» белгілі бір деңгейде абстракциялық түрғыда жүзеге асырылады, ал бастауыш сынып оқушыларының еңбек әрекетіндегі тәжірибесінің күрылымын анықтайтын өлшемдерді нақтылауға мүмкіндік берді. Көрсеткіштер динамикалық немесе статистикалық болуы мүмкін.

Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығының дамуы қажетті білім, білік, дағдының негізінде психологиялық және физиологиялық ерекшеліктердің жиынтығын анықтайды. Ол болашақ кәсіби іс-әрекетіндегі табыстылық өлшемдеріне (сыртқы және ішкі) байланысты. Сыртқы өлшем қоғамдық (әлеуметтік) бағалауды көрсетеді. Ал ішкі өлшем өзін-өзі реттеу үрдісінің өнімі болып табылады. Олар сыртқы өлшемді, сырттан қойылатын талаптарды, субъектінің ниетін, талабын, қойылған мақсатты іске асырудың психикалық және физикалық мүмкіндіктерін көрсетеді.

Сондықтан объективті табыстылық өлшемдері (адам және оның іс-әрекеті) ретінде психологиялық сипаттамалары (адамның белсенділік қабілеті, мотивациялық саласының даму дәрежесі, Мен-тұжырымдамасының дамуы және оның құраушылары) да қарастырылуы тиіс.

Ғылыми әдебиеттерде сыртқы өлшемдер объективті, ал ішкі субъективті ретінде анықталады. Табыстылықтың субъективті өлшемі іс-әрекетті өзіндік реттеудің маңызды буыны, оның көмегімен адам алынған нәтижені бағалайды, қойылған мақсатты жүзеге асыруда сыртқы объективті талаптармен өзінің қызығушылығын, психикалық және физикалық мүмкіндіктерін ескереді. Табыстылықтың субъективті өлшемдерінің реттеу қызметі нақты және жоспарланған нәтижелер арасындағы шекараны құрумен байланысты.

Көптеген ғалымдар объективті және субъективті өлшемдерді ажыратудың қажеттілігін ашып көрсетеді.

Сонымен еңбек (кәсіби) іс-әрекет шенберінде *табыстылықтың сыртқы өлшемдері*, әрекеттің тиімділігіне жатады: іс-әрекет нәтижесінің болуы немесе болмауы; адам жасағанның сапасы, еңбек жылдамдығы, еңбектің нәтижелілігі, әріптермен нәтижелі және тиімді әрекеттесу, ғылымның дамуына үлес қосу, адамның басқа адамдар үшін маңызы, марапаттың саны мен саласының болуы, т.б. жатқызылады.

Іс-әрекет саласына байланысты *объективті табыстылықтың өлшемдеріне*: іс-әрекетте субъектінің қажеттілігінің қанғаттандырылуы; еңбек жолының дамуына қанағаттану дәрежесі жатады.

Қоғамдағы (әлеуметтік орта) іс-әрекет саласына қолайлы әрекеттің тиімділігі мен табыстылығының өлшемі қоғамдағы орны, әсер ету мүмкіндігі болып табылады. Еңбек (кәсіби) іс-әрекет саласында табыстылық өлшемі ретінде психологиялық сипаттамасы: сол және басқа саладағы адамның белсенділік қабілеті; мотивация саласындағы даму дәрежесі; «Мен – тұжырымдамасы» дамуы және оны құраушылар; тұлғаға тән бағыттылық жетістікке мотивация, құндылық, коммуникативті дағдылар, когнитивті қабілеттер, эмоцияны бақылау біліктілігі.

«Қоғамның» (әлеуметтік қоршау, әлеуметтік орта) іс-әрекет саласындағы табыстылық өлшемі (адам немесе оның іс-әрекеті) ретінде психологиялық сипаттамасы қарастырылады: мақсаттылық, сенімділік, коммуникабелділік, өзін дамыту ниеті, жауапкершілік, қанағаттану, өзін-өзі таныту, өзін-өзі тиімділендіру.

Сондықтан жалпы қабыданған талаптарға сай болашақ бастауыш сыйнып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытуда келесі компоненттердің өлшемдерін және көрсеткіштерін қарастырамыз.

Түрткілік-еріктілік компоненті болашақ бастауыш сыйнып мұғалімінің әлеуметтік табыстылық құрылымының әлеуметтік ұстанымын сипаттайты. Бұл компонент студенттің табысты әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетке әлеуметтік-кәсіби-тұлғалық дайындығын қалыптастыру, студенттің субъектілі қызметтерін кеңейтуді, оларды өзін – өзі үйымдастыру және өзін-өзі басқарудың әртүрлі формасына белсенді қатыстыруды қамтамасыз ететін білім беру үрдісін субъектілі бағдарлық басқаруды анықтайты. Болашақ бастауыш сыйнып мұғалімдерінің табысты әлеуметтік бейімделуі, қалыптасқан әлеуметтік ұстанымы өлишемінің көрсеткіштері: мақсатқа жетудегі тұлғаның сұранысы; өзінің қоры мен мүмкіндіктерін жете ұғынуы, оларды қазіргіден болашаққа жылжу үшін жұмылдыруы; іс-әрекеттің әр түрінде табысқа жетуге ұмтылуы; болашақ маманның енбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілік мінез-құлқына нақты қажеттілігінің болуы.

Процессуалдық- іс-әрекет компоненті білім беру мақсатына қол жеткізу үшін студенттер іс-әрекеті түрлерінің бірлігі ретінде мақсатты үйымдастырылатын және педагогикалық үйлестірілген білім беру үрдісін талқылауды қажет етеді: оқу әрекеті; кәсіби-оқу әрекеті; ғылыми-зерттеу әрекеті; оқудан тыс әрекеті; әлеуметтік-мәдени іс-әрекеті. Болашақ бастауыш сыйнып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын ішкі әрекет үрдісінде жүзеге асырылатын әлеуметтік ортамен қарқынды, саналы өзара әрекеттесуге бағытталған әлеуметтік-мәнді әрекеттерінің жиынтығы сипаттайтын әлеуметтік белсенділік өлишемінің көрсеткіштері: әлеуметтік табыстылықты талдау, рефлексиялау және бағалау мен өзіндік бағалауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін білім, білік, сапалар жиынтығы; мүмкіндіктер кеңістігін талдау; ұлгілік жағдаяттарды талдау; іс-әрекет нәтижелерін мойындау.

Рефлексивтік-бағалау компонентінің ерекшелігі іс-әрекеттің алуан түрлі формасында жүзеге асырылатын, оның мазмұнын студенттің тұлғалық менгеруін қамтамасыз ететін дайындықтың тұлғалық-бағдарлық бағыттылығын сипаттайты. Болашақ бастауыш сыйнып мұғалімдерінің тұлғалық табыстылығы және әлеуметтік сапаларының қалыптасуы, жетістігінің жоғары мотивациясы өлишемінің көрсеткіштері: іс-әрекет мазмұнын, оларды жүзеге асыру технологияларын анықтаудағысының болуы; әлеуметтік ортада қызығушылығын қорғау біліктілігі; мәселені стандартты еме шешуге даярлығы; осы бағытта білім алу әрекетінің әлеуметтік ақпараттық-көздерін жинау және өндөу біліктілігі.

Сонымен бастауыш сыйнып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығы тұлғалық қанағаттануды және әлеуметтік мойындауды, өзін-өзі табысты танытууды қамтамасыз ететін әлеуметтік ұстаным, тұлғалық табыстылық, әлеуметтік белсенділік компоненттерінің тұтастық-жүйелілік, мазмұндық-мәнділік бірлігінен тұрады.

Қарастырылып отырылған мәселе бойынша философиялық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді және практиканы талдау болашак бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылық компоненттерінің сипаттамаларын ашуға негіз болады: *әлеуметтік ұстаным* (студенттің өзін-өзі танытуына мүмкіндік беретін қарым-қатынастар жүйесі); *әлеуметтік белсенділік* (нәтижесі әлеуметтік мойындау болып табылатын іс-әрекеттік қатынас жүйесі); *тұлғалық табыстылық* (студент жастардың тұлғалық қанағаттануы);

Осы орайда болашак бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың мазмұндық-құрылымдық үлгісіне алынған өлшемдерге (әлеуметтік ұстаным, әлеуметтік белсенділік, тұлғалық табыстылық) тереңірек тоқталуды үйірді.

Әлеуметтік ұстаным іс-әрекетті іске асыруға әлеуметтік мақсаттың қалыптасуын, нәтижесінде ортаның жағдайына табысты әлеуметтік бейімделу өтетін, өзін-өзі таныту мүмкіндігіне ие болуын көрсетеді.

Әлеуметтік белсенділік әлеуметтік-маңызды әрекеттердің жиынтығы, әлеуметтік ортамен саналы, қарқынды әрекеттестікке бағытталған нәтижесі студент жастарды әлеуметтік мойындау болып табылады.

Тұлғалық табыстылық жетістіктің жоғары мотивациясын бейнелейді, нәтижесінде студенттің тұлғалық және әлеуметтік қасиеттері қалыптасады, іс-әрекет тұлғалық қанағаттануға алып келеді.

Соның ішінде рефлексивті – іс-әрекет болашак бастауыш сынып мұғалімдері өзіндік талдау кезінде байқалатын өзіндік жеке дара ерекшеліктерін тануына мүмкіндік туғызады. Ал рефлексия нәтижесі міндеттерді шешу тәсілдерін түсіну, ол мақсатпен тікелей байланысты.

Рефлексия болашақ маман ретінде студенттердің тұлғалық сапаларын және өзіндік даму бағытын айқындауы, әлеуметтік табыстылығын дамытуға бағытталған іс-әрекетте ішкі ресурстары мен әлеуеті арқылы ой қорытуы болып табылады. Біздің эксперименттік тәжірибемізде ол ұжымдық, жеке тұлғалық жағдайда ұйымдастырылып отырылды.

Кесте 6 – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың өлшемдері, көрсеткіштері және оны бағалау әдістемесі

Өлшемдері	Көрсеткіштері	Әдістемесі
Әлеуметтік ұстаным	<ul style="list-style-type: none"> - іс-әрекет мазмұнын анықтау және оны жүзеге асыру технологиясын білу дағдысы; - әлеуметтік ортада қызығушылықтарды корғау білігі; - мәселелерді стандарттан тыс шешуге даярлығы; - әлеуметтік ақпаратты (білім алу әрекетінің көздері) жинау және өндөу дағдысы. 	<p>«Тұлғаның мотивациялық құрылымының диагностикасы» (В.Э.Мильман)</p> <p>- «Тұлғаның табысқа жетудегі түрткісін диагностикалау» әдістемесі (Т.Элерс)</p>

Кестенің жалғасы

1	2	3
Әлеуметтік белсенділік	<ul style="list-style-type: none"> - мүмкіндіктер кеңістігін талдауы; - әлеуметтік табыстылықты бағалау және өзіндік бағалау, талдау мен рефлексия жасауға мүмкіндік беретін білім, білік, сапалар жиынтығы; - үлғілік жағдаяттарды талдауы; - іс-әрекет нәтижелерін мойындауы. 	<ul style="list-style-type: none"> - «Студенттердің ЖОО-дағы окудан тыс әрекетке қатынасын анықтауға» арналған тест-сауалнама; «Жеке тұлғаның креативтілігін диагностикалау тесті» (Е.Е.Туник)
Тұлғалық табыстылық	<ul style="list-style-type: none"> - тұлғаның түпкі мақсатқа жетуғе қажеттілігінің болуы; - бүгінгі мен болашаққа жылжу үшін өзінің коры мен мүмкіндіктерін жете ұғынып, жұмылдыра білуі; - түрлі іс-әрекетте табысқа жетуғе ұмтылысының болуы; - болашақ маманның еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілік мінез-құлқына нақты қажеттілігінің болуы. 	<p>«Кәсіби табыстылықтың мұғалімнің кәсіби-тұлғалық қасиеттеріне тәуелділігі» диагностикалық картасы (Т.В.Морозова).</p>

Кестеде көрсетілген әдістемелердің көмегімен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың өлшемдер мен көрсеткіштері эксперименттік-тәжірибе барысында деңгейлерін анықтауға мүмкіндік берді.

Жоғарыдағы аталған өлшемдер бойынша іс-әрекеттің табыстылығы субъектінің (өзін-өзі бағалауы), қоршаған ортаның (әріптер, кәсіби қауымдастық мүшелерінің, эксперttік бағалауы) бағалауы бойынша жүзеге асырылады. Ол болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту дәрежесін сипаттайтын неғізгі өлшемдері оған сәйкес келетін көрсеткіштерін анықтауға мүмкіндік берді.

Осылардың неғізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту *деңгейлері* (*төмен, орта, жоғары*) анықталды. Ендігі кезекте үш деңгейге сипаттама беріледі.

Төмен деңгей: мақсатқа жетудегі тұлғаның сұранысы төмен; өзінің коры мен мүмкіндіктерін жете ұғынбайды, оларды қазіргіден болашаққа жылжу үшін жұмылдыра алмайды; іс-әрекеттің әр түрінде табысқа жетуғе ұмтылмайды; болашақ маманның еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілік мінез-құлқы қалыптаспаған. Іс-әрекет мазмұнын, оларды жүзеге асыру технологияларын анықтау дағдысы қалыптаспаған; әлеуметтік ортада өз қызығушылығын қорғай алмайды; мәселені стандартты еме шеше алмайды; осы бағытта білім алуда әлеуметтік ақпараттық-көздерді өз бетімен жинап, өндей алмайды. Әлеуметтік табыстылықты өздігінен талдап, рефлексиялай алмайды және бағалау мен

өзіндік бағалауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін білім, білік, сапалар жиынтығы төмен қалыптасқан; мүмкіндіктер кеңістігі мен ұлгілік жағдаяттарды талдай алмайды; іс-әрекет нәтижелерін мойындаиды.

Орта деңгей: мақсатқа жетудегі тұлғаның сұранысы орташа; өзінің коры мен мүмкіндіктерін жете үғынады, бірақ оны ескере бермейді, оларды қазіргіден болашаққа жылжу үшін сирек жұмылдырады; іс-әрекеттің әр түрінде табысқа жетуге оқытушының көмегімен ұмтылады; болашақ маманың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілік мінез-құлқы қалыптасқанмен, оны көрсете бермейді. Ис-әрекет мазмұнын, оларды жүзеге асыру технологияларын анықтау дағдысы қалыптасқан; әлеуметтік ортада өз қызығушылығын барлық уақытта қорғай алмайды; мәселені стандартты еме тұрғыдан сирек шешеді; осы бағытта білім алуда әлеуметтік ақпараттық-көздерді өз бетімен жинағанымен, өндей алмайды. Әлеуметтік табыстылықты өздігінен сирек талдап, рефлексиялайды және бағалау мен өзіндік бағалауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін білім, білік, сапалар жиынтығы орташа қалыптасқан; мүмкіндіктер кеңістігі мен ұлгілік жағдаяттарды талдауы орташа, іс-әрекет нәтижелерін кейде ғана мойындаиды.

Жоғары деңгей: мақсатқа жетудегі тұлғаның сұранысы жоғары; өзінің коры мен мүмкіндіктерін жете үғынады, оларды қазіргіден болашаққа жылжу үшін толық жұмылдырады; іс-әрекеттің әр түрінде табысқа жетуге ұмтылады; болашақ маманың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілік мінез-құлқы қалыптасқан. Ис-әрекет мазмұнын, оларды жүзеге асыру технологияларын анықтау дағдысы қалыптасқан; әлеуметтік ортада өз қызығушылығын барлық уақытта қорғай алады; мәселені стандартты еме шешеді; осы бағытта білім алуда әлеуметтік ақпараттық-көздерді өз бетімен жинап, өндейді. Әлеуметтік табыстылықты өздігінен талдап, рефлексиялайды және бағалау мен өзіндік бағалауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін білім, білік, сапалар жиынтығы қалыптасқан; мүмкіндіктер кеңістігі мен ұлгілік жағдаяттарды тереңірек талдай алады; іс-әрекет нәтижелерін мойындаиды.

Әлеуметтік табыстылық құрылымын білім, білік және дағды, сонымен бірге құнделікті өмірде оны іске асыруға дайындығы құрайды. Сондықтан әлеуметтік табыстылық құрамы бейімділік және автономдылық, әлеуметтік белсенділік және жауапкершілік, өнімділік және әрекеттің аяқталмауынан тұрады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері ретінде студент жастардың әлеуметтік табыстылығының сипаттамасына: маңызды әрекетте жақсы нәтижеге жетуге ұмтылу; қоғамдық орын, бедел және қоршаған ортаға ықпал етуге талпыну; өзінің жетістігін қоғамның мойындауы, танымалдық, өзінің тұлғасына көніл бөлуі және айналадағылардан қолдау табуы жатады.

Зерттеуімізде дайындаған моделдің құрылымындағы компоненттер (тұртқылтік-еріктілік, процессуалдық - іс-әрекеттік, рефлексиялық - бағалау) мазмұнға сәйкес өлишемдерін, атап айтқанда, әлеуметтік үстаным (студенттің өзін-өзі танытуына мүмкіндік беретін қарым-қатынастар жүйесі);

әлеуметтік белсенеңділік (нәтижесі әлеуметтік мойындау болып табылатын іс-әрекеттік қатынас жүйесі); *тұлғалық табыстылық* (студент жастардың тұлғалық қанағаттануы); оны сипаттайтын *көрсеткіштерін* (болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің табысты әлеуметтік бейімделуі, ішкі әрекет үрдісінде жүзеге асырылатын әлеуметтік оргамен қарқынды, саналы өзара әрекеттесуге бағытталған әлеуметтік-мәнді әрекеттерінің жиынтығы, тұлғалық және әлеуметтік сапаларының қалыптасуы, жетістігінің жоғары мотивациясы) эксперименттік-тәжірибе жұмысымызда дәлелдеуді талап етеді.

Жоғарыдағы айтылғандарды зерделей келе, модель (ұлғі) объектінің немесе құбылыстың белгілі бір женілдетілген кестелер көрінісі болып табылса, ал ұлғі жасау процесі ерекше таным тәсілі, яғни жүйе зерттеу объектісінің ұлгісінде көрініс табады.

Қорыта келгенде, болашақ бастауыш сынып мұғалімдері ретінде студент жастардың әлеуметтік табыстылығын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделінің тұртқілік-еріктілік, процессуальдық-іс-әрекеттік, рефлексиялық-бағалау компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері, жоғары, орта, төмен деңгейлері анықталды.

Бірінші бөлім бойынша тұжырым

Бірінші бөлімде жүргізілғен зерттеу тәмендегідей тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді:

1. Зерттеу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту мәселенің өзектілігі: болашақ мамандарды біріншіден, әлеуметтік өмірдің жаңа талаптарына (әлеуметтік және кәсіби мобилділік, азаматтық сәйкестік, жалпымәдени және арнайы құзыреттілік, тұлғалық белсенділік және әлеуметтік табыстылық) бағыттауға; екіншіден, білім беру стратегиясының дербес табысты іс-әрекетке, кәсіби мансапты (карьера) құруға бағдарлануына; үшіншіден, жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайда білім беру мекемелерінің тәрбиелік жұмыстарын жетілдіруге, болашақ маман ретінде студентті әлеуметтік-мәдени іс-шараларға тартуына байланысты айқындала түседі. Ол болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытуудың әдіснамалық-теориялық негіздерін анықтауға негіз болды.

2. Қарастырылып отырылған мәселеи зерттеуен философиялық, психологиялық және педагогикалық ғылыми еңбектерге жасалған жан-жақты талдау бұл күрделі құбылыстың көпжактылығын көрсетеді. *Әлеуметтік табыстылық* күрделі құбылыс ретінде мазмұны жағынан бірін-бірі толықтыратын «табыс», «табыстылық» ұғымдарымен бірғе қарастырылатыны анықтадды. Себебі, табыс кез келген іс-әрекеттің мақсаты, табыстылық - іс-әрекет үрдісінің сипаттамасы болып табылады. Әлеуметтік табыстылық мазмұны адамның қоғамға қажеттілігімен, оның мүмкіндітерінің қоғамның дамуының ерекшеліктеріне және сұранысына сәйкес келуімен анықталады.

Зерттеуімізде зерделенғен тұжырымды ойлар бұл феноменниң қазіргі қоғам үшін өзінің салыстырмалы түрдегі жаңашылдығымен ерекшеленетінін көрсетеді. Сондықтан әлеуметтік табыстылық ұғымы әлеуметтік белсенділік, әлеуметтік кемелдену, әлеуметтік көзқарас, әлеуметтік бағдар, әлеуметтік мақсат, әлеуметтік бейімделу, әлеуметтік шығармашылық, әлеуметтік жауапкершілік, әлеуметтік оптимизм және әлеуметену ұғымдарымен тығыз байланыста қарастырылады.

Сондықтан теориялық талдау нәтижесінде «әлеуметтік табыстылық» ұғымының философиялық, психологиялық-педагогикалық, федонистік, аскеттік, интегративтік, субъектілік-объектілік категория ретінде қарастырылатыны анықталды. Осы категориялардың ішінде зерттеуіміз үшін әлеуметтік табыстылықтың интегративтік категория ретіндегі құрылымы маңызды болып саналады. Біздің пікірімізше, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің әлеуметтік табыстылығы тұлғаның әлеуметтенудің өзегін құрайтын, әлеуметтік маңызды мәртебе жетістігінің белгілі деңгейін, өз өмірінің әлеуметтік-құнды стратегиясын моделдеу біліктілігін, еңбек нарығында бәсекеғе қабілеттілікке дайындығын және қоғам өмірінің сапасын көтеруғе бағытталған тиімді кәсіби іс-әрекетін қамтиды. Демек әлеуметтік табыстылық әлеуметтік ұстаным,

әлеуметтік белсенділік, тұлғалық табыстылық құрауыштарының жиынтығы болып табылады.

3. Зерттеуімізде болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту мәселесін зерттеудің әдіснамалық тұғырлары бөліп көрсетіледі: тұлғалық бағдарлық, әлеуметтік-мәдени, орта, әлеуметтік-мәдени орта, акмеологиялық, іс-әрекет, аксиологиялық, құзыреттілік. Сонымен қатар қағидалары, атап айтқанда, іс - әрекет субъектісі ретінде жеке тұлғаның белсенділік қағидасы, рефлексиялық басқару және өзін-өзі басқару қағидасы, ізгілік қағидасы, өз әрекетін үйымдастыру қағидасы, сана мен әрекеттің бірлігі қағидасы, жеке тұлғаның әлеуетін дамыту қағидасы, білім беру ортасында адам ресурстарын басқарудың ғылыми қағидасы, әлеуметтік-коммуникативтілік бағыт қағидасы анықталды. Бұл болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын қазіргі заманғы қоғамның жаңа талаптары мен динамикалық өзгерістері жағдайын ескере отырып, жоғары оқу орны жағдайында оқу және оқудан тыс әрекеттерде студенттің жеке дара әлеуетін толық ашуға мүмкіндік беретін маман тұлғасының интегралды қасиеті ретінде қарастыруға мүмкіндік берді.

4. Әлеуметтік табыстылық тұлғаның басқа адамдарға және өзіне деген қатынасының негізі болып табылатын әлеуметтік қажетті мәртебеге ие болуға жағдай жасайтын әлеуметтік байланыстар мен қарым-қатынастардың жүйесіне тұлғаның толықтай қосылуына мүмкіндік беретін ерекшеліктер деп түсіндіріледі. Соңықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың түрткілік-еріктілік, процессуальдық - іс-әрекеттік, рефлексиялық - бағалау компоненттері бірлігінде құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді. Компоненттердің мазмұнына сәйкес өлшемдері, атап айтқанда, әлеуметтік ұстаным өлшемі - студенттің өзін-өзі танытуына мүмкіндік беретін қарым-қатынастар жүйесін; әлеуметтік белсенділік өлшемі-нәтижесі әлеуметтік мойындау болып табылатын іс-әрекеттік қатынас жүйесін қамтыса, ал тұлғалық табыстылық өлшемі студент жастардың тұлғалық қанағаттануына мүмкіндік береді. Сонымен бірге болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің табысты әлеуметтік бейімделуін, ішкі әрекет үрдісінде жүзеге асырылатын әлеуметтік ортамен қарқынды, саналы өзара әрекеттесуге бағытталған әлеуметтік-мәнді әрекеттерінің жиынтығын, тұлғалық және әлеуметтік сапаларының қалыптасуын, жетістігінің жоғары мотивациясын сипаттайтын көрсеткіштері, оның көрінуне қарай деңгейлері (жоғары, орта, төмен) анықталды.

5. Қорыта келгенде, табыстылық мәселесі үш тұрғыдан: индивидтің өзіндік әрекеті мен күші нәтижесінің көрсеткіші ретінде; тұлғаның әлеуметтік байланыстар мен қатынастардағы өзіндік орнының көрсеткіші ретінде; болашақ маманың әлеуметтік іс-әрекеті контекстінде кәсіби табыстылығы ретінде зерттелінген. Бұл әлеуметтік табыстылықты болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби қалыптасуының маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастыру қажет деп тұжырымдауымызға мүмкіндік береді.

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТАБЫСТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ МАҚСАТЫНДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛК-ЭКСПЕРИМЕНТТЕК ЖҰМЫС МАЗМҰНЫ

2.1 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың жүйесі

Аталмыш тарауда біз, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың жүйесін қарастыруды жөн көрдік. Осы орайда жүйе ұғымының бөліктерден құралған тұтастық, бір-бірімен қарым-қатынаста және байланыста болатын, сөйтіп белгілі бір тұтастық, бірлестік құратын көптеген құрамдас бөліктер жиынтығы деген мағынасына мән беріледі.

Жүйенің әлеуметтік сипаты бар, ол өзара әрекеттесетін бөліктерден құралады, ішкі құрылымы деңгейлерінің иерархиялық сипатын және қоршаған ортамен байланысын көрсетеді. Жалпы жүйе бір-бірімен тығыз байланысқан компоненттерден тұрады

Ғалымдар (А.Ф. Каптерев, М.А. Данилов, Н.Д.Хмель және т.б.) біртұтас педагогикалық үдерісті оқыту мен тәрбиенің бірлігі, құрделі жүйе ретінде қарастыра отырып, педагогикалық үдерісті сауатты ұйымдастыру үшін мұғалім оның теориялық негіздерін түсініп, мақсаты мен міндеттерін, мазмұнын, құралдары, формалары және әдістерін, тәсілдерін ажыраты білуі керек. Құралдары формалар мен әдістер педагогикалық үдеріске қатысушылардың іс-әрекетінің қозғауши күші болып табылады, соның арқасында жеке тұлғаның қалыптасуы жүзеге асады деп тұжырымдайды. Тұтас педагогикалық үдерісті ұйымдастыру формалары әдістер мен әдістемелік тәсілдер арқылы жүзеге асады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың жүйесін жасауда жоо-дағы оқудан тыс іс-әрекеттердің негізгі міндеттеріне назар аударылды:

- адамгершілік, рухани және мәдени құндылықтарды, қоғамдағы этикалық нормалар мен мінез-құлық тәртібін, талаптарды қалыптастыру;
- азаматтық ұстаным мен патриоттық сана-сезімді, құқықтық және саяси мәдениетті қалыптастыру;
- тиімді кәсіби іс-әрекет үшін қажетті тұлғалық-әлеуметтік қасиеттерді қалыптастыру;
- өзін-өзі басқарудың әр түрлі формаларын қолданумен ұжымды басқару біліктілігіне дағыландыру;
- тұлғасын өзіндік анықтауға, өзін-өзі танытуына және іс жүзінде өзін-өзі көрсетуіне мүмкіндік беретін шығармашылық, интеллектуалды, мәдени қарым-қатынас ортасын құру.

Осы міндеттерді шешу үшін оку мекемесіндегі кәсіби дайындаудың өзіндік ерекшеліктерін, оның дәстүрін және бітіруші түлектерге қойылатын талаптарын ескере отырып, оқудан тыс жұмыстар жүйесі дайындалады.

Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығының алғашқы тәжірибесін қалыптастыруға мүмкіндік беретін ЖОО-дағы оқудан тыс жұмыстың құрылымнан келесі бағыттарды бөліп көрсетуге болады:

- танымдық- шығармашылық жұмыстар (үйірмелер, клубтар, әртүрлі бағыттағы шығармашылық ұжымдық жұмыстар);
- қоғамдық жұмыстар (студенттік қенес, кәсіподақ ұйымдары, волонтерлік, т.б.);
- спорт (спорттық және дене-мәдени-сауықтыру клубтары, секциялар, жалпы жоғары оқу орнындағы спорттық іс-шаралар);
- ғылыми жұмыстар (ғылыми үйірмелер, ғылыми студенттік қауымдастық, ғылыми жобалар, т.б.).

Соңғы жылдары студенттердің оқудан тыс жұмыстарының негізгі бағыттарының бірі оларды қоғамдық іс-әрекеттерге қатыстыру бағдарламасын дайындау және іс жүзінде жузеге асыру болып табылады. Оның ішінде студенттік өзін-өзі басқаруда, әсіресе, «Жас Отан» жастар қанаты арқылы қоғамдық жастар ұйымдарымен байланыс орнату және оны дамыту, жас таланттардың жетістіктерін, яғни табыстарын кеңінен насиҳаттау жұмыстары алға қойылғанын ерекше атап өтүге болады.

Сондықтан әлеуметтік табыстылықтың ішкі тұластығын ескере отырып, диагностикалауда болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне тұлғалық білім беру мәселесіне, оның парадигмаларына мән берілді.

Жоғары оқу орнында болашақ бастауыш сынып мұғалімдері оқу-тәрбие үдерісінің объектісі, әрі субъектісі болғандықтан, оның әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін, ниет-тілектері мен талаптарын жете білмейінше, қазіргі заман талabyна сай мамандарды ойдағыдай даярлау және олардың әлеуметтік табыстылығын қалыптастыру мүмкін емес. Бұл тұжырымның болашак бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда маңызы зор, себебі, бұл шақта студент кәсіби және тұлғалық тұрғыдан қалыптасады.


Тұлғаның әлеуметтік табыстылығының мәні тұлғаның әлеуметтік топта немесе қауымдастықта өзін-өзі танытуына мүмкіндік беретін қабылдауды саналы түсінуі немесе жете ұғынбауымен анықталады. Топтың таңдауы кездейсоқтық емес. Ол тұлғалық және топтық құндылықтардың ұқсастығы және табысқа жетудің тәсілдері туралы түсініктермен жүзеге асырылады.

Зерттеу барысында болашақ бастауыш мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытуды студенттік өмір жағдайларында қамтамасыз етүге мүмкіндік беретін жоғары оқу орнының тәрбие жүйесінде негізіне алынуы керек екендігіне де мән берілді.

Жоғары оқу орнында оқыту мен тәрбиелеу біртұтас педагогикалық үдеріс ретінде жоғары білімді әрі тәрбиелі, эрудитті, мәдениетті, шығармашылықпен ойлайтын маманды даярлауға бағытталған тұлғаны әлеуметтендіру институтының ең маңыздысы болып табылатыны белгілі.

Жоғары оку орнының тәрбиелік іс-әрекеттерін бағалаудың заманауи түрғысының ерекшелігі тәрбие үдерісін жүйелі ұйымдастыру және бұл жұмыстың тиімділігін қамтамасыз ететін қажетті факторлардың тұтас кешенін бөліп корсету болып табылады:

- студенттердің өзін-өзі басқаруы;
 - студенттердің әлеуметтік-тұлғалық құзыреттіліктерін дамыту;
 - студенттердің еріктілік қозғалысын ұйымдастыру;
 - студенттік ғылыми қауымдастық жұмысын жандандыру (жыл сайын дәстүрлі отілетін ғылыми-практикалық конференция);
 - студенттерге қолдау корсету (әлеуметтік, психологиялық, т.б.).
- Осы орайда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту жүйесі оның кәсіби іс-әрекетінің құрылымы, олардың мазмұндық сипаттамасы ашып көрсетіледі (8- сурет).



Сурет 8 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту жүйесі

Суретте көрсетілгендей, болашак бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік-кәсіби іс-әрекеті әдістемелік тұрғыдан екі параметрлермен сипатталады:

I. Бастауыш сынып мұғалімінің әлеуметтік табыстылығын дамытудағы кәсіби іс-әрекетінің мазмұны:

1) мәселелер (міндеттері), яғни мұғалімнің оқушыларды Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының жаңа жағдайына өз бетімен өмір сүруі мен енбекке дайындаудың байланысты бірізділікпен шешетін міндеттері;

2) қызметтері – мұғалімнің негізгі атқаратын міндеттеріне корытынды сипаттама;

3) тұрлери – міндеттерді шешу мен қызметтерді жүзеге асыруға қатысты іс-әрекеттер;

4) мұғалімнің мәселені шешуде қолданатын тәсілдері мен құралдары.

II. Әлеуметтік табыстылығын дамыту әрекетінің тиімділігін қамтамасыз ететін құралдар (тәжірибе, іс-әрекет, тұлғалық қасиеттері):

1) білімі;

2) педагогикалық біліктілігі мен дағдысы, құзыреттілігі;

3) іс-әрекеттің жоғары табыстылығына мүмкіндік туғызатын тұлғалық қасиеттері.

Бұл компоненттер мен нақты құрайтын параметрлердің барлығы бір-бірімен тығыз байланысты. Әрбір параметр алуан тұрлі деңгейде ашып көрсетіледі, жүйе талаптарға сәйкес келеді.

Сонымен қатар бұл жүйе бойынша болашак бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту үшін интербелсенді әдістерді пайдалану маңызды. Ол мынадай жұмыс тұрлери мен әрекеттер арқылы жүзеге асырылады:

- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, сыныптық);
- жеке және бірлескен ізденіс пен зерттеу жұмыстары;
- жағдаяттық және рөлдік, іскерлік, дидактикалық ойындар;
- ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, Интернет, құжаттар, мұражай, мамандармен кездесу және т.б.),
- шығармашылық жұмыстар және т.б.

Жағдаяттық рөлдік ойындарда тәрбиленуші сан алуан әлеуметтік өзара әрекеттесу үлғісінде әртүрлі рөлдерге қатыса отырып, әлеуметтік қатынастар саласында құзыретті болады, бірақ жарысу және ынтымақтастық, жену және женілу тәжірибесін менгереді. Мұнда өзара әрекеттесуде бір жағынан, субъект есебінде білім алушы (оқушы) жүреді, екінші субъекті ретінде мұғалім, басқа білім алушы, оқулық, статистикалық ақпараттар салынған компьютер немесе тікелей және білім алушымен қашықтықтан өзара әрекеттесетін басқа таңдауши жүреді.

Сондықтан болашак бастауыш мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту үшін таңдаап алынған іс-әрекет саласында тиімді болуға қабілеттілігі мен мүмкіндіктерін, өзіне сенімін арттыру қажет.

Ол болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту әдістемесінің бірегей түрлерін: жобалау зертханалары (ұжымдық-шығармашылық, әлеуметтік-мәдени жобаларды, бағдарламаларды құру және жүзеге асыру); өзіндік ұйымдастыру қызметтері, сараптамалық аландар, конструктивтік-рөлдік, пікірталастық ойындар, «мәселе-жағдай-шешім» (жағдай-жүйе, жағдай-қарама-қайшылық, тұрақсыз мәдени байланысы бар жағдайлар), «флеш-мобтар», ашық қонақжай бөлмелер, әдістемелік жетілдіру жәрменкелері, тыторлық және т.б. айқындауға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге ЖОО-да оқудан тыс іс-әрекетте болашақ маман ретінде студенттің әлеуметтік табыстылығын тиімді қалыптастыру үшін студентті маңызды қоғамдық істерге катыстыру; референттік топтар үшін студенттің әрекетін демонстрациялау; қоғамдағы алатын орны айқындалған ерекше тұлғаның студент тұлғасына әсерін, студенттің әлеуметтік ұстанымын алмастыру, жетекші мотивациясын есепке алу қажет.

Зерттеу барысында Г.В. Никишина, Л.И. Чуприянина жасаған табысты тұлғаның қасиеттерін қозғайтын теориялық талдау негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдері ретінде студенттердің әлеуметтік табыстылығын дамытуға әсер ететін сапаларды анықтаудың қажеттілігі туынады. Бұл жағдай олардың өз өмірін өзгертуге бағытталған әлеуметтік белсенділігін арттырудың, маман ретінде дайындаудың басты кепілі болып табылады.

Кәсіби іс-әрекет - адамның рухани және материалдық, жеке, қоғамдық қажеттіліктеріне жауап беретін, нәтижеге бағытталған адамның белсенді әрекеті. Кәсіби іс-әрекет құрамына жалпы әрекеттің құрамындағы мотивтер, мақсаттар, құралдар, әрекеттің тәсілдері мен түрлері, алынған нәтижелер мен өнімдер енеді. Кәсіби іс-әрекет осыған сәйкес адамнан кәсіби білімді, арнайы дағдылар мен кешенде біліктіліктерді және маңызды кәсіби сапаларды қажет етеді.

Кәсіби білім алу барысында тұлға өзін-өзі анықтауға, өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі тәрбиелеуге, өздігінен білім алуға, өзін-өзі іске асыруға және де өзін-өзі бағалауға тырысады. Бұл кезеңде тұлғаның келесі қасиеттерін зерттеу керек: құндылық бағдары, қызығушылықтары, қажеттіліктері, икемділіктері, қабілеттері, кәсіби бағыттылығы, кәсіби мақсаты мен кәсіпті таңдау мотиві, темпераменті, денсаулық жағдайы, т.б.

Сондықтан зерттеу барысында бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығына әсер ететін факторларды, соның ішінде, әлеуметтік табыстылықты дамыту үшін не істеу керек, бұл үрдістің мәнін қалай түсінеміз, әлеуметтік-мәдени іс-әрекет және т.б. сұрақтар туралы пікірлерін білу мақсатында арнайы диагностика мен әдістеме жасау қажеттілігі айқындалды.

Сонымен бірге тұлғаның әлеуметтік табыстылық салалары айқындалды: өзін-өзі танытуына мүмкіндік беретін саласы: оқу әрекеті, қоғамдық іс-әрекет, кәсіби іс-әрекет, бос уақыттағы іс-әрекеттер; тұлғалық қанағаттануын қамтитын саласы: әлеуметтік әрекеттестік (айналасындағы адамдармен, отбасымен қарым-қатынасы; әлеуметтік мойындалуына себепші болатын саласы: әртүрлі жағдаятта туындаған мәселелерді шешу.

Бұл бөлін көрсетілген әрбір салада тұлғаның әлеуметтік табыстылыққа жетуі тұтас біліктіліктер жүйесін менгерумен анықталады: оқу-тәрбие әрекеті, адамдармен өзара әрекет жасау; денсаулығына қамқорлық жасау; отбасылық өмірге дайын болу; мәселені шешу; мамандық бойынша өзін-өзі анықтауы, өзін-өзі танытуы.

Сондықтан зерттеу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік-мәдени іс-әрекетінің дәстүрлі және инновациялық формалары, олардың әлеуметтік табыстылықты дамыту көріністері сипатталады.

Кесте 7– Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік-мәдени іс-әрекетінің дәстүрлі формалары

Түрлері	Мәні	Әлеуметтік табыстылығын көрсетуі
Педагогикалық шеберлік мектебі «Өсу сатысы»	Іс-әрекетті, тәжірибе алмасу және талдаудың нәтижелерін іске асыру үшін қажетті білім, білік және дагдыны беру бойынша сабактар апта сайын үйимдастырылады	өзін-өзі жетілдіру; өзінің мәнін және бірегейлігін сезінуді менгеру; өзін-өзі реттеу; іс-әрекетті жүзеге асырудың жогары деңгейін жете үзгіну; т.б.
С.Д.Щегольдтің тренингі	Психологиялық-педагогикалық тапсырмалар, жаттыгулар, болжамды қызындықтарды шешу	шешім қабылдай білу; сөйлесу кезінде өз - өзін, эмоциясын ұстай білу; өз қызметінің нәтижелерін алдын ала болжау; т.б.
В.Караковский Өзекті істер	Дәстүрлі түрде жыл сайын орындалатын істер	шыдамдылық; өзін-өзі бақылауды үйрену; сөйлесу мәдениеті, тәртіп; т.б.
Түрлері	Мәні	Әлеуметтік табыстылығын көрсетуі
Б.Д. Эльконин П.Ф. Комогоров Рөлдік ойын	Белгілі әлеуметтік рөлдерді атқару, нәтижесінде әрекет арқылы заттармен жүзеге асырылатын адамдар арасындағы қатынасты құру	белгілі рөлде ойнай білу, оган берілу; дәлелдеу, өз пікірінде тұру тәжірибесін пайдалану; ойлаудың бейстандарттығы; жалпы ережелерге багыну; диалогқа үмтүлу; т.б.
Оқыту-әдістемелік жинақтар,	Тәжірибе алмасу, келешек жұмыстың болашагын анықтау, бірігіп жұмыс істеу	өзін-өзі таныту; мақсат қою және шешу жолдарын анықтай білу;
	жоспарларын және т.б. құру үшін түрлі бірлестіктердің өкілдерін кездесуді ұсынады	әлеуметтік жауапкершілікпен мәмілелеге келу
Мәдени-шыгармашылық істер (дәстүрлі қатарлық, оқигалық)	Бірлестік іс-әрекетін (Бірлестіктің туган күні, Түлектермен кездесу, Студент күні және т.б.) үйимдастыру мәдениетін сактау	қызметтің әлеуметтік маңызы және қогамдық пайдасы; әлеуметтік белсененділік; эмоциялық қарым-қатынас; т.б. өздігінен жоспарлау дагдылары

Кестенің жалғасы

1	2	3
С.Т. Огонек, А. Шацкий А.С.Макаренко, О. С. Газман	Жалпы талдау пікірін қалыптастыру таныстыру, талдау, сенімділік, әркімнің ойын сыйлау, ашық сұхбаттасу ұсынады	өз ойын мен сезімінді айта білу; рефлексия; басқаны тыңдай білу; әрекеттерді өздігінен жоспарлау; т.б.

Сонымен осындай тәрбиелік іс-шараларға болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін қатыстыру барысында іс-шараның қызмет мақсатын анықтау, ұйымдастыру, откізу және талдау дағдылары жетіледі.

Жоғары оқу орнында студенттердің әлеуметтік табыстылығын жетілдірудің тиімділігі жүмыстың дәстүрлі және бірегей түрлерін пайдалану арқылы артады. Онда оқу-тәрбиелік іс-шаралар қызметтің дәстүрлі түрлерінің негізінде студенттерге іс-шараның бірегей түрлерін ұйымдастыруға мүмкіндік беріледі.

Е.В. Титова қызмет түрлерін «белгілі педагогикалық (тәрбиелік және ұйымдастыру-тәжірибелік) мәселелерді шешуге бағытталған тәрбие үдерісіндеңі қатысуышылардың озара әрекет ету рәсімдерін, нақты актілерін, жағдайларын ұйымдастырудың белгіленген тәртібі» ретінде қарастырылуына [209].

Әдістеме түрлері ұжымның мақсатына бағдарланған, студенттердің мазмұнына, қызығушылықтарына және мүмкіндіктеріне сәйкес келеді. Қызметтің вариативті түрлерін тиімді жүзеге асыру кезінде әлеуметтік жетістігін дамыту үшін келесі маңызды қасиеттер жетілдіріледі: біліктілік, еңбексүйгіштік, білуге құмарлық, белсенделік, өзіне деген сенім, мейірімділік, бедел, мақсаттылық. Өзінің мәселесін жете ұғынуына, озара әрекеттестік, жағдаятты тандау, шешім қабылдау.

Кесте 8 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік-мәдени іс-әрекетінің инновациялық формалары

Формалары	Мәні	Әлеуметтік табыстылығын көрсетуі
Өзін-өзі ұйымдастыру қызметтері	Мәдени-шығармашылық акцияларды, нақты әлеуметтік-педагогикалық мәселені шешу бойынша бағдарламалар жобаларын жетілдіру және жүзеге асыру, белгіленген қындықтарды жоюға назарын бекіту	дербестік; жауапкершілік сезімі; бастапқылық; басталған істі аяғына дейін жеткізе білу.
Әдістемелік калейдоскоп	Жүзеге асырылатын қызмет шенберінде олжамен және әдістемелік тәсілдермен бөлісу (шебер-класстар, қонақ бөлмелері – басқа ұйымдар өкілдерімен кездесу, стендтік таныстырулар). Әдістемелік талдаулардың жәрменкесі – жеке, немесе	- жоғарғы әлеуметтік белсенделік; - әлеуметтік жауапкершілік; - өзін-өзі жетілдіруге талпыну, бастапқылық; - теориялық талдау және

1	2	3
	жұмыстың, бағдарламалардың жаңа түрлерін топтап жетілдіру, әдістемелік сипаттау және қорғау (түрлі деңгейдегі сайыстарда ұсыным жасау)	өндөу дағдылары; -жеке қызметін құрылымдау
Құрастыру-рөлдік, пікірталастық ойындар	Мәселелік жағдайлардан шығудың барлық жолдарын салыстыруды қажет ететін және нәтижелі шешім қабылдан, езінің қызметін құруды қажет ететін өнегелік тандау жағдайларында студенттерді кірістіруді болжайды	Шешім қабылдау дағдылары; Әлеуметтік рөлдерді нәтижелі қолдану.

Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту үдерісінде жоғарыда салыстырмалы айқындалған әлеуметтік-мәдени іс-әрекеттердің дәстүрлі және инновациялық формаларына тән қолданылатын әдістерге тоқталамыз:

Табысқа жету жағдайын құру әдісі. Табысқа жету жағдайы – тұлға жоспарланған нәтижесіне жететін, оны сәтті деп бағалайтын және оның тұлғалық әрі әлеуметтік маңызды табыс деп бастан кешіретін мақсатты бағыттауға құрылған. Тәрбие жетекшісінің мәселесі әр студентке табысқа жету куанышын бастан кешіруге, өз мүмкіндіктерін тануға, өзіне сенім артуға мүмкіндік беру болып табылады. Табысқа жету жағдайы тұлғаның қасиеттерін қалыптастыруға, өздігінен тандау жасауға, жеке даму келешегін құру әдістерін барабар әрі үнемді іздестіруге әсер етеді, өз қызметінің субъектісі болуға, жүзеге асыратын қызметінде өзінің «Мен» ұстанымын анықтауға және бекітуге мүмкіндік береді [46].

Жобалау әдісі. Тәрбие жетекші топ мүшелерінің алдында студенттерге қажетті әдістерді жинақтап, тәсілдерді менгерін, жобалау, шығармашылық тәжірибе жинақтап өздігінен шеше алатын әлеуметтік-маңызы бар мәселе қояды. Аталған тәсілді пайдалана отырып, тәрбие жетекшісі шығармашылық ізденіс жағдайын құрады, студенттерді белсенді қызметке тартады, бірлескен әсерленушіліктер жағдайын құрады.

Өз өзін басқару әдісі. Өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастыру нәтижесінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша студенттерге құқықтар мен міндеттерді табысталады, студенттердің дербестігі, бастамашылдығы дамиды, көшбасшылық ұстанымды кезең-кезеңімен қалыптастыру және әлеуметтік жауапкершілікке деген дайындық жетілдіре түседі.

Қызметті ашу әдісі. Әр қатысуышыға ұсынылған қызметте өзін қалыптастыруға, белгілі бір рөл атқаруға, өзінің мәнін анғаруға мүмкіндігі бар.

Ыңғайлы жағдайларды жасау әдісі. Бұл әдісте ыңғайлы жағдай жасау кезінде жастардың қызығушылығын арттыру және қызметін мадактау орын алады. ӘМҚ көптеген түрлері туралы барлық білімдер студенттердің өздерімен құрылады. Эмоционалдық-мағыналық жағдайға кірісе отырып, жастар өздігінен әлеуметтік маңызы бар мәселелерді қойып, өздері шешеді.

Қызметке белсенді қосылу әдісі. Қатардың барлық қатысуышыларын қызметтің варитативті түрлерінің жолымен (шығармашылық сайыстар, фестивальдар, концерттер, іскер, рөлдік ойындар, мәдени-шығармашылық істер, ойын-сайыстық бағдарламалар және т.б.), әлеуметтік белсенділікке орнауды қалыптастыру жолымен белсендіру.

Әлеуметтік шынықтыру әдісі. Жастарға күш салуды, жігерді, мінездік сипаттарды, тұлғаның әлеуметтік ұстанымын, қындықтарды бастан кешіру қабілеттілігін тәрбиелеуді, түрлі антиәлеуметтік топтарға тартылуға қарсы әлеуметтік иммунитетті, стресстерге қарсы орнықтылықты қалыптастыратын осы жеңістің белгілі тәсілдерін жетілдіруді талап ететін жағдайға кіріктіру.

Зерттеу әдісі. Тәрбие жетекшілері алдында жастар қажетті әдістерді жинақтап, ғылыми таным тәсілдерін менгеріп, ғылыми, шығармашылық қызмет тәжірибесін жинап, өздігінен шешетін танымдық мәселені қояды.

Модерация әдісі. Осы үдерісті алып жүретін – модератордың басшылығымен әдісі шешу кезінде өздігінен жұмыс істейтін студенттердің топтық қызметінің тәсілі болып табылады. Модерация студенттерге мәселенін мазмұнына тоқталып, мақсат бағытына сәйкес және тиімді әрекет етуге, әрқайсысы өздігінен жұмыс істеу кезінде ерікті және алқалы атмосферада неше түрлі мәселелерді, проблемаларды, жағдайларды қарастырып, шешуге мүмкіндік береді. Осы кезде әр қатысуышының құзыры, білімі мен жасампаз әлеуеті қолданылады. Аталған әдіс-тәсіл қандай да бір мәселені (шараларды ұйымдастыру, оз озін басқару органы болу, жанжалдық жағдайларды шешу және т.б.) ұжым болып талқылаған кезде қолданылады. Модерация алты ніклден тұрады: алғы соз, тақырыпты іздеу, тақырыпты тандау, мәселені ондеу, қызмет жоспарын жетілдіру, қорытынды.

Талдау әдісі. Студенттердің орындаушылық, ұйымдастыру, педагогикалық, коммуникациялық және басқа да қызметінің тәжірибелік мәселелерін шешу кезіндегі озіндік табыстары мен сәтсіздік себептерін талқылауға бағдарлау (өзін-өзі тексеру, рефлексия).

Сонымен қатар қызметтің жаппай, топтық және жеке түрлері ұсынылған, ол маңызды болып табылады. Өйткені қызмет барысында ұжымда жұмыс істеу дағдысы да, сондай-ақ әр студенттің қызмет етудегі жеке технологиясын жетілдіруге деген қажеттілік туындейды. Қызмет түрі дегеннің астарында жастардың әлеуметтік табыстылығын дамытуға бағытталған қандайда бір мазмұндағы сыртқы әрекет, нақты актілердің, жағдайлардың, барлық қатысуышыларының әрекет ету рәсімдердің ұйымдастырылу тәртібі жатыр.

Қызметтің дәстүрлі (классикалық) және бірегей түрлері болады: дәстүрлі «педагикалық шебер мектебі» дәрістері, доңгелек үстел, іскерлік ойындар, пікірталас, баяндама, кеңес беру, тренинг, оқу-әдістемелік жинақтар, мәдени-шығармашылық істер, шығармашылық зертханалар, рөлдік және еліктемелік ойындар, еңбек биржасы және т.б.. Студенттер осы үлгілерді теориялық және әдістемелік ұғыну барысында менгереді, содан кейін оларды тәжірибелік істе жүзеге асырады, жаңартпалар енгізеді және тәжірибелік қызмет барысында жаңа түрлерді жетілдіреді.

Әдістемелік жұмыстың түрлері ұжымның мақсатына бағдарланған, студенттер жұмысының мазмұнына, қызыгушылықтарына және мүмкіндіктеріне сәйкес келеді. Қызметтің вариативті түрлерін тиімді жүзеге асыру кезінде әлеуметтік табыстылығын дамыту үшін келесі маңызды қасиеттер жетілдіріледі: біліктілік, еңбексүйгіштік, білуғе құмарлық, белсенділік, өзіне деғен сенім, мейірімділік, бедел, мақсаттылық және тағы да басқалары. Ұсынылған түрлер қызметтің сипаты мен нәтижелерін, студенттің тәртібін анықтайды, әлеуметтік табыстылық тәртібінің тәжіриbesін алуға итермелейді, жастардың шығармашылық дамуын қарқындалады.

Сонымен жоғарыдағыдан оқу-әдістемелік жұмыстар барысында студент жастардың әлеуметтік жетістіктерді жетілдіру тиімділігі жұмыстың дәстүрлі және біреғей түрлерін пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Зерттеуімізде мұғалім табыстылығы мәселесі бойынша ғылыми еңбектерді (О.Ю.Клочкова [51], Е.В.Ерофеева [110], С.А.Дружилов [111], Н.А.Аминов [112], т.б.) талдау қазіргі заманғы мұғалімнің кәсіби табыстылығын анықтайдын белгілерді біліп көрсетуғе мүмкіндік береді: өзіндік сана-сезім, «Мен» тұжырымдамасы, эмоциялық тұрақтылық, кәсіби-педағогикалық құзыреттілік, шеберлік, кәсіби мобилділік, креативтілік, т.б. Адамның жеке тұлға болып қалыптасуы, индивидтің әлеуметтік-мәдени күйге түсіу көптеғен қозғаушы күштер мен факторлар қатысатын курделі үдеріс.

«Фактор» ұғымы неміс тілінен аударғанда «fakto» – жасайтын, өнді-ретін деғен мағынаны білдіреді. Адамға әсер ететін түрлі жағдайларды қозғаушы күш деп те атайды.

Ғылыми еңбектерде тұлғаны әлеуметтендірудің жағдайлары мен қозғаушы күштері төрт топқа біріктіріледі: *мегафакторлар* (mega- өте үлкен) – космос, неосфера, планета, әлем, бұлар басқа қозғаушы күштер арқылы барлық жер бетінің тұрғындарын әлеуметтендіруға әсер етеді; *макрофакторлар* (макро-үлкен) – ел, мемлекет, этнос, қоғам белгілі бір елді мекенде өмір сүретін тұрғындарды әлеуметтендіру; *мезо-фактор-лар* (мезо-орташа) – тұрғылықты жерде халықтың болмыс түрі, әртүрлі субмәдениетке қатысы бойынша сараланатын адамдардың үлкен тобын әлеуметтендіру жағдайы; *микрофакторлар* (микро-кіші) – белгілі бір нақты адамдарға әсер ететін қозғаушы күштер жатады – отбасы, көрші, құрдастар тобы, тәрбие орындары, әртүрлі қоғамдық, діни, мемлекеттік, жеке үйимдар, микросоциум [116].

Болашақ маманың қалыптасуына және тәрбиленуіне ықпал ететін көптеғен факторлар бар, соның ішінде тәрбие кеңістігінің алатын орны ерекше.

«Тәрбие кеңістігі» катефориясына қазіргі ғылымда ерекше көңіл бөлінген. Педағогтар үшін тәрбие кеңістігі зерттеу, модельдеу және құрастыру объектісі, сонымен бірғе тәрбие құралы болып табылады. «Тәрбие кеңістігі» феномені көпқырлы, оған білім беру мекемесінің өткені мен бүгіні, тарихы, дәстүрі және болашағы да біріктіріледі. Әлеуметтік тәрбиенің мазмұны тұлғаны қалыптастырудың барлық жүйесін қамтиды. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында іс-әрекет пен адамның мінез-құлқы жеке тұлғаны қалыптастырудың компоненті ретінде қарастырылады.

Жоғары мектептегі тәрбие жүйесінің табысты әрекет етуінің маңызды белгісі – тәрбиелік ортаны тиімді ұйымдастыруды. Тәрбиелік орта – бұл адамның тұлғалық дамуына әсер ететін және заманауи қоғам мен мәдениетке енуіне септігін тигізетін, оны қорғайтын әлеуметтік құнды жағдайлардың жиынтығы.

Сондықтан тәрбиелік орта тәрбиенің мазмұны мен формасын байытатын, тұлғаның өзіндік белсенділігін іс-әрекеттің сан алуан түрлерін ұйымдастырумен біріктіруге мүмкіндік туғызатын қауымдастық ретінде қарастырылады. Тәрбие кеңістігі тұлғаның өзін-өзі анықтау, өзін-өзі іс жүзінде көрсету, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру үрдістеріне ықпал ететін факторларға байланысты тәрбиенің бағытын сипаттайды. Сонымен бірге әрбір білім алушылардың өзін-өзі табысты танытуы үшін әлеуметтік кеңістігі кеңеюде және соған қарай әсер ететін факторларды анықтау қажет.

Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғалық-кәсіптік қалыптасуында оқыту және тәрбиелеу үдерісіндегі педагог пен студент ұстанымын, тұлғалық қарым-қатынасын жете ұғынуы шешуші фактор болып табылады.

Н.Б. Крылованың пікірінше, табыс өзінің әлеуетті мүмкіндіктеріне деген сенімі, күш-жігерімен табанды еңбек етуі, ынтымақтастығы, мәселенін күрделілігі, нәтижеге қол жеткізуінде сәттілігі сияқты факторлармен анықталады. Мұнда білім алушы тек алғашқы екі факторды ғана бойына сіңіре алады, ал педагогтер басқа факторлардың да болуын қамтамасыз етеді деп есептейді [203, 416].

О.И.Якутина табыстың әлеуметтік тәжірибесін зерттей отырып, әлеуметтік табыстылыққа әсер ететін факторларды төмендегідей бөліп көрсетеді:

- әлеуметтік - мәдени факторлар, оларға жалпы кәсіби білім, мәдени дамудың жалпы деңгейі;
- әлеуметтік орта факторы, жақын айналасы, қоғамдық пікір, әлеуметтік мәртебе;
- тұлғалық жекелік факторлар, табысқа деген ішкі мотивация, коммуникативті құзыреттілік, құндылық саласын дамыту, өзін-өзі дамытуға және өзін ұқсастыруға ұмтылу [76, б. 11].

Жоғарыдағы айтылымдар табысты болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің жеке және әлеуметтік сапаларына қол жеткізу үшін өзін-өзі тануына, өз ойын білдіруіне, қызметтің мақсаттарына қол жеткізуіндін жоғары мотивациясына, жастардың әлеуметтік-мәдени құндылық бағдарына себепші болатын әлеуметтік-педагогикалық фактор ретінде қарастыруға, табыстың құрылымына тұлғаның еңбек әрекетіне табысты бейімделуіне әсер ететін факторларды да енгізуге мүмкіндік береді (9 - сурет).



Сурет 9 - Әлеуметтік табыстылық факторлары

Жоғарыда бөліп көрсетілген факторлар әлеуметтік-мәдени кеңістікте әлеуметтік табыстылықты дамытуға маңызды әсер етеді. Бұл қолайлы және қолайсыз факторларды да бөліп корсетуге мүмкіндік береді (9-кесте)

Кесте 9- Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері ретінде студенттердің әлеуметтік табыстылығын дамытуға әсерін тигізетін факторлар

Қолайлы факторлар	Қолайсыз факторлар
Сыртқы факторлар	
1. Студенттің табысты дамуына оң әсер ететін отбасы	1.Студенттің әлеуметтік табыстылығын дамытуға кедергі келтіретін толық емес, мәселелі отбасы
2. Студенттің өзін-өзі танытуына мүмкіндік беретін жағымды әлеуметтік орта	2. Студенттің өзін-өзі танытуына кедергі келтіретін теріс ықпал ететін әлеуметтік орта
3. Болашаққа сенімді, қорғалу сезімін тудыратын тұрақты әлеуметтік-мәдени жағдаяттар	3. Депрессияға алып келетін тұрақсыз әлеуметтік-мәдени жағдаяттар
4. Студенттің жүзеге асыратын іс-әрекетінің қызығушылығы мен қажеттілігіне сәйкестігі	4. Студенттің жүзеге асыратын іс-әрекетінің қызығушылығы мен қажеттілігіне сәйкесіздігі
5. Жақын, түсінетін адамдардың, достардың болуы	5. Жалғыздық, жақын, түсінетін адамдардың болмауы
6. Оқиғаның ынғайлы өтуі	6. Сәтсіз, жағымсыз оқиғалар
Ішкі факторлар	
1. Саналы мақсат	1.Айқын мақсаттың жоқтығы, өзінің ниетін білмеуі
2. Өзіндік ниетіндегі, жоспарындағы, шешіміндегі, әрекетіндегі тұрақтылық, ерік-жігерлілік, мақсаттылық	2. Әлсіз ерікжігер, инерттілік, мақсатсыздық
3. Өзінің күшіне, іс-әрекеттінің табыстылығына деген сенімі	3. Өз күшіне, іс-әрекеттінің табыстылығына сенімсіздігі

Кестенің жалғасы

1	2
4. Окуга, өзін-өзі жетілдіруға дайындығы	4. Окуга ниетінің жоқтығы, жауапкершіліктің болмауы
5. Өзінің мақсатының адамгершілік нормалар мен қогамның құндылықтарымен арақатынасын белгілеу біліктілігі	5. Өзінің мақсатының адамгершілік нормалар мен қогамның құндылықтарымен арақатынасын белгілеу құлықсыздығы
6. Психологиялық қорғалу, стресске, депрессияға беріктік	6. Қыындыққа, стресске, депрессияға сезімталдық, т.б.
7. Тұлғаның көшбасшылық сапасы, коммуникативтік құзыреттілігі, эмоциялық ұстамдылығы, әлеуметтік белсенділігі	7. Өзінің пікірін қорғай алмаушылық, пассивтілік, жігерсіздік, албырттық

Сондықтан болашақ маман ретінде студенттере *әлеуметтік табыстылықты сипаттайтын қасиеттер*:

өзін-өзі таныту бойынша коммуникативтілік, мақсаттылық, креативтілік, өзін-өзі көрсету;

тұлғалық қанагаттану бойынша: әлеуметтік оптимзим, үйымдастырудышылық біліктілік, сенімділік, өзіндік дербестік;

әлеуметтік мойындалу, яғни танылу бойынша: өзіндік бағалау, белсенділік, әлеуметтік жауапкершілік, міндетті түсіну т.б. бөлін көрсетіледі. Студенттер коршаған ортаға жана қозқараспен қарап, материалдық пайданығана бағалап қоймай, өзінің іс-әрекетері арқылы әр адамға қажетті әлеуметтік табыстылықты сезінеді, әлеуметтік тәжірибе жинақтайды. Ол болашақ маман ретінде студенттің әлеуметтік белсенділігін, мәдениеттілігін, іскерлігін қалыптастырады.

Болашақ мамандардың ой-өрісінің, адамгершілігінің, рухани байлығының білім деңгейінің, жоғары мәдениеттілігінің, дүниетанымдық қозқарасының, шығармашылық ойлау қабілетінің әлеуметтік-мәдени ортасына байланысты дамуына қарай бірлесін, түсінісіп кәсіби мамандығын жетілдіруға бағытталады.

Осы орайда студент тұлғасының әлеуметтік табыстылыққа қол жеткізуіне жағымды әсер ететін және кедергі жасайтын мінез-құлық белгілері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытуда өзіндік орын алады (10- кесте).

Кесте 10 - Студенттердің тұлғалық және әлеуметтік қасиет-сапалары

Студенттердің әлеуметтік табыстылыққа жетуіне мүмкіндік беретін қасиет-сапалары	Студенттердің әлеуметтік табыстылыққа жетуіне кедергі жасайтын мінез-құлық сапалары
Мақсаттылық - алдына қойған мақсатын тұжырымдауға қабілеттілік	Мақсаттарға жетудегі қажеттіліктердің төмен деңгейі, мақсатты тұжырымдау қабілеттерінің болмауы

Кестенің жалғасы

1	2
Интернальдылық - өмірлік жағдайлар үшін жоғары жауапкершілік, өзін және өз әрекеттерін сәттіліктер мен сәтсіздіктер көзі және себебі ретінде қарастыру	Экстернальдық – сыртқы факторларды жеке сәттіліктер мен сәтсіздіктердің себебі және көзі ретінде қарастыру тым жоғары немесе өте төмен бағалау.
Өзін-өзі объективті бағалауы	Объективті бағалай алмауы
Әлеуметтік белсенділік	Пассивтілік
Жігерлілік	Жігерсіздік
Ұйымдастырушылық қабілетінің болуы	Өзін-өзі ұйымдастырушылық қабілетінің болмауы
Өзіндік бағалаушылық және рефлексиялық қызметтің қалыпасқан қабілеттері, әлеуметтік жауапкершілгінің жоғары деңгейі	Өзіндік бағалаушылық және рефлексиялық қызмет қабілеттері, әлеуметтік жауапкершілгінің төмен деңгейі
Әлеуметтік оптимизм, табыстылыққа жетуге талпыныс	Әлеуметтік пессимизм
Әлеуметтік импульсивтілік	Әлеуметтік енжарлық
Жалпыадамзаттық құндылықтардың қалыптасуы: қайрымдылық, ізгілік, әділеттілік, жақындар үшін жаны ашу, толеранттылық, т.б.	Өзімшілдік, қайрымсыздық, күдіктенушілік, тұйықтық, өзіндік әгоистік «Мен»-ге бағдарлану, ашуланғыштық, шыдамсыздық
Эмоциялық ұстамдылық, сабырлық	Ырықсыздық, тынышсыздық, депрессиялық әсерленгіштік
Физикалық және психологиялық деңсаулықтың жоғары деңгейі	Физикалық және психологиялық деңсаулықтың төменденгейі
Коммуникативтік қабілеттердің жоғары және орта деңгейі	Коммуникативтік қабілеттердің төмен деңгейі
Еңбексүйгіштік	Еріншектік
Сенімділік, табандылық, өз күшіне сену	Сеіімсіздік, батылсыздық

Қорыта келгенде, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың жүйесі жасалып, оны нормативті қамтамасыздандыру, мақсаты, теориялық-әдіснамалық тұғырлары, қағидалары, формалары, әдістері, құралдары, мазмұны анықталып, нәтижесі белгіленді.

Сонымен зерттеуімізде тұлғаның дербес таңдау ерекшілігі ретінде жоғары оқу орнында оқу және оқудан тыс іс-әрекеттерде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту жүйесі қарастырылды. Жоғарыдағы айтылғандар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың бастапқы диагностикасын анықтауға мүмкіндік береді.

2.2 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдершің әлеуметтік табыстылығын зерттеу диагностикасы

Кез келген педагогикалық іс-әрекеттің тиімділігі оның диагностикалаудың негізінде анықталады. Зерттеуде қолданылатын педагогикалық диагностика тұтас алғанда оқыту үрдісінің нәтижесін ғана емес эксперименттік жұмыстың көрсеткіштерін айқындауға бағытталған.

Осы орайда зерттеу барысында болашақ бастауыш мұғалімі ретінде студенттің әлеуметтік-кәсіби іс-әрекетке жүйелі дайындығын қалыптастырудың тиімділігін анықтауға ғана емес, сонымен бірге оларды өзін-өзі диагностикалауға мүмкіндік беретін әдістеме дайындалады.

Диагностика білім алушының эмоционалдық-танымдық, тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуын, әлеуметтік рөлдерінің, кәсіби қызығушылығының даму деңгейлерін анықтауға бағытталған әлеуметтік-педагогикалық зерттеуді көздейді.

Диагностика бір нәрсені тану, білу дегенмен түсіндіріледі. «*Диагноз*» термині грек тілінен (*diagnosis*) аударғанда «тану» дегенді білдіреді [216].

Сонымен жоғары оқу орнындағы педагогикалық диагностика студенттер ұжымын және студенттердің жеке тұлға ретінде қалыптасуы мен әлеуметтік табыстылығының дамуын анықтау нәтижелеріне бағытталған әдістеме.

Педагогикалық диагностиканың аса маңызды элементі әрбір нақты жағдайда зерттелушінің мінез-құлқында белгілі бір көріністердің неліктен байқалатынын, олардың себептері мен салдары қандай екенін анықтау болып табылады. Ол педагогикалық үдерісте көрініс беретін білім алушы тұлғасын оқып-тандыру, оқып-үйрену үрдісі.

Педагогикалық диагностика *құбылыстың жүйесі* ретінде оның бағыттарының қатарын анықтауға да көмектеседі: біздің зерттеуімізде ол болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығының даму диагностикасы; оның тұлғалық сапасын көрсететін педагогикалық іс-әрекет диагностикасы; педагогикалық өзара әрекеттесу диагностикасы; т.б.

Сондықтан педагогикалық диагностиканың жалпы мақсатына, атап айтқанда, білім алушының қабілеттілік деңгейін, зеректігін, зейінін, сапақасиетін анықтау нәтижесінде білім беруші мен білім алушының өзарақатынасын, белсенділігін арттыруға жағдай жасау назар аударылды. Педагогикалық үдерістегі диагностиканың белгілеу (ақпараттық); болжау; құндылық - бағдарлану (бағалау); өзіндік оқып-үйрену, өзіндік даму; дамытушылық (тәрбиелеуші); конструктивтік функциялары айқындалды.

Осы орайда педагогикалық диагностика процедурасының логикасы бөліп көрсетіледі:

- диагностиканың мақсатын құру;
- тұлғаның даму көрсеткіштерін сипаттайтын критерийлерін, оның жекеленген сапаларын, қасиеттерін, даралылығын анықтау;
- диагностика әдістерінің жүйесін анықтау және әдістерді іріктеу;
- тікелей педагогикалық өзара әрекеттесудің диагностикалық әдістерін жетілдіру;

- диагностикалық қорытындыларды талдау;
- даму деңгейлерін айқындау;
- диагностикалық қорытындыларды белгілеу және оны есепке алу.

Зерттеу барысында диагностикалық әдістердің тұлғаның психикалық ерекшеліктеріне мінездеме берумен қатар сандық және сапалық сипаттама беретіні негізге алынды.

Жалпы ғылымда диагностика жүргізуде, біздің жағдайымызда, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын диагностикалау үшін зерттеу әдістері ерекше мәнге ие. Бұл әлеуметтік табыстылықты дамытудың зерттеу әдістерін тандауға мүмкіндік береді. Себебі, кез келген ғылымның дамуы оның әдістерінің нақтылығымен тікелей байланысты.

Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығының зерттеуде педагогикалық эксперимент міндеттерін шешу үшін және қойылған мақсатқа қол жеткізуде біз төмендегідей әдістер мен зерттеу формаларын қолдандық: сауалнама, тестілеу, тест-сауалнама, бақылау, өзіндік бағалау, эксперttік бағалау, әңгімелесу, іс-әрекет нәтижелерін талдау, ранжирлеу, моделдеу, нәтижелерді математикалық және компьютерлік өндеу және т.б.

Енді осы әдістердің әрқайсысына және оларды қолдану арқылы жүргізілген жұмыстарға қысқаша сипаттама беріледі. Кез келген зерттеу бақылаудан басталады.

Бақылау әдісі – студент туралы мәліметтер алудың ең қол жетімді тәсілі. Жоғары мектеп педагогикасында бақылау (от фр. control) студенттің оқутанымдық әрекетінің нәтижелілігін бақылау және тексеру, оларға педагогикалық қолдау көрсету ретінде түсіндіріледі. Бақылаудың мазмұны оқытуудың әртүрлі кезеңдеріндегі дидактикалық міндеттерге, оку пәнінің өзіндік ерекшілігіне, студенттердің дайындық және даму деңгейіне байланысты.

Әңгімелесу әдісі - қалыптасып келе жатқан тұлғаны дұрыс анықтауға көмектеседі. Ол тұлғаның ішкі жан-дуниесін, өмірлік ұстанымын, жай-күйін білу үшін қолданатын ауызша қарым-қатынас жасау тәсілі. Жалпы әңгімелесу кезі жалпы, жәй сұраптар қоюдан басталады.

Сауалнама әдісі - болашақ маман ретінде студенттердің қызықтыратын сұраптары туралы ғана емес, өзінің қабілетін, бағалауын, т.б. ерекшеліктерін айқындауға көмектеседі. Сауалнама жүргізу социологиядағы ең көп таралған әдіс. Сауалнама респонденттерге арналған сұраптардан тұрады. Екі типін ажыратуға болады: жалпылама және таңдаулы. Сауалнама-берілген сұраптарға жауап беру арқылы ақпарат жинақтау. Сауалнама алдын-ала құрастырылып, респонденттерге таратылып беріледі. Әдістерді бірлескен түрде жалпылама қолдану болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту бойынша жүргізілетін тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының деңгейлерін тұтас анықтауға мүмкіндік берді (11-кесте).

Кесте 11 - Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс деңгейлеріндегі ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістері

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс деңгейлері	
<p>Жұмыс мазмұны және міндеттері</p> <p>Мәселені зерттеу дәрежесін білу.</p> <p>Зерттеудің ұғымдық аппаратын өндөу.</p> <p>Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс бағдарламасын құру.</p> <p>Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығының дамыту деңгейінің көрсеткіштері мен критерийлерін ерекшелеге.</p> <p>Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығының дамыту модельнің нақтылау.</p> <p>Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығының дамыту әдістемесін негіздеу және айқындау.</p> <p>Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығының дамыту модельнің эксперименттік түрде апробациялау.</p> <p>Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында алынған материалды математикалық өндөу және жүйелеу.</p> <p>Эксперименттік мәліметтерді талдап түсіндіру/интерпретациялау және теориялық ұғыну.</p> <p>Нәтижелерді рәсімдеу және зерттеу қорытындыларын тұжырымдау.</p>	<p>Зерттеу әдістері</p> <p>Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығының дамыту модельнің нақтылау.</p> <p>Қарастырылып отырылған үрдістің әлеуметтік-педагогикалық көздерін теориялық түрғыда негіздеу және айқындау.</p> <p>Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығының дамыту модельнің нақтылау.</p> <ul style="list-style-type: none"> - теориялық (талдау, жалпылама жүйелеу); - эмпирикалық (бақылау, әнгімелесу, педагогикалық тәжірибелі біріктіру және зерттеу, тестілеу, анкеталау); <p>Математикалық статистика әдістері;</p> <p>Теориялық (біріктіру, жүйелеу);</p> <p>Эмпирикалық (бақылау, тестілеу, анкеталау);</p> <p>Алгашқы материалдарды өндөудің статистикалық әдістері;</p> <p>Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерін талдау, сараптау, жалпылау, жүйелеу;</p> <p>Эксперимент нәтижелерін екінші өндөудің статистикалық әдістері (бақылау эксперименті).</p>

Сонымен қатар зерттеу барысында теориялық талдау әдісі табыс, табыстылық, әлеуметтік табыстылық феноменін зерттеудің теориялық тұғырларының негізгі идеяларын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Ал зерттеу бойынша алынған нәтижелерді математикалық-статистикалық түрғыдан өндөу үшін қолданылатын статистикалық әдістер зерттеу мәселенің ерекшелігіне байланысты таңдалысты таңдалысты алынады.

Атальмыш мәселе бойынша эксперименттік-тәжірибе жұмыстары Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде іс-тәжірибелік сынақтан өткізілді.

Теориялық әдебиет көздерінде «тәжірибелік жұмыс» және «педагогикалық эксперимент» түсініктерін ажырату қабылданған. А.М. Новиков тәжірибелік жұмысты зерттелуші үрдіске жоғары деңгейдегі нәтиже алу есебімен және оны кейіннен тексеру, бағалау сонымен қатар, өзгеріс, инновация енгізу әдісі деп анықтайды [113].

Эксперимент эмпирикалық зерттеу әдісі ретінде қарастырылады, оның мәні құбылыстар мен үрдістер толықтай басқарушылық және бақылаудағы

жагдайларда жүргізіледі. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың зерттелуші үрдістің заңдылықтарын нақтылауга мүмкіндік беретін басты әдісі педагогикалық эксперимент болып табылады. Ол өз кезегінде бақылаудагы педагогикалық жагдайда белгілі бір педагогикалық құбылысты зерттеуге мақсатты және жоспарлы түрде жүргізілетін гылыми таным тәжірибесі деп түсіндіріледі.

Қазіргі күні педагогикалық эксперименттің үш негізгі типі ерекшеленген: белгілі бір педагогикалық үрдістің талдау күйі, білім игеруге септігін тигізуши жагдайларды айқындау үшін қолданылатын педагогикалық әрекет, оның мақсаты зерттелуші үрдістің жеке компоненттерімен арасындағы байланысты зерттеу, және бұл байланыстың туындау шарттарын айқындау.

Берілген зерттеу концепциясына, оның мақсаты, пәні, болжамы мен міндеттеріне сүйенін эксперимент жөнінде Н.О. Яковлева [114] пікірімен келісеміз, біздің зерттеуге қатысты эксперименттің үшінші тинін қолдану қолайлы деп есептейміз, ол экспериментті ұйымдастырудың кең тараган түрі эксперименттік және бақылау топтарын құру әдісі болып табылады.

Арнайы гылыми-педагикалық әдебиеттерді (Ю.К. Бабанский [115], В.И.Загвязинский [116], А.Я. Найн [117] және т.б.) талдау барысында мазмұнына қарамастан, педагогикалық экспериментті ұйымдастырудың тәмендегідей жалпы талаптары бар екендігі байқалады:

- алгашқы мәліметтерді және зерттеу болжамын анықтау үшін алдын-ала бақылау жасау;
- эксперименталды жұмыс үшін объектілерді ұйымдастыру және тиімді жагдай құру;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік белсенділігін даму деңгейін багалау үшін критерий, көрсеткіштерді өндеу;
- педагогикалық эксперимент деңгейлерінің нақтылап өндеу;
- эксперимент объектілерін бақылау барысында өзгеріс фактілерін нақты тіркеу және есепке алу;
- алынған мәліметтердің жүйелі түрде тіркелуін ұйымдастыру;
- түрлі деңгейлерден алынған мәліметтерді аprobациядан өткізу;
- алынған мәліметтерді теориялық талдау және математикалық статистика әдістері қөмегімен өндеу.

Зерттеудің тәжірибелік-эксперименттік жұмысының мақсаты - әрбір педагогикалық жагдаят және оның жиынтығының болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту моделі аясында зерттелушінің түсініктерінің даму тиімділігіне әсерін зерделеу болып табылады.

Зерттеу бойынша эксперименттік-тәжірибе жұмыстарына 106 студент қатысты: эксперименттік топта «05010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі» мамандығының 68 студенті (Абай атындағы ҚазҰПУ), бақылау тобында «05010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі» мамандығының 62 студенті (Алматы университеті) болды. Сонымен қатар экспериментке бастауыш сыныптың 20 мұғалімдері қатысты (№6 және №155 мектептері).

Эксперименттік-тәжірибе үш кезеңнен тұрады: анықтау эксперименті; қалыптастыру эксперименті; бақылау, яғни зерттеу жұмысының нәтижесін тексеру эксперименті.

Анықтау экспериментінің мақсаты – жоғары оқу орны жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде студенттердің әлеуметтік табыстылығының алғашқы мәліметтеріне сүйене отырып, дамытудың жолдарын анықтау, сонымен бірге болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту моделінің үш компоненттері (*тұртқілік-еріктілік, процессуальдық-іс-әрекеттік, рефлексивтік-бағалау*) бойынша студенттердің әлеуметтік табыстылық деңгейлерін (жоғары, орта, томен) айқындау болып табылады.

Осы орайда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту үшін мынадай әдістемелер кешені айқындалды және пайдаланылды:

- «Тұлғаның табысқа жетудегі тұрткісін диагностикалау» әдістемесі (Т.Әлерс); «Жұмыста (оқуда) табысқа жетуінізге жағдай жасаған және табысқа жетуінізге кедергі болған факторларды анықтау» сауалнамасы; «Тұлғаның мотивациялық құрылымының диагностикасы» (В.Ә.Мильман).

- «Жеке тұлғаның креативтілігін диагностикалау тесті» (Е.Е.Туник); «Студенттердің ЖОО-дағы оқудан тыс әрекетке қатынасын анықтауға» арналған тест-сауалнама; «Кәсіби табыстылықтың мұғалімнің кәсіби-тұлғалық қасиеттеріне тәуелділігі» диагностикалық картасы (Т.В.Морозова).

Кесте 12 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығының бастапқы деңгейін зерттеу әдістемелері

№	Компоненттері мен өлшемдер	Әдістеменің аты
1	Тұртқілік-еріктілік компонент, өлшемі – әлеуметтік ұстаным	1) Жұмыста (оқуда) табысқа жетуінізге жағдай жасаған және табысқа жетуінізге кедергі болған факторларды анықтау сауалнамасы (<i>Қосымша А</i>) 2) «Тұлғаның табысқа жетудегі тұрткісін диагностикалау» әдістемесі (Т.Әлерс) (<i>Қосымша Э</i>) 3) Тұлғаның мотивациялық құрылымының диагностикасы (В.Ә.Мильман) (<i>Қосымша Б</i>).
2	Процессуальдық- іс-әрекеттік компонент, өлшемі – әлеуметтік белсенділік	4) Жеке тұлғаның креативтілігін диагностикалау тесті (Е.Е.Туник) (<i>Қосымша В</i>)
3	Рефлексивтік-бағалау компоненті, өлшемі - тұлғалық табыстылық	5) Студенттердің ЖОО-дағы оқудан тыс әрекетке қатынасын анықтауға арналған тест-сауалнама (<i>Қосымша Г</i>); 6) Кәсіби табыстылықтың мұғалімнің кәсіби-тұлғалық қасиеттеріне тәуелділігі (Т.В.Морозова) (<i>Қосымша Д</i>)

Кестеде корсетілген диагностикалық әдістемелердің көмегімен алғашқы алынған нәтижелерді қарастырамыз.

Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың мақсаты мен міндеттері, моделдің компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері және деңгейлеріне сәйкес алғынған нәтижелері ашып көрсетіледі.

Эксперименттік – тәжірибелік зерттеу барысында оқудан тыс әрекетте әлеуметтік табыстылығының құраушылары ретінде әлеуметтік ұстаным мен белсенділігін қалыптастыру, өзінің табысқа жету құндылығы мен мотивациясын дамытуға әсерін сипаттайтын тұлғалық табыстылығын зерттеу мақсатында студенттермен саулнама жүргізілді. Саулнама қандай мағлұматтар негізінде нақты қорытынды жасауға болатынын болжамдайды (2-көсімшада).

Бұл саулнамада жұмыста (оқуда) табысқа жетуге жағдай жасаған және табысқа жетуге кедергі болған факторларды белгілеу ұсынылады. Саулнамаға берілген жауаптарды талдау нәтижесі: «Сіздің жұмыста (оқуда) табысқа жетуіңзге әсер ететін факторлар» ретінде: еңбек жағдайы, ыңғайлы құрылған жұмыс кестесі, 1 айлық іс-шаралардың нақты жұмыс жоспарының болуы, ата-ана, әріптестер мен басшылықтың түсіністігі, тұрақты бақылау, тәртін, белгілі сабактарды өткізетін мұғалімдердің болуы, жеке жұмыс тәжірибемінің болуы, үйымдағы қолайлы ахуал, өз жұмысымды орындаудағы қызығушылық, т.б. басым көпшілігі белгісе; ал «Сіздің жұмыста (оқуда) табысқа жетуіңзге не кедергі болды?» сұраққа жұмыс кестесі ыңғайсыз, қолдан келмейтін немесе қажет емес жұмыстың тапсырылуы, іс-шараның нашар үйымдастырылуы, басқа (жоспарда жок) жұмыстардың кедергі болуы, жауапсыздығым, іс-шараларды орындауға уақытымның болмауы, ата-ана, әрінтестер мен басшылықтың түсініспеушілігі, басшылықтың қолдау көрсетпеуді, т.б. көрсетеді.

Сонымен бірге кейбір жауаптарда біліктілікті көтеру үшін курсардан өтуді табысқа жетудің негізгі факторы деп санайтын болса, ал табысқа жетуге кедергі жағдайларға бақылаудың жоқтығы, үйымдағы нашар ахуал, жұмыстың нашар жоспарлануы, жұмыс орнында жиі болмауым (сессия, т.б.) жатқызады. Жүргізілген саулнама негізінде көптеген болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің табыстылық мәселеге байланысты деңгейі біз күткендегіден әлдеқайда төмен екендігін, байланыска жете назар аудармайтындықтарын байқадық.

Енді осы саулнама нәтижелерін нақты қарастырып, талдайық.

Сонымен эксперименттік-тәжірибелік жұмыстың алғашқы айқындауши кезеңінде *бірінші кезекте* жұмыста (оқуда) табысқа жетуге жағдай жасаған және табысқа жетуге кедергі болған факторларды анықтау үшін бізben арнайы құрастырылған саулнама негізінде зерттеу жүргізілді.

Ең алдымен осы саулнама бойынша студенттерден алғынған нәтижелерге тоқталайық (кесте 13).

Кесте 13 – Анықтаушы эксперимент барысында бақылау және эксперименттік топ студенттерінің сауалнамасы бойынша алғынған нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері

Мамандық	Табысқа жетуғе үлес қосатын факторлар	%	Табысқа жетуғе кедергі факторлар	%
Бақылау тобы (Алматы университетінің 62 студенті)	Ыңғайлы сабак кестесі; Жұмысты орындаудағы қызығушылық; Жеке жұмыс тәжірибелі болуы; Шығармашылық турде жұмыс істейтін, өз ісіне жауапкершілігі бар ізденімпаз мұғалімдердің болуы	27 % 30 % 26 % 17 %	Ыңғайсыз сабак кестесі; Қолдан келмейтін немесе қажет емес жұмыстың тапсырылуы; Басқа жұмыстардың кедергі болуы; Іс-шараларды атқаруға уақыттың жетіспеушілігі;	22 % 19 % 30 % 29 %
Эксперименттік топ (Абай атындағы ҚазҰПУ 68 студенті)	Оқу (енбек) жағдайы; Тұрақты бақылау; Студенттердің тұлғалық өсуіне мән беретін мұғалімдердің болуы; Шығармашылық іс-шаралардың жүйелі өткізіліп тұруы; Ұйымдағы қолайлы ахуал; Менің тәртібім. Ыңғайлы сабак кестесі	14 % 12 % 26 % 20 % 10 % 7 % 11 %	Тым тығыз жұмыс жоспары; Ұйымдағы қолайсыз ахуал; Қоғамдық іс-шаралардың жүйелі түрде өткізілмеуі; Тұлғаға бағдарланған оқутарbie тұрғысын ұстанбайтын мұғалімдердің болуы; Қолдан келмейтін немесе қажет емес жұмыстың тапсырылуы	24 % 13 % 18% 19 % 26 %

Осы сауалнама негізінде айқындаушы эксперимент барысында «Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі» мамандығының бақылау тобындағы 2-курс студенттерінің табысқа жетуғе үлес қосатын факторларына: ыңғайлы сабак кестесі 27%; жұмысты орындаудағы қызығушылық 30%; жеке жұмыс тәжірибелі болуы 26%; шығармашылық турде жұмыс істейтін, өз ісіне жауапкершілігі бар ізденімпаз мұғалімдердің болуы деп 17% есептеді. Ал, табысқа жетуғе кедергі келтіретін факторларына ыңғайсыз сабак кестесі 22%; қолдан келмейтін немесе қажет емес жұмыстың тапсырылуы 19%; басқа жұмыстардың кедергі болуы 30% -ды құраса, іс-шараларды атқаруға уақыттың жетіспеушілігінің 29% төмендеуі деп есептейді екен[117].

Айқындаушы экспериментте эксперименттік топты құрайтын Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі» мамандығының 68 студенттің табысқа жетуғе үлес қосатын факторларына зерттелушілердің 14%-ы оқу (енбек) жағдайы, тұрақты бақылау- 12%; студенттердің тұлғалық өсуіне мән беретін мұғалімдердің болуы - 26%; шығармашылық іс-шаралардың жүйелі өткізіліп тұруы -20%; ұйымдағы қолайлы ахуал -10%; менің тәртібім -7%; ыңғайлы сабак кестесі-11% деп табысқа жетуғе болатын факторларын атап өтті. Эксперименттік топта

зерттелушілердің тым тығыз жұмыс жоспары -24%; ұйымдағы қолайсыз ахуал -13%; қоғамдық іс-шаралардың жүйелі түрде өткізілмеуі -18%; тұлғаға бағдарланған оқу-тәрбие тұрғысын ұстанбайтын мұғалімдердің болуы - 19 %; қолдан келмейтін немесе қажет емес жұмыстың тапсырылуы- 26 % деген сияқты аталмыш факторларды табысқа жетуге кедергі келтіреді деп есептеген. [208, б. 169].

Екінші кезекте жоғарыда аталған «Жұмыста (оқуда) табысқа жетуінізге жағдай жасаған және табысқа жетуінізге кедергі болған факторларды анықтау» сауалнамасын бастауыш сынып мұғалімдерімен жүргізуі жон көрдік. Сауалнамаға №6 және №155 мектептің 25-63 жас аралығындағы 20 бастауыш сынып мұғалімдері қатыстырылды. Сауалнамада олардың жұмыста табысқа жетуінізге оз үлесін қосқан немесе сіздің табысқа жетуінізге не кедергі болған факторларын белгілеу қажеттілігі негізінде құралған, бастауыш сынып мұғалімдерінен алынған сауалнаманың нәтижесі төмендегі 14-кестеде көрсетіледі.

Кесте 14 - Бастауыш сынып мұғалімдерінен алынған сауалнамасының нәтижесі

Мектептің бастауыш сынып мұғалімдері	Табысқа жетуге үлес қосатын факторлар	%	Табысқа жетуге кедергі факторлар	%
№6	Ыңғайлы сабак кестесі; Жұмысты орындаудағы қызығушылық; Жеке жұмыс тәжірибелінің болуы; Біліктілікті жоғарылату үшін курстардан өту; Еңбек жағдайы	20 % 24 % 27 % 18 % 11 %	Ыңғайсыз сабак кестесі; Қолдан келмейтін немесе қажет емес жұмыстың тапсырылуы; Басқа жұмыстардың кедергі болуы; Іс-шараларды атқаруға уақыттың жетіспеушілігі	18 % 32 % 29 % 21 %
№155	Еңбектің қолайлы жағдайлары; Тұрақты бақылау; Тұлғаға бағдарланған оқу-тәрбие үрдісін жүзеге асыру; Шығармашылық іс-шаралардың жүйелі өткізіліп тұруы; Ұйымдағы жағымды психологиялық ахуал; Ыңғайлы сабак кестесі	16 % 14 % 17 % 26 % 18 % 9 %	Тым тығыз жұмыс жоспары; Ұйымдағы қолайсыз ахуал; Қоғамдық іс-шаралардың жүйелі түрде өткізілмеуі; Тұлғаға бағдарланған оқу-тәрбие үрдісінің жүзеге асырылмауы; Қолдан келмейтін немесе қажет емес жұмыстың тапсырылуы	17 % 15 % 28% 19 % 21 %

Осы сауалнама негізінде айқындаушы эксперимент барысында №6 мектептің 10 бастауыш сынып мұғалімдерінен алынған «Жұмыста табысқа

жетуінізге жағдай жасаған және табысқа жетуінізге кедергі болған факторларды анықтау» сауалнамасының нәтижесінде, табысқа жетуге үлес қосатын факторларына: ынғайлы сабак кестесі 20 %; жұмысты орындаудағы қызығушылық 24 %; жеке жұмыс тәжірибелі болуы 27 %; біліктілікті жоғарылату үшін курсардан өту 18 %; еңбек жағдайы 11 % есептеді. Ал, табысқа жетуге кедергі келтіретін факторларына ынғайсыз сабак кестесі 18 %; қолдан келмейтін немесе қажет емес жұмыстың тапсырылуы 32 %; басқа жұмыстардың кедергі болуы 29 %; іс-шараларды атқаруға уақыттың жетіспеушілігі 21 % төмендеуі деп есептейді екен.

Осы сауалнама негізінде айқындаушы эксперимент барысында №155 мектептің бастауыш сыныптың 10 мұғалімдерінен алынған «Жұмыста табысқа жетуінізге жағдай жасаған және табысқа жетуінізге кедергі болған факторларды анықтау» сауалнамасының нәтижесінде, табысқа жетуге үлес қосатын факторларына: еңбектің қолайлы жағдайлары - 16 %; тұрақты бақылау 14 %; тұлғаға бағдарланған оқу-тәрбие үрдісін жүзеге асыру - 17 %; шығармашылық іс-шаралардың жүйелі өткізіліп тұруы - 26 %; ұйымдағы жағымды психологиялық ахуал - 18; ынғайлы сабак кестесі - 9 % деп сипаттады. Зерттелушілердің табысқа жетуге кедергі факторларына: тым тығыз жұмыс жоспары 17 %; ұйымдағы қолайсыз ахуал 15 %; қоғамдық іс-шаралардың жүйелі түрде өткізілмеуі 28%; тұлғаға бағдарланған оқу-тәрбие үрдісінің жүзеге асырылмауы 19 %; қолдан келмейтін немесе қажет емес жұмыстың тапсырылуы 21 % сияқты аталмыш факторларды есептеген.

Үшінші кезекте анықтау эксперименті барысында 2013-2014 оқу жылында эксперименттік топ ретінде алынған Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің “Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі” мамандығының 2-курс 68 студенттерінің және бақылау тобына кірген Алматы университетінің “Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі” мамандығының 2-курс 62 студенттерінің әлеуметтік табыстылық деңгейлерін айқындау үшін Т.Әлерстің «Тұлғаның табысқа жетудегі тұрткісін диагностикалау» әдістемесі бойынша зерттеу жүргізілді.

Зерттелушілерге жауап парагы мен нұсқаулық ұсынылды. Онда берілген 41 сұрақтың әрқайсысына “ИЯ” немесе “ЖОҚ” деп жауап беру қажеттілігі түсіндірілді. (1-қосымша).

Студенттердің жауап парагы сауалнаманың кілтімен тексеріледі: “Иә” жауабына 1 ұпайдан мына реттік нөмірдегі сұрақтарға қойылып, барлығы қосылады: 2–5, 7–10, 14–17, 21, 22, 25–30, 32, 37, 41 және “жок” - келесі: 6, 13, 18, 20, 24, 31, 36, 38 және 39. 1, 11, 12, 19, 23, 33–35 және 40 сұрақтарының жауабына қосылмайды. Барлық ұпайлар саны қосылады. Табысқа деген мотвацияның интерпретациясы (Әлерс тестінің нормасы): Ұпайлар саны жоғары болған сайын, табысқа деген мотивация жоғары болады. 1 ұпайдан 10 ұпайға дейін - табысқа деген мотивацияның төмендігі; 11 ұпайдан 16 ұпайға дейін - табысқа деген мотивация деңгейі орташа; 17 ұпайдан 20 ұпайға дейін - табысқа деген мотивация деңгейінің аса жоғарылығы; 21 ұпайдан жоғары - табысқа деген мотивацияның тым жоғарылығы. Студенттердің басым

көпшілігінің табысқа деғен мотивацияның төмендігі байқалды (жауаптары бойынша 10 -11 ұпай жинаған).

Кілт бойынша 1,11, 12,19, 28, 33, 34, 35,40 сұрақтардың жауаптарына балл қосылмайды, есептелінбейді. Сондықтан барлығы 41 сұрақтан осы 9 сұрақ алғынып тасталынады, сонда 32 сұраққа берген жауаптарының баллдары саналады.

Мысалы: Ақатай Фарида «Ия» 13, «жок» 6 барлығы **19 балл**; Нұртас Гульзира «ия» 13, «жок» 7, барлығы **20 балл**; Данагері Серікғұл «ия» 11, «жок» 3, барлығы **14 балл**; Сұлтанова 12 «ия», 6 «жок» барлығы **18 балл**; Кенжебек 17 «ия», 1 «жок», барлығы **18 балл**; Тәнріберген Інкәр 15 «ия», 8 «жок», барлығы **23 балл**; Шалқарова Гульмира 19 «ия», жок «5», барлығы 24 балл;

Осы жеті студенттің жауабы бойынша 1 студент 14 балл жинаған, сондықтан табысқа деғен мотивациясы орташа деңгейде болса, қалған 6 студент баллдары бойынша 17 - 20 баллға дейін: табысқа деғен мотивация орташа жоғары деңгейінде тұр.

Кілті:

Келесі сұрақтардың "иә" жауабына 1 ұпайдан есептелінеді: 2, 3, 4, 5, 7, 8, 9, 10, 14, 15, 16, 17, 21, 22, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 32, 37, 41.

Сонымен бірғе 1 ұпайдан 6, 13, 18, 20, 24, 31, 36, 38,39 сұрақтардың "жок" жауаптарына есептелінеді.

1,11, 12,19, 28, 33, 34, 35,40 сұрақтардың жауаптары есептелінбейді.

Ары қарай жинақталған баллдар қосындысы есептелінеді.

Талдау нәтижесі

1 -10 баллға дейін: табысқа деғен мотивациясы төмен;

11 -16 баллға дейін: табысқа деғен мотивация орташа деңгейі;

17 - 20 баллға дейін: табысқа деғен мотивация орташа жоғары деңгейі;

21 баллдан жоғары: табысқа деғен мотивацияның аса жоғары деңгейі.

Зерттеу адамдардың табысқа орташа және күшті бағдарланғандығын, тәуекелділік деңгейі орташа екендігін көрсетеді. Сәтсіздіктен қорқатындар кішкентай немесе керісінше тәуекелдің аса үлкен деңгейін дұрыс көреді. Адамның табысқа – мақсатқа жету мотивациясы неғұрлым жоғары болса, соғұрлым тәуекелге дайындығы төмен.


Сонымен табысқа деғен мотивациясы, табысқа деғен үмітіне әсер етеді: табысқа деғен үміті табысқа әлсіз мотивациясына қарағанда табысқа күшті мотивацияда қарапайым/қанағатшылдық сипатта. Оның үстіне табысқа мотивацияланған және оған үлкен үміті бар адамдарға жоғары тәуекелдіктен қашу тән болып келеді. Тәуекелге дайындығы жоғары және табысқа күшті ынталанғандар тәуекелге жоғары дайындығы бар, бірақ сәтсіздіктен қашуға (қорғану) мотивациясы жоғары адамдарға қарағанда бақытсыздық жағдайға сирек түседі. Және керісінше адамда сәтсіздіктен қашуға (қорғану) мотивациясы жоғары болса, онда бұл табысқа мотивіне – мақсатқа жетуіне кедергі болады.

Студенттер жауаптарына Т. Элерс сауалнамасының кілтіне сәйкес талдау жасап, оны төмендегі 14-кестеде көрсеттік.

Кесте 15 – Анықтау эксперименті бойынша 2-ші курс студенттерінің Т. Элерс әдістемесі бойынша табысқа жету мотивациясы деңгейлерінің (%) пайыздық көрсеткіштері

Денгейі	Бақылау тобы (62 студент)	Эксперименттік топ (68 студент)
Тым жоғары (21 және одан көп үпай)	2 (3,2%)	3 (4,4%)
Жоғары (17-20 үпай)	4 (6,5%)	6 (8,8%)
Орта (11-16 үпай)	16 (25,8%)	20 (29,4%)
Төмен (1-10 үпай)	40 (64,5%)	39 (57,4%)

Анықтау экспериментінің көрсеткіштерін Т. Элерс әдістемесі бойынша табысқа жету мотивациясы бойынша тым жоғары, жоғары, орташа, төмен деңгейлері негізінде өлшемдеріне сүйене отырып, бақылау тобы мен эксперименттік топтарының пайыздық салыстырмалы көрсеткіштері диаграммада келтірілді. (Сурет 10).



Сурет 10 - Анықтау эксперименті бойынша 2013-2014 оку жылындағы 2-ші курс студенттерінің табысқа жету мотивациясы деңгейлерінің пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Бұл диаграммадан байқаганымыз, бақылау және эксперимент топтарындағы айырмашылықтар көп емес. Зерттеу барысында алынған көрсеткіштер бақылау және эксперименттік топтарда болашақ педагогтардың табысқа жету мотивациясы әлі де қалыптаспағандығын көрсетті. Бақылау топтары табысқа жету деңгейлік көрсеткіші не бары 6,5%, ал эксперименттік топта жоғарғы деңгейлік көрсеткіші 8,8% қурады.

Аталмыш әдістеменің талдауы бойынша табысқа жету мотивациясы төмен тұлғалар сәтсіздіктен қашу, яғни қорғану мотивациясын ұстанады. Мұндай

түрткілер адамның кез-келген іс-әрекетте табысқа жетуге немесе мақсатқа жетуіне кедергі болатынын ескеруіміз қажет.

Зерттеу адамдардың табысқа орташа және күшті бағдарланғандығын, тәуекелділік деңгейі орташа екендігін көрсетеді. Сәтсіздіктен қорқатындар кішкентай немесе керісінше тәуекелдің аса үлкен деңгейін дұрыс кореді. Адамның табысқа – мақсатқа жету мотивациясы неғұрлым жоғары болса, соғұрлым тәуекелге дайындығы томен.

Диагностикалауда анықтаушы экспериментке қатысушыларды әртүрлі іс-әрекетте: оқу, аудиториядан тыс, ғылыми және тәрбие жұмыстары арқылы бақыладық. Табысқа жету мотивациясы корінуін зерттелушілердің оку іс-әрекеті және оқудан тыс жұмыстарға белсенді қатысып сәттілікке ұмтылу-ларынан байқадық.

Келесі төртінші кезекте В.Е.Мильманның «Тұлға құрылымының мотивациялық диагностикасы» әдістемесі жүргізілді. Әдістеме негізінен тұлғаның жалпы және шығармашылық қабілетіне, қарым-қатынасына, әлеуметтік статусына және т.б. кейбір ұстанымдарына әсер етеді. Тұлғаның бағыттылығына және жұмысына қатысты сұрақ-жауап құрастырылады (3-қосымша).

Нұсқау. Сіздің өмір салтыңызға және өмірлік ұстанымдарыңызға қатысты 14 дәлел корсетілген. Берілген сұрақта 8 нұсқа бар (а, б, в, г, д, е, ж, з). Мақұлданған жауаптың тұсына келесі корсетілген белгіні қойыңыз (+) келісемін, (=) әрқалай, (-) жоқ, (х) келіспеймін, (?) білмеймін. Әрбір көрсетілген 1-ден 14-ке дейінгі сұрақтарға ұзак ойланбай тезірек жауап беруге тырысыңыз. Жауап қате белгіленбеуін қадағалаңыз.

В.Е.Мильман ұсынған тұлғаның мотивациялық диагностикасын анықтау үшін бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі мамандығының II курс (32 студент) студенттерінен тест алынды.

Нәтижелерді ондеу және интерпретациялау. Сыналушының жауаптары баллмен көрсетіледі «+» - 2 балл, «-» - 1 балл, «=» немесе «?» - 0 балл. Баллдар шкала бойынша бағаланады: өмірлік қолдау (о), жайлыштық (ж), әлеуметтік жағдай (ә), қатынас (қ), жалпы қызмет (жқ), шығармашылық қызмет (шқ), әлеуметтік пайда (әп).

Сосын график құрылады (мотивациялық профиль). Егер сыналушы шкала бойынша (жқ), (шқ), (әп) жоғары балл жинаса, демек онда «қызметтік» тұлғаның мотивациялық профилі, ал егер шкала бойынша одан жоғары балл жинаса о, ж, ә, жқ (немесе басқа шкаламен тең жағдайда) демек тұлғаның күнделікті мотивациялық профилі көрініп түр.

Кілт:

Өмір тіршілігін қамтамасыз етуге бағдарлану – жауабы: 1а, 2а, 3а, 4е, 5а, 6з, 8а, 10д, 11а, 12а

Біңгайлыштық пен жайлыштыққа ұмтылу – жауабы: 1е, 2г, 7в, 8в, 9в, 10г, 12д, е

Қарым-қатынасқа ұмтылу – жауабы : 1в, 2д, 3в, 4б, в, 7б, з, 8б, г, 9д, з, 10а, 11г, 12в

Жалпы белсенділік (ЖК) – жауабы: 1_{ф,з}, 4_{а,ф}, 5_з, 6_а, 7_д, 9_б, 10_в, 12_з

Шығармашылық белсенділік (ШБ) – жауабы: 1_{ж,з}, 2_{е,ж}, 3_ж, 4_д, 5_{д,е}, 6_е, 7_{е,ж}, 8_{д,ж}, 10_ж, 11_з, 12_ф.

Әлеуметтік пайдалылық (ӘП) – жауабы: 1_д, 2_з, 3_{ф,д}, 4_{в,ж}, 5_{ф,ж}, 6_ж, 8_е, 9_ж, 10_{б,е}, 11_{е,ж}, 12_ж.

Бұл шкаладағы балл қосындысы жеке тұлғаның жұмысқа бағыттылығын сипаттайты.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің В.Е. Мильман ұсынған «Тұлғаның мотивациялық құрылымының диагностикасы» әдістемесін қолдану негізінде тұлғаның жалпы және шығармашылық қабілетіне, қарым-қатынасына, әлеуметтік статусына және т.б. кейбір ұстанымдарына әсер ететін деңгейіне байланысты тұлғаның бағыттылығына және жұмысына қатысты сұрақ-жауап құрастырылады (kestені қараңыз).


Кесте 16 – Анықтаушы эксперименттегі В.Э. Мильманның әдістемесі бойынша зерттелуші топтардың пайыздық көрсеткіштері

№	Шкалалар атауы	Бақылау тобы (62 студент)	Эксперименттік топ (68 студент)
1.	Өмір тіршілігін қамтамасыз етуғе бағдарлану	11 (17,7%)	10 (14,7%)
2.	Ынғайлыштық пен жайлыштыққа үмтүлу	15 (24,2%)	15 (22,1%)
3.	Әлеуметтік бедел мен мәртебеге үмтүлу	12 (19,4%)	14 (20,6%)
4.	Қарым-қатынасқа үмтүлу	10 (16,1%)	12 (17,6%)
5.	Жалпы белсенділік	6 (9,7%)	7 (10,3%)
6.	Шығармашылық белсенділік	5 (8,1%)	6 (8,8%)
7.	Қоғамдық пайдалылық	3 (4,8%)	4 (5,9%)

Анықтаушы эксперименттегі В.Э. Мильманның «Тұлғаның мотивациялық құрылымының диагностикасы» әдістемесі бойынша зерттелуші топтардың пайыздық көрсеткіштерін салыстыратын болсақ, бақылау тобы 11 зерттелушілерінің өмір тіршілігін қамтамасыз етуғе бағдарлануы 17,7% құрады, ынғайлыштық пен жайлыштыққа үмтүлғандар саны 15 (24,2%) зерттелушілерді құрады, әлеуметтік бедел мен мәртебеге үмтүлу 12 (19,4%) зерттелушілерде көрініс тапты. Ал қарым-қатынасқа үмтүлу 10 зерттелушіде, яғни бақылау тобының 16,1%-нда көрініс тапты, жалпы белсенділікке үмтүлатындар 6 адам, яғни 9,7% құраса, шығармашылық белсенділік 5 адамда байқалып, яғни зерттелушілердің 8,1%-нда көрінсе, ал қоғамдық пайдалылық 3 зерттелушілерден (4,8%) көрінді.

Енді айқындаушы эксперимент нәтижесінде эксперименттік топты құраған 68 студенттің В.Э. Мильманның «Тұлғаның мотивациялық құрылымының диагностикасы» әдістемесі бойынша пайыздық көрсеткіштерін сандық және

сапалық талдайтын болсақ, онда өмір тіршілігін қамтамасыз етуге бағдарланғандар 10 адам (14,7%) құраса, ыңғайлылық пен жайлышыққа ұмтылғандар саны 15 (22,1%) зерттелушілерді құрады. Әлеуметтік бедел мен мәртебеге ұмтылу 14 (20,6%) зерттелушілерде корініс тапты. Ал қарым-қатынасқа ұмтылу 12 зерттелушіде, яғни бақылау тобының 17,6%-нда көрініс тапты, жалпы белсенділікке ұмтылатындар 7 адам, яғни 10,3% құраса, шығармашылық белсенділік 6 адамда байқалып, яғни зерттелушілердің 8,8%-нда байқалды. Соңғы шкала қоғамдық пайдалылық корсеткіші 4 зерттелушілерде, яғни эксперименттік топтың 5,9%-нда көрініс тапты. Жоғарыда келтірілген әдістеме бойынша алынған алғашқы тәжірибелік нәтижелердің пайыздық көрсеткіштері төмендегі диаграммада корнекі турде бейнеленген.



Сурет 11 - Анықтаушы эксперименттегі В.Э. Мильманның әдістемесі бойынша зерттелуші топтардың пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Жалпы екі топ нәтижелерін салыстыратын болсақ, екі топта да тұлғаның мотивациялық құрылымында айтарлықтай өзгешеліктер байқалған жоқ. Диаграммадан зерттелушілердің көбісінде өмір тіршілігін қамтамасыз етуге, жайлышыққа, сондай-ақ қарым-қатынасқа ұмтылатын түрткілерінің басым екенін айқын коруге болады.

Мысалы, бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі мамандығының II курс студенті Н.Орынбасарованаң сауалнама нәтижесін талдар болсақ, «Өмір әрекетінде қандай ұстанымдарды ұстану қажет?» деген сауалға «Ең бастысы – денсаулық. Өзін және жүйке жүйесін сақтау» деп жауап берген. Жұмыс әрекетінде жұмыс – бұл өмір сүрудегі қажеттілік деген ұстанымды ұстанса, бос

уақытымда орын алатын жағдайлар: демалыс, қызығушылық деп көрсетсе, ал жұмыс уақытында орын алатын жағдайлар: қосалқы, табыс табу жұмыстары деп көрсеткен. Сонымен қатар, студент Н.Орынбасарова демалыс уақытында көңіл көтергісі келетіндігін, егер жұмыс уақытын жоспарлауға мүмкіндік берілсе, онда білімді жетілдіретіндігін және көбіне ортақ таныстары бар ортада болғысы келетіндігін атап көрсеткен. Сәтсіздікке ұшырағанда қателіктерін түсінуге тырысады және қазіргі уақыттағы жеткен жетістіктері: басқаларға қажет екенін сезінеді.

Адам өмірінің табыстылығы ізгі істерге талпыну әрекеттерінен тұратынын ескерсек, қай кезде де ең алдымен осы қасиеттерді дамытуға басты көңіл аударуға тиіс екендігін естен шығармауымыз керек. Студенттің жұмысқа бағыттылыған сипаттау үшін жоғарыда көрсетілген сауалнаманың кілтімен нәтижелерді өндейміз. Өмірлік қолдау, жайлышық, қатынас шкаласы бойынша студент жоғары балл жинап, демек тұлғаның күнделікті мотивациялық профилі жоғары.

Сондай-ақ, осы негізде студенттердің әрбір жауабын жеке талқылап, күнделікті немесе қызметтік мотивациялық профилін анықтадық. Нәтижесінде 32 студенттің 25 студентінің, яғни 78%-ының күнделікті мотивациялық профилі жоғары болса, ал 7 студенттің, яғни 22%-ының қызметтік мотивациялық профилі жоғары екендігі анықталды.

Айқындаушы эксперименттің 5-ші кезеңінде шығармашылық белсенділік деңгейін диагностикалау үшін Е.Е.Туниктің “Жеке тұлғаның креативтілігін диагностикалау» тесті қолданылды (4-қосымша).

Нұсқаулық. Бұл әдіс өзіңізді қаншалықты шығармашыл адам екенінізді анықтауға мүмкіндік береді. Төменде берілген сипаттамаларды басқаларға қарағанда өзіңізге лайықтысын табасыз. «Негізінен шынайы» бағанға «Х» белгісін белгілеу керек. Өзіңізге кейбірі сай келетін сөйлемге «Жартылай шынайы» бағанға «Х» белгісін белгілеу керек. Бір шешімге келе алмасаңыз «Х» белгісін талаптар бағанына «Мен шеше алмаймын» деп белгілеңіз.

Әрбір ұсыныска көп ойланbastan жауап беруге тырысыныз. Бұл жерде дұрыс немесе дұрыс емес жауаптар жоқ. Сөйлемді оку арқылы, ойыңызға бірінші келген жауапты белгілеңіз. Бұл тапсырманың уақыт шектеуі жоқ, сонда да тезірек жауап беруге тырысыныз. Әр сөйлемге жауап беру барысында өзіңіздің шынайы сезіміңіз арқылы жауап беріңіз. Өзіңізге лайықты бағанға «Х» белгісін белгілеңіз. Әрбір сұраққа бір ғана жауаптан.

Сауалнама мәліметтерін бағалауда тұлғаның шығармашылықпен тығыз арақатынасын көрсететін төрт фактор қолданылады. Оған енеді: Білімге құмарлық (К), Қиялдау (қ), Қындық (қ) және тәуекелге бейімділік (Б). Әрбір фактор бойынша төрт өнделмеген көрсеткіштерді, сонымен бірге көрсеткіштердің жалпы қосындысын аламыз.

Мәліметтерді өндеу барысында шаблон қолданылады, оны тест жауаптарының парагына салуға, немесе зерттелінушілердің жауаптарын кәдімгі формада кілтпен салыстыруға болады.

Кілт

Тәуекелге бейімділік (жауаптары 2 балл бағаланады)

а) он жауаптар: 1, 21, 25, 35, 43, 44;

б) теріс жауаптар: 5, 8, 22, 32, 34;

в) «мүмкін» формасындағы сұрақтардың барлық жауаптары 1 баллмен есептелінеді

г) сұрақтарға «білмеймін» деген жауаптардың барлығы 1 баллмен бағаланады және жалпы қосындысынан алып тасталынады.

Білімге құмарлық (жауаптары 2 балл бағаланады)

а) он жауаптар: 2, 3, 11, 12, 19, 27, 33, 37, 38, 47, 49;

б) теріс жауаптар : 28;

в) «мүмкін» формасындағы барлық жауаптары +1 баллмен, ал «білмеймін» -1 балл есептелінеді.

Қындық (жауаптары 2 балл бағаланады)

а) он жауаптар: 7, 15, 18, 26, 42, 50;

б) теріс жауаптар : 4, 9, 10, 17, 24, 41, 48;

в) «мүмкін» формасындағы барлық жауаптары +1 баллмен, ал «білмеймін» -1 балл есептелінеді.

Қиялдау (жауаптары 2 балл бағаланады)

а) он жауаптар: 13, 16, 23, 30, 31, 40, 45, 46;

б) теріс жауаптар: 14, 20, 39;

в) «мүмкін» формасындағы барлық жауаптары +1 баллмен, ал «білмеймін» -1 балл есептелінеді.

Айқындаушы эксперименттің осы кезең 2013-2014 оқу жылынан бастау алып, Е.Е.Туниктің “Жеке тұлғаның креативтілігін диагностикалау” тесті бақылау тобының, яғни Алматы университетінің бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі мамандығының екінші курсының 62 студенттеріне және эксперименттік топты құрайтын Абай атындағы ҚазҰПУ-нің бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі мамандығының екінші курсының 68 студенттеріне зерттеу жүргізілді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық деңгейін анықтауда қолданылған аталмыш әдістеме нәтижелері бойынша зерттелуші студенттердің жауаптары үшін берілген ұпайлар қосындысы саулнаманың кілті арқылы есептелінеді. Осу ретімен жазылған белгілі мәндердің жиынтығы вариациялық қатар деп аталатыны белгілі. Олай болса, анықтаушы экспериментті бойынша 2013-2014 оқу жылында болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне Е.Е.Туниктің «Жеке тұлғаның шығармашылық диагностикасы» бойынша шығаршылық ойлау тестісінен алынған зерттеу нәтижелерінің математикалық статистика қатары алынады. Ол үшін креативтілік факторлары бойынша бақыланған мәндерінің варианта қатарын аламыз да, ал екінші жағынан салыстырмалы жиілікті орналастырып кесте құрамыз (кесте17). Мұндағы x_i вариантаға сәйкес жиілік f_i - таңдауда әрбір x варианта қанша рет кездесетінін көрсететін сан болса, $\sum f_i = N$; жиілену w_i жалпы таңдау көлеміндегі әрбір жүйедегі жиіліктің үлесі: $w_i = f_i / n_i$ алынады.

Кесте 17 – Анықтаушы эксперименті бойынша Е.Е.Туниктің “Жеке тұлғаның креативтілігін диагностикалау» тесті бойынша креативтіліктің 4 факторы негізінде алынган зерттеу нәтижелерінің жиілігі мен жиілену көрсеткіштері

Бақылау тобы (62 студент)	«Иә»	«Жарғылай келесемін»	«Жоқ»	«Білмеймін»	Эксперименттік топ (68 студент)	«Иә»	«Жарғылай келесемін»	«Жоқ»	«Білмеймін»
Тәуекелге бейімділік f_i	17	15	11	19	Тәуекелге бейімділік f_i	19	17	14	18
$w_i \%$	27,4%	24,2 %	17,7 %	30,6 %	$w_i \%$	27,9%	25 %	20,5 %	26,4 %
Білімге құмарлық f_i	37	10	7	8	Білімге құмарлық	39	14	6	9
$w_i \%$	59,6%	16,1%	11,3%	13%	$w_i \%$	57%	21%	9%	13%
Қыындық f_i	11	17	16	18	Қыындық f_i	22	19	14	13
$w_i \%$	16,1%	27,4 %	25,8 %	29 %	$w_i \%$	32,3%	27,9 %	20,5%	19,3 %
Қиялдау	16	12	19	15	Қиялдау	18	11	16	23
$w_i \%$	25,8%	27,4 %	25,8 %	29 %	$w_i \%$	26,4%	16,1 %	23,5 %	34 %

Айқындаушы эксперименттің 4-ші кезеңінде шығармашылық белсенділік деңгейін диагностикалау үшін жүргізілген Е.Е.Туниктің “Жеке тұлғаның креативтілігін диагностикалау» тестін сандық және сапалық мәліметтерін салыстыра отырып, оның барлық креативтілік факторлары бойынша белгіленін анықталды. Атап айтқанда, бақылау тобын құраған 62 зерттелушілерден алынған алғашқы креативтілік факторларының ішінен «иә» деп жауап берген тәуекелге бейімділік бойынша кездесу жиілігі 17 адамды қамтып, оның жиіленуі 27,4% пайызын құрады. Сондай-ақ, білімге құмарлық, қыындық, қиял бойынша алынған жиілену шамасы- бақылау тобында алынған мәлімеметтер эксперимент тобына қарағанда алынған нәтижелерінің көрсеткіштері төмендеу болып келеді.

Е.Е.Туниктің «Жеке тұлғаның шығармашылық диагностикасы» бойынша шығарышылық ойлау тестісінен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық деңгейін анықтауда топтардың жоғары, орташа, төмен деңгейлері анықталып, төмендеғідей нәтижелері алынды (кесте 18).

Кесте 18– Анықтаушы эксперименті бойынша Е.Е.Туниктің “Жеке тұлғаның креативтілігін диагностикалау» тестінен алынған креативтіліктің 4 факторының пайыздық көрсеткіштері (%)


Креативтілік факторы	Бақылау тобы (62 студент)			Эксперименттік топ (68 студент)		
	Жоғары	Орташа	Төмен	Жоғары	Орташа	Төмен
Тәуекелге бейімділік	17 (27,4%)	15 (24,2 %)	30 (48,3 %)	19 (27,9%)	17 (25 %)	32 (47,05%)
Білімге құмарлық	37 (59,6%)	10 (16,1%)	15 (24,1%)	39 (57%)	14 (21%)	15 (22%)
Қындық	11 (16,1%)	17 27,4 %	34 54,8 %	22 (32,1%)	19 (27,9 %)	27 (40%)
Қиялдау	16 25,8%	12 19,3 %	34 54,9 %	18 (26,5%)	11 (16,2%)	39 (57,3 %)

Анықтаушы эксперименттегі Е.Е.Туниктің “Жеке тұлғаның креативтілігін диагностикалау» тесті бойынша 2013-2014 оқу жылындағы бақылау тобында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативтілік факторлары ішінен тәуекелге бейімділік 17 зерттелушінің (27,4 %) пайызын құраса, төменгі даму деңгейлері 30 зерттелушіні (48,3) құрап, басымырақ көрсеткіштерді көрсетті. Ал эксперименттік топта 19 адамның 27,9% пайызын құрап, орташа деңгейі бойынша 17 адамның 25 %-ын қамтыса, төменгі көрсеткіші 32 адамның 47,05% пайыздық көрсеткіштері диаграммада айқын көрсетілгеніне көз жеткізуғе болады. Бақылау тобы зерттелушілерінде білімге құмарлық факторы бойынша 37 зерттелушінің жоғары даму деңгейлері басымырақ 59,6%,- пайызын құрады, орташа даму деңгейі 10 адамнан -16,1%- пайызын көрсетті, ал төменгі даму деңгейі 15 адамның 24,1%-ын құрады. Ал эксперимент тобында 39 адамның 57%-ын құраса, орша деңгейі бойынша 14 адамнан 21% -ын қамтыды, төменгі деңгейінен 15 зерттелушіден 22%-ын құрады.

Қындық факторы бойынша бақылау тобында жоғары көрсеткіші 16 адамның 25,8% ды, орташа деңгейде 12 адамнан 19,3 % -ды құраса, төменгі көрсеткіштері 34 адамның 54,9 % -пайызын қамтыды. Ал эксперимент тобы бойынша қындық факторы бойынша 22 адамнан 32,1%-ын құрап, 19 адамның 27,9 % пайызын құраса, 27 зерттелушінің 40% -ын қамтыды.


Қиялдау факторы бойынша бақылау тобында жоғары көрсеткіші 11 адамның 16,1%-ды, орташа деңгейде 17 адамнан 27,4 % -ды құраса, төменгі көрсеткіштері 34 адамның 54,8 % -пайызын қамтыды. Ал эксперимент тобы бойынша қиял факторы бойынша 18 адамнан 26,5%-ын құрап, 11 адамның 16,2 % пайызын құраса, 39 зерттелушінің 57,3 % -ын қамтыды.

Анықтаушы эксперимент бойынша 2013-2014 оқу жылындағы бақылау және эксперимент тобындағы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің Е.Е.Туниктің “Жеке тұлғаның креативтілігін диагностикалау» тестінен алынған креативтіліктің 4 факторының пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы төмендегі суретте айқын көрсетілген (суретті қараңыз).



Сурет 12 – Анықтаушы эксперимент бойынша Е.Е.Туниктің “Жеке тұлғаның креативтілігін диагностикалау» тестінен алынған креативтіліктің 4 факторының пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Анықтау экспериментінің көрсеткіштерін жоғары, төмен, орта деңгейлері негізінде өлшемдері алынып, екі зерттелуші топтардың салыстырмалы диаграммалары келтірілген (Сурет 13). Онда байқағанымыздай, бақылау және эксперимент топтарындағы айырмашылықтар көп емес. Зерттеу барысында алынған көрсеткіштер бақылау және эксперименттік топтарда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті шығармашылық ойлауының әлі де қалыптаспағандығын көрсетті.



Сурет 13 – Анықтаушы эксперимент бойынша Е.Е.Туниктің “Жеке тұлғаның креативтілігін диагностикалау» тестінен алынған креативтіліктің 4 факторының пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы.

Бақылау тобында «Бастауышта оқыту педагогикасы және әдістемесі» мамандығының 62 студентінің 17%-ы «Мен дұрыс жауапты білмесем де, оны табуға тырысамын», «Әдетте білмеген нәрсемді сұраймын», «Мен ерекшелікті үнатамын», «Қателескен жағдайда өз-өзімді ұстаймын», «Мен өз сезімдеріме сенемін» деген жауаптарды көрсетсе, 37 студентінің 59,6 %-ы «Бір ойынды ойнамас бұрын, ол ойынды жеңетініме сенімді болуым керек», «Мәселенің анық-қанығына жеткенді үнатамын», «Алдын ала болжам жасап, өз ойынның дұрыстығын тексерген үнайды» деген нұсқаларды көрсетін, ал эксперимент тобының 39 студентінің 57%-ы «Жаңа іспен айналысқанды үнатамын», «Бір жұмысты істеуім керек болса, оны елестеткенді үнатамын», «Мен дұрыс жауапты білмесем де, оны табуға тырысамын», «Әдетте білмеген нәрсемді сұраймын», деген нұсқаларды тандаған.

«Жартылай келісемін» деген баған бойынша бақылау тобы студенттерінің 15 студенттің 24,2%-ы «Жұмысты алдын ала жоспарлаған үнамайды», «Жаңа достар тапқанды үнатамын», «Ары қарай не боларын білмеген кезде мазам кете бастайды» деген нұсқаларды таңдаса, 10 адам 16,1 %-ы «Топ алдында сөйлегенді үнатпаймын», «Достарымның шешімге келе алмайтыны үнамайды», «Ережелер мен қағидалар маған үнамайды» деген нұсқаларды көрсеткен.

Студенттерге оқу жылында орын алған факторларды белгілеулерін сұрадық. Сауалнама сіздің оқуыңызда табыска жетуінізге өз үлесін қосқан және сіздің табыска жетуінізге не кедергі болды деген факторлар негізінде құралған.

Корытындылай келе, студенттердің басым бөлігі білмеген нәрсені сұрайтыны, жаңа достар табу, жаңа іспен айналысқанды үнататындары, өзіндік сезімдерге сенетіндіктері анықталды.

Сондықтан зерттеу барысындағы алынған мәліметтерге сүйене отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту алғашқы диагностикасы модельдегі компоненттер (тұртқілік-еріктік, процессуальдық- іс-әрекет, рефлексивтік-бағалау) бойынша бейнеленеді

Жоғарыдағы қолданылған әдістемелер болашақ бластауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығының әлеуметтік ұстаным (студенттің өзін-өзі танытуына мүмкіндік беретін қарым-қатынастар жүйесі), әлеуметтік белсенділік (нәтижесі әлеуметтік мойындау болып табылатын іс-әрекеттік қатынас жүйесі), тұлғалдық табыстылы (студент жастардың тұлғалық қанағаттануы) секілді жиынтықтан тұратынын анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында алынған көрсеткіштер бақылау және эксперименттік топтарда студенттердің әлеуметтік табыстылығының әлі де қалыптаспағандығын көрсетті.

Сондықтан біз өз зерттеуімізде болашақ маман ретінде студенттердің әлеуметтік табыстылығын қалыптастырудың алғы шарты ретінде оқудан тыс жұмысты жүргізуге дайындығының жоғары деңгейде болуын талап еттік.

Бақылау және эксперименттік топтарында оқудан тыс әрекеттерге қатысу барысында табысты әлеуметтік бейімделуі, қалыптасқан әлеуметтік ұстанымы,

студенттің тұлғалық және әлеуметтік сапаларының қалыптасуы, жетістігінің жогары мотивациясы, ішкі әрекет үрдісінде жүзеге асырылатын әлеуметтік ортамен қарқынды, саналы өзара әрекеттесуге бағытталған әлеуметтік-мәнді әрекеттері байқалады.

Диагностикалау барысында анықтау экспериментінің мақсатына сәйкес жүргізілген сауалнама және қолданылған әдістемелер нәтижесі оқу, окудан тыс әрекеттер негізінде бақылау және эксперименттік топтардың арнайы өлшемдері бойынша әлеуметтік табыстылығының даму деңгейлері төмендегідей анықталды.

Студенттердің әлеуметтік ұстанымы деңгейі бақылау тобында 28% - жогары, 46% – орта, 26% – төмен болса, ал эксперимент тобында студенттердің әлеуметтік ұстаным деңгейі 26%- жогары, 46% - орта, төмен деңгей көрсеткіші 28% қурайды.

Әлеуметтік белсенділік деңгейі бақылау тобы студенттерінің 26% - жогары, 49% – орта, 25% – төмен болса, ал эксперимент тобында студенттердің әлеуметтік белсенділік деңгейі 29%- жогары, 50% - орта, төмен деңгей 21% көрсетеді.

Тұлғалық табыстылық деңгейі бақылау тобы студенттерінің 25% - жогары, 45 – орта, 30% – төмен деңгейде, ал эксперимент тобында студенттердің тұлғалық табыстылық деңгейі 26%- жогары, 51% - орта, төмен деңгей көрсеткіші 23% көрсетеді.

Сонымен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығының дамуын анықтайтын әлеуметтік ұстаным, әлеуметтік белсенділік, тұлғалық табыстылықтың үш деңгейдегі көрсеткіштеріне сүйене отырып, орташа пайыздың көрсеткіштері анықталды: ол бақылау тобында 26% - жогары, 47% - орта, 27% - төмен деңгейде болса, ал эксперименттік топта 27% - жогары, 49% - орта, 24% - төмен деңгейді көрсетеді (19-кесте).

Кесте 19 – Анықтау эксперименті бойынша студенттердің әлеуметтік табыстылық деңгейлері (%)

Өлшемдері	Бақылау тобы			Эксперименттік топ		
	Ж	О	Т	Ж	О	Т
Әлеуметтік ұстаным (студенттің өзін-өзі танытуына мүмкіндік беретін қарым-қатынастар жүйесі)	28%	46%	26%	26%	46%	28%
Әлеуметтік белсенділік (нәтижесі әлеуметтік мойындау болып табылатын іс-әрекеттік қатынас жүйесі)	26%	49%	25%	29%	50%	21%
Тұлғалық табыстылық (қажетліктерін қанағаттандыруы)	25%	45%	30%	26%	51%	23%
Орташа көрсеткіш	26%	47%	27%	27%	49%	24%

Ескерту: Ж-жоғары, О-орта, Т-төмен

Демек анықтау эксперименттің мәліметтері мен нәтижелерінен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығының деңгейінің төмендігі яғни студенттердің болашақ маманың әлеуметтік табыстылығын дамытуға бағытталған оқу тәрбие жұмыстарының жеткілікті дәрежеде жүргізілмегендігін байқадық.


Сондықтан қазірғіден болашаққа қозғалу үшін өзінің ресурстары мен мүмкіндіктерін жұмылдыруды жете үғынуы; құзыреттіліктер мен рефлексивті әрекет тәсілдерін менгеруі; нақты өмірлік міндеттерді шешу тәжірибесін менгеру ретінде үйретуі; функционалдық қабілеттері мен жауапкершілікті өсіру ретінде дамытуы қажет. Өйткені кәсіби білім алу үрдісінде әлеуметтік білімін практикалық түрғыдан пайдалана алымен әлеуметтік тәжірибесі қалыптасады.

Кесте 20 – Анықтау эксперименті бойынша студенттердің әлеуметтік табыстылық деңгейлері (%)

Денгейі	Бақылау тобы	Эксперименттік топ
Жоғары	26%	27%
Орта	47%	49%
Төмен	27%	24%

Бірақ ЖОО-ны жағдайында оқудан тыс әрекеттерге қатысу, бос уақытты ұтымды әрі пайдалы іске арнау, сол арқылы әлеуметтік табыстылықтың алғашқы тәжірибелерін жинақтау мәселелері ескерілмегендіктен қоршаған ортамен қарым-қатынаста, өзін-өзі бағалауы, қоғамның нормаларына сай табыстылықты қабылдау болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінде төмен деңгейде дамығаны анықталды.

Анықтау экспериментінің нәтижелері мынаны көрсетті: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің қай пәннен болсын (қанша пән бойынша) даяр білім алғанмен, алған «жеке» білімдерін, іскерліктерін басқа пәнді оқыған кезде, сол сияқты тәжірибеде қолдануға қиналады, олардың өз бетімен ойлауы, алған білімді ұқсас немесе жаңа жағдайға көшіру іскерлігі жетіспейді (14- сурет).



Сурет 14 - Анықтау экспериментінің көрсеткіші

Бұл диаграммадан байқағанымыз, бақылау және эксперимент топтарындағы айырмашылықтар көп емес.

Қорыта келгенде, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың бастапқы диагностикасы әлеуметтік-кәсіби іс-әрекетке жүйелі дайындығын қалыптастырудың тиімділігін анықтауға және осы бағыттағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарының келесі кезеңдерін іске асыруға мүмкіндіктер береді. Сонымен диагностиканың негізігі мақсаты әртүрлі салалардағы әрекеттер факторларының әлеуметтік мазмұнын анықтау, адаммен, топпен жүргізілетін әлеуметтік, әлеуметтік-педагогикалық жұмыстардың әдіснамасы мен әдістемесінің жасаудың ғылыми негіздерін құру болып табылады.

2.3 Болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың әдістемесі

Жоғарыдағы бөлімде айтылғандай болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығы дамуының бастапқы деңгейін айқындау жоғары оқу орнының тұтас педагогикалық үдерісінде жүзеге асырылды. Ол болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің маңыздылығын түсінуін, өздерінде әлеуметтік табыстылықты дамытуға ұмтылуын, яғни қарым-қатынасының болуын; сол саласы бойынша білімі мен табыстылық феноменін түрғысынан түсінуін зерттеуге бағытталған; өзін-өзі таныта алуы, өзінің кәсіби іс-әрекеттерін жете түсінуі мен өздігінен бағалай алу деңгейін анықтауға бағытталған.

Эксперименттік-тәжірибе жұмысында болашақ бастауыш сыйнып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығының дамуы моделіндегі түрткілік-еріктік; - іс-әрекеттік, диагностикалық - бақылау, рефлексиялық – бағалау компоненттері және соған сәйкес өлшемдер мен көрсеткіштері бойынша деңгейлерін бағалау көрсетіледі.

Қалыптастыру экспериментінің мақсаты – болашақ педагогтардың табысқа жету мотивациясының даму дәрежесін анықтау, сонымен бірғе олардың осы мәселеге қатынасын айқындау, тұтас алғанда білім беру үдерісі үшін оның маңыздылығын түсінуін білу. Себебі, студенттердің қызығушылығы мен қабілеттеріне сәйкес келетін білімге сұранысы қалыптасатыны белгілі.

Педагогикалық тәжірибеде тұлғаның даму деңгейіне диагностикалық талдау жасау үшін белгілі бір әдістеменің қажеттілігі күннен күнге артып отыр. Ол тұлғаның қалыптасу үдерісін тиімді басқаруға, болашақ маманың әлеуметтік табыстылығын дамыту ерекшеліктерін білуға мүмкіндік береді.

Осыған орай біздің зерттеуімізде болашақ бастауыш сыйнып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту әдістемесін жасау міндет етін алынды.

«Әдістеме» ұғымына келетін болсақ, ол ғректің «methodike» сөзінен жол деғенді білдірін, тәмендегі мағыналарда мазмұндалады: 1) әдістер жиынтығы; 2) оқыту немесе ғылымды зерттеу әдістері туралы ілім; 3) педагогиканың жеке пәндерден берілетін білім көлемі мен мазмұнын негіздел, оны оқытудың тиімді әдістерін зерттейтін саласы [244,146.].

Әдістеме білім алушыларды тәрбиелеу мен оқыту үдерістерінің заңдылықтарын зерттейді. Ол заңдылықтардың жеке пәндерді оқытудағы көрінісін және әр пәнді оқытудың өзіне ғана тән заңдылықтарын пәндік дидактика қарастырады. Бұлардың әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктеріне байланысты оқыту әдістемелері бар.

Осы орайда зерттеу жұмысымызда бастауыш сыйнипта әлеуметтік табыстылығын дамыту әдістемесін қолдану барысында «әдістеме» ұғымына берілген көптеген ғалымдар еңбектеріндегі анықтамаларға сүйендік:

- «педагогикалық үрдістің ұйымдастырушы-тәсілдік құралы» (Б.Т.Лихачев) [212];
- «педагогикалық мақсатқа қол жеткізу үшін пайдаланылатын барлық тұлғалық, жабдықтық, әдістемелік құралдардың жұмыс істеу реті және жүйелі жиынтығы» (М.В.Кларин) [213];
- «анықталған жоспарлы нәтижеғе жету үшін мұлтіксіз орындалатын процедуралардың ретке келтірілген жүйесі» (В.М.Монахов) [214];
- «оқыту, білімді иферу үдерісінде техникалық, адамдық ресурстарды және олардың өзара әрекеттесулерін есепке ала отырып, білім беру формаларын онтайландыруға мақсат қойған жүйелі әдіс» (ЮНЕСКО) [55] және т.б.

Демек, әдістеме тәрбиелеу мен оқытудың әдістері мен тәсілдерінің кешенін пайдалану тәртібін білдіреді. Сондықтан оқытудың әдістемесі – кез келген пәнді оқытудың ғылыми дәлелденген әдістер, ережелер, тәсілдер жүйесі мен оқыту теорияларын қолдану болып табылады. Бүгінде әдістеме білім беру технологияларын пайдалану элементтеріне негізделеді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау жүйесінде әлеуметтік табыстылығын дамыту әдістемесін қолдану маңызды рөл атқарады. Әдістеме білім беру технологияларын пайдалану элементеріне негізделеді.

Әдістемені жасаудың мәні болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде студенттің ғылым салаларынан алған білімдеріне сүйеніп, дүниетанымдық көзқарастарын, сенімін сақтай отырып, ой-тұжырымдары мен пікірлері, әлеуметтік тәжірибесін жетілдіру арқылы әлеуметтік табыстылығын дамыту.

Ұсынылып отырған әдістеме болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытуда студенттің қоршаған ортаға, басқа адамға қатынасы бойынша жаңа құндылық бағдарды игеруге, болжамдылық, ғаламдылық, әлеуметтік мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін әлеуметтік тәжірибесін қалыптастыруға бағытталады.

Әдістеменің мақсаты: жоғары оқу орнында болашақ маман ретінде студенттің әлеуметтік табыстылығын дамытуда оқу және оқудан тыс іс-әрекет түрлерінің диалектикалық бірлігін саналы түсінуін және әлеуметтік табыстылығын қамтамасыз ету, практикалық іс-әрекетте әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту үшін дайындалған әдістеме «Тұлғаның әлеуметтік табыстылығын дамытудың негіздері» атты элективті курс пен табыстылық деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін «Сенің табыстылығың-сенің қолында» үйірме жұмысынан және осы бағытта ұйымдастырылған «Табыстылыққа жол» педагогикалық идеялар фестивалінен тұрады.

Зерттеу барысында дайындаған әдістеменің бірінші бөліміндегі «Тұлғаның әлеуметтік табыстылығын дамытудың негіздері» элективті курс болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне арналады. Ол элективті курс бағдарламасы бойынша оқу-тәрбие жұмыстарының жүйесі құрастырылып, оқу-тәрбие үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытуға ықпал ететін жүйелі педагогикалық іс-әрекеттер белгіленді.

«Тұлғаның әлеуметтік табыстылығын дамытудың негіздері» элективті курсының мақсаты болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің өзін-өзі тануын және бағалауын, әлеуметтік табыстылығын дамыту болып табылады.

«Тұлғаның әлеуметтік табыстылығын дамытудың негіздері» курсының негізгі міндеттері:

- әлеуметтік-психологиялық категория ретінде әлеуметтік табыстылық феноменінің мәнін ашып көрсету;
- отандық және шетелдік психология ғылымында табыс пен табыстылықты зерттеудің теориялық тәсілдеріне мазмұндық талдау жасау;
- когнитивті, эмоциялық-бағалау, мінез-құлық компоненттерінен тұратын тұлғалық білім ретінде әлеуметтік табыстылық туралы түсініктерін қалыптастыру;
- әлеуметтік табыстылықты зерттеудің негізгі әдістерімен таныстыру.

«Тұлғаның әлеуметтік табыстылығын дамытудың негіздері» курсын оқыту нәтижесінде студент білуі керек:

- әлеуметтік табыстылық категориясының негізгі философиялық және психологиялық, педагогикалық тәсілдерін;
- тұлғалық білім ретінде әлеуметтік табыстылықтың мазмұнын;
- қогамдагы және тұлғаның әлеуметтік-психологиялық мәселелерінде әлеуметтік табыстылық категориясын пайдалануды.

Студент меңгеруі тиіс:

- тұлғалық және әлеуметтік сәйкестік контекстінде әлеуметтік табыстылық туралы түсініктерін;
- әлеуметтік табыстылықты зерттеудің негізгі әдістерін.

Курсты оқытуда *мына әдістер* кеңінен қолданылды: оқытудың хабарламалық-дамытушы (әңгіме, түсіндіру, педагогикалық әдебиеттермен өз бетіндік жұмыс, білім беру бағдарламалармен өз бетімен жұмыс), проблемалық-ізденіс (оку материалын проблемалық баяндау, эвристикалық әңгіме, пікірталас, зерттеу жұмысы, кіші топтарда студенттердің ұжымдық ойлау іс-әрекеті), репродуктивті (оку материалын мазмұндау, үлгіге байланысты тапсырмаларды орындау) және шыгармашылық-репродуктивті (педагогикалық тақырыптарга шыгарма, эссе жазу, кроссвордтар құрастыру, педагогикалық жағдайларды талдау, іскерлік ойындар, педагогикалық міндеттерді шешу), семинарда талқылау, реферат даярлау, жоспар құру, рөлдік және имитациялық, іскерлік ойындар, топтық жұмыс, «аквариум», жұптық жұмыс, пікірталас, тренингтер.

«*Тұлғаның әлеуметтік табыстылығын дамытудың негіздері*» элективті курсының мазмұны:

- студенттердің әлеуметтік табыстылығын дамытудың мақсаты мен міндеттерін анықтау;
- әлеуметтік табыстылық мәселесінің тарихи астарлары, «табыс», «әлеуметтік табыстылық» ұғымдарының мәнін ашу және осы ұғымдардың бірлігі мен ерекшеліктерін қарастыру;
- мазмұндық-құрылым моделін жасау, студенттердің әлеуметтік табыстылығын дамытудың педагогикалық және психологиялық ерекшеліктеріне сипаттама беру,
- студенттердің әлеуметтік табыстылығын дамытудың жолдары, формалары, әдістері, инновациялық әдістерді пайдалана отырып, сабактарда және сабактан тыс іс-шараларда студенттердің әлеуметтік табыстылығын дамытудың әдістемелерін ұсыну және т.б..

Аталмыш курс екі модуль бойынша жасалынды: 1-модуль. *Әлеуметтік табыстылықты дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері.* 2-Модуль. *Әлеуметтік табыстылық тәжірибесі.*

Осы орайда «*Тұлғаның әлеуметтік табыстылығын дамытудың негіздері*» элективті курсының оқу-такырыптық жоспары көрсетіледі (21-кесте).

Кесте 21 - «*Тұлғаның әлеуметтік табыстылығын дамытудың негіздері*» арнайы/элективті курсының оқу-тақырыптық жоспары

№	Тақырыптар	Сағат саны			
		дәріс	семинар	СОӘЖ	СӨЖ
1-Модуль. Әлеуметтік табыстылықты дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері					
1	Табыс – ғылыми категория. Табыс категориясының философия, психология және педагогика ғылымдарында дамуы.	2	5	3	2
2	Әлеуметтік табыстылық - психологиялық мәселе	2	5	2	3
3	Тұлғаның әлеуметтік табыстылығын дамытудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері	2	5	3	2
4	Тұлғаның әлеуметтік табыстылығын дамытудың негізгі тұғырлары мен қағидалары	2	5	2	3
2-Модуль. Әлеуметтік табыстылық тәжірибесі					
5	Тұлғаның әлеуметтік табыстылығын зерттеу диагностикасы	2	5	2	3
6	Әлеуметтік табыстылық психологиясы бойынша практикум	5	5	3	2
Барлығы		15	30	45	45

Кестеде көрсетілгендей, элективті курс көлемі – 135 сағатқа (3 кредит) есептелғен, оның 15 сағаты дәріс, 30 сағаты практикалық сабак- семинарға, 45 сағаты СОӘЖ, 45 сағаты СӨЖ арналған.

«*Болашақ маманның әлеуметтік табыстылығын дамыту*» элективті курсының мазмұны

I. Кіріспе.

Курстың мақсаты мен міндеттері.

I I.

1-Модуль. Әлеуметтік табыстылықты дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері

1- тақырып. Табыс – ғылыми категория. Табыс категориясының философия, психология және педагогика ғылымдарында дамуы.

Табыс категориясының дамуы: Сократ пен Эпикур ілімінде тұлғаны жетілдірудің нәтижесі ретінде; Р.Декарт, Б.Спиноза, И.Кант, Ф.Ніще, А.Каю, Н.Бепрдяев, В.Соловьев ілімдерінде жасампаз адамның негізгі ерекшеліктері ретінде; И.Кант, Ж.П.Сартра, К.Ясперс, А.Шопенгауер, С.Кьеркера еңбектерінде ерік-жігер, рефлексияның нәтижесі және саналы түсіну ретінде;

Психологиялық аналитикадағы бағдарда «әлеуметтік табыстылық» ұғымы дамуының алғышарттары: инстинкт пен әлеуметтік орта арасындағы тұлғаның ішкі анттағонизмін жеңудің нәтижесі ретінде (З.Фрейд); басымдылыққа талпыну мен олқылықты сезіну арасында (А.Адлер); «булу» мен «орын алу»

арасында (Э.Фромм); сценарийлі бағдарлама мен еркін тандау мүмкіндігі (Э.Берн); психологиялық-әлеуметтік ұқсастық (Э.Эриксон), дербестіктің нәтижесі және өзінің мүмкіндітерін кеңейту (К. Юнг).

Гуманистік бағдардағы «әлеуметтік табыстылық» ұғымының дамуының алғышарттары: өзін-өзі өзектендіру нәтижесі ретінде (А. Маслоу, Р. Роджерс); экзистенциалды психологияда – тұлғалық рухани ұстанымын жасаудың нәтижесі ретінде (Л. Бинсангер, В. Франкл, Р. Мэй), тұлғалық өсудің нәтижесі ретінде (Т. Тулку); диспозиционды бағытта - тұлға теориясында (Г. Оллпорт, Р. Кеттелл), әр түрлі іс-әрекет түрінде индивидтің табысқа жетуінің тұрақты сұранысы (Ф. Хоппе) немесе жетістік мотивтері (В. Мейер, Х. Хекхаузен и Л.Кеммлер, Д. Макклелланд, Г. Мюррея); корғану контекстінде сәтсіздіктен қашу мотивациясын менгерген адамдардағы мінез-құлқы стратегиясы (Р.Бирни).

Табыс адамның кәсіби және еңбек әрекетінің сипаттамасы ретіндегі категория (Ф. Хейрнберг, Д. Макгрегор, Э. Мейо, Г. Селье, М. Аргайл, Г.К.Уайт).

Тұлғаның жалпы психологиялық теория шенберінде табыс категориясының дамуы:

- субъектінің психикалық белсенділік тұжырымдамасы (П.П. Блонский, М.Я. Басов, Л.С. Выготский, Д. Н. Узнадзе, С.Л. Рубинштейн, Б. Г. Ананьев);
- тұлғаны в разработке основных моделей структуры и типизации личности (Б.Ф. Лазурский, К.К. Платонов, Л.И. Божович, Б.Г. Ананьев, В.Н.Мясищев, А.Г. Ковалев, А.Н. Леонтьев, Б.И. Додонов, Б.Д. Парыгин, В.С.Мерлин);

Адамның психикалық даму теориясында табыс категориясының дамуы:

- тұлғаның дамуының жүйелі-денгейлік тұжырымдамасы (А.Н. Леонтьев, А.Г. Асмолов, К.А. Альбуханова-Славская, Б.Ф. Ломов, Б.Г. Ананьев, В.С.Мерлин);
- тұлғаның әлеуметтік-мәдени дамуының онтогенезі (Б.Г. Ананьев, Д.Б.Эльконин, А.Г. Асмолов);
- дамушы тұлға тұжырымдамасы (А. В. Петровский)
- жеке даралықтың психогенетикалық тұжырымдамасы (В.Д. Небылицын, Б.М. Теплов, Н.С. Лейтес, В.С. Мерлин, Е.П. Ильин, Э.А. Голубева, Л.А.Регуш);
- тұлғаның социогенез тұжырымдамасы, тұлға қасиеттерінің жиынтығында әлеуметтік және жекелік бағыттардың арақатынасы ретінде, әлеуметтік қатынастар сипатының тұлғаның белгілеріне өтуі (Б.Ф. Лазурский, Б.Г.Ананьев, А. А. Бодалев, В. Н. Мясищев, А. Г. Ковалев);
- уақыттық тұжырымдама (К. А. Альбуханова –Славская), тұлғаны жүйелі қасиет немесе жүйелі білім ретінде түсіну; т.б.

Табыс категориясының тұлғаның өзіндік себептері теориясында дамуы:

- тұлғаның жекеленуі тұжырымдамасы (Л.С.Выготский, В.А.Петровский, А. В. Брушлинский);

- мәнді білім тұжырымдамасы (А.Н.Леонтьев, Е.П. Ильин, А.Г. Асмолов, В. Э. Чудновский);
- өзіндік себеп тұжырымдамасы (А. В. Петровский);
- өмірлік жол тұжырымдамасы (С.Л. Рубинштейн, Б. Г. Ананьев);
- тұлғаның өзін-өзі анықтау тұжырымдамасы (Л.В. Коростылева).

Психологиялық зерттеулер саласындағы әлеуметтік табыстылық категориясының дамуы:

- тұлғаның әлеуметтік мәдениет аспектінде (В.В. Семикин, Л.С. Колмогорова, О.И. Мотков, Л.В. Куликов);
- психологиялық қауіпсіздік және денсаулық сақтау көзқарасы тұрғысынан қарастырылуы (И.А. Баева);
- карьера психологиясы контекстінде (Е.И. Головаха, Н.С. Пряжников);
- жыныс психологиясы және гендерлік ұқсастық (идентичности) (Н.Ю.Флотская, А. В. Герасимов, М. В. Коваленко, Т. А. Араканцева);
- оқудық табыстылығы аспектінде (Н.А. Курдюкова),
- имидж психологиясымен байланыс (М.И. Калошенко, М.Р. Панкратова, Н.В. Серов).

2-тақырып Әлеуметтік табыстылық - психологиялық мәселе.

«Әлеуметтік табыстылық» ұғымы: мәні, құрылымы және мазмұны. Әлеуметтік табыстылық - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби қалыптасуының маңызды құрамдас бөлігі.

Тұлғаның әлеуметтік табыстылығы «Мен-тұжырымдама мен әлеуметтік ұқсастықтың нәтижесі. Әлеуметтік табыстылыққа жетудің мотивтері. Тұлғаның өмірлік және әлеуметтік табыс ұғымдарының арақатынасы мәселесі. Әлеуметтік табыстылықтың онтогенетикалық және гендерлік аспектілері. Табыс тұлғаның мінез-құлқының интегративті сипаттамасы.

3-тақырып. Тұлғаның әлеуметтік табыстылығын дамытудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері.

Тұлғаның әлеуметтік табыстылығының объективті және субъективті компоненттері. Тұлғаның әлеуметтік табыстылығын дамытудың компоненттері: *әлеуметтік үстаным* (студенттің өзін-өзі танытуына мүмкіндік беретін қарым-қатынастар жүйесі); *әлеуметтік белсененділік* (нәтижесі әлеуметтік мойындау болып табылатын іс-әрекеттік қатынас жүйесі); *тұлғалық табыстылық* (студент жастардың тұлғалық қанағаттануы);

Тұлғаның әлеуметтік табыстылығын дамытудың өлшемдері мен көрсеткіштері: өзін-өзі таныту (мақсаттылық, креативтілік, өз ойын білдіру, коммуникативтілік, әлеуметтік тәжірибе); тұлғалық қанағаттану (дербестік, әлеуметтік оптимизм, сенімділік, ұйымдастырушылық біліктілік); әлеуметтік мойындау (өзіндік бағалау, абырой, бедел, әлеуметтік жауапкершілік, жігерлілік).

4-тақырып. Тұлғаның әлеуметтік табыстылығын дамытудың негізгі қағидалары.

Қағида және олардың түрлері. Табыстылық қағидасы. Тұлғаның әлеуметтік табыстылығын дамытудың негізгі қағидалары: ізғілік қағидасы; іс - әрекет субъектісі ретінде жеке тұлғаның белсенділік қағидасы; рефлексиялық басқару және өзін-өзі басқару қағидасы; денсаулық сақтау қағидасы; өз әрекетін үйымдастыру қағидасы; сана мен әрекеттің бірлігі қағидасы; жеке тұлғаның әлеуетін дамыту қағидасы; жеке тұлғаның әлеуетін дамыту қағидасы; әлеуметтік-коммуникативтілік бағыт қағидасы және оларға мазмұндық сипаттама.

2-Модуль. Әлеуметтік табыстылық тәжірибесі

5-тақырып. Тұлғаның әлеуметтік табыстылығын зерттеу диагностикасы.

Әлеуметтік табыстылықты зерттеудің әлеуметтік-психологиялық әдістері.

Әлеуметтік табыстылық туралы әлеуметтік түсініктер мен объективті көрсеткіштерді зерттеу әдістері: сауалнама, интервью, әнгімелесу, контент-анализ, фокус-топ.

Әлеуметтік табыстылықтың тұлғалық факторлары мен субъективтік компоненттерін зерттеу әдістері: тесттер, жобалау әдістемесі, сұрақ-жауап әдістері.

6- тақырып. Әлеуметтік табыстылық психологиясы бойынша практикум.

Әлеуметтік табыстылықты дамыту бағытындағы әлеуметтік-психологиялық тренингтерге жалпы сипаттама: эмоциялық интеллект тренингі, болжаку тренингі, өзін-өзі презентациялау тренингі, өзін-өзі тиімдендіру тренингі, карьераны жасау тренингі, тұлғалық өсу тренингі, көшбасшылық тренингі және топ құру, т.б.

Сонымен қатар студенттерге арналған семинар сабактарының тақырыптары мен СОӘЖ, СӨЖ және ұсынылатын әдебиеттер тізімінен тұрады.

Сонымен элективті курсты жүргізу барысында жоғарыдағы тақырыптардың мазмұны толық ашып көрсетіледі және студенттердің менгеруіне мүмкіндік туғызады.

Элективті курстың күнтізбелік жоспарындағы тақырыптар бойынша дәрістер оқытылып, практикалық сабактар жүргізілді. Осы курсты менгеруде басты орындағының әдебиеттегі мәліметтерді өндеп, курс тақырыптары бойынша арнайы зерттеу жұмыстарымен (монографиялар, мақалалар) танысып, зерттеу мәселесіне байланысты шет елдер ғалымдарының зерттеу жұмыстарын қарастыруды тиіс.

Сабакты өту барысында компьютерлік техника, оқу - әдістемелік және қосымша оқу құралдары қолданылады. Элективті курс семестрдің соңында емтиханмен аяқталады. Студент өз білімін пән бойынша ауызша сұрақ - жауап арқылы тапсырады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту әдістемесін жасауда маман дайындаудың дәстүрлі әдістемесін жетілдіру зан日益лық.

Сонымен қатар оқу үдерісіндегі қойылған мақсаттың икемділігі және оған жетудегі әдістердің студенттердің қызығушылығына, мамандықтың

ерекшелігіне сай таңдалуы, педагогикалық үдерістің субъект-субъект қатынасында құрылуы, сапаны қалыптастыруда нәтижеге жетудің алғышарттары ретінде, студентке тек білімді менгертіп қана қоймай, әлеуметтік тәжірибелі жинауға, болашақ мамандығына қажетті құзыреттіліктерге қол жеткізуға септігін тигізеді. Мұндай жағдайда студент ізденип, алға қойған мақсатқа жетудің амалдары мен тәсілдерін таңдайды, оның орындалуын және нәтижесін бақылайды, өзін-өзі дамытады. Университет қабырғасында алған білімі мен дағдысын, тәжірибесін болашақта бастауыш сынып оқушыларды оқытып-тәрбиелеуде қолданады. Бұл идеяны жүзеге асыруда болашақ маман ретінде студенттің жоо-дағы оқу және оқудан тыс жұмыстарын ғылыми неғізде ұйымдастыру маңызды рөл атқарады.

Әдістеменің екінші бөлімінде «Сенің табысың сенің қолыңда» үйірмесі құрылуы, оның мақсаты мен міндеттері, жоспарланған жұмыстары және олардың нәтижелері қарастырылады.

Үйірме (ағылшынша club) адамдардың бірдей қызығушылықтармен кездесетін орны (іскерлік, танымдық, дамытушылық, көңіл көтерушілік, коллекциялау, т.б.), көбінесе ресми біріктірілген қауымдастық, ұйым немесе ассоциация. Сонымен қатар демалу мен сауықтыру үшін адамдардың қоғамдық ұйымы, виртуалды клубтар да бар.

Үйірменің мақсаты: табысты тұлғаны қалыптастыру үшін жағдай жасау, тұлғаның тұрақты әлеуметтік ұстанымын, еркіндігін, дербестігін, әлеуметтік белсенділігін көрсету негізінде іс-әрекетте өзін танытуға жауапкершілігін қалыптастыру және дамыту, өмірлік стратегиясын жоспарлауға дағыландыру.

Үйірменің міндеттері:

- «әлеуметтік табыстылық» ұфымы, оны құраушы компонеттер жөнінде жүйелі түсініктер қалыптастыру;
- тұлғаның әлеуметтік табыстылық деңгейі, оған тән қасиеттер мен белгілер, олардың мәні туралы білімді менгерту және тұлғалық қанағаттануын қамтамасыз ететін табысты іс-әрекетке мотивациялық ұстанымын қалыптастыру;
- мақсатты дербес қою қабілетін қалыптастыру, оларға жету құралдары мен тиімді тәсілдерін таңдау;
- іс-әрекеттегі табыстылықты жүзеге асыру;
- тұлғаның әлеуметтік табыстылығын сипаттайтын әлеуметтік-маңызды қасиеттерді қалыптастыруда қоғамдағы әлеуметтік мойындауды менгерту;
- қазіргі замандастардың күнделікті өмірдегі әлеуметтік табыстылығын дамыту;
- табыстылар клубының іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу барысында жақсы дәстүрді қалыптастыру.

«Сенің табысың сенің қолыңда» үйірмесінің 2015-2016 оқу жылына арналған жұмыстарының жоспары ұсынылады (22-кесте).

Кесте 22 - 2015-2016 оқу жылына «Сенің табысың-сенің қолыңда» үйірмесінің
жұмыс жоспары

Р/Н №	Іс-шараның атауы	Орындалу мерзімі	Откізілу формасы
1	ҚР ғылым жолында табысқа жеткен кәсіби мұғалімдер, ғалымдардың еңбекімен танысу	2 айда бір рет	Белгілі ғалыммен кездесу
2	Табысты маманның іс-әрекеттерінің мәні	2 айда бір рет	Эссе
3	Абайдың «Толық адам» мәселесі аясында	2 айда бір рет	Интеллектуалды жарыс
4	Табысты студент деп кімді айтамыз...	2 айда бір рет	Пікірталас
5	Студенттің әлеуметтік табыстылығы	2 айда бір рет	Портфолио презентация

Ендігі кезекте үйірменің ережесіне тоқталамыз:

«Әлеуметтік табыстылыққа» жетудегі ережелер:

- өзінің әрекетіне сенімділік, іс-әрекеттің табыстылығына деген сеіім;
- іс-әрекет мақсатына көңіл бөлу;
- іс-әрекеттегі өзінің мәнін саналы түсіну;
- іс-әрекеттің тиімділігіне икемделу, жағымду ойлау;
- іс-әрекетке қанағаттану, әрекетті жетілдіру;
- нақты істі жүзеге асырудың парасаттылық, зерделік;
- іс-әрекеттегі мақсаттылық (мақсаттың шынайылығы, нақтылығы, қол жетімділігі, қалаулығы);
- мақсатқа жету жолында шынайы әрекет ету қажеттілігі;
- туындаған қындықтарды женуі;
- коммуникабельділік, айналадағыларға көңіл қою, ықыластылық (тындаі білу, көмектесу, қолдау, т.б.).
- тұлға аралық өзара әрекеттестік мәдениетін дағыландыру арқылы жетілдіру;
- үйірме мүшелері үшін қарым-қатынас пен демалыстың үйлесімді ортасын қалыптастыру;
- ізгілік идеясын жүзеге асыру бойынша клубтың жоспарын құру және іс-әрекет бағдарламасын дайындау. Іскерлік өзара әрекеттестікті ұйымдастыру талаптары: ізгілік мақсаттың дамуына бағдарлық (ашықтық, өзара сенім, сыйластық, құрмет, қолайлы жағдай жасау, т.б.). Диалогтық өзара әрекет маңызды болып табылады.

Мінез-құлыштың құндылығы мен стандарты – бұл өмірлік табыстылық моделінің «өзіндік мәдени коды», оның негізінде топпен немесе қауымдастықпен тұлғаның жетістігін мойындау өтеді. Тұлғаның әлеуметтік

топта өзін-өзі таныту үрдісі біржакты сипатқа ие, яғни өмірдің қандай да бір саласында қол жеткізуі. Тұлғаның саланы таңдауы өзінің табиғи нышандарын және қабілеттерін айқындаумен байланысты. Өмірлік табыс тұлғаның санасында мағыналы байланыстармен анықталады, ол соңиумда әрбір тұлғаның жеке табысының мәнінің жиынтығын көрсетеді.

Әдістеменің үшінші бөлімінде «Табыстылар» тренинг сабактар кешені табыстылық іс-әрекетін дамыту бойынша практикалық сабактар үйымдастырылады. Осы тренинг аясындағы жұмыстардың формалары төмендегідей: тренингтер, ұжымдық-шығармашылық іс, рөлдік ойындар, нақты әрекет, пікірталас, т.б. Табыстылар клубы мынадай жаттығуларды енгізеді: өзін-өзі тану, өзін-өзі сыйлау, өзін-өзі құрметтеу, қажеттілік мотивациясы, ұжымдағы өзара әрекеттестік, кикілжінді жағдайларды шешу, стресске тұрақтылық, т.б. Практикалық жаттығулар өзіндік рефлексияны, өзін-өзі тануды, бағытталған, табысты іс-әрекет дағыларын қалыптастыруға жағдай жасау, әрбір қатысуышының дербестігі мен жауапкершілігін қалыптастыру, т.б. бағытталған. *Тренингтік сабактардың үлгілік тізімі:* Эмоционалдық интеллект тренингі, Болжау тренингі, Өзін-өзі таныстыру тренингі, Өзін-өзі тиімдендіру тренингі Өзін-өзі басқару тренингі, Өзінің карърасын құру тренингі, Тұлғалық өсу тренингі, Сензитивтілік тренингі, Креативтілік тренингі және т.б.

Сонымен жоғарыдағы «Тұлғаның әлеуметтік табыстылығын дамытудың негіздері» электропроекті курс бағдарламасы және «Сенің табыстылығың-сенің қолында» үйірме жұмысы және осы бағытта үйымдастырылған жұмыстардың қорытындысы ретінде «Табыстылыққа жол» педагогикалық идеялар фестивалі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытуда және жалпы болашақ маманды даярлауда қолданылатын білім берудің формалары мен әдістерін жетілдіруға, студенттердің сабактағы және сабактан тыс іс-әрекетіне белсенді қатыстыруға және бұл іс-шараларды үйымдастыруға мүмкіндік береді.

Қорыта келгенде, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту әдістемесі бойынша оқытушыларды студенттермен жұмыс жасауда қажет білімдермен жабдықтау, студенттер үжымында қолайлы психологиялық климатты және өзара әрекеттесу қатынастарын орнату қажеттілігін үғынуда маңызды болып табылады. Сонымен жоғарыдағы айтылғандар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту қажет деп тұжырымдауымызға негіз болды.

2.4. Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелі - эксперименттік жұмыстың нәтижелері

Әлеуметтік табыстылықты тұлғаның қызығушылығына, қабілетіне сәйкес әлеуметтік мойындау мен тұлғалық қанағаттанушылық сезімін тудыратын қоғам үшін объективті маңызды әлеуметтік қатынастар, әлеуметтік мәртебе және рөлдер жүйесіне ендіру нәтижесінде индивидтің әлеуметтік тәжірибесі менғеруі ретінде түсіндіруға болады.

Әлеуметтік табыстылықты осылайша түсіну адамның қол жеткізғен жетістігінің нәтижесін сипаттайтын оның сыртқы көрінісін көрсетеді. Сондықтан ол басқа құраушылар - ішкі тұлғалықпен толықтырылуы тиіс. Бұл жағдайда әлеуметтік табыстылық жағымды «Мен» тұжырымдамасына негізделген тұлғаның тұрақты күйі ретінде ұсынылуы мүмкін. Онда әлеуметтік толыққанды субъект ретінде оның тиімді әлеуметтенуі мен әлеуметтік маңызды мәртебеге жетуіне мүмкіндік береді. Ол әлеуметтік ұстаным, әлеуметтік белсенділік және тұлғалық табыстылық сияқты құраушылары арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуеттік табыстылығының мәнін ашып көрсетеді.


Осы орайда тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында шешімін табатын негізгі міндеттердің мазмұнын анықталды: педагогикалық экспериментті жүргізу және ұйымдастыру алгоритмін құру; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуеттік табыстылығын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін және оның компонеттері, өлшемдері, деңгейлік көрсеткіштері жүйесін негіздеу; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуеттік табыстылығын дамытуды бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыздандыру; эксперимент барысында алынған нәтижелерге талдау жасау және өндөу.

Осы орайда қалыптастыру экспериментінің мақсаты - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің осы қасиет-сапаларын олардың тұлғасының табыстылық факторы ретінде өзіне өзінің жағымды қатынасын қалыптастыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру арқылы дамытуға мүмкіндік туғызу деп белгіленді.

Қалыптастырушы эксперимент нәтижесінде 2015-2016 оқу жылындағы бақылау және эксперименттік топқа кірғен 4-ші курс студенттерінің Т. Элерс әдістемесі бойынша табысқа жету мотивациясы деңгейлерінің пайыздық көрсеткіштері төмендегі 23-кестеде көрсеттік.

Кесте 23 – Қалыптастырушы эксперимент нәтижесінде Т. Элерс әдістемесі бойынша табысқа жету мотивациясы деңгейлерінің (%) пайыздық көрсеткіштері

Денгей	Бақылау тобы (62 студент)	Эксперименттік топ (68 студент)
Тым жоғары (21 және одан көп ұпай)	3 (4,8%)	8 (11,8%)
Жоғары (17-20 ұпай)	10 (16,1%)	36 (52,9%)
Орта (11-16 ұпай)	21 (33,9%)	18 (26,5%)
Төмен((1-10 ұпай)	28 (45,2%)	6 (8,8%)



Сурет 15 - Қалыптастыруыш эксперимент нәтижесіндегі Т. Элерс әдістемесі бойынша табысқа жету мотивациясы деңгейлерінің пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Қалыптастыруыш эксперимент көрсеткіштерін салыстыратын болсақ, бақылау тобын құраған Алматы университеті 4-ші курс студенттерінің көбісінде 45,2%-нда табысқа жету мотивациясы төмен деңгейдегі көрсеткіштерге ие болған. Жоғары деңгейдегі көрсекіштер тек 16,1% зерттелушілерде ғана байқалған.

Ал эксперименттік топты құраған Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 4-ші курс студенттерінің табысқа жету мотивациясының жоғары деңгейдегі көрсеткіштері 52,9%-нда көрініс тапқан. Төмен деңгейдегі көрсеткіштер тек 8,8% зерттелушілерде ғана байқалған.

2013-2014 оқу жылында жүргізілген анықтаушы эксперимент пен 2015-2016 оқу жылында аяқталған қалыптастыруыш эксперименттегі Т. Элерстің «Тұлғаның табысқа жетудегі түрткісін диагностикалау» әдістемесі бойынша зерттелуші топтардың нәтижелерін салыстырайық (Кесте 24).

Кесте 24 – Т. Элерстің «Тұлғаның табысқа жетудегі түрткісін диагностикалау» әдістемесі бойынша бақылау тобы зерттелушілерінің экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері

№	Шкалалар атавы	Экспериментке дейін 2013-2014 оқу жылы	Эксперименттен кейін 2015-2016 оқу жылы
1.	Тым жоғары (21 және одан көп үпай)	2 (3,2%)	3 (4,8%)
2.	Жоғары (17-20 үпай)	4 (6,5%)	10 (16,1%)
3.	Орта (11-16 үпай)	16 (25,8%)	21 (33,9%)
4.	Төмен ((1-10 үпай)	40 (64,5%)	28 (45,2%)

Сонымен бақылау тобы зерттелушілерінің экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштерін салыстыратын болсақ, олардың мотивациялық құрылымындағы түрткілер біраз ғана өзгерғен. Алайда мотивациялық бағыттылық өзгермей, көбінесе сыртқы сипатқа ие болған: оларда бедел мен мәртебеге үмтүлу және жеке қамын ойлауға байланысты өмір тіршілігін қамтамасыз етуғе, ынғайлыштық пен жайлыштыққа үмтүлу сияқты түрткілер басым болғанын көруімізге олады.

Ал енді эксперименттік топ зерттелушілерінің табысқа жету мотивациясының 2-курстан 4-ші курсынң соңына қарай қалай өзгергенін қарастырайық (-25-кесте).

Кесте 25 – Т. Элерстің «Тұлғаның табысқа жетудегі түрткісін диагностикалау» әдістемесі бойынша эксперименттік топ зерттелушілерінің экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері

№	Шкалалар атауы	Экспериментке дейін 2013-2014 оқу жылы	Эксперименттен кейін 2015-2016 оқу жылы
1.	Тым жоғары (21 және одан көп үпай)	3 (4,4%)	8 (11,8%)
2.	Жоғары (17-20 үпай)	6 (8,8%)	36 (52,9%)
3.	Орта (11-16 үпай)	20 (29,4%)	18 (26,5%)
4.	Төмен ((1-10 үпай)	39 (57,4%)	6 (8,8%)

Осылайша 4-ші курсқа қарай эксперименттік топ зерттелушілерінің табысқа жету мотивациясының өзгеру динамикасын қарасақ, жоғары деңгейде ие болғандар саны артып, төмен деңгейдегі табысқа жету мотивациясын көрстекен зерттелушілер саны елеулі азайғанын көруімізге болады. Бұл бізben үйымдастырылған қалыптастыруыш іс-шаралардың болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғалық өсуі мен әлеуметтік табыстылығына тиімді әсер еткендігін дәлелдейді.

Қалыптастыруыш экспериментке қатысушыларды әртүрлі іс-әрекетте: оқу, аудиториядан тыс, ғылыми және тәрбие жұмыстары арқылы бақыладық. Табысқа жету мотивациясы көрінуін зерттелушілердің оқу іс-әрекеті және оқудан тыс жұмыстарға белсенді қатысып сәттілікке үмтүлударынан байқадық.


Келесі кезеңде қолданылған В.Э. Мильманның «Тұлғаның мотивациялық құрылымының диагностикасы» әдістемесі бойынша қалыптастыруыш эксперименттен кейінгі бақылау және эксперименттік топтар нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштерін салыстырып, талдайық (26-Кесте).

Кесте 26 - Қалыптастыруыш эксперимент нәтижесінде В.Э. Мильманның «Тұлғаның мотивациялық құрылымының диагностикасы» әдістемесі бойынша бақылау және эксперименттік топтар нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері

Шкалалар атавы	Бақылау тобы	Эксперименттік топ
Өмір тіршілігін қамтамасыз етуға бағдарлану	15,6%	2,2%
Ыңғайлыштық пен жайлыштық үмтүлу	15,2%	2,1%
Өлеуметтік бедел мен мәртебеге үмтүлу	22,4%	10,3%
Қарым-қатынасқа үмтүлу	12,3%	11,2%
Жалпы белсенділік	13,2%	22,8%
Шығармашылық белсенділік	13,8%	37,7%
Қоғамдық пайдалылық	7,5%	13,7%

В.Э. Мильманның «Тұлғаның мотивациялық құрылымының диагностикасы» әдістемесі бойынша қалыптастыруушы эксперименттен кейінгі бақылау және эксперименттік топтар нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштерін салыстыратын болсақ, бақылау тобы зерттелушілерінің 22,4% әлеуметтік бедел мен мәртебеге үмтүлатындықтары айқындалды, 15,6% өмір тіршілігін қамтамасыз етуға үмтүлса, ал 15,2% ыңғайлыштық пен жайлыштық үмтүлатындықтарын білдіртті.

Қалыптастыруушы-тәжірибелік іс-шаралардан кейінгі эксперименттік топ зерттелушілері нәтижелерін талдайтын болсақ, олардың көбісі 37,7% шығармашылық белсенділікке үмтүлатындықтары, 22,8%-нда жалпы белсенділіктері артқаны және 13,7%-ы қоғамдық пайдалылыққа үмтүлатындықтары анықталды. Осы алынған нәтижелерді көрнекі түрде 10-суреттегі диаграммадан көруге болады.



Сурет 16 - Қалыптастыруушы эксперимент нәтижесінде В.Э. Мильманның «Тұлғаның мотивациялық құрылымының диагностикасы» әдістемесі бойынша бақылау және эксперименттік топтар нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері

Сонымен қалыптастыруыш эксперименттен кейінгі бақылау және эксперименттік топтар нәтижелерін салыстыратын болсақ, бақылау тобы зерттелушілерінің мотивациялық құрылымында көбінесе сыртқы (бедел мен мәртебеге үмтүлу) және жеке қамын ойлауға байланысты өмір тіршілігін қамтамасыз етуғе, ыңғайлылық пен жайлыштық үмтүлу сияқты тұртқілер басым болса, ал эксперименттік топта тұлғалық өсуғе және әлеуметтік табыстырылышқа байланысты ішкі тұртқілердің артқанын байқауымызға болады.


Ал енді эксперименттік топ зерттелушілерінің мотивациялық құрылымының 2-курстан 4-ші курсын соңына қарай қалай өзгергенін қарастырайық (кесте-27).

Кесте 27 – В.Э. Мильманның «Тұлғаның мотивациялық құрылымының диагностикасы» әдістемесі бойынша эксперименттік топ зерттелушілерінің экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері

№	Шкалалар атапу	Экспериментке дейін 2013-2014 оқу жылы	Эксперименттен кейін 2015-2016 оқу жылы
1.	Өмір тіршілігін қамтамасыз етуғе бағдарлану	14,7%	2,2%
2.	Ыңғайлылық пен жайлыштық үмтүлу	22,1%	2,1%
3.	Әлеуметтік бедел мен мәртебеге үмтүлу	20,6%	10,3%
4.	Қарым-қатынасқа үмтүлу	17,6%	11,2%
5.	Жалпы белсендерлік	10,3%	22,8%
6.	Шығармашылық белсендерлік	8,8%	37,7%
7.	Қоғамдық пайдалылық	5,9%	13,7%

Осылайша 4-ші курсқа қарай эксперименттік топ зерттелушілерінің мотивациялық құрылымында сыртқы және жеке бас мотивтерінен ішкі, тұлғалық дамып-жетілу, шығармашылық үмтүлу, қоғамдық пайдалылыққа бағдарлану сияқты тұртқілер біршама артқанын көруімізге болады. Бұл бізben үйімдастырылған қалыптастыруыш іс-шаралардың болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғалық өсуі мен әлеуметтік табыстырынына тиімді әсер еткендігін дәлелдейді.

Жоғарыда келтірілген әдістеме бойынша қалыптастыруыш эксперименттен кейінгі алынған нәтижелердің пайыздық көрсеткіштері төмендегі диаграммада көрнекі түрде бейнеленген (17-сурет).



Сурет 17 - В.Э. Мильманның «Тұлғаның мотивациялық құрылымының диагностикасы» әдістемесі бойынша эксперименттік топ зерттелушілерінің экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерінің салыстырмалы пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Келесі кезеңде қолданылған Е.Е.Туниктің “Жеке тұлғаның креативтілігін диагностикалау» тесті бойынша қалыптастыруыш эксперименттен кейінгі 2015-2016 оқу жылындагы бақылау және эксперименттік топқа енген 4-ші курс студенттерінің креативті факторларының даму деңгейлерінің пайыздық көрсеткіштерін төмендегі 27 - кестеде келтірілген (кесте-27 қараңыз).

Кесте 27 - Қалыптастыруыш эксперимент нәтижесінде Е.Е.Туниктің “Жеке тұлғаның креативтілігін диагностикалау» әдістемесі бойынша алынған креативті факторларының даму деңгейлерінің бақылау және эксперименттік топтар нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері

Креативтілік факторы	Бақылау тобы (62 студент)			Эксперименттік топ (68 студент)		
	Жоғары	Орташа	Төмен	Жоғары	Орташа	Төмен
Тәуекелге бейімділік	35 (56,4%)	11 (16,1 %)	16 (27,5 %)	57 (83,8%)	7 (10,3 %)	4 (5,9%)
Білімге құмарлық	38 (61,3%)	14 (23%)	10 (15,7%)	60 (88,2%)	6 (8,8%)	2 (3 %)
Қиындық	32 (51,6%)	13 (21 %)	17 27,4 %	58 (85,2%)	7 (10,3 %)	3 (4,5%)
Қиялдау	34 54,8%	16 25,8 %	12 19,4%	49 (72,05%)	15 (22,05%)	4 (5,9%)

Е.Е.Туниктің “Жеке тұлғаның креативтілігін диагностикалау» тесті бойынша қалыптастыруыш эксперименттен кейінгі бақылау және эксперименттік топтар нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштерін салыстыратын болсақ

бақылау тобы зерттеушілерінің 61,3% білімге құмарлық ұмтылатындықтары байқалды. 56,4% тәуекелге бейімділкке талпынса, 51,6% қындық факторын, 54,8%-ын қиялдау факторы көрсетті.

Қалыптастыруыш-тәжірибелік іс-шаралардан кейінгі эксперименттік топ зерттелушілері нәтижелерін талдайтын болсақ, олардың көбісі 83,8% тәуекелге бейімділк ұмтылатындықтары, білімге құмарлық 83,3% -та артқаны байқалса, қындық факторын 85,2%-ын көрсетті, шығамашылық ойлаудың даму қарқынын ангартатын қиялдау факторы бойынша 72,05%-нда артқандығынан байқалды.

Сонымен қалыптастыруыш эксперименттен кейінгі бақылау және эксперименттік топтар нәтижелерін салыстыратын болсақ, бақылау тобы зерттелушілерінің креативті факторларының ішінен білімге құмарлық пен тәуекелге бейімділк сияқты факторлары басым болса, ал эксперименттік топта тұлғалық өсуге және әлеуметтік табыстылыққа жетуге негіз болатын байланысты шығармашылық ойлаудың дамуына білімге құмарлық, тәуекелге бейімділк және қындық, қиялдау факторларының да артқанын байқауымызга болады.

Ал енді эксперименттік топ зерттелушілерінің креативтіліктің 4 факторы бойынша 2-курстан 4-ші курсын соңына қарай қалай өзгергенін қарастырайық (кесте-28).

Кесте 28 – Е.Е.Туниктің “Жеке тұлғаның креативтілігін диагностикалау» тесті бойынша бақылау топ зерттелушілерінің экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері

№	Креативтілік факторлары	Экспериментке дейін 2013-2014 оқу жылы	Эксперименттен кейін 2015-2016 оқу жылы
1.	Тәуекелге бейімділік	17 (27,4%)	35 (56,4%)
2.	Білімге құмарлық	37 (59,6%)	38 (61,3%)
3.	Қындық	11 (16,1%)	32 (51,6%)
4.	Қиялдау	16 (25,8%)	39 (63%)

Бақылау топ зерттелушілерінің экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштерін талдап көрсек, алғашқы креативті факторы ретінде тәуекелге бейімділік экспериментке дейін 2013-2014 оқу жылы 17 адамның 27,4% -ын құраса, эксперименттен кейін 2015-2016 оқу жылы 35 адамның 56,4% -ын құраган.


Студенттердің шығармашылық ойлауының креативті факторының келесі түрі білімге құмарлық, аталмыш фактор бойынша бақылау топ зерттелушілерінің экспериментке дейінгі зерттеу нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері 37 адамнан 59,6% -ын құраса, эксперименттен кейін 2015-2016 оқу жылы нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері 38 адамның 61,3% -на қамтығанын көруге болады.

Бақылау тобы зерттелушілерінің қындық факторы бойынша айқындаушы эксперимент көрсеткіштерін қалыптаструыш эксперимент мәліметтерімен

салыстырғанда айтарлықтай өзгерістері байқалмайды, тек шамамен жоғары көрсеткіш 35,5 пайызға артқанын көруғе болады. Креативті фактордың үшінші факторы бойынша бақылау топ зерттелушілерінің экспериментке дейінгі зерттеу нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері 11 адамнан 16,1% -ын құраса, эксперименттен кейін 2015-2016 оқу жылы нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері 32 адамның 51,6% -на артқандығын көреміз. Эксперименттен кейінгі алынған зерттеу мәліметтерінің орташа деңгейлік көрсеткішін, айқындаушы эксперимент кезіндегі көрсеткішпен салыстырғанда 6,4 % пайызға артса, төменгі көрсеткіш 27,4 пайызға төмендеғенін байқаймыз. Төртінші креативті факторы бойынша, шығармашыл адамға тән маңызды психикалық қасиеттердің бірі шығармашылық қиял тән болатын болса, онда осы қиял факторында бақылау топ зерттелушілерінің экспериментке дейінгі зерттеу нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері 16 адамнан 25,8% -ын құраса, эксперименттен кейін 2015-2016 оқу жылы нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері бақылау тобында 39 адамның 63 % -на артқандығын көреміз.

Ал бақылау тобы эксперименттен кейін 4-курста бақылау тобы зерттелушілерінің қындық факторы бойынша 2-курстағы мәліметтерімен салыстырғанда біршама өзгерістері байқалды, жоғары көрсеткіш 35,5 % -ға пайызға артқанын көруғе болады. Ал эксперименттік топта зерттелуші студенттердің қиялдау факторлары деңгейлері елеулі өскендігін көруғе болады. Шығармашылық қиялдың жоғары көрсеткіштері бар зерттелушілер 63 % -ын құраған. Бұл бізben ұйымдастырылған дамытушы-қалыптастыруыш іс-шаралардың болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық ойлау қабілеттіліктерінің артуына оң нәтижелер беріп, студенттердің әлеуеттік табыстылығын дамуына тиімді ықпалын көрсетеді.

Е.Е.Туниктің “Жеке тұлғаның креативтілігін диагностикалау» тесті бойынша бақылау топ зерттелушілерінің экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері төмендеғі диаграммада көрнекі түрде бейнеленген (18-сурет).



Сурет 18 - Е.Е.Туниктің “Жеке тұлғаның креативтілігін диагностикалау» тесті бойынша бақылау топ зерттелушілерінің экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы


Е.Е.Туниктің “Жеке тұлғаның креативтілігін диагностикалау» тесті бойынша бақылау топ зерттелушілерінің экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасында көрін тұрганымыздай біршама айырмашылықтарының бар екенин ангаруга болады (Сурет 18).

Ал енді Е.Е.Туниктің “Жеке тұлғаның креативтілігін диагностикалау» тесті бойынша эксперименттік топ зерттелушілерінің экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштерін (кесте 29) талдайық.

Кесте 29 – Е.Е.Туниктің “Жеке тұлғаның креативтілігін диагностикалау» тесті бойынша эксперименттік топ зерттелушілерінің экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері

№	Креативтілік факторлары	Экспериментке дейін 2013-2014 оқу жылы	Эксперименттен кейін 2015-2016 оқу жылы
1.	Тәуекелге бейімділік	19 (27,9%)	57 (83,8%)
2.	Білімге құмарлық	39 (57%)	60 (88,2%)
3.	Қыындық	22 (32,1%)	58 (85,2%)
4.	Қиялдау	18 (26,5%)	49 (72,05%)

Е.Е.Туниктің “Жеке тұлғаның креативтілігін диагностикалау» тесті бойынша эксперимент топ зерттелушілерінің 2013-2014 оқу жылында экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері төмендегі диаграммада көрнекі түрде бейнеленген (Сурет 19).



Сурет 19 - Е.Е.Туниктің “Жеке тұлғаның креативтілігін диагностикалау» тесті бойынша эксперименттік топ зерттелушілерінің экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Е.Е.Туниктің “Жеке тұлғаның креативтілігін диагностикалау» тесті бойынша эксперимент топ зерттелушілерінің 2013-2014 оқу жылында экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері төмендегі диаграммада көрнекі түрде бейнеленген (Сурет 19).

Жоғарыдағы кесте көріп тұрғанымыздай, эксперимент топ зерттелушілерінің креативті факторының тәуекелге бейімділік бойынша экспериментке дейін 2013-2014 оқу жылы 19 адамның 27,9% -ын құраса, эксперименттен кейін 2015-2016 оқу жылы 57 адамның 83,8 % -ын құраған.

Студенттердің шығармашылық ойлауының креативті факторының келесі түрі білімге құмарлық, аталмыш фактор бойынша эксперимент топ зерттелушілерінің экспериментке дейінгі зерттеу нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері 39 адамнан 57 % -ын құраса, эксперименттен кейін 2015-2016 оқу жылы нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері 60 адамның 88,2 % -на артқанын көруғе болады.

Креативті фактордың үшінші түрінде аталмыш фактор бойынша эксперимент топ зерттелушілерінің экспериментке дейінгі зерттеу нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері 22 адамнан 32,1% -ын құраса, эксперименттен кейін 2015-2016 оқу жылы нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері 58 адамның 85,2% -на артқандығын көреміз.

Төртінші креативті факторы бойынша, шығармашыл адамға тән маңызды психикалық қасиеттердің бірі шығармашылық қиял тән болатын болса, онда осы қиял факторында бақылау топ зерттелушілерінің экспериментке дейінгі зерттеу нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері 18 адамнан 26,5% -ын құраса, эксперименттен кейін 2015-2016 оқу жылы нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері бақылау тобында 49 адамның 72,05 % -на артқандығын көреміз.

Осылайша 4-ші курсқа қарай эксперименттік топ зерттелушілерінің креативті факторларының, атап айтқанда, тәуекелге бейімділік; білімге құмарлық; қындық; қиял сияқты факторлардың біршама артқанын көруімізге болады. Бұл бізбен ұйымдастырылған қалыптастыруши іс-шаралардың болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғалық өзін-өзін жетілдіру мен әлеуеттік табыстылығына жетуіне тиімді әсер еткендігін дәлелдейді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуеттік табыстылығының дамытуды зерттеу әдісі ретінде тест-сауалнама ұсынылды (6-қосымша). Сауалнаманың нәтижесінде студенттердің ЖОО-дағы окудан тыс әрекет туралы хабардарлығы анықталды (11% студент жоо-ны өмірінің осындай жақтарын білмейтін болып шықты), респонденттердің басым көпшілігі (63%) окудан тыс іс-әрекетті қызықты әрі оқиғаға толы деп санайды. Окудан тыс әрекеттер формалары арасынан жастар кездесулері секілді іс-шараларды (34%), спорттық іс-шараларды (23%), қызынушылық бойынша шығармашылық бірлестіктерге қатысу (20%). Осы жауаптар окудан тыс жұмыстардың мақсаты туралы түсініктермен сәйкес келеді: студенттердің (31%) окудан тыс жұмыс бос уақытты ұйымдастыруға бағытталуы тиіс деп санайды, (22%) окудан тыс жұмыстың негізгі мақсаты талант пен қабілеттерді ашу деп белгілейді, (15%)

окудан тыс жұмыс өз бетімен өмір сүруғе және адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеуға дайындауға мүмкіндік береді деп есептейді.

Сондықтан студенттердің окудан тыс әрекеттерді болашақ кәсіби іс-әрекет қасиеттерін дамыту тәсілі ретінде бағаламауы орын алады. Жүргізілген зерттеу барысында студенттердің болашақ кәсіби іс-әрекеттегі табыс және табыстылық өлшемдері мен табысқа жету мотивациясының деңгейлері туралы түсініктері зерделенді.

Зерттеу окудан тыс әрекетке қатысуына байланысты салыстырмалы сипатта болды, мұнда *респонденттер екі топқа бөлінді: бірінші топ* – окудан тыс әрекетке белсенді қатысатын студенттер болса, *екінші топта* окудан тыс әрекетке қатыспайтын студенттер.

Сауалнамаға қатысқан студенттердің көпшілігі болашақ кәсіби іс-әрекетте және жалпы өмірде табысқа жетуді қалайды, бірақ бірінші топтағы студенттер болашактағы табыстылық неғе байланысты? деғен сұрақта ұсынылған нұқсалардың ішінен «өзіме, өзімнің мақсатқа талпынуыма, белсенділік» десе, ал қалған жартысы (59%) табысты жақсы оқумен, қажырлы еңбекпен, таланттымен байланыстырады. Екінші топтың жартысы (28%) табысты сәттілікпен, жолы болуымен, жағдайдың қолайлығымен байланыстырады. Екі топта да студенттердің үштен бірі үшін материалдық жағдай өмірлік табыстың эквиваленті болып табылады.

Табысты адамның сапасы туралы респонденттердің пікірлерін зерттеу бірінші топтың басым көпшілігі (72%) «өзіне сенімді» «табысты» сөзінің синонимі, табысты адам – бұл «білімді» және «жауапты», 22% «оптимист», «позитивті» деп есептейді.

Сауалнамадағы белгіленген қасиеттерді ранжирлеу нәтижесінде «мақсатты қоя білу және оған жету», «өзіне сенімді болу», «жауапкершілік» алғашқы орынға шықты. Екінші топта студенттердің көзқарастары бөлінеді: 32% - «табысты адам – бұл дәүлетті адам», 26% - «жақсы нәтижеғе жеткен», 18% - «карьерасын жасаған», 16% - «жоғары әлеуметтік мәртебеге ие» және т.б.

Окудан тыс әрекетке қатысатын және қатыспайтын студенттердің табысты қабылдаудында айырмашылықтар бар. Бірінші топ үшін жоғары рангте «кәсіби өзін-өзі дамыту», «барлығында да жақсы, озат болу», «табысты отбасы мен достардың болуы», ал екінші топ үшін – «материалдық молшылық», «ішкі комфорт», т.б. Окудан тыс жұмыстарға қатысу өмірлік құндылықтарға саналы қатынасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Окудан тыс жұмыстарға қатысқан топ студенттерінің 77% өздерін табысты деп есептесе, бұл топтың қалғандары және окудан тыс жұмысқа қатыспайтын топтың 39% жауап беруғе қиналған, ал осы топтағы респонденттердің 14% өзін табыссыз деп санайтыны анықталды. Өзінің болашактағы табыстылығы туралы окудан тыс жұмыстарға қатысуышылардың 94%, ал окудан тыс жұмыстарға қатыспайтын топтың 45% өздеріне сенімді екенін көрсетсе (6% жауап беруғе қиналды).

Сонымен бірғе окудан тыс әрекетке қатысатын студенттер (68%) үшін табысқа жету мотивациясы жоғары болса, ал екінші топ студенттерінің (17%)

мотивациясы жоғары, ал 42% орташа. Сондықтан екі топ студенттерінде қалыптасқан табыстылық моделі өмірлік және кәсіби табыстылықты қабылдау және табысқа жету үшін қажетті сапа бойынша бір-бірінен ажыратылады. Алынған мәліметтер табысқа жету мотивациясының оқыту үрдісінде қалыптасатынын, бірақ оқудан тыс әрекетке қатысатын студенттерде 1 курста, ал қатыспайтын студенттер үшін бұл үрдіс баяу жүретінін көрсетеді.

Тәжірибе көрсеткендегі, жоо-дағы оқуданы тыс әрекеттерге белсенді қатысатын студенттердің қоғамдық жұмыстарда менгерген дағдылары кәсіби іс-әрекетке тасымалданып, белгілі бір табысқа жетуғе мүмкіндік береді.

Сонымен, эксперимент жұмысының қалыптастыру бөлімі «*Тұлғаның әлеуметтік табыстылығын дамытудың негіздері*» атты әлективті курс бойынша 3 курс студенттерімен жүргізілғен сабактардың нәтижесінде алдымен теориялық білімдерін кеңейту, практикалық тұрғыдан әлеуметтік тәжірибелерін байыту үшін әлеуметтік табыстылықты дамытудың қолайлы түрлері, әдістәсілдерін іздестіруге, сонымен оқудан тыс әрекеттердің әртүрлі формасын енгізуға арналды.

Тұлғаның өзін-өзі танытуын саналылығы, дербестігі, рационалдылығы дәрежесі бойынша бағаладық. Іс-әрекет барысында толық өзіндік дербестік, жартылай өзіндік дербестік, өзіндік дербестіктің мұлдем болмауы анықталды. Саналылығы студенттің өзіндік әрекетін сезіну дәрежесі бойынша анықталады: онда студент өз іс-әрекетін жеткілікті деңгейде сезіне алмайды; әрекеті жалпы түрде саналы, деғенмен студент негіздеу кезінде өз-өзіне деғен сеімсіздік танытады; өз таңдауын негіздей алмайды; әрекеттері толықтай саналы; логикалық түрде саналы. Өзін-өзі танытудың рационалдылығы амал және тәсілдерді жаңа жағдайға ауыстыру дәрежесі бойынша анықталған, онда ұсынылған үлгіде іс-әрекет алдын ала апробациядан өткен алгоритм бойынша нақты жағдайға бағытталған іс-әрекет; неғұрлым тиімді әдістер, амалдарды таңдау бойынша жүретін іс-әрекет деп бөлін көрсетіледі.

Сауалнамадағы «Сіз өзіңізге қандай деңгейде сенімдісіз?» деғен сұрапқа, сонымен қатар шешім қабылдау жиілігі дәрежесі бойынша: а) жиі; б) сирек; в) үнемі; студенттердің қатысу деңгейі бойынша: а) қатыспайды; б) сирек қатысады; в) үнемі қатысады; өзіндік бағалау дәрежесі бойынша: а) калыпты; б) жоғары; в) төмен анықталды.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерімен әңгімелескенде, олардың тәменгі сынып оқушыларына сапалы түрде әлеуметтік тәрбие беруде жоғарыда аталған мол мүмкіндіктің бар екенін, оны жүзеге асыруға дайындықтарының да жеткіліктілігін, бірақ оларға әдістемелік тұрғыдан көмек керек екендігін айтты. Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдері ретінде жоғары оқу орындарында студенттерді кәсіби дайындауда бірнеше талап қойылып, оны орындау жүктелді.

Болашақ үрпақтың дамуы мұғалімдердің адамғершілігіне, белсенділігіне, білім деңгейіне, шығармашылық іс-әрекетіне байланысты болмақ. Сол себептен

бізді қоғамға аса қажет мамандардың кәсіби шеберлігінің қандай дәрежеде екендігі үлкен мәселелердің бірі. Сондықтан, мамандар осы сұраққа жауап алатындаі білім, жоғары мәдениеттілік, дағды, іскерлік, өз ісіне деғен сенімділік, тез шешім қабылдай алатын, үйымдастыру қабілеті жоғары болмағы мәлім.

Зерттеуімізде мұғалім табыстылығы мәселесі бойынша ғылыми еңбектерді (О.Ю.Клочкова [47], Е.В.Ерофеева [84], С.А.Дружилов [85], Н.А.Аминов [86], т.б.) талдау нәтижесінде қазіргі заманғы табысты мұғалімнің баланың тұлғасын дамытуға талпынысы мен эмоциялық және әлеуметтік факторларға сүйенуіне мән беруғе, тұлғалық және кәсіби табыстылықты анықтайтын мынадай белгілерді бөлін көрсетуғе мүмкіндік береді: өзіндік сана-сезім, «Мен» тұжырымдамасы, эмоциялық тұрақтылық, әлеуметтік белсенділік, кәсіби-педагогикалық құзыреттілік, шеберлік, кәсіби мобилділік, креативтілік, т.б.

Сонымен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуеттік табыстылығының бастапқы диагностикасын айқындауда қарастырылып отырылған мәселе бойынша теориялық ғылыми еңбектерді талдау және практикалық тұрғыдағы жүргізілғен жұмыстар (жоо-дағы оқудан тыс іс-әрекеттер мен мұғалімдердің табыстылығының олардың тұлғалық сапа-қасиеттеріне тәуелділігі) нәтижесі тұлғаның табыстылық ерекшеліктерін зерттеу үшін кәсіби диагностикалау қажет деғен тұжырым жасауға мүмкіндік береді:

Сондықтан зерттеу барысында жалпы мектеп мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылық деңгейін айқындау және ол мәліметтерді болашақ бастауыш сынып мұғалімдері ретінде студентті кәсіби, тұлғалық қалыптастыру үрдісінде ескеру қажеттілігіне назар аударылды. Бұл үшін зерттеу барысында Т.В.Морозованың диагностикалық картасы қолданылды [241] (7-қосымша).

Осы орайда Алматы қаласының №6 және №155 мектептің мұғалімдерінің (жалпы саны 20) әлеуметтік табыстылық деңгейі анықталды. Мұғалімдер біліктілік категориясы бойынша үш топқа бөлінді: 1-топ –табыстылығы төмен категориясыз жас мамандар; 2-топ – табыстылығы орташа екінші категориялы; 3-топ – табыстылығы жоғары бірінші категориялы. Диагностикалық картаның мазмұны кәсіби табыстылықты мұғалімнің кәсіби-тұлғалық қасиеттерінің айқындық дәрежесіне тәуелді зерттеуғе мүмкіндік береді. Мұғалімдер әрбір кәсіби-тұлғалық сапаның қалыптасқандығын 9 баллдық шкаlamен бағалады

Бұл диагностиканың нәтижесі төмендегі 10-кестеде ұсынылады.

Кесте 32 - Кәсіби табыстылықтың мұғалімнің кәсіби-тұлғалық қасиеттеріне тәуелділігі

Кәсіби-тұлғалық сапалар	Сапаның қалыптасу деңгейі	1-топ n =4	2-топ n =7	3-топ n =9
1. Педагогикалық іс-әрекетте өзін-өзі басқару қабілеті (Өзіндік талдауға, рефлексияға, өзін-өзі үйымдастыруға, өзіндік бағалауға қабілеттілік)	Жоғары Орта Тәмен	1 1 2	1 3 3	2 3 4
2. Кәсіби және эмоциялық тұрақтылық (Оптимистік көніл-күйді қолдай білу, кәсіби міндеттерді шешуде көпшіл болу, тіл табыса білу, іс-әрекет жүйесін өзгерте білу, өзінде педагогикалық байқағыштықты дамыту, оқытудың жаңа әдістері мен тәсілдеріне бағдарлану, дәстүрлі оқыту әдістерін қолдануға жаңа тұрғыдан келу)	Жоғары Орта Тәмен	1 1 2	1 3 3	1 4 4
3. Мұғалім тұлғасының шығармашылық әлеуетін адекватты бағалау (Бастаған істі аяғаны дейін логикалық жеткізе білу, кәсіби идеялар мен жобаларды іске асыру, мәселелерді шешуде жаңа тәсілдерді табу, ұжымда аса күрделі істі шешу жауапкершілігін өз қолына алу)	Жоғары Орта Тәмен	1 1 2	1 4 2	1 3 5
4. Өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жетілдіруге даярлық (Өзінің кәсіби іс-әрекетінде ғылым мен техниканың жетістіктерімен танысу және қолдану, қазіргі заманғы педагогикалық тұжырымдамаларға бағдарлану)	Жоғары Орта Тәмен	1 1 2	1 2 4	1 4 4
5. Коммуникативтік қабілет (Ынтымақтастыққа, серіктестікке және өзарақөмекке, өздігінен білімін көтеруді үйымдастыруға, өзінің көзқарасын дәлелдеуге, бірлескен іс-әрекетте кедегіден қашуға қабілеттілік)	Жоғары Орта Тәмен	1 1 2	1 2 4	1 3 5

Сонымен Т.В. Морозованың диагностикалық картасы бойынша нәтижелерді талдау педагогикалық іс-әрекеттегі өзін-өзі басқаруға деген жогары қабілеттілік үшінші топтагы 90% мұғалімдерде, екінші топтың 3% мұғалімдерінде, ал бірінші топқа жататын мұғалімдердің 7%-нда көрініс тапқандығын көрсетті. Жоғары кәсіби табыстылығы дамыған үшінші топқа кірген мұғалімдердің өзіндік талдауға, рефлексияға, өзін-өзі үйымдастыруға және өзіндік бағалауға қабілеттіліктері аса дамығандығы байқалды. Бұл нәтижелер нормаға сәйкес келеді.

Әдістеме ойынша екінші көрсеткіш «Кәсіби және эмоциялық тұрақтылық»

сапасы бойынша жоғары деңгейге 1-топтан 37%, екінші топтағы мұғалімдердің 30%, ал үшінші топтан 34% мұғалім ие. Кәсіби табыстылығы мен кәсінқойлығы жоғары үшінші топ мұғалімдерінің көрсеткіштері бұл сапа бойынша төмен. Мұндай нәтижелердің алынуын былай түсіндіруға болады: еңбек өтілімі мен категориясы жоғары бұл топтағы мұғалімдердің кемел жасқа келгендейтерінен оларда физикалық тұрғыдан әлсіреу, энергияның тапшылығы байқалады, ал адам организміндегі мұндай өзгерістер эмоциялық және кәсіби қүйzelістерғе жиі алып келеді. Олар кәсіби іс-әрекеттегі қол жеткізген нәтижелеріне, ұжымдағы орнына қанағаттанады, оны сақтайды, бірақ өзінің іс-әрекетін жақсартуға және жаңартуға талпыныс жасамайды.

«Мұғалім тұлғасының шығармашылық әлеуетін адекватты бағалау» сапасы бойынша 3-топтың 98%, екінші топтың 48%, бірінші топтың 22% мұғалімі жоғары деңгейге ие болды. Мұнда бұл көрсеткіштің үшінші топта жоғары екендігі байқалады. Бұл нәтиже осы сапаның педагогикалық тәжірибелі ұзак жинақтаған, еңбек өтілімі мен кәсінқойлығы жоғары мұғалімдерде басым болып, олардың кәсіби табыстылығының қалыптасуын көрсетеді.

«Өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруға даярлық» сапасы бойынша 3-топтың 22%, екінші топтың 25%, бірінші топтың 28% мұғалімі жоғары деңгейге ие. Бұл нәтиже осы сапаның барлық топ мұғалімдерінде нашар дамығанын көрсетеді. Бұл құбылыстың басты себебі қазіргі мұғалімдердің көбісінде тұлғалық дамудағы қажеттілікті қанағаттандыру үшін жағдайларының жеткіліксіздіғін, өз іс-әрекеттерін сырттай қолдаудың қажеттілігінің басымдығын, өзін-өзі өзгерту ұстанымының әлсіздігін көрсетеді.

«Коммуникативтік қабілет» сапасы бойынша 3-топтың 74%, екінші топтың 37%, бірінші топтың 21% мұғалімі жоғары көрсеткішке ие. Осы сапа 1-топтағы табыстылығы төмен мұғалімдерде әлсіз дамыған. Оны тәжірибелің жеткіліксіздіғі, өзінің ұстанымын (өзінің ой-пікірлеріне сенімсіздік және оны сыртқа қарама-қайшылықпен білдіру; өзін табысты әрінтестермен салыстыру) ашық көрсете алмауымен түсіндіруға болады. Сондықтан еңбек нәтижесі және кәсіби табыстылығы жоғары үшінші топ мұғалімдерінде педагогикалық әрекетте өзін-өзі басқаруға қабілеттілік, шығармашылық әлеуетін, білімін, өзінің жетістіктері мен кемшіліктерін адекватты бағалау қабілеті, коммуникативті қабілеттілік сияқты қасиеттері аса айқын көрінеді, бірақ кәсіби және эмоциялық тұрақтылық, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру бойынша алғашқы екі топқа қарағанда төмен. Мұндай мұғалімдерде төмен деңгейдегі өзіне қызығушылығ, өзін-өзі дамытпау, өз мамандығына және өзіне қанағаттанбау байқалады.

Табыстылығы орта екінші топ мұғалімдері іс-әрекетінде кәсіби және эмоциялық тұрақтылық, мұғалім тұлғасының шығармашылық әлеуетін адекватты бағалау сапалары аса айқын көрінеді.

Жас мұғалімдердің нәтижелерінде педагогикалық іс-әрекеттегі өзін-өзі басқару бойынша қабілеттілік (өзіндік рефлексия, өзін-өзі қабылдау, ашып көрсету, өзін-өзі ұйымдастыру, өзіндік талдау), шығармашылық әлеуетті

адекватты талдау (бастаған істі аяғына дейін жеткізу, талап қою, жауапкершілік алу, кәсіби идеялар мен жобаларды іске асыру), өзінің жетістіктері мен кемшіліктері бойынша білімі өте төмен екендігі байқалады.

Сондықтан мектепте жас мұғалімдердің осы қасиет-сапаларын олардың тұлғасының табыстылық факторы ретінде өз-өзіне жағымды қатынасын қалыптастыру бойынша жұмыстарды үйымдастыру арқылы дамытуға мүмкіндік туғызу қажет деп тұжырымдауға болады.

Практикалық зерттеулерді талдау нәтижесі жалпы білім беретін үйымдар мұғалімдерінің әлеуеттік табыстылығын еңбек әрекетін бастаған кезден қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізудің қажеттілігі туралы қорытынды жасауға болады. Себебі, тұлғалық және кәсіби табыстылықты сезінген мұғалім ғана оқушыларды дамыта алады және оларда сеіімділік ұялатып, тұлғалық дамуыларын жағымды әсер етеді, оқу іс-әрекетінде табысқа ұмтылуға ынталандырады.

Қалыптастыру экспериментін қорытындыласақ, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуеттік табыстылығының өзгеру динамикасын байқадық.

Студенттердің әлеуметтік ұстанымы деңгейі бақылау тобында 34% - жоғары, 50% – орта, 16% – төмен болса, ал эксперимент тобында студенттердің әлеуметтік ұстаным деңгейі 32%- жоғары, 63% - орта, төмен деңгей 5% құрайды.

Әлеуметтік белсенділік деңгейі бақылау тобы студенттерінің 28% - жоғары, 52% – орта, 20% – төмен болса, ал эксперимент тобында студенттердің әлеуметтік белсенділік деңгейі 30%- жоғары, 65% - орта, төмен деңгей 5% қөрсетеді.

Тұлғалық табыстылық деңгейі бақылау тобы студенттерінің 25% - жоғары, 60% – орта, 15% – төмен деңгейде, ал эксперимент тобында студенттердің тұлғалық табыстылық деңгейі 34%- жоғары, 64% - орта, төмен деңгей 2% қөрсетеді.

Жоғарыдағы әдістемелерді жүргізу мен олардың жауаптарын талдау нәтижесінде үш өлшем бойынша берілген мәліметтер эксперименттік топтардағы қөрсеткіштердің біршама өзгергендігін қөрсетеді. Бұның дәлелі бірінші өлшем бойынша төменгі қөрсеткіш 5%, ал екінші өлшем бойынша 2%, ал үшінші өлшем бойынша 4% дейін төмендеді.

Сонымен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуеттік табыстылығының дамуын анықтайтын әлеуметтік ұстаным, әлеуметтік белсенділік, тұлғалық табыстылықтың үш деңгейдегі қөрсеткіштеріне сүйене отырып, орташа пайыздың қөрсеткіштері анықталды: ол бақылау тобында 29% - жоғары, 54% - орта, 17% - төмен деңгейде болса, ал эксперименттік топта 32% - жоғары, 64% - орта, 4% - төмен деңгейді қөрсетеді.

Аталған өлшемдер бойынша жоғары әлеуметтік табыстылық деңгейін қөрсеткен студенттер саны көбейғен. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылық деңгейі бойынша мәліметтер 23-кестеде көрсетілғен.

Кесте 33 – Қалыптастыру эксперименті бойынша студенттердің әлеуметтік табыстылық деңгейлері (%)

Өлшемдері	Бақылау тобы			Эксперименттік топ		
	Ж	О	Т	Ж	О	Т
Әлеуметтік ұстаным (студенттің өзін-өзі танытуына мүмкіндік беретін қарым-қатынастар жүйесі)	34%	50%	16%	32%	63%	5%
Әлеуметтік белсенділік (нәтижесі әлеуметтік мойындау болып табылатын іс-әрекеттік қатынас жүйесі)	28%	52%	20%	30%	65%	5%
Тұлғалық табыстылық (қажетіліктегін қанағаттандыруы)	25%	60%	15%	34%	64%	2%
Орташа көрсеткіш	29%	54%	17%	32%	64%	4%


Ескерту: Ж-жоғары, О-орта, Т-төмен

Соңғы тексеру қорытындысы 34-кестеде берілген.

Кесте 34 – қалыптастыру эксперименті бойынша студенттердің әлеуметтік табыстылық деңгейлері (%)

Денгейі	Бақылау тобы	Эксперименттік топ
Жоғары	29%	32%
Орта	54%	64%
Төмен	17%	4%

Бұл кестеден эксперименттік топтың көрсеткішінің жоғары екендігі байқалады. Эксперименттік топта студенттердің оқудан тыс іс-әрекеттері жоғары деңгейді көрсеткен. Анықтау эксперименті кезіндегі көрсеткіштермен салыстырғанда жоғары деңгейлерінің неғұрлым өскендігін көруге болады (20-сурет).



Сурет 20 - Қалыптастыру экспериментінің көрсеткіші

Қалыптастыру экспериментін қорытындылау үшін ақыргы текстеру жүргізлді. Оның мақсаты – жоо-ны жагдайында оқудан тыс әрекеттер негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне әлеуметтік тәрбие беру жүйесінің тиімділігін анықтау.

Студенттер жоғары оқу орнындағы оқудан тыс әрекеттерге белсенді катысып, олардың мазмұнына, түріне қарай өзінің белсенділігін, өзіндік ерекшеліктерін толығымен бағалауды үйренді.

Эксперименттік топтағы студенттер оқудан тыс әрекеттерді орындауда және шығармашалық жұмыстарда еркін бағыт алғып, кәсіби түрғыдан алған білімдерін өзіндік жұмыстар кезінде қолдана алды. Студенттердің адамгершілік, қарым-қатынастық құзіреттілігі де анағұрлық өзгерді.

Біздің зерттеуіміз көрсеткендей, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуеттік табыстылығын дамытудың күйі біртіндеп жүреді. Эр деңгей келесі деңгеймен шартталады, оның құрамына кіреді, әлеуметтік позицияны қалыптастыруды, тұлғалық сәттілікті, студенттердің әлеуметтік белсенділігін қамтамасыз етеді.

Сонымен мәдени - әлеуметтік іс-әрекеттерді ұйымдастыру әрбір тұлғаның өзінің қосымша жасырын күшін, резервін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Оны әсерлі қолдану барысында болашақ маманның өзі таңдаған кәсібіне қызығушылығы артып, білімін терендетеді, яғни кәсіби шеберлігін шындалап өз ортасындағы беделін арттыруға мүмкіндік береді.

Бақылау эксперименті барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуеттік табыстылығын дамытуда әлективті курс бағдарламасында көрсетілген білім негіздерін бере отырып, жоо-да оқудан тыс әрекеттер мен басқа да өткізілген іс-шараларды негізге ала отырып, әлеуметтік білім мен әлеуметтік табыстылық деңгейлерін анықтау мақсатында өткізілген

сауалнамалар көрсеткіші де зерттеу жұмысының нәтижелі болғанын байқатты.


Анықтау және қалыптастыру эксперименттеріндегі көрсеткіштерді салыстыра келе, біз соңғы қорытынды кезеңнің нәтижесін шығардық (35-кесте).

Кесте 35 - Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың салыстырмалы нәтижесі

Денгейлер	Бақылау тобы		Эксперименттік топ	
	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін
Жогары	26%	29%	27%	32%
Орташа	47%	54%	49%	64%
Төменгі	27%	17%	24%	4%

Алынған нәтижелер сараптамасы көрсеткендей, тәжірибелік топтардың екеуінде де әлеуметтік табыстылықтың жалпы көрсеткіштері де бағдарламаны жүргізгеннен кейін едәуір өсken.

Біз тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың салыстырмалы нәтижесін төмендей суретте бейнеледік (21- сурет)



Сурет 21 – Студенттердің әлеуметтік табыстылық денгейлерінің салыстырмалы диаграммасы

Эксперименттік және бақылау топтары арасындағы ынтымақтастық бойынша көрсеткіштерінің өзгеруіндеғі айырмашылықтың өте үлкен болғанын да атап кеткен жөн. Егер бақылау топтарында бұл көрсеткіш мүлдем

өзгермеген болса, эксперименттік топтарда бұл жоғары көрсеткішке ие. Сонымен, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуеттік табыстылығын дамыту бір мәрте жүргізілетін шара емес, ол ұзак үрдіс. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуеметтік табыстылығын дамыту студенттерді тәрбиелеумен байланысты іс-әрекетінің жемістілігі тұтас студенттердің әлеуеттік табыстылығын анықтаудың ғылыми ұстанымдар жүйесіне қаншалықты негізделетініне байланысты.

Нәтижелерді талдау тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуеметтік табыстылық деңгейінің эксперименттік топтарда жоғарылағанын көрсетеді. Әлеуеметтік табыстылықтың жоғарғы деңгейі 27%-дан 32%-ға, ал төмен деңгей 4%-ға төмендеғен. Бұл көрсеткіште экспериментке дейін төмен деңгей көрсеткен студенттерді орташа деңгейге дейін көтеруге қол жеткізілді. Ал бақылау тобында эксперименттік топқа қарағанда көп өзгерістер байқалмайды. Эксперименттік топтағы тәжірибелік-педагогикалық жұмыстың нәтижесін бақылау срезі қалыптасатын әлеуеметтік-кәсіби білімнің барлық көрсеткіштері бойынша қамтамасыз етілгендейдігін көрсетті.

Қорыта келгенде, зерттеудің сандық және сапалық мәліметтері эксперимент нәтижелерінің айқындығын сипаттайды. Сондықтан тәжірибелік эксперимент жұмыстарның нәтижесінде алынған жоғарыдағы мәліметтер жоғары оқу орнында студенттердің лидерлік сапаларын қалыптастыру және дамыту үдерісінде жағымды динамика байқалады деп тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Фишердің бұрыштық қайта құру критерийінде ϕ^* неғізғі бақылаудың қанша бөлігі зерттеушіге қызықты болған тиімділігіне қатысты және қай бөлігі оның тиімділігіне қатысты еместігін анықтау неғізінде құрылған. Фишер критерийі 2-таңдаулар арасындағы жиілікті салыстыру және зерттеушілерде кездесетін яғни әлеуеттік деңгейі мен педагогикалық құзіретілігіне қызығушылық тиімділігін, яғни эффектісін зерттеуде де кеңінен қолданылады.

$n_1=48$, $n_2=53$ болған мұндай жағдайда анықталатын белгі бойынша тандамалыны салыстыру. Олай болса, Фишер критерийін ϕ^* қолдануда Колмоғоров-Смирнов критериін λ салыстыра отырып, белгілі мақсатқа жетін максималды дәл қорытынды алуға болады.

Зерттелген белгінің екі топ бойынша, яғни әлеуеттік табыстылығының арту тиімділігін салыстыру болып табылады.

Берілген нұсқа бойынша қолданған критеридің бір таңдауында пайыздық зерттеуін салыстырғанда әлеуеттік табыстылығының деңгейі бейнеленеді, дәл осы пайыздық зерттеудің басқа таңдауларында сол әлеуеметтік табысты болуға жетелейтін факторлардың тиімді артқандығы қайта бейнеленеді.

Айталық, мынадай бізді бір мәселе қызықтырады 2-топтың студенттері оқу-тәрбие үрдісінде берілген әлеуеттік табыстылық деңгейін эксперименттік тапсырманы орындау кезінде қалай көрсетті? 1-ші топта, яғни қалыптастыруши эксперименттің бақылау тобындағы жоғары деңгейін орта есеппен 62 -

адамның 19-адамы әлеметтік табыстылық деңгейін көрсете алды, ал 2-ші эксперименттік топтың орташа арифметикалық шамасының кездесу жиілігі 68-адамнан -41 на орындады. Бірінші жағдайда пайыздық үлестің орындалуына байланысты құрылады $19/43 \times 100\% = 70\%$, ал екінші жағдайда $46/68 \times 100\% = 68\%$ осы пайыздық үлестің мәліметтері жеткіліктіме n_1 және n_2 ? $70\%, 68\%$ қарағанда жоғары, бірақ мәліметтер неғізінде n_1, n_2 жеткіліксіз. Тексеріп көрейік. Бізді қызықтыратын қай топ оқу-тәрбие үрдісі барысында әлеметтік табыстылық деңгейін басырымырақ танытты. Әлеуеттік табыстылық деңгейі жағынан орта есеппен жоғары деңгейде орындағандар «күшті әсер» қалдыргандар, ал селкос орындағандарды сәтсіз орындағандардың қатарына жатқызамыз.

Болжам құрастырамыз:

H_0 - тапсырманы орындаған 2-ші топ 1-ші топқа қарағанда тиімділігі аз.

H_1 - тапсырманы орындаған 2-ші топ 1-ші топқа қарағанда әффектісі жоғары.

Енді төртбұрышты кестеі көрейік, бұл кестеде эмпирикалық жиілік екі нәтиже бойынша шығарылады: «тиімділік бар» және «тиімділік жоқ» болып.

Бұл кестеде екі топтың орындаған тапсырмалары бойынша пайыздық үлестің нәтижелері (36-кесте).

Топтар	Әлеуметтік табыстылық жоғары деңгейінде тапсырманы орындағандардың «тиімділігі бар»		Топтар	Тапсырманы орындағандардың немесе селкос орындағандардың «тиімділігі жоқ»		Суммалары
	Зерттеушілер саны	% үлес		Зерттеушілер саны	% үлес	
1-топ	19	(30%)	1-топ	43	(70%)	62
2-топ	43	(68%)	2-топ	22	(32%)	68
қосындылары	65			65		130

(Г.В. Наследов «Математические методы психологического исследования» СПб., 1998) еңбегінде кестенің 8-ші қосымшасы бойынша әр топтың пайыздық үлестік сәйкестігінің көлемін анықтаймыз.

$$\varphi_1(66.6\%) = 2,231$$

$$\varphi_2(33,3\%) = 1,639$$

Енді эмпирикалық көрсеткішін φ^* формула бойынша есептейміз.

$$\varphi^* = (\varphi_1 - \varphi_2)^* \sqrt{\frac{n_1 \cdot n_2}{n_1 + n_2}}$$

φ_1 –бұрышы үлкен % үлеске үйлесімді; φ_2 –бұрышы кіші % үлеске үйлесімді; n_1 -1-ші топтағы адамдар саны; n_2 -2-ші топтагы адамдар саны;

Нақты жағдайда:

$$\varphi^*_{\text{ЭМП}} = (2,231 - 1,639) \times \sqrt{\frac{48 \cdot 53}{48 + 53}} = 0,592 \cdot \sqrt{25,18} = 2,98$$

Ендігісінде қай деңгей үйлесімге сай келеді $\varphi=1,34$; $\rho=0,05$

Критикалық статистикалық мәліметі мынадай:

$$\varphi^*_{\text{кр}} = \begin{cases} 1.64(p \leq 0.05) \\ 2.31(p \leq 0.01) \end{cases}$$

$$\varphi_{\text{ЭМП}} = 2,98$$

$$\varphi_{\text{ЭМП}} > \varphi_{\text{кр}}$$

Алынган эмпирикалық мәлімет φ^* зонасының мәнді аймагында орналасқан. Сондықтанда, H_1 статистикалық болжамы (жұмыс болжамы) қабылданады. Ягни, (бақылау тобында) тапсырманы орындаған 2-ші топ 1-ші топқа қарғанда эффектісі жоғары. Олай болса, 2-ші топты құраган эксперименттік топта қалыптастыруыш-дамытуыш іс-шараларға белсенде қатысу негізінде әлеуметтік табыстылық жоғары деңгейде қалыптасқан. Орта есеппен тапсырманы жоғары деңгейде орындағандар «күшті әсер» қалдырайғандар, ал немісқорытайтын орындағандарды сәтсіз орындағандардың қатарына жатқызылады. Екі таңдау тобы зерттелушілерінің оку-тәрбие үрдісі кезінде әлеуметтік табыстылық деңгейін салыстырғанда, Фишердің φ^* -критерийінің көмегімен пайыздық көрсеткіштердің статистикалық мәнділігі анықталып, эксперименттік топтағы зерттелушілердің аталмыш әлеуметтік табыстылық факторларының тиімді артқандығы дәлелденді.

Демек біздер дайындаған әдістеме студенттердің қызығушылықтары мен кәсіби құзіреттіліктері мен әлеуеттік табыстылығын есепке алу негізінде ары қарай жетілдіруді қажет етеді.

Ғылыми зерттеудің эксперименттік жұмыс нәтижелері мынадай қорытындылар жасауға мүмкіндік берді:

1. Біз дайындаған «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі» оның құрамының біртұтас жүйесін көрсетті. Бұл компоненттер студенттің ЖОО-ның тұтас педагогикалық үдерісіндегі әлеуеттік табыстылығының әлеуметтік-мәдени қызметтерде дамытылған, өз мүмкіндіктерін сәтті іске асыруына тұлғалық қанағаттанушылығы мен әлеуметтік мәртебеге иеленуін қамтамасыз ететін әлеуметтік ұстанымы, жеке табыстылығы, әлеуметтік белсенделілігіне байланысты екендігін көрсетеді. Ол тұлғаның әлеуметтік байланыстар мен қатынастар жүйесіне толық енуіне, әлеуметтік қажетті мәртебені менгеруге, басқа адаммен

табысты әрекеттесу негізінде қоғамда өзін әлеуметтік толыққанды субъект ретінде саналы түсінуіне мүмкіндік береді.

2. Біздің тарапымыздан ұсынылған «Болашақ маманның әлеуеттік табыстылығын дамыту» атты әлективті курс болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуеттік табыстылығын дамытудың жоғарғы дәрежесін қамтамасыз етеді. Болашақ бастауыш мұғалімі ретінде студенттердің әлеуеттік табыстылығын қалыптастыру үшін таңдал алғанған іс-әрекет саласында тиімді болуға қабілеті мен мүмкіндіктерін, өзіне сенімін дамытуға; қазіргіден болашаққа қозғалу үшін өзінің ресурстары мен мүмкіндіктерін жұмылдыруды жете ұғынуға; құзыреттіліктер мен рефлексивті әрекет тәсілдерін менгеруге; нақты өмірлік міндеттерді шешу тәжірибесін менгеру ретінде үйретуге; функционалдық қабілеттері мен әлеуметтік жауапкершіліктерін дамытуға мүмкіндік береді.

3. Сынаққа қатысқан студенттердің оқудан тыс әрекеттері мен қоғамдық, жұмыстарының табыстылығы жоо-ны педагогтарының оқу-тәрбие жұмыстарындағы болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерінің әлеуеттік табыстылығын дамытудың әдістемесін терең түсінуінде екендігін көрсетті.

Қорыта келгенде, эксперимент нәтижесі көрсеткендей, жоғарыдағы суреттер мен кестелердегі мәліметтер эксперимент тобында **біршама өзгерістердің болғандығын анықтайды**. Бұл жүргізген зерттеуіміздің тиімділігінің дәлелі болып саналады.

Екінші бөлім бойынша тұжырым

1. Зерттеу барысында болашақ бастауыш мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жүйесі, әдістемесі және диагностикасы жасалынды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту жүйесі оның кәсіби іс-әрекетінің құрылымы, олардың мазмұндық сипаттамасы арқылы ашып көрсетіледі. Бұл жүйені нормативті қамтамасыздандыру, мақсаты, теориялық-әдіснамалық тұғырлары, қафидалары, формалары, әдістері, құралдары, мазмұны анықталып, нәтижесі белгіленді.

Әлеуметтік табыстылыққа әсер ететін факторлармен бірге әлеуметтік табыстылықтың қасиеттер: өзін-өзі таныту бойынша (коммуникативтілік, мақсаттылық, креативтілік, өзін-өзі көрсету); тұлғалық қанагаттану бойынша (әлеуметтік оптимзим, ұйымдастырушылық біліктілік, сенімділік, өзіндік дербестік); әлеуметтік мойындалу, яғни танылу бойынша (өзіндік бағалау, белсенділік, әлеуметтік жауапкершілік, міндетті түсіну) бөліп көрсетіледі.

2. Кез келген педагогикалық іс-әрекеттің тиімділігі оның диагностикалаудың негізінде анықталатындықтан, болашақ мамандардың әлеуметтік табыстылығын дамытудың бастапқы диагностикасы жасалды. Жалпы ғылымда диагностика жүргізуде зерттеу әдістері ерекше мәнге ие екендігі белгілі. Сондықтан әлеуметтік табыстылықты дамытудың зерттеу әдістері (бақылау, саулнама, әңгімелесу, т.б.) мен әдістемелер кешені «Жұмыста (окуда) табысқа жетуінізге жағдай жасаған және табысқа жетуінізге кедергі болған факторларды анықтау саулнамасы» Т:Элерстің «Тұлғаның табысқа жетудегі түрткісін диагностикалау» әдістемесі, Е.Е.Туниктің «Жеке тұлғаның креативтілігін диагностикалау» тесті, В.Э.Мильманның «Тұлғаның мотивациялық құрылымының диагностикасы» әдістемесі, Студенттердің ЖООдағы оқудан тыс әрекетке қатынасын анықтауға арналған тест-саулнамасы және Т.В.Морозованың «Кәсіби табыстылықтың мұғалімнің кәсіби-тұлғалық қасиеттеріне тәуелділігі» әдістемелері таңдал алынды.

Сонымен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың бастапқы диагностикасы әлеуметтік-кәсіби іс-әрекетке жүйелі дайындығын қалыптастырудың тиімділігін анықтауға және осы бағыттағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарының келесі кезеңдерін іске асыруға мүмкіндіктер береді.

3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың әдістемесі дайындалды: «Тұлғаның әлеуметтік табыстылығын дамытудың негіздері» элективті курсының бағдарламасы және оқу құралы, «Сенің табыстылығың-сенің қолында» үйірмесі, «Табыстылар» тренинг – сабактар жүйесі, «Табыстылыққа апарар жол» педагогикалық идеялар фестиваліні. Бұл әдістеменің тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жұмыстарында әлеуметтік табыстылықты дамытуға ықпал ету міндеттері

толығымен жүзеге асырылғандаға даму нәтижесінің тиімділігі артатындығын көрсетеді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің әлеуметтік табыстылығын дамыту үдерісінің әдістемесі бұл үрдіс мазмұнын дидактикалық тұрғыда қарастыруды және оған сәйкес оку және оқудан тыс іс-әрекеттерде оларды ұйымдастырудың формаларын, әдіс-тәсілдері мен амал-жолдарын анықтауды көздейді.

4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің әлеуметтік табыстылығын дамытуды практика жүзінде іске асырудың формаларының, құралдары мен әдістәсілдерінің маңызы өте зор.

5. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарының нәтижелерін бүтінгі күннің тәжірибесінде пайдалану білім беру көсіби табысты субъектілерінің көсіби өзара әрекеттестік кеңістігін ұлғайтады.

Жүргізілген зерттеу бойынша төмендегідей ұсыныстар жасауға болады:

1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің әлеуметтік табыстылығын дамытуда жоғары оку орнының мүміндіктерін тиімді пайдалану.

2. Зерттеу тақырыбы аясында болашақ бастауыш сынып мамандарының ғылыми-жобалық іс-әрекетінде курсық және дипломдық жұмыстардың тақырыптары аясын кеңейту.

3. Зерттеу барысында дайындалған «Тұлғаның әлеуметтік табыстылығын дамытудың негіздері» атты элективті курсы жалпы білім беретін мектептер тәжірибесінде, сонымен қатар жоғары оку орындарында оку жоспарына таңдау компоненті ретінде енгізу.

Қарастырылып отырылған зерттеу проблемасы өте күрделі болғандықтан, толығымен шешімі табылды деп айтуда болмайды. Келешекте болашақ мамандардың әлеуметтік құзыреттіліктерін қалыптастыру, бастауыш сыныптағы балалардың әлеуметтік табыстылығын дамыту және басқа да тақырыптар өз алдына жеке зерттеуді талаң етеді.

КОРЫТЫНДЫ

Мемлекеттің әлеуметтік-мәдени өмірінің түбейгейлі өзгерістері жағдайында қоғамның әлеуметтік-экономикалық табыстылығын анықтайтын білім беру жүйесін дамыту деңгейі ерекше басымдылыққа ие болуда. Отандық білім беру модернизациясының бағыты «қазіргі заманғы білімнің табыстылығы» ұғымының мазмұнына неғізделеді. Ол неғізде өлшемдері өзгермелі өмір жағдайында өзіндік стратегиясын жасай алатын, дені сау, қоғам иғілігіне өнімді еңбек етуғе және табысты әлеуметтенуғе қабілетті, шығармашылық белсенділікке дайын, бәсекеге қабілетті маман-азамат тұлғасын қалыптастыру болып табылады.

Осыған орай болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың теориялық-әдіснамалық неғіздері айқындалып, жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері төмендегідей тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді:

1. Зерттеу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту мәселенің өзектілігі: болашақ мамандарды біріншіден, әлеуметтік өмірдің жаңа талаптарына (әлеуметтік және кәсіби мобилділік, азаматтық сәйкестік, жалпымәдени және арнайы құзыреттілік, тұлғалық белсенділік және әлеуметтік табыстылық) бағыттауға; екіншіден, білім беру стратегиясының дербес табысты іс-әрекетке, кәсіби мансапты (карьера) құруға бағдарлануына; үшіншіден, жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайда білім беру мекемелерінің тәрбиелік жұмыстарын жетілдіруге, болашақ маман ретінде студентті әлеуметтік-мәдени іс-шараларға тартуына байланысты айқындала түседі. Ол болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың әдіснамалық-теориялық неғіздерін анықтауға неғіз болды.

2. Қарастырылып отырылған мәселені зерттеғен философиялық, психологиялық және педағоғикалық ғылыми еңбектерге жасалған жан-жақты талдау бұл курделі құбылыстың көпжақтылығын көрсетеді. *Әлеуметтік табыстылық* курделі құбылыс ретінде мазмұны жағынан бірін-бірі толықтыратын «табыс», «табыстылық» ұғымдарымен бірғе қарастырылатыны анықтадды. Себебі, табыс кез келген іс-әрекеттің мақсаты, табыстылық - іс-әрекет үрдісінің сипаттамасы болып табылады. Әлеуметтік табыстылық мазмұны адамның қоғамға қажеттілігімен, оның мүмкіндіктерінің қоғамның дамуының ерекшеліктеріне және сұранысына сәйкес келуімен анықталады.

Зерттеуімізде зерделенген тұжырымды ойлар бұл феноменниң қазіргі қоғам үшін өзінің салыстырмалы түрдегі жаңашылдығымен ерекшеленетінін көрсетеді. Сондықтан әлеуметтік табыстылық ұғымы әлеуметтік белсенділік, әлеуметтік кемелдену, әлеуметтік көзқарас, әлеуметтік бағдар, әлеуметтік мақсат, әлеуметтік бейімделу, әлеуметтік шығармашылық, әлеуметтік жауапкершілік, әлеуметтік оптимизм және әлеуметену ұғымдарымен тығыз байланыста қарастырылады.

Сондықтан теориялық талдау нәтижесінде «әлеуметтік табыстылық» ұғымының философиялық, психологиялық-педагогикалық, гедонистік, аскеттік, интегративтік, субъектілік-объектілік категория ретінде қарастырылатыны анықталды. Осы категориялардың ішінде зерттеуіміз үшін әлеуметтік табыстылықтың интегративтік категория ретіндегі құрылымы маңызды болып саналады. Біздің пікірімізше, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің әлеуметтік табыстылығы тұлғаның әлеуметтенудің өзегін құрайтын, әлеуметтік маңызды мәртебе жетістігінің белгілі деңгейін, өз өмірінің әлеуметтік-құнды стратегиясын моделдеу біліктілігін, еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілікке дайындығын және қоғам өмірінің сапасын көтеруге бағытталған тиімді кәсіби іс-әрекетін қамтиды. Демек әлеуметтік табыстылық әлеуметтік ұстаным, әлеуметтік белсенділік, тұлғалық табыстылық қурауыштарының жиынтығы болып табылады.

3. Зерттеуімізде болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту мәселесін зерттеудің әдіснамалық тұғырлары бөліп көрсетіледі: тұлғалық бағдарлық, әлеуметтік-мәдени, орта, әлеуметтік-мәдени орта, акмеологиялық, іс-әрекет, аксиологиялық, құзыреттілік. Сонымен қатар қағидалары, атап айтқанда, іс-әрекет субъектісі ретінде жеке тұлғаның белсенділік қағидасы, рефлексиялық басқару және өзін-өзі басқару қағидасы, ізгілік қағидасы, өз әрекетін ұйымдастыру қағидасы, сана мен әрекеттің бірлігі қағидасы, жеке тұлғаның әлеуетін дамыту қағидасы, білім беру ортасында адам ресурстарын басқарудың ғылыми қағидасы, әлеуметтік-коммуникативтілік бағыт қағидасы анықталды. Бұл болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын қазіргі заманғы қоғамның жаңа талаптары мен динамикалық өзгерістері жағдайын ескере отырып, жоғары оку орны жағдайында оку және оқудан тыс әрекеттерде студенттің жеке дара әлеуетін толық ашуға мүмкіндік беретін маман тұлғасының интегралды қасиеті ретінде қарастыруға мүмкіндік берді.

4. Әлеуметтік табыстылық тұлғаның басқа адамдарға және өзіне деген қатынасының негізі болып табылатын әлеуметтік қажетті мәртебеге ие болуға жағдай жасайтын әлеуметтік байланыстар мен қарым-қатынастардың жүйесіне тұлғаның толықтай қосылуына мүмкіндік беретін ерекшеліктер деп түсіндіріледі. Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың тұртқілік-еріктілік, процессуальдық - іс-әрекеттік, рефлексиялық - бағалау компоненттері бірлігінде құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді. Компоненттердің мазмұнына сәйкес өлшемдері, атап айтқанда, әлеуметтік ұстаным өлшемі - студенттің өзін-өзі танытуына мүмкіндік беретін қарым-қатынастар жүйесін; әлеуметтік белсенділік өлшемі-нәтижесі әлеуметтік мойындау болып табылатын іс-әрекеттік қатынас жүйесін қамтыса, ал тұлғалық табыстылық өлшемі студент жастардың тұлғалық қанағаттануына мүмкіндік береді. Сонымен бірге болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің табысты әлеуметтік бейімделуін, ішкі әрекет үрдісінде жүзеге асырылатын әлеуметтік ортамен қарқынды, саналы өзара әрекеттесуге

бағытталған әлеуметтік-мәнді әрекеттерінің жиынтығын, тұлғалық және әлеуметтік сапаларының қалыптасуын, жетістігінің жоғары мотивациясын сипаттайтын көрсеткіштері, оның көрінүне қарай деңгейлері (жоғары, орта, төмен) анықталды.

5. Қорыта келгенде, *табыстылық* мәселесі үш тұрғыдан: индивидтің өзіндік әрекеті мен күші нәтижесінің көрсеткіші ретінде; тұлғаның әлеуметтік байланыстар мен қатынастардағы өзіндік орнының көрсеткіші ретінде; болашақ маманың әлеуметтік іс-әрекеті контексінде кәсіби табыстылығы ретінде зерттелінген. Бұл әлеуметтік табыстылықты болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби қалыптасуының маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастыру қажет деп тұжырымдауымызға мүмкіндік береді.

6. Зерттеу барысында болашақ бастауыш мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жүйесі, әдістемесі және диагностикасы жасалынды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту жүйесі оның кәсіби іс-әрекетінің құрылымы, олардың мазмұндық сипаттамасы арқылы ашып көрсетіледі. Бұл жүйені нормативті қамтамасыздандыру, мақсаты, теориялық-әдіснамалық тұфырлары, қағидалары, формалары, әдістері, құралдары, мазмұны анықталып, нәтижесі белгіленді.

Әлеуметтік табыстылыққа әсер ететін факторлармен бірге *әлеуметтік табыстылықты сипаттайтын қасиеттер*: өзін-өзі таныту бойынша (коммуникативтілік, мақсаттылық, креативтілік, өзін-өзі көрсету); тұлғалық қанагаттану бойынша (әлеуметтік оптимзим, ұйымдастырушылық біліктілік, сенімділік, өзіндік дербестік); *әлеуметтік мойындалу, яғни танылу бойынша* (өзіндік бағалау, белсенділік, әлеуметтік жауапкершілік, міндетті түсіну) бөліп көрсетіледі.

7. Кез келген педагогикалық іс-әрекеттің тиімділігі оның диагностикалаудың негізінде анықталатындықтан, болашақ мамандардың әлеуметтік табыстылығын дамытудың бастапқы диагностикасы жасалды. Жалпы ғылымда диагностика жүргізуде зерттеу әдістері ерекше мәнге ие екендігі белгілі. Сондықтан әлеуметтік табыстылықты дамытудың зерттеу әдістері (бақылау, сауалнама, әңгімелесу, т.б.) мен әдістемелер кешені «Жұмыста (окуда) табысқа жетуінізге жағдай жасаған және табысқа жетуінізге кедергі болған факторларды анықтау сауалнамасы» Т.Элерстің «Тұлғаның табысқа жетудегі тұрткісін диагностикалау» әдістемесі, Е.Е.Туниктің «Жеке тұлғаның креативтілігін диагностикалау» тесті, В.Э.Мильманның «Тұлғаның мотивациялық құрылымының диагностикасы» әдістемесі, Студенттердің ЖОО-дағы окудан тыс әрекетке қатынасын анықтауға арналған тест-сауалнамасы және Т.В.Морозованаң «Кәсіби табыстылықтың мұғалімнің кәсіби-тұлғалық қасиеттеріне тәуелділігі» әдістемелері таңдап алынды.

Сонымен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың бастапқы диагностикасы әлеуметтік-кәсіби іс-

әрекетке жүйелі дайындығын қалыптастырудың тиімділігін анықтауға және осы бағыттағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарының келесі кезеңдерін іске асыруға мүмкіндіктер береді.

8. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың әдістемесі дайындалды: «Тұлғаның әлеуметтік табыстылығын дамытудың негіздері» элективті курсының бағдарламасы және «Сенің табыстылығың-сенің қолында» үйрмесі, «Табыстылар» тренинг – сабактар жүйесі, «Табыстылыққа апарар жол» педагогикалық идеялар фестивалі. Бұл әдістеменің тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жұмыстарында әлеуметтік табыстылықты дамытуға ықпал ету міндеттері толығымен жүзеге асырылғандаған даму нәтижесінің тиімділігі артатындығын көрсетеді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің әлеуметтік табыстылығын дамыту үдерісінің әдістемесі бұл үрдіс мазмұнын дидактикалық түрғыда қарастыруды және оған сәйкес оку және оқудан тыс іс-әрекеттерде оларды ұйымдастырудың формаларын, әдіс-тәсілдері мен амал-жолдарын анықтауды көздейді.

9. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің әлеуметтік табыстылығын дамытуды практика жүзінде іске асырудың формаларының, құралдары мен әдістәсілдерінің маңызы өте зор.

10. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарының нәтижелерін бүгінгі күннің тәжірибесінде пайдалану білім беру кәсіби табысты субъектілерінің кәсіби өзара әрекеттестік кеңістігін ұлғайтады.

Жүргізілген зерттеу бойынша төмендегідей ұсыныстар жасауға болады:

1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің әлеуметтік табыстылығын дамытуда жоғары оку орнының мүміндіктерін тиімді пайдалану.

2. Зерттеу тақырыбы аясында болашақ бастауыш сынып мамандарының ғылыми-жобалық іс-әрекетінде курсық және дипломдық жұмыстардың тақырыптары аясын кеңейту.

3. Зерттеу барысында дайындалған «Тұлғаның әлеуметтік табыстылығын дамытудың негіздері» атты элективті курсы жалпы білім беретін мектептер тәжірибесінде, сонымен қатар жоғары оку орындарында оқу жоспарына тандау компоненті ретінде енгізу.

Қарастырылып отырылған зерттеу проблемасы өте күрделі болғандықтан, толығымен шешімі табылды деп айтуда болмайды. Келешекте болашақ мамандардың әлеуметтік құзыреттіліктерін қалыптастыру, бастауыш сыныптағы балалардың әлеуметтік табыстылығын дамыту және басқа да тақырыптар өз алдына жеке зерттеуді талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Н.Ә.Назарбаевтың 2006 жылғы 26 мамырдағы Г.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде студенттерге арнап оқыған «Иновациялар мен оқу – білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына» дәрісі // Егемен Қазақстан.
- 2 Тезаурус ЮНЕСКО МБЛ по образованию. 1993. - 85с.
- 3 «Қазақстан-2050» Стратегиясы
http://www.akorda.kz/kz/official_dokuments/strategies_and_programs
- 4 ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000205>
- 5 Аткинсон Дж. Теория о развитии мотивации. – М.: Педагогика, 1996. - 235с.
- 6 Мак-Клелланд Д. Мотивация человека./Д.Мак-Клелланд. Изд-во: Питер, СПб, 2007, 667 с.
- 7 Роджерс К. Взгляд на психотерапию. Становление человека. - М., 1994. Терминологическая правка В.Данченко. К.: PSYLIB, 2004. -73с.
- 8 Фромм Э. Бегство от свободы. Человек для самого себя . – М.: Изизда, 2004. - 400 с.
- 9 Эриксон Э. Идентичность: юность и кризис. –М., 2006. -312с.
- 10 Левин К. Динамическая психология: Избранные труды. -М.: Изд-во «Смысл», 2001. – 572с.
- 11 Мерлин В.С. Очерк интегрального исследования индивидуальности. - М.: Педагогика, 1986. -254 с.
- 12 Ильин Е.П. Мотивация и мотивы. – СПб.: Питер, 2006. – 320с.
- 13 Реан А. А. Социализация личности.Хрестоматия: Психология личности в трудах отечественных психологов. –СПб.: Питер, 2000. -151с.
- 14 Бандура А. Теория социального обучения. СПб.: Изд-во «Евразия», 2000. - 322с.
- 15 Кубышкина М.Л. Психологические особенности мотивации социального успеха: дисс. ... канд. психол. наук. –СПб, 1997. -207с.
- 16 Ананьев Б.Г. Психология педагогической оценки: Изб. Психол. труды. – Т.2. – М., 1980. – С. 123-268.
- 17 Батурина Н.А. Успех, неудача и результативность деятельности// Психологический журнал. 1987. Т.8.№3. С.87-94
- 18 Леонтьев А.Н.Психология смысла. – М., 2003. -216с.
- 19 Рубинштейн С.Л. Принцип творческой самодеятельности //Вопросы психологии.-1986. № 4. – С. 34-37.
- 20 Абульханова-Славская К.А. Стратегия жизни. – М.: Изд-во «Мысль», 1991. -299с.
- 21 Леонтьев Д.А. Личностное в личности: личностный потенциал как основа самодетерминации//Ученые записки кафедры общей психологии МГУ им. М.В.Ломоносова. Вып. 1/ Под ред. Б.С.Братус я, Д.А.Леонтьева. – М.: Смысл, 2002. –С. 56-65.

- 22 Маслоу А. Мотивация и личность. – СПб.: Питер, 2003. -352с.
- 23 Петровский В.А. Личность в психологии: парадигма субъективности. – Ростов на Дону: Феникс, 1996. -512с.
- 24 Амонашвили Ш.А. Школа Жизни. – М.: Издательский Дом Шалвы Амонашвили, 1998. -80с.
- 25 Белкин А.С. Ситуация успеха. Как ее создать?: Книга для учителей. – М.: Просвещение, 1991. -176с.
- 26 Яшнова О.А. Социально-педагогические факторы успешности обучения и воспитания младших школьников: Монография. –М., 2002.
- 27 Щуркова Н.Е. Практикум по педагогической технологии. – М.: Пед. общ-во России, 1998. -250с.
- 28 Битянова М.Р. Успеваемость и успешность. //Педагогическая газета. – 2003. №40. – С. 4-6.
- 29 Глассер У. Школы без неудачников. Общ. ред. и предисл. В.Я.Пилиновский. – М.: Прогресс, 1991. – 184с.
- 30 Холт Д. Залог детских успехов. – СПб: «Дельта», 1996. – 480с.
- 31 Гребнева Д.М. Учебная успешность как процесс и результат педагогического взаимодействия//Педагогическое образование России. – 2011. -№1. –С. 251-254.
- 32 Болдина М.А. Формирование профессиональной компетентности специалиста как управляемый процесс становления его профессионализма //Социально-экономические явления и процессы. – Тамбов, 2011. №1-2. С. 317.
- 33 Курдюкова Н.А. Оценивание успешности учебной деятельности как психолого- педагогическая проблема: Автореф. дис...канд. наук. СПб., 1997.
- 34 Смирнов С.Д. Психологические факторы успешной учебы студентов вуза//Вестник Московского университета Серия 20: Педагогические образования. – 2004. - №1. – С. 10-35.
- 35 Шабалина М.Р. Педагогические условия повышения академической успешности студентов: дисс. ... канд. пед. наук. – М., 2009. - 229с.
- 36 Калинина Н.В. Психологическая помощь учащимся в достижении социальной успешности// Педагогическая наука: история, теория, практика, тенденция развития. – 2010. - №3. – С. 15-21.
- 37 Жучева Е.Н. Успешность педагогической деятельности учителя в зависимости от педагогических и социальных способностей: автореф. дис ... канд. пед. наук. – М., 1983.
- 38 Андреева И.Н. Азбука эмоционального интеллекта. -СПб.: БХВ-Петербург, 2012. -288 с
- 39 Гоулмен Д. Эмоциональный интеллект. – М.: Изд-во АСТ, 2009. -480с.
- 40 Дружинин В.Н. Психология общих способностей: Монография. 3-е изд.– СПб.: Питер, 2007. - 368 с.
- 41 Манойлов М.А. Развитие эмоционального интеллекта будущих педагогов. – Псков, 2004. – 160с.
- 42 Белова С.С. Вербализованный и невербализованный компоненты социального интеллекта: автореф. ... канд. психол. наук. –М., 2004. –22с.

- 43 Социальный интеллект: теория, измерение, исследования/Под ред. Ушакова Д.В. –М.: Изд-во ИП РАН, 2004. -213с.
- 44 Сергиенко Е.А. Адаптация теста дж. Майера//Психологический журнал. 2010. Т.31. - №1. –С. 55-73.
- 45 Тұрғынбаева Б.А. Болашақ мұғалімдердің әлеуетін дамыту: кәсіби шығармашылық жолында. – Алматы: Полиграфия – сервис К, 2012. – 316б.
- 46 Джанбубекова М.З. Жаһандану жағдайында болашақ бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың педагогикалық негіздері: пед. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2010. – 42б.
- 47 Бакштановский В.И. Царская дорога к этике успешного професионализма// Ведомости Тюменск. гос. нефтег. ун-т. НИИ приклад. Этики. - Тюмень. - 1996. - Вып. 3. - С. 161- 178.
- 48 Мудрик А.В. Социальная педагогика.М.: ИЦ «Академия»,2002.-200с.
- 49 Варламова Е.Ю. Организационно-педагогические условия обеспечения социальной успешности школьников: автореф. дис. ... канд. пед. наук. - Кострома, 2004. -24с.
- 50 Истюфеева Ж.Н. Субъективные ресурсы достижения успешности личности: на примере профессионально-педагогической деятельности: автореф. дис. ... канд. психолог. наук. – Новосибирск, 2008. - 22с.
- 51 Клочкова О.Ю. Модель успеха как фактор профессионального выбора (на примере студентов Московских педагогических вузов): автореф. дис. ... канд. социологич. наук. – М., 2003. -24с.
- 52 Баранец Н.А. Технология формирования социальной успешности младших школьников: дисс.канд. пед. наук . - Тамбов, 2011. - 192с.
- 53 Берне Р. Развитие «Я-концепции» и воспитание. М., 1986. - 416с.
- 54 Джеймс У. Психология/Пред. Л.А.Петровской. – М., 2011. -318с.
- 55 Согомонов А.Ю. "Новое поколение" между успехом и удачей // Ведомости Тюмен. гос. нефтегаз. ун-т, НИИ приклад, этики. - Тюмень, 1996. - Вып. 5. - С. 13-17.
- 56 Тульчинский Г.Л. Российский духовный опыт и проблема успеха. //Этика успеха. – Тюмень; -М., 1994. – Вып. 3. – С. 19-26.
- 57 Рысбаева А.К. Успешность деятельности как категория педагогики. Монография. – Алматы, 2014. – 266с.
- 58 Хан Н.Н. Сотрудничество в педагогическом процессе школы. Алматы: Гылым. -1997. -212с.
- 59 Таубаева Ш. Педагогика әдіснамасы. Оку құралы. – Алматы: Қарасай, 2013. – 432б.
- 60 Ожегов С.И. Словарь русского языка.– М.: Русский язык, 1991. -917с.
- 61 Большой толковый словарь русского языка/СПб.:Норинт,2001.1286 с.
- 62 Даляр В.И. Толковый словарь. – М.: Русс. яз., 1991. –Т. 4. -2007с.
- 63 Аристотель. Сочинения. В 4-х т. – М.: Мысль. 1976. – Т. 1. -550с.
- 64 Монтень М. Опыты: в 3-х кн. Кн. 3. –М.: Голос, 1992. -416с.
- 65 Платон. Сочинения. В 4-х т. - М., 1965 -564с.

- 66 Питюков В.Ю. Основы педагогической технологии: учебно-практическое пособие. – 2-е издание испр. и доп.; гл. 3. Создание ситуации успеха и неуспеха. – М.: Гном-Пресс, Моск. Городское пед. общ-во, 1999. - 192с.
- 67 Сухомлинский В.А. Избранные произведения.-Киев: Радянска шк., 1979. Т.1. - 689с
- 68 Шаталов В. Ф. Город в облаках. повесть, эссе, раздумья / В. Ф. Шаталов. - Донецк: «Донбасс», 2008. — 381 с.
- 69 Лысенкова С.Н. Когда учиться легко. -М.: Педагогика, 1985. -148 с.
- 70 Белкин А. С. Компетентность. Профессионализм. Мастерство.-Челябинск: ОАО «Юж.Урал.кн.изд-во», 2004 - 176 с.
- 71 В.К.Вилюнас Психология эмоций. Тексты / Под ред. В. К. Вилюнаса, Ю. Б. Гиппенрейтер. - М.: Изд-во Моск. ун-та, 1984. — 288 с
- 72 Белопольская Н.Л. Учебная мотивация детей с задержкой психического развития в условиях психического насыщения // Дефектология. 1995. - №1.
- 73 Коротаева Е.В. Ситуация успеха: психолого-педагогические механизмы и этапы организации// Директор школы. 2002. - №2. – С.38-44.
- 74 Никитина Е.А. Искусственный интеллект: философия, методология, инновации //Философские проблемы информационных технологий и киберпространства. - 2014. - №2. - С.108-122
- 75 Усенова А.М. Болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың кейбір мәселелері // Жас галымдарга арналған VII халықаралық ғылыми конференция материалдары. - Алматы, 2016. - Б.254.
- 76 Якутина О.И. Социальные практики успеха: дискурс повседневности и социально-философское понятие автореф. дисс.... д-ра филос. наук: 09.00.11 - Краснодар, 2011. - 47с.
- 77 Адлер А. Практика и теория индивидуальной психологии. СПб.: Питер, 2003. – 256с.
- 78 Карнеги Д. Как завоевать друзей и оказывать влияние на людей: перевод с англ./Под общ.ред. предисл. В.П.Зинченко, Ю.М.Жукова. – М.: Прогресс, 1989. -712с.
- 79 Конюхова Т.В., Е.Т.Конюхова Изучение проблемы успеха и успешности личности в контексте междисциплинарного подхода//Известия Томского политехнического университета. – 2009. –Ю 6 (314). С. 112-116.
- 80 Збуцки А. Формирование социальной успешности школьников средствами экономического образования: автореф. дисс. ... канд. пед. наук. – Ярославль, 2005. -19с.
- 81 Қазақ тілі мен терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Педагогика және психология. –Алматы: Мектеп, 2002. -252б.
- 82 Мирцхулаева Р. Л. Воздействие эмоциональной ситуации оценки на эффект эмоциональной установки: дис. канд. психол. наук.-Тбилиси, 1986. - 126 с.
- 83 Федосеева А., А.М.Мальц Проблемы жизненной успешности и пути ее исследования//Человек в контексте эпохи: мат-лы регион. Науч. Конференции,

посвященной 85-летию М.Е.Бударина (30 ноября 2005г.)/Отв. ред. И.И.Крот. – Омск: ОмГПУ, 2005. – С. 235-240.

84 Артемьев С.А., С.А.Багрецов и др. //Проблемы психологии и эргономики. – 2002. – Вып. 4. –С. 52-55.

85 Турецкая Г.В. Страх успеха: психологическое исследование феномена// Психологический журнал. – 1998. –Т. 19. -№1. –С. 16-37.

86 Ломов Б.Ф. Проблема общения в психологии. /Психологический журнал. 1981. – Т.2. №5. –С.3-22

87 Лийметс Х.И. Групповая работа на уроке. – М., 1975.- 54с.

88 Щукина Г.И. Активизация учебно-познавательной деятельности школьников. – М., 1979.

89 Психологический словарь./ Пед ред. В.В.Давыдова, А.В.Запорожца, Б.Ф.Ломова. НИИ общ. и пед. психологии АПН СССР. – М.: Педагоика, 1983. - 448с.

90 Анцыферова Л.И.Системный подход в психологии личности// Принцип системности в психологических исследованиях. –М., 1990. -240с

91 Кибальченко Н.А. Взаимосвязь субъектного, ментального и познавательного опыта у лиц с разной успешностью деятельности// Психологический журнал. 2010. Т. 31. №3. – С. 33-45.

92 Климов Е.К. Психологические критерии успешности предпринимательской деятельности:дисс...канд. психол. наук. – Калуга, 2004.

93 Чирикова А.Е. Личностные предпосылки успешности деятельности российских предпринимателей//Психологический журнал. 1999. Т. 20. №3. – С. 81-92.

94 Творогова Н.Д. Я в контексте психологии успеха // Мир психологии. 2002. № 2 (30). С. 53–60.

95 Степанский В.И. Влияние мотивации достижения успеха и избегания неудачи на регуляцию деятельности // Вопросы психологии. 1981. № 6. С. 59–75.

96 Лейфрид Н.В. Ответственность как личностная детерминанта представлений об успешном человеке: Дис. ... канд. психол. наук. –Омск, 2005.

97 Ключников С.Ю. Философия успеха: гносеологический анализ: автореф. дис. ... канд. фил. наук / С. Ю. Ключников - М., 2003. - 24 с.

98 Коджаспирова Г.М. Словарь по педагогике. – М.Март, 2005. – 448с.

99 Тугушева А.Р. Представления о социальной успешности и личностное самоопределение юношества: дисс. канд. психол. наук. – Самара, 2007. – 130с.

100 Кузьмина Н. В. Педагогическое мастерство учителя как фактор развития способностей учащихся// Вопросы психологии. – 1984.-№1.–С.20-

101 Хмель Н.Д. Теоритические основы профессиональной подготовки учителя: дисс.... док. пед. наук. -Алматы, 1986. – 187 с.

102 Казимирская Л.Н. Педагогические условия социальной успешности обучающихся в современной зимназии: автореф. дисс. ... канд. пед. наук. – Омск, 2012. -21с.

103 Пономарева А.В. Развитие социальной успешности молодежи в

социально-культурной деятельности студенческого педагогического отряда. Дис. ... на канд. пед. наук. – Челябинск, 2010. – 191с.

104 Асмолов А.Г. Психология личности: принципы общепсихологического анализа. - М. : Смысл : Академия, 2002. - 416 с.

105 Назарбаев Н.А. «Инновациялар мен оқу – білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына»: Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінде оқылған лекция. -Астана, 2006. - 43 б.

106 Усенова А.Болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың кейбір мәселелері//«Қазақстан халықаралық білім беру кеңістігінде» атты Жас ғалымдарға арналған VII халықаралық ғылыми конференция материалдары. - Алматы, 2016. -Б. 253.

107 Родина О.Н. Предпосылки успеха в труде психолога// Вестник МГУ (психология). – 2000. №4. – С. 55-64.

108 Маркова А.К. Психология профессионализма. - М.: Междунар. Гуманит. Фонд «Знание», 1996.

109 Митина Л.М. Формирование профессионального самосознания личности учителя// Вопросы психологии. 1990. №3. С.58-63.

110 Ерофеева Е.В. Факторы профессионально-педагогической успешности: автореф. дис. ... канд педа. наук. Саратов, 2001.

111 Дружилов С.А. Психология профессионализма: Инженерно-психологический подход. – Харьков: Издательский дом «Гуманитарный центр», 2011. -296с.

112 Аминов Б.Г. Задатки, способности и одаренность учителя// Мир психологии. –М., 1997. №2.

113 А.М. Новиков

114 Усенова Интербелсенді оқытудың студенттердің іс-әрекетіне ықпалы///Абай атындағы ҚазҰПУ хабар- шысы, педагогика ғылымдар сериясы. - №3 (47). - Алматы, 2015. - Б. 91-94.

115 Бабанский Ю.К.

116 И.Загвязинский

117 Усенова А. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамытудың диагностикасын үйимдастыру//Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы, педагогика ғылымдар сериясы. - №3 (51). -Алматы, 2016. - Б. 72

118 Тесленко А.Н. Педагогика. -Астана, 2010. -465с

119 Ксено́ва Г.Ю. Создание ситуации успеха учителя // Открытая школа. – 2007. - №1. – С. 31-34.

120 Питюков В.Ю. Основы педагогической технологии: учебно-практическое пособие. – 2-е издание испр. и доп.; гл. 3. Создание ситуации успеха и неуспеха. – М.: Гном-Пресс, Моск. Городское пед. общ-во, 1999. - 192с.

121 Финько И. Л. Психолого-педагогические показатели результативности образовательного процесса: Метод. пособие.- Ульяновск: ИПК ПРО, 2000. - 108с.

- 122 Славнов С.В. Структурно-динамические характеристики образа успешного професионала //Психология. Журнал. 2003. – Т. 24. №1. –С. 82-90.
- 123 Наурызбай Ж.Н. Социальная успешность учащихся как педагогический феномен/Ж.Н.Наурызбай, А.А.Туганбекова // Вестник КарГУ. - 2010. - №3.- С. 110-116.
- 124 Ю.П. Гиппенрейтер
- 125 Шибутани Т. Социальная психология. Пер. с англ. В.Б. Ольшанского. Ростов-на-Дону: Изд-во «Феникс», 1999. - 544 с.
- 126 Гмурман В.Е. Общие основы педагогики. М.: Просвещение, 1986. - 262с.
- 127 Газман О.С. Педагогика свободы: путь в гуманистическую цивилизацию 21 века //Новые ценности образования: содержание гуманистического образования. - М., 1996 - С. 10-38.
- 128 Кон И.С. Ребенок и общество. Уч. пособие для вузов. – М.: изд-во «Академия», 2003. -336с.
- 129 Белкин А. С. Компетентность. Профессионализм. Мастерство.- Челябинск: ОАО «Юж.Урал.кн.изд-во», 2004 - 176 с.
- 130 Мудрик А.В. Социальная педагогика: учебник для студентов пед. вузов. /Под ред. В.А.Сластенина. -2-е изд. испр. и доп. –М.: Издат. центр «Академия», 2000. -192с.
- 131 Бороздина Л.В. Исследование уровня притязаний: учеб. пособие. – М., 1993. -140с.
- 132 Маркова Е.В. Мотивационно-волевые особенности личности как фактор успешности деятельности. Дисс. ... канд. пед. наук. – Л., 1984. – 263с.
- 133 Усенова А. Идея социальной успешности личности в трудах казахских мыслителей// Сборник-II международной научно-практической конференции «Актуальные вопросы психологии и педагогики в современных условиях». - Санкт-Петербург, 2015. - С. 98-100.
- 134 Сокольников Ю.Л. Теория и логика педагогической деятельности. – М., Белгород, 2000.
- 135 ГК РК 08-2001 Қазақстан Республикасы жоғары кәсіби білім мамандықтары және дайындық бағыттары классификаторы.
- 136 ГОСО 3.001-2000 Қазақстан Республикасы жалпыға міндетті білім беру стандарты. Кәсіби жоғары білім беру. Негізгі ережелер.
- 137 ҚР МЖМБС 3. 07. 029-2001 Қазақстан Республикасы жалпыға міндетті білім беру стандарты. Кәсіби жоғары білім беру. Негізгі ережелер.
- 138 ҚР МЖМБС 3. 08. 002-2004 Қазақстан Республикасы жалпыға міндетті білім беру стандарты. Кәсіби жоғары білім беру. Негізгі ережелер. Бакалавриат. «050202 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы. – Енгіз. 2004 – 09-01.- Астана: ҚР Білім және ғылым министрлігі, 2004.-30 б.
- 139 ҚР МЖМБС 3. 08. 252-2006 Қазақстан Республикасы жалпыға міндетті білім беру стандарты. Кәсіби жоғары білім беру. Негізгі ережелер. Бакалавриат. «050202 – Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі»

мамандығы. – Енгіз. 2006 – 09-01.- Астана: ҚР Білім және гылым министрлігі, 2006.-31 б.

140 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндепті білім беру стандартында ««5B010200 - Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» бойынша бакалавриат. - Астана, 2010.

141 Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.

142 «Қазақстан - 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. //Ақықат. №1, 2013. - 5 - 27 б.

143 Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2010. - 45б.

144 Хуторской А.В. Современная дидактика: Учебник для вузов. СПб.

145 Сериков В.В. Оразование и личность. Теория и практика проектирования педагогических систем. – М., 1999.

146 Зимняя И.А. Ключевые компетентности как результативно-целевая основа компетентностного подхода в образовании. - М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2004.

147 Усанов Н. И. Развитие профессиональной компетентности в структуре трудового потенциала современной организации: автореф. дис.... канд. социол. наук: 22.00.03. — М, 2009.

148 Бунаков Н.Ф. Школьное дело. Избранные педагогические сочинения / Н.Ф.Бунаков. – Москва, 1953. –С. 139.

149 Выготский Л.С Проблема возраста. Собрание сочинений: в 6-ти томах /Под ред. Т.А. Власовой. – М.: Педагогика, 1983. – Т.4. - 268с.

150 <https://ru.wikipedia.org/wiki/>

151 Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка: 80000 слов и фразеол. выражений. – М.: Азбуковник, 2001. -940с.

152 Сериков В.В. Личностный подход в образовании: Концепция и технология: Монография. –Волгоград: Перемена, 1994. -150с.

153 Сластенин В.А., Исаев И.Ф., Шиянов Е.Н. Педагогика: Учеб. пособие. - М.: Гуманит. изд. Центр Владос, 2003. -252 с.

154 Якиманская И.С. Личностно-ориентированное обучение в современном школе. М., 1996. -286 с.

155 Бондаревская Е.В., Кульневич С.В. Педагогика. –М., Ростов на –Дону: учитель, 1999. -323 с.

156 Гершунский Б.С. Образовательно - педагогическая прогностика.

Теория, методология, практика: учеб.поспбие. -М.: Флинта: Наука, 2003.- 768с.

157 Гайсина Г.И. Культурологический подход в теории и практике педагогического образования. – М.: Прометей, 2002. - 260с.

158. Каган М.С. О понятии «социокультурное» как философской категории// <http://www.lihachev.ru/pic/site/files/lihcht/1995/> sec4Z01.pdf

- 159 Маркова Е.В. Мотивационно-волевые особенности личности как фактор успешности деятельности. Дисс. ... канд. пед. наук. – Л., 1984. – 263с.
- 160 Мануйлов Ю.С. Средовой подход в воспитании. 2-е издание, переработанное. – М. Н.Новгород: изд-во Волговятской академии гос. Службы, 2002. – 157с.
- 161 Майорова Э.Р. Формирование среды личностно-ориентированного образовательного взаимодействия как необходимое условие его эффективности. – М., 1998. – 167с.
- 162 Новикова Л.И. Школа и среда. – М.: Знание, 1985. - 80с.
- 163 С.Н.Жиенбаева Бастауыш сынып оқушыларының еңбек іс-әрекеті тәжрибесін қалыптастырудыңғылыми негіздері [Текст] : пед. д-ры ... дис. автореф, 4-5 б.
- 164 Нұсқабаев О. Қазақстандық отбасылардың әлеуметтік мәселелері [Текст] / О. Нұсқабаев // Ақиқат. 2010. № 11. С. 107
- 165 Рубин Б., Колесников Ю. Студент глазами социолога. – С. 38.
- 166 Философиялық сөздік //Ред.ұжым: Р.Н.Нұргалиев, Г.Г.Ақмамбетов, Ж.Ж.Әбділдин. –Алматы, 1995.-525б.
- 166 Г.К.Нұргалиева, Артықбаева Е.В. Электронное обучение как условие инновационного развития системы образования// Вестник КазНУ, серия "педагогические науки". - 2012. - № 1(35). - С.9-12.
- 167 Бейсенбаева А.А. Теория и практика гуманизации школьного образования. Монография. Алматы: Гылым, 1998. -225с
- 168 Төлеубекова Р.К., Аманова А.К. Ценностные ориентации как часть профессиональной компетентности будущих специалистов в сфере образования // DOI 10.17238/issn1998-5320.2016.23.113
- 169 Калюжный А.А. Психология формирвоания имиджа учителя . - М. Владос, 2004. - 222с.
- 170 Жиенбаева Н.Б. Коммуникативный субъект в образовательном процессе // Монография. – Алматы, 2006. – 333 с.
- 171 Бранский В. П., Пожарский С. Д. Социальная синергетика и акмеология. Теория самоорганизации индивидуума и социума. - СПб.: Политехника, 2002. - 476 с.
- 172 Магамед-Эминов М.Ш. Мотивация достижения: структура и механизмы; автореф. ... канд. психол. наук. –М., 1987. -23с.
- 173 Энциклопедиялық сөздік Ж.Түймебаев.
- 174 Жиенбаева С.Н. Педагогикалық ғылыми - зерттеу теориясы мен әдістемесі - Алматы: Полиграфия сервис, 2010. – 210б.
- 175 Дж. Равен Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация /пер. с англ. - М.: Когито-Центр, 2002. – 396 с.
- 176 Бирюкова, Г. А., Тубельский А. Н. Ученик - субъект образовательного процесса. - М.: Эврика, 2005. - 208 с.
- 177 Голуб Г.Б., Фишман И.С., Фишман Л.И. Общие компетенции выпускников высшей школы: что стандарт требует от вуза // Вопросы образования. 2013. - № 1. - С. 156-173.

- 178 Нарибаев К.Н., Аганина К.Ж. Подготовка менеджеров образования с учетом компетентностного подхода // Биология в школе. - 2014. - №3.- С. 19-23.
- 179 Джадрина М. Ж. Дидактические основы построения содержания вариативного образования: автореф. ...док.пед. наук: 13.00.01. – Алматы, 2000. – 41с.
- 180 Зимняя И.А. Ключевые компетентности как результативно-целевая основа компетентностного подхода в образовании. - М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2004.
- 181 Селевко Г.К. Современные образовательные технологии: учебное пособие. - М.: Народное образование, 1998. - 256 с.
- 182 Хуторской А.В. Системно-деятельностный подход в обучении : Научно-методическое пособие. — М. : Издательство «Эйдос», 2012. — 63 с.
- 183 Нечаев М.П. Развитие воспитывающего потенциала общеобразовательной среды школы. Монография. – М.: АПК и ППРО, 2010. – 252с.
- 184 Шрейдер Ю.А. Информационные процессы и информационная среда//Научно-техническая информация. 2008. Сер. 2. Информационные процессы и системы. №9. – С. 3-7.
- 185 Невелева В.С. Философское основание реформы высшего профессионального образования. – Челябинск, 2008. – С. 92-95.
- 186 Галанина М.А. Воспитания профессиональной успешности студентов в педагогическом колледже: автореф. дис. ... канд. психол. наук. – СПб., 2005. - 24с.
- 187 Самоукина Н.В. Психология профессиональной деятельности. 2-е изд. СПб.: Питер, 2003. 224с.
- 188 Холодцева Е.Л. Конкурентоспособность в системе разноуровневых характеристик личности специалистов социальной сферы: Дисс. ... кад. психол.наук. – Барнаул, 2006. - 214с.
- 189 Ясюкова Л.А. Социально-психологические прогнозирование профессионального развития руководителя: автореф. дис. ... канд. психол. наук. – Л.: ЛГУ, 1988. -16с.
- 190 Симонов В.П. Педагогический менеджмент: Ноу-хау в образовании: учебное пособие. - М., Высшее образование, Юрайт-Издат, 2009. - 357с.
- 191 Галажинский Э.В. Самореализация личности: взгляд с позиции психоистории. Сообщ./ Сибирский психологический журнал. 2000. Вып.12 С.47-50.
- 192 Павленко В.Н. Представления о соотношении социальной и личностной идентичности в современной западной психологии//Вопросы психологии. 2000. - №1. С. 135-141.
- 190 Клинов Е.А. Реплика о структуре профессиализма и профессионала// Психология профессионала. М., 2003. -456с.
191. Асмолов А.Г. Психология личности: принципы общепсихологического анализа. - М. : Смысл : Академия, 2002. - 416 с.
- 192 Лисовский В.Т. Социализация молодежи. – М.: Высш. шк., 1997. – 304с.

- 193 Ядов В.А. Саморегуляция и прогнозирование социального поведения личности. - М. ЦСПиМ, 2013.
- 194 Шайкенова А.Т. О некоторых проблемах политической идентификации молодого поколения в условиях становления многопартийной системы. Стратегия – 2030: анализ прошлого, взгляд в будущее. Материалы республиканской научно-практической конференции. МКИОС РК. –Астана, 1999. – 184 с. – С. 50-61.
- 195 Штольф В.А. Роль модели в познании. – Л. Издательство. Ленинград. 1963. – 128 с.
- 196 Краевский В.В. Проблемы построения целостной теории содержания образования и процесса обучения. Сб. научных трудов. Челябинск: ЧГПИ, 1988. – 138 с.
- 197 Алимбекова А., Усенова А. Болашақ педагогтың лидерлік сапалары әлеуметтік табыстылық көрсеткіші ///Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы, педагогика гылымдар сериясы. - №3 (51). - Алматы, 2016. - Б. 165.
- 198 Дахин А.Н. Педагогическое моделирование: сущность, эффективность и неопределенность //Педагогика, 2003. №4. - С. 22
- 199 Дуранов М.Е. Педагогические проблемы социально-культурного подхода: теория и практика: Монография. – Челябинск; ЧГАКИ, 2010. -147с.
- 200 Саранцева Г.И. Цель, объект, предмет педагогического исследования// Педагогика 2002, №7, С.16
- 201 Качалина Е.Б. Становление и развитие профессиональной педагогической позиции у студентов педагогического колледжа: Автореф. дисс. канд. пед. наук. – М., 2009. – 24с.
- 202 Гуторова А.В. Формирование профессиональной позиции у студентов педагогического вуза: Автореф. дисс. канд. пед. наук. – Волгоград, 1996. – 20с.204
- 203 Крылова Н.Б. Культурология образования. – М.: Народное образование, 2000. – 272 с.
- 204 Лэнгле А. Экзистенциально-аналитическая теория личности.2008г.
- 205 Пряникова В.Г., Равкин З.И. История образования и педагогической мысли. Учебник-справочник. - М.: Новая школа, 1995. - 96 с.
- 206 Бодалев А.А. Основные акмеологические закономерности человеческой жизни// Мир психологии. - 1999. - №2. - С.11-23.
- 207 А.Н.Сухов, Деркач А.А. Методология и методы акмеологии. - М. РАГС, 2011. - 116с.
- 208 А.Усенова, Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын зерттеу диагностикасы. //«Бәсекеге қабілетті маманың ұлттық және әлемдік кәсіби келбетін қалыптастыру» атты Халықаралық гылыми-практикалық конференция материалдары.-Түркістан, 2016.- Б.169
- 209 Караковский В.А. Как быть с воспитанием /Открытая школа, 1997. - №11. – С. 32-34

210 Е.В. Титова

211 Усенова А. Гуманность как нравственное качество социально-успешной личности. Материалы VI международной научной конференции молодых ученых//«Казахстан в международном образовательном пространстве». -Алматы, 2014. - С.282.

212 Лихачев Б.Т.. Педагогика: Курс лекций / Учеб. пособие для студентов педагог, учеб. заведений и слушателей ИПК и ФПК. - 4-е изд., перераб. и доп. - М.: Юрайт-М., 2001. - 607с.

213. Кларин М.В. Технология постановки целей // Школьные технологии – 2005 –№2 –50 с.

ҚОСЫМША А

Т – Стыюдент критерийі

Статистикалық мәндерде айырмашылық бар, т - Стыюдент критерийі.

Т – Стыюдент критерийі X және Y орташа өлшем айырмашылығын бағалауға бағытталған.

Эксперименттік және бақылау топтары нәтижелерінің өсуіндегі нақты айырмашылықты анықтау үшін Стыюденттің t-критериінің есебін жүргіздік. Мысалы, әлеуметтік табыстылықты дамытудың негізгі өлшемдері ретінде «әлеуметтік ұстаным», «әлеуметтік белсенділік», «тұлғалық табыстылық» алғынады, олардың даму динамикасын төмендегі формулалар бойынша есептеп көрсетеміз.

Есептеу реті:

Әр топ бойынша орташа дисперсияны 1, 2 формулаларымен (X_1 и X_2) және $((S_1^2, S_2^2)$ есептейміз:

$$\bar{X}_1 = \frac{\sum X_i}{n} \quad (1)$$

$$\bar{X}_2 = \frac{\sum X_i}{n} \quad (2)$$

- эксперименттік топ және бақылау топ нәтижелерінің өсуінің квадраттар қосындысын есептейміз:

$$\sum x_i^2 \quad (3)$$

- дисперсияны анықтаймыз:

$$S^2 = \frac{n \sum x_i^2 - (\sum x)^2}{n(n-1)} \quad (4)$$

Дисперсиялардың тепе-тендігі жөніндегі болжамды F-критериі арқылы тексереміз:
 $S_1^2 = S_2^2$.

$$F = \frac{S_1^2}{S_2^2} \quad (5)$$

Орташа көрсеткіштер арасындағы айырмашылықтың стандарттық категіктерін төмендегідей формуламен есептейміз.

$$S_{\bar{x}_1 - \bar{x}_2} = \sqrt{\frac{S_1^2}{n_1} + \frac{S_2^2}{n_2}} \quad (6)$$

t – критериін (7) формуламен есептеп, алғынған мәнді кестедегі мәндік деңгеймен ($P = 0,05$) және ерікті дәреже - f = n₁ + n₂ - 2 = санымен салыстырамыз.

$$t = \frac{\bar{x}_1 - \bar{x}_2}{S_{\bar{x}_1 - \bar{x}_2}} \quad (7)$$

ҚОСЫМША Ә

Саулнама Құрметті студент!

Казіргі бәсекеге қабілетті қоғам әлеуметтік табыстылықты талап етеді. Сіздің жұмыста (оқуда) **табыска жетуінізге жағдай жасаған** және **табыска жетуінізге кедергі** болған факторлар туралы түсінігізді білгіңіз келсе, оқу жылында орын алған факторларды белгілеуінізді өтінеміз!

Жауап парағы

Фамилиясы, аты-жөні _____

Күні «___» 20__ ж.

Жынысы _____ Жасы _____

Оқу немесе жұмыс орны _____

Сіздің жұмыста (оқуда) **табыска жетуінізге жағдай жасаған** факторлар:

- Еңбек жағдайы
- Інғайлы құрылған кесте
- Үйден қашықта жүретін жұмыс
- Тәрбиеленушілердің отбасыларының әлеуметтік жағдайы
- Бір айлық іс-шаралардың нақты жұмыс жоспарының болуы
- Ата-аналар, әріптестер мен басшылықтың түсіністігі
- Тұрақты бақылау
- Менің тәртібім
- Белгілі сабактарды еткізетін мұғалімдердің болуы
- Балалардың бала-бақшага бару уақыты мен оқу жоспарының болуы
- Жеке жұмыс тәжірибелінің болуы
- Қомектесуге әзір ілтиппатты әріптестерімнің болуы
- Ұйымдағы қолайлы ахуал
- Өз жұмысымды орындаудағы қызығушылық
- Біліктілікті жоғарылату үшін курсардан өту (ЖОО оқу және с.с.)

Сіздің табыска жетуінізге не **кедергі** болды?

- Жұмыс кестесі ыңғайсыз
- Үйден қашықта жүретін жұмыс
- Тәрбиеленушілердің отбасыларының әлеуметтік жағдайы
- Ата-аналар, әріптестер мен басшылықтың түсініспеушілігі
- Жоғары тығыздықтағы жұмыс жоспары (шамадан тыс)
- Неравномерное распределение плановых мероприятий между исполнителями
- Бір айлық іс-шаралардың нақты жұмыс жоспарының болмауы
- Жұмыстың дұрыс жоспарланбауы
- Қолдан келмейтін немесе қажет емес жұмыстың тапсырылуы
- Іс-шаралардың нашар ұйымдастырылуы
- Басқа (жоспарда жоқ) жұмыстардың кедергі болуы
- Бақылаудың жоқтығы
- Балалардың бала-бақшага бару уақыты мен оқу жоспарының болуы
- Жауапсыздығы
- Іс-шараларды атқаруға уақытның болмауы
- Жұмыс орнында жиі болмауым (сессия және с. с.)
- Басшылықтың көмек көрсетпеуі
- Біліктіліктің төмендігі
- Біліктілікті жоғарылату үшін курсардан өту (ЖОО оқу және с.с.)
- Ұйымдағы нашар ахуал

ҚОСЫМША Б

Т.Элерстің «Тұлғаның табысқа жетудегі тұрткісін диагностикалау» әдістемесі

Нұсқаулық: Сізге 41 сұрақ беріледі, оның әр қайсысына

"ИЯ" немесе "ЖОҚ" деп жауап берініз

Жауап парағы

Фамилиясы, аты-

жөні

Күні «___» 20__ ж.

Жынысы ___ Жасы ___

Оку немесе жұмыс орны ___

№	САУАЛНАМА	Иә	Жоқ
1	Егер екі нұсқаның біреуін тандауға мүмкіндік болса, оны кейінге қалдырмай, тезірек тандау жасаған дұрыс		
2	Егер тапсырманы 100 %-ға орындаі алмайтынымды сезsem, кішкене ашуланамын		
3	Мен жан тәніммен беріле жұмысқа кірісемін		
4	Егерде мәселе туындастын болсағ ең соңғы болып шешімді мен қабылдаймын		
5	Егер екі күн бойы істерге ісім болмаса, тынымсыздана бастаймын.		
6	Кейбір күндері менің табысым орташадан тәмен		
7	Басқаларға қарағанда өзіме көбірек талапшылмын		
8	Мен басқаларға қарағанда тілекшілмін		
9	Қыын жұмыстан бас тартқан жағдайда, сол істен табысты болар ма едім деп өзімді кінәлаймын		
10	Жұмыс барысында кішігірім демалысқа мұқтажбын		
11	Ынталану- менің ерекшелігім емес		
12	Менің жұмысымдағы табысым әр кезде бірдей бола бермейді		
13	Қазірғі жұмысыма қарағанда мені басқа жұмыс қызықтырады		
14	Мені мактауға қарағанда, кінәлау көбірек ынталандырады		
15	Әріптестерім мені іскер адам деп ойлайтындарын білемін		
16	Қыындықты жену менің шешімдерімнің қаталырақ болуына жәрдемдеседі		
17	Менің намысыма тиу онай		
18	Менің іске шабытты болмаса, ол байқалады		
19	Жұмысты атқарап кезде басқалардың көмегін күтпеймін		
20	Кейде бүгінгі істі ертеңге қалдырамын		
21	Тек қана өзің сену керек		
22	Өмірде кей нәрселер ақшадан маңыздырақ		
23	Егер маған маңызды іс тапсырылса, мен содан басқаны ойламаймын		
24	Басқаларға қарағанда намысшыл емеспін		
25	Енбек демалысымның аяқталуына аз қалғанда жұмысқа шығатынымды ойлап куанамын		
26	Басқаларға қарағанда жұмысты жақсы әрі білікті дәрежеде орындаі аламын		
27	Жұмысты бар ынтасымен жасайтын адаммен тіл табысуым оңай		

28	Мен жұмыссыз отырсаң өз-өзімді ынғайсыз сезінемін		
29	Жауапкершілікті басқаларға қарағанда мен көбірек мойныма аламын		
30	Егер шешімді мен қабылдауым керек болса, оны жақсырақ қабылдауға тырысамын		
31	Кейде мені достарым жалқау деп ойлайды		
32	Менің табысым әріптестеріме байланысты		
33	Басшының еркіне қарсы шығу магынасыз		
34	Қандай жұмыс орындастыныңды кейде білмейсің		
35	Егер қолымнан ешнэрсе келмесе шыдамсыз боламын		
36	Өз жетістігіме көп көніл аудармаймын		
37	Егер мен басқалармен бірлесіп іс атқарсам, менің жұмысмның нәтижесі жақсырақ болады		
38	Бастаған ісімнің көбісін сонына дейін апарамын		
39	Жұмысы аз адамдарға қызығамын		
40	Басшылық пен мансапқа үмітлатындарға қызықпаймын		
41	Егер мен дұрыс жолда екенімді түсінсем, өзімнің дұрыстығымды дәлелдеу үшін бәріне барамын		

Т. Элерс сауалнамасының кілті.

Мағына бойынша есептеу. "Иә" жауабына 1 ұпайдан қосып отырыңыз: 2–5, 7–10, 14–17, 21, 22, 25–30, 32, 37, 41 және "жоқ" - келесі: 6, 13, 18, 20, 24, 31, 36, 38 және 39. 1, 11, 12, 19, 23, 33–35 және 40 сұраптарының жауабына қосылмайды. Барлық ұпайлар саны қосылады. Табысқа деген мотвацияның интерпретациясы (Элерса тестінің нормасы): Ұпайлар саны жоғары болған сайын, табысқа деген мотивация жоғары болады. 1 ұпайдан 10 ұпайға дейін - табысқа деген мотивацияның төмендігі; 11 ұпайдан 16 ұпайға дейін - табысқа деген мотивация деңгейі орташа; 17 ұпайдан 20 ұпайға дейін - табысқа деген мотивация деңгейінің аса жоғарылығы; 21 ұпайдан жоғары - табысқа деген мотивацияның тым жоғарылығы.

ҚОСЫМША В

Тұлға құрылымының мотивациялық диагностикасы (В.Э.Мильман)

Tagaiyndaу. Әдістеме тұлғаның жалпы және шығармашылық қабілетіне, қарым-қатынасына, әлеуметтік статусына және т.б. кейбір ұстанымдарына әсер етеді. Тұлғаның бағыттылығына және жұмысына қатысты сұрап-жауап құрастырылады.

Hүсқау. Сіздің өмір салтыңызға және өмірлік ұстанымдарыңызға қатысты 14 дәлел көрсетілген. Берілғен сұрапта 8 нұсқа бар (а, б, в, ғ, д, е, ж, з). Макұлданған жауаптың тұсына келесі көрсетілген белгіні қойыңыз (+) келісемін, (=) әрқалай, (-) жоқ, (х) келіспеймін, (?) білмеймін. Әрбір көрсетілген 1-ден, 14-ке дейінгі сұраптарға ұзақ ойланбай тезірек жауап беруге тырысыңыз. Жауап кате белгіленбеуін қадағалаңыз.

Жауап бланкасы

Күні _____ Жасы _____ Жынысы _____

Мамандығы _____ Фамилиясы, аты-жөні _____

САУАЛНАМА

1. Өмір әрекетінде келесі ұстанымдарды ұстану қажет:

- a) "Уақыт - акша". Көбірек табыс табуга ұмтылу
- б) "Ең бастысы-денсаулық". Өзін және жүйке – жүйесін сактау
- в) Бос уақытты достармен өткізу қажет
- г) Отбасыңа бос уақытынды арнау
- д) Жақсылық жасау керек
- е) Ойлаган мақсатына жету үшін күресу
- ж) Көбірек білуге құштарлық
- з) Жаңа нәрселерге ұмтылу

2. Жұмыс әрекетінде мына ұстанымдарды ұстану қажет

- а) Жұмыс - бұл өмір сүрудегі қажеттілік
- б) Кикілжіңге жол бермеу
- в) Озіне жайлы ахуал жасау
- г) Жұмыс әрекетінде белсенді болу
- д) Ең бастысы – беделді болу
- е) Өзін-өзі жетілдіру
- ж) Қызықты нарселермен айналысу
- з) Өзінің гана емес, өзгенің де жұмысына қызығушылық таныту

3. Бос уақытында орын алғатын жағдайлар

- а) үй жағдайы
- б) демалыс, қызығушылық
- в) достармен кездесу
- г) іскерлік қатынас
- д) балаларга тәрбие беру
- е) жұмысқа қажетті әдебиеттерді оқу
- ж) хобби
- з) табыс табу

4. Жұмыс уақытында орын алғатын жағдайлар

- а) іскерлік қатынас (келісімдер, талқылаулар т.б)
- б) жеке қатынастар (жұмыстан тыс)
- в) қогамдық жұмыс
- г) жаңа ақпараттар алу, білімді жетілдіру
- д) шыгармашылық қабілет

- е) қосалқы табыс табу жұмыстары
- з) бос уақыт, демалыс

5. Егер қосымша демалыс уақыты берілсе, мен оны қолданар едім,,

- а) үй шаруасымен айналысу
- б) демалу
- в) көніл көтеру
- г) қогамдық жұмыспен айналысу
- д) оқу, жаңа білім алу
- е) шыгармашылық жұмыспен айналысу
- ж) Өзгелердің алдында жауапкершілік сезіну
- з) табыс табуга қосымша жұмыстар жасау

6. Егер жұмыс уақытында жоспарлауга мүмкіндік берілсе, онда мен айналысадар едім:

- а) басты міндеттерімді құру
- б) қызметтік қатынаста болу
- в) жеке қатынастар(жұмыстан тыс)
- г) қогамдық жұмыс
- д) білімді жетілдіру
- е) шыгармашылық жұмыс
- ж) жауапкершілікті сезінетін жұмыстар
- з) жаңашылдыққа жетелейтін жұмыс

7. Жақындарыммен мына тақырыпта сөйлесемін:

- а) жаңа нарсе сатып алу, бос уақыт өткізу
- б) ортақ таныстар
- в) көрген білгендерімді айтуды
- г) жетістіктерге жету
- д) жұмыс жайлы
- е) қызығушылықтарымыз туралы
- ж) жетістіктер мен жоспарлар
- з) өмір, кино, кітап, саясат жайында

8. Жұмыс маган ең алдымен береді

- а) материалдық қажеттіліктер
- б) қызметтік және достық қатынас
- в) сыйластық пен бедел
- г) қызықты кездесулер және әнгімелер

д) жұмысқа деғен қанағаттану
е) өз қажеттілігін сезіну
ж) қызметтік көтерілу
з) қызметтік қатынастағы мүмкіндіктер

9. Көбінесе болғым келетін орта:
а) жайлы орта
б) өзінді ойландыратын тақырыпта сөз қозғау
в) сені сыйлайтын, бағалайтын орта
ғ) қажетті адамдармен сөйлесіп, пайдалы кеңестер алу
д) жаңа достар кездестіру
е) танымал, еңбегі сіңғен адамдар
ж) ортақ қатынастар
з) өз мүмкіндіктерін жетілдіру

10) Бірге жұмыс жасағым келетін адамдар
а) әртүрлі тақырыпта сөйлесетіндер
б) қабілетімен бөлісу
в) көбірек табыс табуға мүмкіндік
ғ) жұмыста абырой беделі барлар
д) пайдалы кеңестермен бөлісу
е) жұмыста белсенділік тудырушылармен
ж) қызықты ойлармен бөлісу
з) кез-келген жағыдаяттарда көмек көрсету

11. Қазігі уақыттағы жеткен жетістіктерім:
а) материалдық игіліктер
б) қызықты көніл көтеру
в) өмірлік жақсы қызмет
ғ) жақсы отбасы
д) ортамен уақыт өткізуға жеткілікті мүмкіндіктер
е) өзғелердің сенімі мен сыйластығы
ж) басқаларға қажет екенінді сезіну
з) құндылықтарға қол жеткізу

12. Қызметте жақсы жетістіктерге жеттім деп ойлаймын:
а) жақсы табыс пен материалдық игіліктер
б) жұмыстағы жайлы қызмет
в) жақсы ұжым мен достық қатынас
ғ) белгілі қызметтік жетістіктер

д) жақсы қызметкерлік
е) еркін және тәуелсіз
ж) ұжым адындағы бедел
з) мамадандырылған жоғары деңгей

13. Бәрінен бұрын маған ұнайтыны:
а) аландаушылық туралы ойлаудың қажеті жок
б) жағымды ортадамын
в) айнала жаңарып, көнілді қарбалас
ғ) көнілді ортада уақыт өткізу
д) ізденистер
е) жауапкершілік сезімі
ж) өз жұмысына берілғен
з) өзгелермен бірлескен жұмыс

14. Мен сәтсіздікке ұшырағанда, қалағаным болмайды
а) өзіме ашуланамын
б) жақсылықтарға ұмтыламын
в) кедергілерге ашуланамын
ғ) сабырлы болуға тырысамын
д) болған мәселелерді ой елеғінен өткіземін
е) қателіктерімді түсінуға тырысамын
ж) сәтсіздіктердің себебін түсініп, түзетуға тырысамын

Нәтижелерді өңдеу және интерпретациялау.

Сыналушының жауаптары баллмен көрсетіледі «+» - 2 балл, «-» - 1 балл, «=» немесе «?» - 0 балл. Баллдар шкала бойынша бағаланады: омірлік қолдау (Ө), жайлылық (Ж), әлеуметтік жағдай (Ә), қатынас(Қ), жалпы қызмет (ЖҚ), шығармашылық қызмет (Ш) әлеуметтік пайда(ӘП). Сосын график құрылады (мотивациялық профиль). Егер сыналушы шкала бойынша (ЖҚ)(Ш)(ӘП) жоғары балл жинаса, демек онда «қызметтік» тұлғаның мотивациялық профилі, ал егер шкала бойынша одан жоғары балл жиналса Ө, Ж, Ә, ЖҚ (немесе басқа шкаламен тең жағыдайда) демек тұлғаның күнделікті мотивациялық профилі корініп тұр.

Кілт

Омірлік қолдау - жауабы: 1аb, 2a, 3a, 4e, 5a, 6з, 8a, 10д, 11a, 12a

Жайлылық – жауабы: 1e, 2г, 7в, 8в, з, 9в, г, e, 10г, 12д, e

Қатынас - жауабы: 1в, 2д, 3в, 4б, в, 7б, з, 8б, г, 9д, з, 10а, 11г, 12в

Жалпы қызмет (ЖҚ) - жауабы: 1г, з; 4а, г, 5з, 6а, 7д, 9б, 10в, 12з
Шығармашылық қызмет (ШҚ) - жауабы: 1ж, з, 2е, ж, 3ж, 4д, 5д, е, 6е, 7е, ж, 8д, ж, 10ж, 11з, 12г. Әлеуметтік пайда (ӘП) - жауабы: 1д, 2з, 3г, д, 4в, ж, 5г, ж, 6ж, 8е, 9ж, 10б, е, 11е, ж, 12ж. Бұл шкаладағы балл қосындысы жеке тұлғаның жұмысқа бағыттылығын сипаттайды.

ҚОСЫМША Г

Жеке тұлғаның шығармашылық диагностикасы (Е.Е.Туник)

Нұсқаулық. Бұл әдіс өзінізді қаншалықты шығармашыл адам екенінді анықтауға мүмкіндік береді. Төменде берілген сипаттамалардан басқаларға қарағанда өзінізге лайықтысын табасыз. «Негізінен шынайы» бағанаға «Х» белгісін белгілеу керек. Өзінізге кейбірі сай келетін сөйлемге «Жартылай шынайы» бағанаға «Х» белгісін белгілеу керек. Бір шешімге келе алмасаңыз «Х» белгісін талаптар бағанына «Мен шеше алмаймын» деп белгілеңіз. Әрбір ұсыныска көп ойланbastan жауап беруге тырысының. Бұл жерде дұрыс немесе дұрыс емес жауаптар жоқ. Сөйлемді оку арқылы, ойының бірінші келген жауапты белгілеңіз. Бұл тапсырманың уақыт шектеуі жоқ, сонда да тезірек жауап беруге тырысының. Әр сөйлемге жауап беру барысында өзініздің шынайы сезіміңіз арқылы жауап беріңіз. Өзінізге лайықты бағана «Х» белгісін белгілеңіз. Әрбір сұраққа бір ғана жауаптан.

Саудалнама

1. Мен дұрыс жауапты білмесем де, оны табуға тырысамын
2. Бір зат жайлы толық мәлімет алу үшін оны мұқият және егжей-тегжейлі қарағанды ұнатамын
 3. Әдетте білмеген нәрсемді сұраймын
 4. Жұмысты алдын-ала жоспарлаған ұнатамайды
 5. Бір ойынды ойнамас бұрын, ол ойынды женетініме сенімді болуым керек
 6. Бір жұмысты істеуім керек болса, оны елестеткенді ұнатамын
 7. Егер бір іс қолымнан келмесе, қолымнан келгенше сол жұмыспен айналысамын
 8. Басқалар таныс емес ойынды таңдамаймын
 9. Жаңа тәсілдер іздегенше, бәрін бұрынғыдай істеймін
 10. Мәселенің анық-қанығына жеткенді ұнатамын
 11. Жаңа іспен айналысканды жақсы көремін
 12. Жаңа достар тапқанды ұнатамын
 13. Өзіммен ешқашан болмаған жағдайды ойлағанды ұнатамын
 14. Мен әдетте, атақты, әнші, суретші, ақын болу жайлы армандауға уақытымды аямаймын
 15. Кейбір ойлардың арқасында бүкіл дүниені ұмытып кетемін
 16. Маған Жерде жұмыс істегенге қарағанда, космос станциясында жұмыс атқарған ұнар еді
 17. Ары қарай не боларын білмеген кезде, мазам кете бастайды
 18. Мен ерекшелікті ұнатамын
 19. Бұрын болған жағдай туралы әңгімелейтін телевизиялық бағдарламаларды ұнатамын
 20. Маған бұрын болған жағдайды баяндайтын телевизиялық бағдарламалар ұнайды
 21. Достарымның ортасында өзімнің идеяларым жайлы әңгімелескен ұнайды
 22. Қателескен жағдайда өз-өзімді ұтаймын
 23. Мен өскенде ешкім іstemеген істі істегім келеді
 24. Барлық істі әдеттегідей істейтін адамдармен дос боламын
 25. Ережелер мен қагидалар маған ұнайды
 26. Дұрыс жауабы жоқ мәселелерді шешкенді ұнатамын
 27. Мен тәжірибеден өткізгім келетін іс көп
 28. Егер де мен дұрыс жауап тапсам, соны сонына дейін ұстанамын, басқа жауап іздеуге тырыспаймын
 29. Топ алдында сөйлегенді ұнатпаймын

30. Теледидар қарап отырғанда немесе кітап отырсам, өзімді басты кейіпкер ретінде сезінемін
31. 200 жыл бұрын адамдар қалай өмір сүргенін елестетіп, ойлағанды жақсы көремін
32. Достарымның шешімге келе алмайтыны ұнамайды
33. Ескі чемодандар мен кораптарды ақтарғанды ұнатамын
34. Менің ата-анам мен жетекшілерім ешнәрсені өзгерпесе еken деп ойлаймын
35. Мен өз сезімдеріме сенемін
36. Алдын-ала болжам жасап, өз ойымның дұрыстығын тексерген ұнайды
37. Алдын-ала ойластыратын, ойындар мен басқатырулар ұнайды
38. Маған механикалық заттар ұнайды, ішінде не бар екенін және қалай жұмыс істейтінін көрғім келеді
39. Менің жақын достарыма ақымақ ойлар ұнамайды
40. Практикалық тұрғыдан қолдана алмаса да, жана заттар ойлап тапқан ұнайды
41. Әр зат өз орнында тұрғаны ұнайды
42. Болашақта пайда болатын сұрақтарға жауап тапқым келеді
43. Жана істен не шығатынын көрғім келеді
44. Өзіме ұнайтын ойындарды ұту үшін емес, рахаттану үшін ойнаған ұнайды
45. Ешкімнің ойына келмеген ойларды ойлаған ұнайды
46. Суретте маған белгілі болса, сол жайлыштың болуға асығамын
47. Кітаптар мен журналдарда не бар екенін білу үшін ғана парактағанды ұнатамын
48. Көpteғен сұрақтарға бір ғана жауап бар деп ойлаймын
49. Басқа адамдардың ойына келмейтін сұрақтарды қойған ұнайды
50. Сабакта да, үйде де менің айналысатын қызықты шаруаларым көп

Жауап парағы

Фамилиясы, аты-жөні.

Күні «___» 20__ ж.

Жынысы ___ Жасы ___

Оқу немесе жұмыс орны ___

№	Иә	Жартылай келісемін	Жоқ	Білмеймін	№	Иә	Жартылай келісемін	Жоқ	Білмеймін
1					26				
2					27				
3					28				
4					29				
5					30				
6					31				
7					32				
8					33				
9					34				
10					35				
11					36				
12					37				
13					38				
14					39				
15					40				
16					41				
17					42				
18					43				
19					44				
20					45				
21					46				
22					47				
23					48				
24					49				
25					50				

Мәліметтерді өңдеу

Саулнама мәліметтерін бағалауда тұлғаның шығармашылықпен тығыз арақатынасын көрсететін төрт фактор қолданылады. Оған енеді: Құмарлық (К), Қиялдау (қ), Қындық (қ) және қауіп-қатерге бейімділік (Б). Әрбір фактор бойынша төрт өндөлмеген көрсеткіштерді, сонымен бірге көрсеткіштердің жалпы қосындысын аламыз.

Мәліметтерді өңдеу барысында шаблон қолданылады, оны тест жауаптарының парағына салуға, немесе зерттелінушілердің жауаптарын кәдімгі формада кілтпен салыстыруға болады.

Кілт

Қауіп – қатерге бейімділік (жауаптары 2 балл бағаланаады)

а) он жауаптар: 1, 21, 25, 35, 43, 44;

б) теріс жауаптар: 5, 8, 22, 32, 34;

в) «мүмкін» формасындағы сұрақтардың барлық жауаптары 1 баллмен есептелінеді

ғ) сұрақтарға «білмеймін» деген жауаптардың барлығы 1 баллмен бағаланады және жалпы қосындысынан алып тасталынады.

Құмарлық (жауаптары 2 балл бағаланады)

- а) он жауаптар: 2, 3, 11, 12, 19, 27, 33, 37, 38, 47, 49;
 б) теріс жауаптар : 28;
 в) «мүмкін» формасындағы барлық жауаптары +1 баллмен, ал «білмеймін» -1 балл есептелінеді.

Қыындық (жауаптары 2 балл бағаланады)

- а) он жауаптар: 7, 15, 18, 26, 42, 50;
 б) теріс жауаптар : 4, 9, 10, 17, 24, 41, 48;
 в) «мүмкін» формасындағы барлық жауаптары +1 баллмен, ал «білмеймін» -1 балл есептелінеді.

Қиялдау(жауаптары 2 балл бағаланады)

- а) он жауаптар: 13, 16, 23, 30, 31, 40, 45, 46;
 б) теріс жауаптар: 14, 20, 39;
 в) «мүмкін» формасындағы барлық жауаптары +1 баллмен, ал «білмеймін» -1 балл есептелінеді.

4 факторлы саулнама бойынша

Ресейлік және Американдық зерттеулер үшін нормативті мәліметтер

Креативтілік факторы	Ресей		Американдық мәліметтер	
	орта, M	Стандарттық ауытқу, Δ	Орта , M	Стандарттық ауытқу, Δ
Құмарлық	17,8	3,9	16,4	4,3
Қиялдау	15,6	4,8	16,0	4,7
Қыындық	17,2	4,4	14,8	5,1
Қауін – қатерге бейімділік	17,0	16,0	62,1	18,0
Қосындысы	67,6	16,0	62,1	18,0

Ресейлік және Американдық мәліметтерді салыстыра отырып, Е.Е. Туник тұлғалық сипаттама саулнамасының барлық факторлары бойынша белгілейді: Құмарлық, Қиял Қыындық, Қауін – қатерге бейімділік және Қосынды балл — ресейлік орташа көрсеткіштер американандық көрсеткіштерден жоғары, Қиялдау көрсеткішінсіз, американандық мәліметтер жоғары

ҚОСЫМША F

Студенттерге арналған тест-сауалнама

Құрметті студент !!!

Төмөндегі тест-сауалнамадан өзіңіз таңдаған жауапты белгілеуіңізді немесе өз нұсқаңызды ұсынуыңызды өтінеміз.

1. ЖОО-дағы оқудан тыс әрекет дегенді қалай түсінесіз?

- a) білмеймін
- ә) қызықты әрі оқиғаға толы
- б) қоғамдық істер
- в)

2. ЖОО-дағы оқудан тыс әрекетке қатысады ұнатасыз ба?

- а) ұнатамын;
- ә) анда-санда қатысамын;
- б) ұнатпаймын
- в)

3. ЖОО-дағы оқудан тыс әрекеттің формалары-

- а) жастар кездесулері
- ә) спорттық іс-шаралар
- б) шығармашылық бірлестіктер
- в) волонтерлік қозғалыс
- г)

4. ЖОО-да оқудан тыс әрекеттің мақсаты-

- а) бос уақытты ұйымдастыру
- ә) талант пен қабілетті ашу
- б) өз бетімен өмір сүрге және адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу
- в)

5. Табыстылық неге байланысты деп ойлайсыз –

- а) материалдық жағдайға
- ә) кәсіби іс-әрекетке
- б) өмірлік табысқа
- в)

6. Табысты адамға тән сапалар –

- а) белсенділік, әлеуметтік белсенділік
- ә) талант
- б) әлеуметтік ұстаным
- в)

7. Әлеуметтік табыстылықты дамыту жолдары-

- а) әлеуметтік белсенділік көрсету
- ә) әлеуметтік ұстанымының қалыптасуы
- б) әлеуметтік-мәдени кеңістікке енү
- в)

ҚОСЫМША Д

Мұғалімдерге арналған сауалнама Құрметті әрінте!!!

Кәсіби табыстылықтың кәсіби-тұлғалық қасиеттерге тәуелді болатыны белгілі. Олай болса Сіздің табыстылығыңыз берілген болындырағы сапа-қасиеттеріндегі қаншалықты сәйкестігін бағалаудыңңызды өтінеміз. Ол үшін диагностикалық картадағы мұғалімнің кәсіби-тұлғалық сапаның қалыптасқандығын 9 баллдық шкаламен бағалаудыңңызды өтінеміз. Өзініз туралы келесі мәліметтерді көлтіріп кетсөніз (Аты-жөніндегі жазбасаңыз болады).

Мектеме _____ Сыныбыңыз _____ Еңбек стажы _____

Сауалнама сұрақтарына жауап бергеніңізге алғыс білдіреміз!!!

Т.В.Морозованаң «**Кәсіби табыстылықтың мұғалімнің кәсіби-тұлғалық қасиеттеріне тәуелділігі**» диагностикалық картасы

Мұғалім тұлғасының кәсіби табыстылығының көрсеткіштері				
Кәсіби-тұлғалық сапалар	Сапаның қалыптасу деңгейі			
1. Педагогикалық іс-әрекетте өзін-өзі басқару қабілетінің (өзіндік талдауға, рефлексияға, өзін-өзі үйимдастыруға, өзіндік бағалауға қабілеттілік)				
2. Кәсіби және эмоциялық тұрақтылық қасиеттің (Оптимистік көніл-күйді қолдай білу, кәсіби міндеттерді шешуде көпшіл болу, тіл табыса білу, іс-әрекет жүйесін өзгерте білу, өзінде педагогикалық байқағыштықты дамыту, оқытудың жаңа әдістері мен тәсілдеріне бағдарлану, дәстүрлі оқыту әдістерін қолдануға жаңа түрғыдан келу)				
3. Мұғалім тұлғасының шығармашылық әлеуетін адекватты бағалаудыңыз (Бастаған істі қысынды аяғаны дейін жеткізе білу, кәсіби идеялар мен жобаларды іске асыру, ескі мәселелерді шешуде жаңа тәсілдерді табу, ұжымда аса күрделі істі шешу жауапкершілігін өз қолына алу)				
4. Өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жетілдіруге даярлықтың (Өзінің кәсіби іс-әрекетінде ғылым мен техниканың бар жетістіктерін қолдану, ғылым мен техниканың жетістіктерімен танысу, қазіргі заманғы педагогикалық тұжырымдама-ларға бағдарлану)				
5. Коммуникативтік қабілеттің (ынтымақтастыққа, серіктестікке және өзарақөмекке, өздігінен білімін көтеруді үйимдастыруға, өзінің көзқарасын дәлелдеуге, бірлескен іс-әрекекте кедергіден қашуға қабілеттілік)				